

А 2009

19628к

*Қазак тілі
тарихи
лексикологиясының
мәселелері*

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ
ТАРИХИ
ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫНЫҢ
МӘСЕЛЕЛЕРІ



Қазак ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы

АЛМАТЫ-1988

Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. — Алматы: Ғылым, 1988. — 200 б.

Кітапта мол тілдік фактілер негізінде қазақ тілі тарихи лексикологиясының көкейкесті мәселелері зерттеліп, осы саладағы қазақ тіл білімінің даму жайы сөз болады. Еңбекте еліктеуіш сөздер, етістік формалар мен плеонастық құрылымдардың пайда болуы, өзгеріп, дамуы қазақ тілі лексикасының тарихи даму процесі тұрғысынан қарастырылады. Сонымен бірге кітапқа қазақ тіл білімінде күні бүгінге дейін жете зерттелмей келе жатқан кәсіби лексиканың кейбір түрлерін сөз еткен этнолингвистикалық ізденістер, мақал-мәтелдер жөніндегі ғылыми байқау мен этимологиялық зерттеулерге шолу енгізілген.

Кітап ғылыми қызметкерлерге, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен мектеп мұғалімдеріне, аспиранттар мен студенттерге, сондай-ақ қазақ тілі лексикасының даму проблемалары қызықтыратын қалың көпшілікке арналған.

Ж а у а п т ы р е д а к т о р ы

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ә. ҚАЙДАРОВ

Р е ц е н з е н т т е р :

филология ғылымының докторы Ә. НҰРМАҒАМБЕТОВ,
филология ғылымының кандидаты Ә. ЖҮНІСБЕКОВ

Р $\frac{4602000000-078}{407(05)-88}$ 133.88

ISBN5—628—00133—3

Советтік түркологияда түркі тілдерінің лексикасы (оның ішінде қазақ тілінің де) біршама зерттелген. Осы салада бүгінгі таңдағы негізгі міндеттердің бірі — тілдік фактілерді жалпы сипаттаудан гөрі тарихи принципке негізделген зерттеулердің нәтижесінде терең теориялық ойтұжырымдар айтуға жол ашатын тарихи лексикология саласын одан әрі дамыту болып табылады.

Бұл мәселенің маңыздылығын оның қазақ тіл білімінде бұрын-соңды арнайы сөз болмағандығымен ғана шектеп қою жеткіліксіз. Ана тілінің табиғаты мен тағдырына немқұрайды қарамайтын, тиіп-қашты пікірлерді қанағат тұтпайтын, бүгінгі өскелең заманның биік талғамды оқушысы тіл тарихына, халқымыздың басынан кешкен тарихы мен даму жолына қатысты тілдік фактілердің шығу тегі мен басқа тілдерге қатыстылығын, әртүрлі салт-сана, әдет-ғұрып, кәсіпке байланысты қалыптасқан тіл «інжу-маржандары» — фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерде сақталған небір көне сөздердің этнолингвистикалық төркінін білгісі келеді. Сонымен қатар, тіліміздің пайда болуы, қалыптасуы, сан ғасырларға созылған соқпақты даму жолдарын жан-жақты, толық бейнелейтін тарихи, этимологиялық сөздіктер жасау да тарихи лексикологияның қарқынды дамуын қажет етеді. Сондықтан да қазақ тілінің жалпы лексикологиясымен салыстырғанда кенжелеу қалған, қазақ халқының азаматтық даму тарихымен өзектес, төл материалдық және рухани мәдениеті, салт-сана, әдет-ғұрып, наным-сенім т. б. экстралингвистикалық факторларын зерделейтін тарихи лексикология саласын арнайы зерттеу — толғағы жеткен келелі іс.

Бұл орайда қазақ тіл білімінде негізінен кейбір кәсіби лексика түрлері мен жекеленген лексика-семантикалық топтар бойынша жазылған бірлі-жарым ізденістерді ғана атауға болады. Ұсынылып отырған еңбек — осындай қажеттілік пен талаптарға сай тарихи лексикологияның кейбір мәселелерін сөз етуге арналған алғашқы тақырыптық жинақ.

Жинақтың авторлары — Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты лексикология бөлімінің қызметкерлері.

Жинаққа кіріспе ретінде жазылған «Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалар мен міндеттер» атты мақаласында Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ә. Т. Қайдаров қазақ тілі тарихи лексикологиясының зерттеу объектісі: оның алда тұрған міндеттері мен көкейкесті проблемаларын, басқа ғылым салаларына атап айтқанда, тілдің тарихы мен сөздердің дамуына (этногенез, тіларалық қатынастар, этимология, этнолингвистика т. б.) қатыстылығын жан-жақты сөз етеді.

Қалған мақалалар тақырыптық жағынан екі топқа бөлініп, екі тарау құрайды: «Қазақ тілі лексикасының тарихи даму процестері» және «Этнолингвистика мен паремиология мәселелері».

Алғашқы тарауда көбіне-көп тарихи лексикологияның теориялық мәселелері қарастырылады. К. Хусаиновтың «Дыбысбейнелеуіш негіздердің морфологиялық құрамы мен даму жолдары» атты зерттеуінде қазақ тіліндегі дыбысбейнелеуіш сөздердің өзіндік белгілері мен (экспрессивтік) қызмет мәні тек түркі тілдері аясында ғана емес, жалпы тіл атаулыға тән ортақ қасиеттер арқылы түсіндіріледі. Бұл тіл білімі ғана емес, көптеген ғылым салалары (физиология, психология т. б.) күш салса да, әлі оң шешімін таппаған күрделі мәселе. Ғалым этимологиялық талдау жолымен бір түбірлі сөздің өзінен жұрнақтарды (модификаторларды) бөліп алып, олардың белгілі бір мағыналық жүк арқалайтынын дәлелдеуді мақсат еткен.

Ж. Манкееваның «Қазақ тіліндегі екі буынды императив тұлғалы етістіктерге морфемалық талдау жасау» атты мақаласында соңғы жылдарға дейін түбір ретінде саналып келген тіліміздегі екі буынды етістіктер жеке қолданылмайтын «өлі» түбір мен көне жұрнаққа жіктелген. Осылайша модельдерге жіктеліп, морфема-

ларға талдау жасау арқылы қазақ тілі лексикасының ең көне қабаты, ерте дәуірлерге қатыстылығы айқындалады.

Лексикалық, сондай-ақ грамматикалық плеоназмдар тілдегі басы артық тәсілдердің бірі ретінде тіл білімінде соңғы жылдарда ғана сөз бола бастаған проблемалардың бірі.

Қазақ тіліндегі плеоназмдар жүйесінің барлық қыры мен сырын жан-жақты ашу ана тіліміздің байлығын сарқа пайдалануымызға, өзіндік төл қасиеттерін жете біле түсуімізге жол ашады. Г. Әжібекованың мақаласында осы өзекті мәселенің бір қыры — плеоназмдардың семантикалық жүйесі сөз болады. Бұл күні бүгінге дейін ескерусіз келе жатқан мәселе еді.

Әрбір тілдің тарихи лексикологиясы бойынша зерттеулерінің шығар шыңы — сапалы этимологиялық сөздік дайындау екені мәлім. Ғ. Әнесовтың «Қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеулердің негізгі бағыттары» атты шолуы қазақ тілі этимологиясы бойынша бұрын-соңды істелген істеріміздің бағыт-бағдарын анықтауға арналды.

Ал жинақтың екінші тарауында топтастырылған зерттеулерде қазақ тіл білімінде соңғы жылдар беделінде қатты қолға алынып, жоспарлы тексеріле бастаған тың проблема — этнолингвистика мәселелері сөз болады. Расында да, ғасырлар бойы толассыз толығып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан тіліміздің ұшан-теңіз сөз байлығының бір ұшығы ата кәсіп, түрлі өнер, салт-дәстүр, наным-сенім тағы басқаларға байланысты қалыптасқан сөздер жүйесімен тығыз байланысты. Халықтың өзі дүниеге әкелген бұл қазына-байлықты түгел сарқа жинау үшін тіл білімпаздарының бір емес, бірнеше буыны тер төгері сөзсіз.

Р. Шойбековтың «Зергерлік өнерге байланысты атауларды таптастыру» атты мақаласында о баста наным-сенімге байланысты дүниеге келіп, кейін сән-салтанат, әшекей құралына айналған зергерлік бұйымдар атауының адамның тегін, қызмет дәрежесін, жасын т. б. айқындайтын өзіндік семантикасы барлығы және оларды белгілі бір тақырып төңірегінде топтастыра зерттеудің артықшылығы сөз болады.

Е. Қосбасаровтың зерттеуінде күні бүгінге дейін қазақ тілі лексикологиясында арнайы зерттеу объектісі

болмаған сала — халық тіліндегі аңшылық лексика, оның ішінде қыран құстарды баптау мен аңға салу терминологиясы этнолингвистика тұрғысынан қарастырылады. Сол секілді Т. Өмірзақовтың «Мал түгіне байланысты қалыптасқан этнографизмдер» атты мақаласы да осы ізденістермен үндес дүние. Бұл зерттеуде де қой мен түйе жүні, жылқының құйрық-жалына және солардың түр-түсіне байланысты қалыптасқан жеке сөздер, сөз тіркестері, тенеулер, этнографизмдер, мақал-мәтелдер қамтылып, этнолингвистика тұрғысынан сөз етіледі.

Ал Ғ. Тұрабаеваның «Түркі халықтарының мақал-мәтелдеріндегі ортақтық» атты мақаласында көне және бүгінгі түркі тілдерінде кездесетін тақырыбы жағынан да, тұлға жағынан да байырғы аталы сөздердің тіларалық ұқсастығы мен ортақтығы тілге тиек етілген. Бұл мәселенің дұрыс шешімін табуы түркі халықтарының тарихи даму жолындағы этностық және тілдік ортақтық пен дербестікке жетудегі көптеген күрделі жайттардың сырын ашуға көмектесетіні сөзсіз.

Тарихи лексикология проблемаларына бағышталған алғашқы еңбек болғандықтан, жинақта бұл саладағы барлық мәселелерді түгел қамтып, түбегейлі шешу, жан-жақты сөз ету мақсаты қойылған жоқ. Әлі де зерттеушілер назарынан тыс қалып келе жатқан көптеген көкейкесті проблемалардың оң шешімін табуы болашақтың еншісі. Ал бұл жинақты қазақ тілі тарихи лексикологиясының негізгі бағыт-бағдарын анықтаған алғашқы талпыныс деп қабылдаған жөн.

Ә. Т. ҚАЙДАРОВ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Тарихи лексикология — жалпы тіл білімінің сүбелі де күрделі салаларының бірі. Оның зерттеу объектісі — лексика және оның пайда болу жолдары мен даму заңдылықтары. Басқаша айтқанда, тарихи лексикология тіл тарихына, сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың, ұлттың) бастан кешірген қоғамдық формациялары мен басып өткен ұзақ өмірлік жолына қатысты тілдік фактілердің шығу тегін, қалыптасу кезеңдерін, туыстас тілдердің қатарынан алатын орнын, басқа тілдерге қатыстығын ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеуді мақсат етеді.

Демек, тарихи лексикологияның жалпы лексикологиядан басты айырмашылығы — ол тіл фактілерін зерттеуде тарихи принципке сүйенуінде. Ол белгілі бір тілдің лексикасын жалпылама емес, нақтылы бір халықтың азаматтық тарихына байланысты, сол халықтың мәдениетіне, дүниетанымына, салт-сана, әдет-ғұрпына т. б. экстралингвистикалық факторларына қатысты зерттеуі керек. Өйткені әрбір тілдің лексикалық қоры, қат-қабат сөз байлығы, сайып келгенде, сол тілді жаратушы, сол тілде сөйлеуші халықтың тарихымен тікелей байланысты, сол халықтың халық болып қалыптаса бастаған ұзақ дәуірінің жемісі, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, толығып, кемелденіп, жаңарып отыратын асыл да абзал мұрасы, сол халықтың мәдени, рухани өмірінің айнасы болып саналады. Әрбір тілдің сөз байлығын тарихи тұрғыдан зерттеу дегеніміз — оны сол тілдің өз топырағында, өзіндік даму үрдісін, сыр-сипатын ескере отырып қарастыру, жалпылама емес, нақтылы объектімен байланыстыру. Ал бұлардың бәрі тарихи лексикологияның бір тілдегі нақты-

лы объектісі болып саналса, оның туыс және туыстас тілдердің лексикасын зерттеуге байланысты проблемаларының шеңбері бұдан әлдеқайда кең болатыны өзінен өзі-ақ түсінікті.

Тарихи лексикологияның өзіндік зерттеу объектісі мен белгілі тәсілдері бола тұрса да, оның дербестігінен де гөрі ғылымның басқа салаларымен байланысы, астарластығы ерекше көзге түседі. Осыған орай «қазақ тілі тарихи лексикологиясының зерттеуге тиісті объектілері мен міндеттерін біз қалай анықтауымыз керек?» деген сұрақ туады. Айта кетуіміз керек, бұл мәселе қазақ тіл білімінде бұрын-соңды арнайы сөз болған емес. Тарихи лексикологияның жеке мәселелерін сөз еткен бірлі-жарымды еңбектерді есептемегенде, бұл саланың нақтылы объектілері мен алда тұрған міндеттері жан-жақты қаралып, толық анықталып күн тәртібіне қойыла қойған жоқ.

Алайда қазақ тіл білімінің бүгінгі күннің биік талабына сай табыстары тарихи лексикологияның терең де тегеурінді зерттелуіне байланысты. Олай болса, бұл саланың негізгі зерттеу объектілері мен міндеттерін жан-жақты сөз ете отырып, оған мамандардың назарын аудару, программалық зерттеулердің бағыт-бағдарын анықтау бүгінгі таңның зәру міндеті болып саналады. Бұл мәселенің ғылыми тұрғыдан зерттеліп, дұрыс шешілуі тек ғылымның, ғалымдардың өздері үшін ғана емес, сондай-ақ көпшілік қауым үшін де маңызы зор. Өйткені талғам-талабы биік бүгінгі оқырман қауымы ана тілінің қол жеткен табыстарын қызықтай отырып, оның өткен тарихын, шығу тегін, сөз өнерінің небір тамаша құпиясы мен күнделікті қолданылып жүрген сөздерінің және «қазақ» этнонимінің төркінін білгісі келеді. Ана тілінің табиғатына қызу сезіммен қызыға қараушылар тіл мамандарының бірлі-жарымды, тиіп-қашып айтқан пікірлеріне қанағаттанбайтын сияқты. Күрделі еңбекті талап етеді. Сондықтан да олар «өлеңге әркімнің-ақ бар талабы» дегендей, сөз төркіні жөніндегі өзінше топшылаулары мен жорамал-жобаларын газет-журнал беттерінде жариялап, ортаға салуға талаптанады.

Бұлардың бәрі, әрине, заңды талаптар және олар тарихи лексикологияға үлкен де жауапты міндеттер жүктейді. Осы міндеттердің үддесінен шығу үшін тілші қауымы да тіл тарихына байланысты зерттеулерді жандандыруы қажет сияқты. Осы проблеманы жан-жақты

қарастыратын арнайы монографиялар мен тарихи-этимологиялық сөздіктер шығаруға кірісетін уақыт жетті деп ойлаймыз. Бірақ бұл міндеттерді атқару үшін тарихи лексикологиямен шұғылданушы тілшілерге үлкен дайындық керек. Бұл тәрізді қиын да жауапты іске кірісуден бұрын әрбір маман осы салада бүгінге дейін не істелді және бұл істердің ғылыми-теориялық дәреже-деңгейі қандай екенін анықтай отырып, алдағы мақсатымыз бен міндетімізді айқындап алғаны жөн. Осыған орай мақаланың мақсаты: «қазақ тілі тарихи лексикологиясының бүгінгі таңдағы көкейкесті проблемалары мен алдағы міндеттері не?» деген сауалға жалпы түрде болса да жауап беру және бұл саланың басқа проблемаларға қатыстығын анықтай түсу.

Тарихи лексикологияның зерттеу объектілері және басқа ғылым салаларына қатыстығы. Тарихи лексикологияның зерттеу объектісі дегенде екі түрлі жағдайды ескергеніміз жөн. Біріншіден, ол алдына қойған мақсатына және тіл фактілерін талдау тәсілдеріне байланысты іштей сараланып, тікелей өзіне қатысты проблемаларды әр қырынан қарастыратын этимология, семасиология, ономасиология, диалектология, этнолингвистика сияқты тарауларды қамтиды. Екіншіден, оның тіл білімінің осы салаларында қол жеткен табыстар мен талдау әдістерін пайдалана отырып, этностың шығу тарихын (этногенезін), этнос тілінің пайда болуын (глоттогенезін), халық тілінің базистік структурасын, туыс, туыстас және басқа тілдермен болған қарым-қатынасын, әр түрлі экстралингвистикалық факторлардың тіл дамуына тигізген әсерін т. б. тіл фактілері мен оның заңдылықтары негізінде қарастырып, тұжырым айтуға мүмкіндігі мол. Сондықтан да тарихи лексикологияның өзіндік объектілері мен қатыстық объектілері арасында тығыз байланыс, мүдделестік бар.

Біз мақаламызда осылардың кейбіреулерін ғана сөз етеміз.

Тарихи лексикология және этногенез. Қазақ тілі тарихи лексикологиясына қатысы бар проблеманың бірі — қазақ халқының этногенезі мен глоттогенезі. Бұлар этнос пен этнос тілінің тарихи бір мезгілде, бір географиялық ортада және белгілі бір әлеуметтік жағдайда қалыптасуына байланысты құбылыстар. Тілдік факторлар этностың халық болғанға дейінгі және одан кейінгі тарих-

ын айқындауға бірдей қажет. Бұл арада қазақ тілінің базистік лексикасына тән байырғы сөздер мен сөз тұлғаларынан тыс, толып жатқан тілдік деректердің атқаратын қызметі зор екенін ескерткіміз келеді. Қазақ халқының негізін құрушы көптеген ру-тайпалардың этнонимдері мен «қазақ» этнонимінің этимологиялық табиғаты, көне тарихымыздың куәгері ретінде қазақ топырағында сақталып келе жатқан жер-су атаулары, өлке-өлкені мекендеген ру-тайпалардың тілдік ерекшелігі ретінде сақталып бізге жеткен диалектизмдер, көне дәуір мен орта ғасырлардың тасқа қашалған сыналы жазулары мен жазба ескерткіштері — осылардың бәрі де этнос пен этнос тілінің тарихын айқындауға қажетті тілдік деректер.

Этногенез проблемасына байланысты тіл деректерін пайдалану дегенде біз ең алдымен этнонимдерге жасалатын этимологиялық талдауларды айтқан болар едік. Мәселен, қазақ этнониміне байланысты айтылып жүрген жоба-жорамалдар көп-ақ. Олардың жалпы саны қазірдің өзінде-ақ жүзден асады. Бұлардың арасында ғылыми этимология да, әр түрлі аңыз-риваяттар мен мифологиялық топшылауларға негізделген халықтық этимология да баршылық. Бұл мәселені тарихшылар мен тіл мамандары бірлесе отырып зерттегенде ғана дұрыс нәтиже шығуы мүмкін. *Арғын* деген этноним жайында да осыны айтуға болады. Махмуд Қашғаридың «Диуанында» кездесетін ру тобының атауы *арғу* мен қазақ және басқа түркі халықтарының құрамына енген этникалық компонент *арғын*¹ этнонимінің төркіндестігі *-н (-ун// -ын)* элементінің табиғатына байланысты екенін тілшілер жақсы біледі. Ол түркі, монғол тілдеріне ортақ элемент болып саналады (*бай > баян, ной > ноян*).

Тарихи лексикология этногенез проблемасына байланысты пікір айтқанда ең алдымен ол объективті тарихи фактілердің өзіне сүйенуі керек. Тарихи-лингвистикалық деректер негізінде бір ру-тайпаның екінші ру-тайпамен тарихи қатынасын, өзара әсер-ықпалын анықтауға болатынын көптеген мысалдармен дәлелдеуге де болады. Мәселен, түркі ру-тайпаларының ұзақ даму тарихында пікір айтып жобалауға болатын дәуір — хун дәуірі. Осы дәуірде Қазақстан территориясын түркі тілдес ру-тайпалардың басқа индоиран тілдерінде сөйлеуші тайпалар

¹ *Потапов Л. П.* Происхождение и формирование хакасской народности. Абакан, 1957. С. 154—155.

(сак, юечжи, согды т. б.) да мекендеп келгені мәлім. Осы өлкеде қалыптаса бастаған этникалық процесс біздің ж. с. бұрынғы I ғасырда Орталық Азияның түкпірінен қоныс аударып, Батысқа қарай жөнкі көшкен хундар Қазақстан жерін мекендейтін осы ру-тайпалардың этностық келбетін өзгертпей қойған жоқ. Белгілі деректерге қарағанда хун бірлестігінің өзі тегі жағынан құрама, тілі жағынан біркелкі болмаған. Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша² хундардың басым көпшілігі түркі тілдес тайпалардан тұрған, олардың Батыстағы одақтасы — үйсіндер болған³. Хундар мен үйсіндер одағы біздің эрамыздың басында Батысқа қарай жылжып, ең алдымен Жетісу территориясын басып алады да, бұл өлкеде жасайтын жергілікті сак, юечжи т. б. тайпалардың біразын ығыстырып тастап, өздері қалған шығыс иран тайпаларымен араласа бастайды. Қазақстан жеріндегі көне тұрғындардың түркіленуінің алғашқы дәуірі осы кезден басталады деп көрсетеді ғалымдар⁴. Ал Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі иран тілдес ру-тайпалардың түркілер мен монғолдарға айналуының екінші толқыны сол хундар мен үйсіндердің тағы да Батысқа қарай жылжи түсуінен және бұл жолы олардың *кангюй* тайпасының Сыр бойындағы үлкен мемлекетін ығыстыруынан басталған еді. Сөйтіп, тұрғындары негізінен түркі тілдес тайпалардан құралған Қазақстан I ғасырдың екінші жартысынан кейін көне түркілердің қол астына өтіп, түркі қағанаттарына тәуелді елге айналады. VIII ғасырда Қазақстанның біраз жері қарлұқ тайпаларының бақылауында болады. IX—XI ғасырларда Қазақстанда саяси гегемония *оғуз, қимақ және қарлұқтардың* қолына, одан кейін, IX ғасырдың I жартысынан бастап, Орталық Азиядан шыққан *қыпшақ* руларының одағына өтеді. Одаққа енген қалың қыпшақ ру-тайпалары Қазақстан мен Дешті-қыпшақты басып өтіп, бүкіл Евразия аймағына түгел тарайды. Ал осы этностық бірлестіктер мен одақтардың құрамында болған ру-тайпалардың көбісі XV ғасырда қазақ халқының қалыптасуына негіз болғандығы тарих-

² Бернштам А. Н. Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрок VI—VIII веков. Восточнотюркский каганат и кыргызы. М.; Л., 1946. С. 82; Соның өзі. История гуннов. Л., 1951. С. 55—56.

³ Зуев Ю. А. К этнической истории усуней // Тр. ИИАЭ АН КазССР. Алма-Ата, 1960. № 8. С. 6—7.

⁴ Бартольд В. В. Соч. Т. 2. Ч. 1. С. 25—26.

тан белгілі. Демек, қазақ этносының дербес халық болғанға дейінгі тарихы өте күрделі интеграция және дифференциация процесстерін басынан өткерген. Бұл процестерді тап басып, дәл айтып беру қиын. Бірақ сол хун дәуірінің өзінде-ақ түркі тілдерінің біртұтас іргетасы қаланып, негізі жасалған еді. Ата түрк (пратюрк) дәуірінің осы кезге мезгеген дұрыс болар деп ойлаймыз. Енді осы дәуірді бейнелейтін тілдік фактілерді анықтау тарихи-лексикологияның үлесіне тимекші.

Генезис проблемасына байланысты тарихи лексикологияның өнімді де өндіре зерттеуге тиісті объектісінің бірі — тілдердің тарихи контактымен өзара араласуы. Әрбір тарихи кезеңдерде, әр қилы әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, географиялық қарым-қатынастарға байланысты басқа тілдерден сөз қабылдап, соның есесіне байып, дамып отыру қазақ тіліне де тән және тамыры тым тереңде жатқан күрделі құбылыс; ол қазақ халқының халық болып қалыптасуына негіз болған көптеген түркі тілдес этностық топтардың, ру-тайпа бірлестіктерінің тілі басқа, діні басқа көршілес қауымдармен қарым-қатынас жасап, араласқан сонау көне замандардан басталып, бүгінге дейін толастамай келе жатқан тарихи көштің ұзын сонар сілемі іспеттес.

Осы орайда қазақ тілі тарихи лексикологиясының алдында үлкен-үлкен міндеттер тұрған сияқты. Солардың ішінде әлі күнге дейін арнайы зерттелмеген, бірақ зерттеуді қажет ететін проблемалардың бірі — ол қазақ халқы қалыптасқанға дейінгі Қазақстан жерін мекендеген ру-тайпалардың тілін және олардың өзара қарым-қатынасын анықтау. Тарихи деректерге қарағанда, бұл өңірде біздің жыл санауымызға дейін де және одан кейін де *скиф, сак, массагет, соғды*, сондай-ақ көптеген түркі ру-тайпалары жасап келгендігі мәлім. Бұлардың тілі жөнінде айтылып жүрген пікір көп те, бірақ күні бүгінге дейін пікір бірлестігі жоқ. Бұлардың қайсысы түркі тілінде, қайсысы иран, не басқа тілдерде сөйледі? Бұл жөнінде талас, тіпті бірін-бірі жоққа шығаратын пікірлер де жоқ емес. Шығыстан Батысқа жөнкі көшіп, кең байтақ Қазақстан жерін баса көктеп өткен хундардың этностық белгісі, тілі қандай еді және олар жол-жөнекей кездескен әр түрлі ру-тайпалармен қандай қарым-қатынаста болды, олармен қалай араласты, олардың тіліне қандай әсер етті? Бұл, әрине, жалпы түркологиялық мәселелер.

Бірақ оның қазақ тіліне де қатысы бар, өйткені қазақ тілінің шығу тарихын сөз еткенде біз оны тек XIV—XV ғасырлардан басталды деп айта алмаймыз: оның шығу тарихы мен дербес тіл болып қалыптасу дәуірлері әлдеқайда әріден басталса керек. «Скифтер мен сақтар, соғдылар мен хундар қай тілде сөйледі, олардың түркі рутайпалар тіліне қандай әсері болды?» деген мәселелердің күн тәртібіне қойылуы да заңды. Бұл мәселенің тиянақты шешілуі түркі халықтарының тілдік тарихын айқындай түскен болар еді. Бірақ бұл саладағы деректеріміз ауыз толтырып пікір айтуға әзірше жеткіліксіз. Тарихи лексикологиямен шұғылданушы мамандардың бас қоса отырып, шешуге тиісті келелі мәселелерінің бірі осы болса керек.

Сонымен бүгінгі қазақ тілінің тегі жайында, тарихи даму сатылары мен басқа тілдерге қатыстығы жайында жорамал («рабочая гипотеза») ретінде әдетте мынаны айтуға болар еді: оның арғы тегі сонау хун, көне түркі дәуірінен басталып, түп-төркіні көне үйсін, қаңлы, қыпшақ тайпаларының тілдік дәстүрінен өрбіп, орхон-енисей ескерткіштері тілімен ортақтығын сақтай келе, М. Қашғаридың «Диуаны» мен Ю. Баласағунидың «Құтадғу білігі» тілімен жалғаса түсіп, туыстығын кейінгі дәуірлердегі қыпшақ тілдерінен тапқан — дербес түркі тілдерінің бірі. Сондықтан да қазақ тілін әрі көне, әрі жаңа тілдер санатына қосуға толық негіз бар. Оның базистік лексикасында баба тілі («праязык»), көне түркі («пратюркский») элементтері көптеп сақталған.

Тілара қатынастар және тарихи лексикология. Тілдердің өзара қарым-қатынасы, бір-бірімен байланысы тіл біліміндегі күрделі проблемалардың қатарына жатады. Тілдегі ауыс-түйістің көбісі лексика саласында болатындықтан оған тарихи лексикологияның тікелей қатысы бар. Айта кету керек, жалпы тілара контакт мәселесінің лингвистер тарапынан зерттеле бастағанына 200 жылдан астам уақыт өтіпті. Осы уақыт ішінде бұл проблема жан-жақты тексеріліп, оның неше алуан құбылыстары мен түрлері тиісті теориялық шешімін тапқаны мәлім⁵. Алайда әрбір халықтың өзіндік тарихи даму жолы, басқа ха-

⁵ *Серебренников Б. А. О взаимодействии языков // ВЯ. 1955. № 1; Розенцвейг В. Ю. О языковых контактах // ВЯ. 1963. № 1. Ильященко Т. П. Языковые контакты: (На материале славяне-молдавских отношений). М., 1970. Т. 6.*

лықтармен араласуында өзіне ғана тән ерекшеліктердің болуына байланысты бұл мәселенің нақтылы тарихи-лингвистикалық деректер негізінде зерттелуі талап етіледі.

Осыған орай қазақ тілінің басқа туыс (қырғыз, өзбек, түркмен, башқұрт, ұйғыр т. б.), туыстас (монғол, бурят, қалмақ) және өзге системалы (орыс, қытай, араб, иран т. б.) тілдермен көрші ретінде де, тарихи-саяси, мәдени, географиялық жағдайларға байланысты да әр дәуірдегі қарым-қатынастары, олардың өзара ықпалы, лексикалық ауыс-түйістері ерекше назар аударады. Осыларды зерттеу де қазақ тілі тарихи лексикологиясының төл істерінің бірі. Бұл саладағы ізденістерді бірнеше бағытта қарастыруға болатын сияқты.

Басқа тілдердің элементтері араласпаған бірде-бір «таза» тіл жоқ деген қағида бар. Түркі тілдерінің ішінде өзінің тұтастығын, монолиттігін, тазалығын, өзіне тән ұлттық ерекшелігін өз бойында көбірек сақтап келе жатқан қазақ тілінің лексикалық байлығында да шет тіл элементтері көптеп кездеседі. Ол барлық түркі тілдеріне ортақ базистық лексиканы, әсіресе, оның қыпшақ компонентіне тән түбір-тұлғаларын мол сақтай отыра, ғасырлар бойы даму жолында басқа тілдердің элементтері арқылы да толығып, үздіксіз байып отырды. Қазақ тілі лексикасы құрамында көне де байырғы қазақ сөздерімен жымдаса, қатарласа қолданылып жүрген кірме сөздердің саны уақыт өткен сайын әр түрлі жағдайда араласқан тілдердің әсер-ықпалымен аса түспесе, азайған емес.

Әр заманда қабылданып, өз сөздерімізбен мидай араласып кеткен, тіпті сөйлеушілер үшін төркіні ұмыт болып, өз сөзіне айналып кеткен кірме сөздер аз емес. Олардың шығу тегі, келу жолы да әр түрлі. Солардың ең көнесі санскрит, қытай тілдерінің элементтері болса керек. Олар арнайы зерттелмегендіктен біз бұл жөнінде түркологиядағы кейбір деректерден басқа ешнәрсе айта алмаймыз. Қазақ тілі тарихи лексикологиясының бұл да бір кезектегі міндеті. Тіліміздің өткен тарихын анықтауда бұл мәселенің ролі зор.

Түркі тілдерінің ішінде қазақ тіліне елеулі әсер еткен, оның лексикалық қорында айтарлықтай із қалдырған тілдерге араб және иран тілдері жатады. Басқаларға қарағанда түркі тілдеріне енген араб және иран тілдерінің элементтері түркологияда көбірек зерттеліп келеді. Қа-

зақ тіліндегі араб, парсы элементтерінің саны, мысалы, Л. З. Рүстемовтың⁶ анықтауы бойынша, жалпы лексикамыздың 15 процентіне жуық екен. Кейбір түркі халықтарының (мысалы, өзбек, түркмен, әзербайжан, ұйғыр т. б.) тілінде олар одан да көп. Қазақ тіліндегі араб, парсы элементтерінің әлі де зерттеле түсуін ескерте келе, біз бұл мәселеге арнайы тоқталып жатпаймыз.

Тілара контактіге байланысты қазақ тілі тарихи лексикологиясының ерекше көңіл бөлуге қажет объектілерінің тағы бірі — қазақ тілі мен оған көршілер түркі тілдерінің (атап айтқанда қырғыз, өзбек, башқұрт, түркмен, татар, ноғай, ұйғыр, алтай т. б.) арасындағы әртүрлі тарихи, географиялық, туыстық (генеологиялық) т. б. қарым-қатынастар болса керек. Бұл тілдердің өзара әсері, лексика саласындағы ауыс-түйістері қай дәуірде, қандай жағдайда және қай дәрежеде болмасын, сайып келгенде, тарихи процеске жатады. Сондықтан да біз сөз етіп отырған тарихи лексикологияның төл ісіне бұл тілдердің лексика саласындағы туыстығын, сөз жасау модельдері мен номинация, мотивация принциптеріндегі ұқсастықтарды, паремиология, фразеология саласындағы дүниетаным және бейнелеу ортақтығы т. б. зерттеуді де қосқан болар едік.

Тілара тарихи контактыға байланысты зерттей түсуді қажет ететін проблемалардан біз қазақ тілінің монғол және орыс тілдерімен болған қарым-қатынастарына толығырақ тоқталып өтеміз.

Қазақ тілі мен монғол тілдерінің қарым-қатынасы

Бұл проблеманың дұрыс шешілуі қазақ халқының дербес халық болып қалыптасуына негіз болған көптеген ру-тайпалар мен монғол тілдес ру-тайпалардың өткен дәуірлердегі этногенетикалық, тарихи, мәдени, саяси-әлеуметтік, географиялық т. б. байланыстарын тіл фактілеріне сүйене отырып анықтауды талап етеді.

Қазақ пен монғол тілдерінің қарым-қатынасын үлкен екі дәуірге бөліп қарауға болады: біріншісі — көне дәуірде, екіншісі — XII ғасырдан кейінгі, яғни Шыңғысхан бастаған монғол шапқыншыларының Қазақстан мен Орта Азия жерін және оны мекендеген түркі тілдес ру-тайпаларды жаулап алып, үстемдік жасаған дәуір. Егер

⁶ Рүстемов Л. З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. Алматы, 1982.

бірінші дәуірде түркі, монғол тілдерінің, соның ішінде қазақ тайпалары тілдерінің шығу тегі, базистік лексиканың, түбір тұлғалар мен сөз жасау модельдердің туыстығы, ортақтығы, немесе сәйкестігі сөз болса, екінші дәуірде бұл тілдердің жоғарыдағы тарихи жағдайларға байланысты ықпал-әсерін, өзара лексикалық ауыс-түйісті қарастырған дұрыс болады.

Тарихи деректерге жүгінсек, Қазақстан жерін өте көне замандардан бері діні де, тілі де басқа-басқа әртүрлі этностық топтар мен бірлестіктер мекендеп келген. Ал монғол шапқыншыларының бұл өңірді басып алып, ұзақ замандар үстемдік етуі ондағы түркі және иран тілдес тайпалардың өзара араласуына не жіктелуіне ғана емес, сонымен бірге ұлттық тұрпатын өзгертіп, монғолдастыруға және этностық мәдениет пен тілдердің өзара жақындаса түсуіне, ұқсас белгілерінің пайда болуына өз ықпалын тигізгендігі сөзсіз.

Осы дәуірдегі қазақ ру-тайпаларының жағдайын тарихи деректер⁷ былай суреттейді. Қазақстан жерін бұл дәуірде Шыңғысханның үш баласы Жошы, Үгедей және Шағатайлардың басқару еншісіне тиген еді де, XV ғасырда бұл өлкелердің көбі Көк Орда, Шайбанихан ұлысы және Моғолыстан тәрізді үлкен-үлкен саяси бірлестіктің құрамына енген болатын. Қандай болған жағдайда да бұл кезеңде, яғни XIII—XIV ғасырлар аралығында, Қазақстанның кең-байтақ жерін негізінен түркі тілдес халықтар мекендеді. Солардың арасында қазақтар автохтонды тұрғындар болып саналды. Осы кезде жергілікті халықтармен мидай араласып кеткен монғол ру-тайпалары, о баста бұл өлкелерге басқыншы, жаулап алушы болып келсе де, өзіне тән этностық дәстүрді, мәдениетін, тілін, дінін дамыта алмады, қайта жергілікті субстрат тарапынан ассимиляцияға душар болды. «Үстем тап өкілі», «төре тұқым», «ақсүйектер әулеті» деген аты, атағы болмаса, олар дінінен айрылып, мұсылман дінін қабылдап, тілінен айрылып, жергілікті тілдерге, соның ішінде қазақ тіліне көшкені мәлім. Тарихшылардың зерттеулеріне қарағанда⁸, Моғолыстан құрамына өткен алғашқы

⁷ Бартольд В. В. Көрсетілген еңбек. 54—60, 147, 258—259-бб.

⁸ Юдин В. П. О родо-племенном составе могулов Могулистана и Могулии и их этнических связях с казахским и другими соседними народами // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук. 1965. Вып. 3. С. 57—58.

монғол ру-тайпаларының өздері түркі тілдерінде сөйлеген. Әрине тіл заңдылығына сүйенсек, мұндай жағдайға таңғалуға болмайды. Өйткені о баста қаптап келген шапқыншы қолдың бәрі бірдей бұл өлкеде тұрақтап қалған жоқ еді. Олардың түркі тілдес қалың қауымның арасына сіңіп кетуіне бірінші себеп осы болса, екінші себеп: олардың өмір сүру, тіршілік ету тәсілдеріндегі, салт-сана, әдет-ғұрпындағы ұқсастық, сәйкестіктер. Монғол шапқыншыларының арасында түркі тілдес ру-тайпалардың да аз болмағандығы белгілі.

Алайда, монғол-түркі тілдерінің Қазақстан топырағындағы ұзаққа созылған қарым-қатынасы мен тығыз байланысының дәл осылай аяқталуына қарап, бұл тілдердегі алыс-беріс, ауыс-түйісті жоққа шығара алмаймыз. Өйткені ассимиляция процесі қандайы болмасын, ол бір жақты, бір бағытта ғана болмайды. Монғол тілдері мен түркі тілдерінің сол дәуірдегі өзара тығыз қарым-қатынасы екі жаққа бірдей ықпал жасады. Сондықтан да бұл тілдердің лексикалық қорында кездесетін көптеген ауыс-түйіс, ортақ дүниені заңды түрдегі субстрат, суперстрат құбылыс деп қараған жөн. Бұл мәселені түркологтар да, монғолистер де өз тарапынан, не бірлесе отырып арнайы зерттеген емес⁹.

Ал қазақ тіліне келетін болсақ, оның монғол (халха, ойрат, бурят т. б.) тілдерімен Шыңғысхан дәуірінен кейін (XVII—XVIII ғғ.) де ойроттар (қалмақтар) мен жоңғар басқыншыларының қазақ жеріне салған ылаңына байланысты қарым-қатынаста болғанын біз тарихтан жақсы білеміз. Осындай объективті жағдайлар мен толып жатқан тарихи-әлеуметтік оқиғалар тіл үшін де із-тозсыз өте шықпайтыны белгілі. Монғол әсерін лексикалық байлығымыздың барлық саласынан, атап айтқанда, Қазақстан топырағындағы көптеген жер-су атауларынан да, кісі, ру-тайпа аттарынан да, тұрмыс-салтқа, әскери басқару, заң т. б. ұғымдарға байланысты да кездестіруге болады.

Бұл ауыс-түйістер негізінен қазақ-монғол тілдерінің кейінгі дәуіріндегі тарихи қарым-қатынасына тән, бұл

⁹ Түркологтардың бұл саладағы кейбір зерттеулері негізінен Сібір тілдеріне, атап айтқанда якут, алтай, тува, тоф, хакас, шор т. б. тілдеріндегі монғол элементтеріне арналған. Мәселен: *Дарваев П. А.* Монгольско-алтайские (ойротские) лексические взаимоотношения. Автореф. дис... канд. филол. наук. Элиста, 1988, т. 6.

тілдердің көне дәуірдегі араласуынан, өзара сіңісуінен пайда болған түбір дәрежесіндегі ортақтықтан мүлдем басқаша құбылыс. Әрине, екі дәуірдің арасында белгілі байланыс, жалғастық болуы мүмкін, бірақ екеуіндегі нәтиже, қайталап айтамыз, екі басқа: біріншісі генеологиялық, туыстық мәселесіне қатысты да, екіншісі — тілараалық лексикалық ауыс-түйіске барып саяды. Басқаша айтқанда, біріншісі алтай теориясының міндеттері де, екіншісі қазақ тілі тарихи лексикологиясының зерттеу объектісі болып саналады. Ал бұл салада, кейбір жалпылама пікірлерді айтпағанда, күні бүгінге дейін арнайы зерттеулердің жоқ екенін жоғарыда ескерттік.

Осыған орай айта кететін бір жағдай: монғол тілдері мен түркі тілдері (соның ішінде қазақ тілі) арасында көптеген түбір, түбірлес сөздер мен туынды түбірлер кездеседі. Тарихи лексикология саласында ізденуші кейбір ғалымдар қазақ тіліндегі тұлғасы беймәлім, мағынасы күңгірттене, қолданысы сиректей бастаған сөздердің монғол тіліндегі сөздермен сәйкестігін байқаса болды, «бұлар қазақ тіліне ауысқан монғол элементі» деп пішіп-кесетіні бар. Мұндай «тәсіл» біздіңше ғылыми дәлелге жатпаса керек. Салыстырып отырған лексикалық элементтердің сәйкестігі түбірге қатысты болса, онда мәселе екі тілге ортақ элемент жайында болуы керек те, ал түбірлес емес туынды тұлғаға қатысты болса, оны тілара ауыс-түйістік деп қараған жөн. Бұл арада монғол тілдері мен қазақ, не басқа түркі тілдеріне тән сөз жасау модельдердің өзіндік табиғатын тап басып тани білуде салыстырма-тарихи әдістің атқаратын қызметі орасан зор. Бұл тәсілдің ерекшелігі — ол салыстырылып отырған тілдердің фактілерін тарихи тұрғыдан қарастырады.

Монғол мен қазақ т. б. түркі тілдерін тарихи-салыстырма әдісімен зерттегенде есте болатын тағы бір жағдай: бұл ру-тайпалардың арасында ерте кезден-ақ өзара қарым-қатынас жасаудың қажеттігінен туған екі тілділіктің болуы. Мәселен, құба қалмақ заманында оқтыноқты болып тұрған талас-тартыстарда да, бейбіт өмірдегі той-жиындарда да қазақ пен қалмақтар бір-бірімен еркін сөйлесіп, түсінісе білген. Ол жайында ел аузында сақталған аңыз-әңгімелер дәлел бола алады. Мәселен, «Манас»-тағы Көкөтайдың асындағы шешендер айтысын еске алуға болады. Соғыста қолға түсіп,

бодан болу, басыбайлы күң, құл болу, қыз алып, қыз берісу т.б. — бәрі де тілге қатысы бар факторлар.

Қазақ және орыс тілдерінің қарым-қатынасы жайында.

Бұл саладағы ізденістердің ғылыми объективті болуы үшін мәселені жалпы түркі-славян тіларалық қарым-қатынастың тарихымен тығыз байланыста қараған жөн болады. Демек, бұл қарым-қатынастың тамыры тым алыстан басталуы керек деген сөз. Екіншіден, кез келген тіларалық қарым-қатынас міндетті түрде екі жаққа да, яғни өзара контактыда болған тілдердің екеуіне де белгілі әсерін қалдырады. Үшіншіден, тарихи қарым-қатынаста болған жеке тілдердің өздеріне ғана тән ерекшеліктері болуы мүмкін.

Түркі тілдері мен орыс тілінің (кеңірек алғанда — славян тілдерінің) арасындағы қарым-қатынастарды ғалымдар бес кезеңге бөліп қарайды¹⁰. Бірінші кезеңде (I—VIII ғғ.) орыс тілі мен бұлғар-хазар тілдері¹¹, екінші кезеңде (IX—XII ғғ.) печенег, половец тілдері, үшінші кезеңде (XIII—XV ғғ.) Алтын Орда хандығының ресми тілі болып саналған қыпшақ тайпаларының тілі тығыз байланыста болды; ғалымдардың пікірі бойынша, осы кезеңде көптеген араб, парсы, монғол, тибет т.б. шығыс тілдерінің элементтері де орыс тіліне қыпшақ тілдері арқылы енген; төртінші кезеңде (XVI—XIX ғғ.) патшалық Россияның Қазан, Астрахан, Сібір, Қырым хандықтары мен Орта Азия, Қазақстан, Кавказ халықтарын қол астына алып, бағынышты етуіне байланысты орыс тілі осы халықтардың тілімен қарым-қатынасқа енеді; бесінші кезеңге Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі дәуір жатады.

Осы кезеңдердің ерекшеліктеріне байланысты орыс тілі түркі тілдерінің дамуына игілікті ықпал жасаса, керісінше, түркі тілдерінің де орыс тіліне тигізген әсері аз болған жоқ. Орыс тілінің сөздік қорына еніп, қалып-

¹⁰ Баскаков Н. А., Абаев В. И. и др. Развитие и обогащение русского языка за счет заимствований из языков народов СССР. // Взаимодействие и взаимообогащение языков народов СССР. М., 1969. С. 52—53.

¹¹ Добродомов И. Г. Некоторые соображения о болгарском вкладе в славянских языках // Проблемы русского языкознания. М., 1970. С. 41—53.

тасқан 10 мыңнан астам түркі сөздері — түркіизмдер, міне, осының айқын айғағы болса керек.

Ал енді орыс тілі мен қазақ тілінің арасындағы қарым-қатынасқа келсек, ол дәуірленуі жағынан жалпы түркі-славян тіларалық қатынастарының кезеңдерімен бірдей емес. Қазақ пен орыс тілдерінің тарихи қарым-қатынасын кейбір қазақ ғалымдары¹² төрт кезеңге бөліп қарайды.

Бірінші кезең XVII ғасырдың басына дейінгі дәуірді, яғни қазақтар мен орыстардың әлі араласа қоймаған, экономикалық, әлеуметтік, мәдени байланысы аз, Қазақстан жеріне олардың көшіп келмеген уақытын қамтиды; екінші кезең (XVII ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейін) Қазақстанның өз еркімен Ресейға қосылуы және осыған орай қазақтар мен орыстардың арасында жіті қарым-қатынастың басталуымен ерекшеленеді; орыс сөздерінің қазақ тіліне ене бастауы да осы кезеңде байқалады; зерттеушілер осы кезеңнің ауыс-түйісіне, мәселен, *майор, солдат, поштабай, сот, атпекет, соқа, хутор, пристап* сияқты сөздерді жатқызады; үшінші кезең (XIX ғасырдың екінші жартысынан Ұлы Октябрь революциясына дейін) орыс тілі элементтерінің қазақ тіліне сөйлеу тілі арқылы да, жазба түрінде де көптеп ене бастаған дәуірге сәйкес келеді; олардың қатарына ғалымдар: *порым* (форма), *аршын, интернат, шар, самауырын, кереует, божы* (вожжи), *сөлжебай* (целковый), *жандарал* (генерал-губернатор), *ояз* (уездный начальник), *ауылнай* (аульный) сияқты тұяғалық өзгерістерге душар болған орыс сөздерін жатқызады¹³. Төртінші кезеңге Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі дәуір жатқызылады. Бұл кезеңдегі орыс тілінің қазақ т. б. халықтардың тіліне жасап отырған игілікті ықпалы — өз алдына арнайы тексеруді талап ететін күрделі мәселе.

Қазақ, орыс тілдерінің осындай қарым-қатынастарын зерттеуде тарихи лексикологияның да қосар үлесі мол. Бұл мәселені зерттеуші мамандар оны көбіне-көп синхрондық планда ғана қарастырады да, жан-жақты терең талдауларға, тарихи-салыстырма тәсілге сүйене отырып,

¹² Мусабиев Г. Г. Современный казахский язык. Алма-Ата, 1959. Ч. 1. С. 47—48.

¹³ Сонда.

тіларалық ауыс-түйістердің заңдылықтарын ашуға бара бермейді:

Ая бұл салада неше алуан тілдік құбылыстарды көруге болады екен.

Біз солардың біреуіне ғана тоқтала кетпекшіміз. Мәселен, түркі тілдерінің соның ішінде қазақ тілінің, тарихи лексикологиясы үшін тек шеттен қабылданған сөздерді ғана емес, сонымен бірге бұл тілдерден басқа тілдерге ауысқан сөздерді зерттеудің де зор мәнісі бар. Мәселен, орыс тілінің сөздік қорына түркі тілдерінен енген он мынанан астам кірме сөз бар екен. «Түркизмдер» деп аталатын осы кірме сөздерді славян тілдерінің мамандары да, түркологтар да зерттеуге праволы. Өйткені бұл мәселе славянистер үшін көршілес түркі халықтардың арасында болып келген ұзақ та тығыз қарым-қатынастарды анықтауға қажет болса, түркологтар үшін түркі сөздерінің өткен дәуірлердегі тұлғалық, мағыналық қалпын анықтау үшін қажет. Бір мысал келтірейік. Мәселен, бір кезде орыс тіліне еніп, әбден сіңісіп кеткен *балық* пен *алтын* сөздері тұлға жағынан сәйкестігін сақтаса да, түркі тілдеріндегі қалыптасқан номинатив мағынасынан мүлдем өзгеше¹⁴: *Балық* түркі тілдерінде «балық» біткеннің жалпы атауы болса, орыс тілінде ол балықтың бір түрін ғана (кептірілген балықты) білдіреді, ал түркі тілдерінде асыл металды білдіретін *алтын* сөзі революциядан бұрынғы орыс тілінде ақша өлшемінің баламасы («денежная единица») ретінде қолданылған. Қазақ тіліне орыс тілінің әсерімен ақша мағынасында сол кезде қолданылған *алтын теңге* деген тіркес бүгінде көнерген болса, ал ол орыс тіліндегі «Не было ни гроша, вдруг алтын» деген тұрақты тіркесте қолданыс тауып келеді.

Бұдан шығатын қорытынды: ана тіліміздің басқа тілдерде жүрген лексикалық ауыс-түйістерін зерттеу де тарихи лексикологияның міндетіне енетіндігі. Олар сөз тарихын аша түсуге, әр түрлі себептермен ұмыт болған, не көнерген сөздеріміздің өткен дәуірлердегі қалпын, жергілікті (регионалды) ерекшеліктеріне қатыстығын, мағыналық, тұлғалық өзгерістерін анықтауға қажет-ақ.

Түркизмдердің тілдік табиғатына түркологтардың көзімен қараудың тағы бір қажеттігі олардың көп сыры қабылданған тілде емес, өзі пайда болған тілдің топыра-

¹⁴ *Фасмер М.* Этимологический словарь русского языка. М., 1964. Т. 1.

ғында айқын көрінеді. Мұны түрколог ғалым Н. К. Дмитриевтің¹⁵ түркизмдерге арналған зерттеуі толық дәлелдей алады. Шынында да тіларалық қарым-қатынасқа байланысты болатын лексикалық ауыс-түйістер, бір медальдың екі жағы сияқты, бір тұтас құбылыстың екі тілдегі («сөз қабылданатын» және «сөз қабылдайтын» тілдердегі) көрінісі іспеттес.

Осыған орай орыс тіліндегі түркизмдерді қазақ тілі тұрғысынан қарап, бұл тілдердің арасында болған ұзақ та тығыз қарым-қатынастарды тереңірек зерттей түсуді біз алдағы міндеттеріміз деп есептейміз.

Славян тілдері мен түркі тілдерінің арасындағы тарихи ауыс-түйістер тек басы ашық жеке-дара сөздермен ғана шектелмесе керек. Тіл фактілерін тереңірек зерттеп қараған адамға бұл байланыстың тамыры тым алыста жатқан сияқты. Олай дейтін себебіміз, славян тілдері мен түркі тілдері арасында туынды түбір тұлғасындағы байырғы түркі сөздерімен қатар монғол, қытай, араб, иран тілдерінен енген кірме сөздер де көптеп кездеседі. Олардың бәрі славян тілдеріне түркі тілдері арқылы енгендіктен біз дәстүр бойынша түркизмдер («түркі тілдері элементі») деп қараймыз да, олардың шығу тегіне көп мән бере бермейміз. Бұл да түркизмдерді зерттеуге байланысты ерекше көңіл бөлетін мәселе. Славян халықтарымен әлімсақтан бері көршілес болып, араласа-құраласа өмір сүрген, бірге өсіп, біте қайнасқан халықтардың көбісі-ақ — түркі тілдес халықтар. Олар ертеде де, қазір де сан жағынан аз болған жоқ. Россияның ұлан-ғайыр ішкі және сыртқы өлкелерін мекендеп келген бұл халықтар мен ру-тайпалар, орыс тілінің игілікті ықпалында бола отырып, өздері де оған әр түрлі дәрежеде әсерін тигізіп келді. Орыс тіліндегі он мыңнан астам түркизмдер бұлардың бәріне ортақ бола тұрса да, оған әрбір тілдің қосқан өзіндік үлесі бар. Ол үлесті, мәселен, шартты түрде «қазақизмдер», «якутизмдер», «тувинизмдер», «алтаизмдер», «өзбекизмдер» т. б. деп атап, дыбыстық, тұлғалық және мағыналық ерекшеліктеріне қарай тілдік региондарға бөліп анықтауға болар еді. Мәселен, орыс тілі қабылдаған *аул* сөзі көптеген түркі тілдерінде өзіне тән (*ауыл//айыл//аал//авыл* т. б.) тұлғада қолданылады. Ал орыс тілінде солардың біреуі ғана қалыптасып,

¹⁵ Дмитриев Н. К. Строй тюркских языков. М., 1962. С. 503—569.

әдеби нормаға айналған. Демек, бүгінгі орыс тіліндегі *аул* сөзінің ең жақын прототипі қазақтың «*ауылы*», не соған жақын қыпшақ тобындағы тілдердің «*авылы*» болса керек.

Славян тілдері мен түркі тілдерінің арасындағы ертеден келе жатқан алыс-беріс, ауыс-түйістерді зерттеушілердің күні бүгінге дейін назарына ілінбей жүрген, ілінсе де тиісті шешімін таба алмай жүрген құбылыс — бұл тілдегі кейбір түбірлес, тұлғалас, мағынасы жақын лексемалар. Мәселен: орыс тіліндегі *я ем, ты ешь, он есть, еда, едок* т. б. сөздердің «*ё*» [je-] элементін бөліп алып, оны шартты түрде түбір деп танып, түркі тілдерінің бәрінде кездесетін *же-/йә-/ие-/йи-/дже-/че-* түбір етістігімен салыстырып қарасак, бұлардың арасында белгілі бір жақындықтың барлығын байқаймыз. Бұл қандай жақындық? Шығу тегі басқа-басқа славян тілдері мен түркі тілдері арасында бұл тәрізді гомогенді сәйкестіктің болуы мүмкін бе?

Егер мұндай сәйкестік бес-он сөзбен шектелсе, оны тілдерде бола беретін кездейсоқ ұқсастыққа жатқыза салуға болар еді. Ал біз қарастырып тапқан осындай фактілердің саны қазірше жүзден асады, зерттей түссе ол бұдан да көп болуы мүмкін. Және мұндай «ортақ түбірлердің» арасында тілден тілге еш уақытта ауыспайтын етістік түбірлер де кездеседі. Мысалы: қазақ тіліндегі *бұр-, бұра-, бұрғы-, бұрыл-* т. б. сөздердегі *бұр-* етістік түбірін гомогенді деп танысак, оның орыс тіліндегі *бурить, бурение, бурав* сияқты сөздердің құрамындағы ортақ **бур* деген морфемамен мағына, тұлға жағынан жақын екендігін жоққа шығара алмаймыз. Бірақ бұл қандай жақындық? Тағы мысал келтірейік: орысша: *цапать* — қазақша: *шап беру; шап ету*; орысша: *таскать* — қазақша: *тасы*; орысша: *сжимать, жим, жмурка, жмых, жмота* — қазақша: *жұм-, жұмырық, жым болу, жымдай*; орысша: *толочь, толчение* — қазақша: *талқанда*; орысша *топтать, топать, тапочки* — қазақша: *тапта-, тапырақта-*; орысша: *ссый* — қазақша: *сій*; орысша: *сунь (руку), совать* — қазақша: *сүн-/ұсын-*; орысша: *яркий, ярость* — қазақша: *жарқ ету, жарық*, ұйғырша: *йорық*; орысша: *сев, посев, сеять, сыпь* — қазақша: *сеп-, себу-*; орысша: *игла* — өзбекше: *игна*, ұйғырша: *жиңнә*, қазақша *ійне*; орысша: *тупой* — қазақша: *топас*, диал. *топар*; орысша: *хапать, хапуга* — қазақша: *қап-, қабыс-, қапсыр-*,

ұйғырша: *қапқан*; орысша: *ясный* — хакасша: *аяс күн*;
орысша: *яма* — ұйғырша: *гәмә*; орысша: *чеканить, чекан*
ка — ұйғырша: *чәк-*, қазақша: *шеку* т. б.

Мұндай ұқсастыққа көптеген мысалдар келтіруге болады. Мүмкін олардың біразы кездейсоқ ұқсастық ташығар. Бірақ бәрін бірдей олай деп қарауға болмайтын сияқты. Олар сонау үндіевропа, үндіиран, үндіславяк, сондай-ақ «үндітүркі» тілдік одақтардан келе жатқан ортақ дүние болуы да ғажап емес. Бұл арасын зерттеу керек. Ал түркі тілдері мен славян тілдерінің түбір дәрежесінде де ортақ дүниесі болуы мүмкін деп жорамалдауға тарихи негіз де жоқ емес: көне дәуірдің өзінде-ақ шығыс славяндар мен хун, булғар, құман-қыпшак ру-тайпалары мидай араласқандығы бізге белгілі. Славян халықтарының ең көне (XI ғ.) жазба ескерткіші «Игорь полкы жайында сөзінен» де көптеген түркизмдерді табуға болады. Қазіргі қазақ тіліндегі *бала-шаға* деген қос сөз құрамында ғана кездесетін **шаға* сөзінің осы ескерткіште қолданылуы сол бір тығыз қарым-қатынастың айғағы болса керек.

Қазақ тілінің орыс тілімен болып келе жатқан ұзақ та тығыз тарихи қарым-қатынасына байланысты зерттелуге тиісті, бірақ әлі күнге дейін өз зерттеушісін таба алмай келе жатқан проблемалары көп-ақ. Бірлі-жарымды мақалаларды есептемегенде бұл тілдердің революциядан бұрынғы байланысы, жүздеген орыс сөздерінің қазақ тіліне жазу арқылы да, сөйлеу тілі арқылы да енуі, олардың тұлға, мағына жағынан етене игерілуі, қалыптасуы әрбір региондағы тарау шегі мен қолданыс аясы т. б. — осылардың бәрі арнайы зерттеуді талап етеді және бұл да тарихи лексикологияның міндетіне жатады. Совет дәуіріндегі орыс тілінің қазақ т. б. тілдерге тигізген игілікті әсері, әсіресе терминологиялық лексикамыздың күн санап байып, кемелдене түсуіне жасап отырған ықпалы бүгінгі күннің құбылысы болса да, жалпы тіл әлеміндегі тарихи процестерге жатады. Қазақ тілінің лексикалық қорына орыс тілі арқылы күн санап еніп жатқан бүкіл европа тілдерінің элементтерін зерттеу де қазақ лексикологиясының төл проблемаларына жатса керек. Бұл элементтер қазақ т. б. түркі тілдеріне бірыңғай экстралингвистикалық жағдайда еніп жатса да, олар бәрі бірдей бір рецепт бойынша қабылданып отырған жоқ: әр тілдің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл тілдерде

ертең-ақ қалыптасатын ортақ интернационалдык (халықаралық) лексика қорының заңдылығын қазірден бастап ақ зерттегеніміз жөн. Бұл да қазақ тіл білімі үшін кезек күтіп тұрған проблемалардың бірі.

Тарихи лексикология және этимология. Этимология шын мәнісінде тарихи лексикологияның үлкен бір саласы болып саналады. Бірақ этимологияның зерттеу объектісі мен тәсілі — тарихи лексикологияға қарағанда әлдеқайда тар және нақтылы. Тарихи лексикология жалпы лексиканың тарихын зерттеуді, оның дамуындағы объективті заңдылықтарды анықтауды мақсат етсе, этимология негізінен сөз және сөз тұлғаларының төркінін, тегін ашуды міндетіне алады. Екеуі де бұл салада өзін тиімді жағынан танытқан универсалды тарихи-салыстырма методына сүйене отырып, толып жатқан басқа да талдау тәсілдерін қолдануы мүмкін.

Тарихи лексикология мен этимологияның өзара қатыстығы тілдік фактілерді тарихи деректерге, тіл мен сол тілде сөйлеушілердің тығыз байланысында, тарихи, мәдени және басқа да экстралингвистикалық факторлардың ортақтығында болса керек. Осыған байланысты этимологиялық зерттеулер сөздің фоно-морфо-семантикалық табиғатын толық ашу үшін тарихи (кейде оны «социологиялық», «культурологиялық» деп те атайды) принципке жүгінеді.

Этимологиялық принциптердің мән-жайына қысқаша тоқталып өтейік.

Этимологиялық зерттеулер қай тілде болмасын негізінен үш принципке — фонетикалық, морфологиялық және семантикалық принциптерге сүйенеді. Сөз төркінін дәл және дұрыс анықтаудың бірден-бір шарты болып саналатын бұл принцип-критерийлер зерттеу объектісі болып отырған әрбір тілдің қалыптасу, даму заңдылықтарына негізделеді. Бұл принциптердің өзіндік ерекшеліктері мен зерттеу объектісі әр түрлі болса да, бір-бірімен тығыз байланысты.

Фонетикалық принцип. Бұл принцип әрбір тілдің немесе бір топ туыс тілдің фонетикалық (сингармонизм, ассимиляция, дыбыс алмасуы мен дыбыс сәйкестігі, дыбыстың түсіп қалуы, пайда болуы, дыбыстың қосарлануы (геминация) мен әлсізденуі (редукция), метатеза, апокопа, элизия, парагогия, флексия, фузия т. б.) заңдылықтарына негізделеді. Сөз табиғатына тән жаңару және

ескіру, өзгеру, даму сияқты эволюциялық процестер осы заңдылықтарды ескере отырып, диахронды және синхронды бағытта зерттегенде ғана дұрыс айқындалуы мүмкін. Бұл заңдылықтардан тыс ешбір өзгеріс тілде болмайды, ал бола қалса ол аномальді құбылыс болып саналады. Ескеретін бір жағдай: бұл заңдылықтардың бәрін бірдей этимология объектісі болып отырған сөздің не сөз тіркесінің бойынан табу кажет деген ұғым тумаса керек. Мәселен, фонетикалық заңдылықтардың көбісі негізгі түбір мен туынды түбір аралығында (*көгілдір* < <көк + ілдір, ұғым < ұқ + ым), біріккен, кіріккен сөздер тұлғасында (*бүгін* < бұл + күн, *биыл* < бұл + жыл), шеттен қабылданған сөздерде (*кәде* < қа'ида < қағида, *зәр* < зәһәр, *самауырын* < самовар т. б.), тіларалық дыбыс сәйкестігінде (каз. *бас*//ұйғ. *баш*; каз. *тау*//ұйғ. *тағ*//қырғ. *тоо*), ротацизм (каз. *қыз* ~ чув. *хер*), ламбдаизм (каз. *тас* ~ өзб. *тош* ~ чув. *чул*; каз. *тол* ~ ұйғ. *тол*//тош-), метатеза (каз. *қақпан* — ұйғ. *қапқан*, каз. *өкпе* ~ ұйғ. *өпке*) т. б. құбылыстарда байқалады.

Ал түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін, классификациялық системадағы орнын анықтауға келгенде фонетикалық критерий субститут құбылыстарына ерекше мән береді. Этимологияның бұл принципі бойынша сөздің басы мен соңы, түбірдің фоно-морфологиялық варианттылығы, дыбыстық өзгерістердің мағыналық ауытқуларға себеп болуы т. б. толып жатқан құбылыстардың бәрі толық ескерілуі керек.

Морфологиялық принцип. Этимологиялық зерттеудің бұл принципі сөздердің тұлғалық өзгерістеріне байланысты заңдылықтарды қарастырады. Осыған орай морфологиялық құрылымы мен тұлғасы бүгінде айқын емес сөздер ең алдымен өз тілімізде, ал онда болмаса, басқа туысқан түркі тілдеріндегі сөз жасау, сөз өзгерту модельдерімен салыстырыла зерттелуі керек. Этимологтың алдына қойған мақсатына байланысты морфологиялық талдау перспективті және ретроспективті бағытта болуы мүмкін. Кейінгісі агглютинациялық даму процесінде о бастағы ілкі де көне түбірге қат-қабат жалғанып, онымен бірігіп, кірігіп кеткен жалғау-жұрнақтарды морфемалық жіктеу тәсілімен («поморфемный анализ» мағынасында) сөз жасау модельдері бойынша біртіндеп бөліп алып, одан ары морфемалық бөліктерге жіктелмейтін монолитті ілкі түбірді айқындауға мүмкін-

дік береді. Әрине, ол түбір бүгінгі тілімізде жеке-дара қолданылатын дербес болуы да, қолданылмайтын «өлі» түбір болуы да ықтимал.

Осыған орай морфологиялық принципті ұстанудың бір ерекшелігі: ол кез келген байырғы түркі сөзінің түбір тұлғасын, негіздің құрамын анықтауға мүмкіндік береді екен. Ол үшін этимологиялық табиғатын анықтауға қажетті туынды түбірді сөз жасау моделінің жүйесіне салып, тұлғалас бір топ сөздің қатарында қарастыруымыз керек. Мәселен, қазақ тіліндегі *Ү-на-/-не-* моделі арқылы жасалған *ауна-*, *буна-*, *қайна-*, *тырна-* сияқты сөздерді алып, жоғарыдағы тәсіл бойынша түбірлік морфемалардан жалғаулық морфемаларды бөліп алып қарағанда, алдыңғы екеуінің түбірі (*ау-*, *бу-*) айқын да, кейінгі екеуінің (**қай-*, **тыр-*) түбірі біздер үшін ұмыт болған «өлі» түбірлер екендігін көреміз.

Осылайша морфологиялық принципке сүйене отырып, ілкі түбір, туынды түбір тұлғаларын анықтауды біз этимологиялық зерттеулердің сенімді де жемісті тәсілдердің бірі деп есептейміз. Алайда бұл тәсілді түркі тілдерін зерттеуші этимолог ғалымдар толық меңгеріп, өз зерттеулерінде кең түрде пайдалана алмай жүр.

Морфологиялық принципке байланысты этимологиялық талдауда тағы бір ескеретін жайт: жалпы грамматикалық форманттар, соның ішінде сөз тудырушы қосымшалар әдетте кез келген түбірге жалғана бермейді және олар белгілі тәртіппен ғана жалғанады, сондай-ақ аффикстерді ғылымда есім түбірге және етістік түбірге жалғанатын аффикстер деп екі топқа бөліп қарау дәстүрі де бар. Сөздердің морфологиялық тұлғасын диахронды деңгейде зерттейтін морфологиялық этимология бұл қағиданы аксиома деп қарауға болмайтынын дәлелдейді. Өйткені синкретикалық түбірге жалғанатын аффикстер синкретикалық сипат алады, одан басқа аффикстердің ішінде екі функционалды, көп функционалды, индифферентті түрлері тағы бар. Сөз тұлғасындағы агглютинативті қат-қабаттарда әрбір дәуірдің ізі мен морфологиялық дамудың күрделі өзгерістерін де осы принцип негізінде анықтауға болатын сияқты. Осы орайда базистік лексиканың негізі болып саналатын көбінесе бір туынды түбірлердің «өлісі» мен «тірісін» анықтау,

түбіріменен қосылып біржолата бірігіп, бүгінде бөлім
қарауға келмейтін көне жұрнақтарды айыру (мәс. аңқа
< *аң+қа, маңқа < *маң+қа; сақау < *са+қау, мылқау
< *мыл+қау, *жалқау < *жал+қау сияқты т. б.) — осы-
ның бәрі сөз тұлғасын зерттеуге байланысты этимология-
лық объектіге жататын тарихи процестер болып санала-
ды. Түбір менен морфологиялық тұлғаның мағыналық
қатыстығы да, аффикстер төркінін жеке сөзден тарату-
дағы жорамалдар мен морфологиялық этимология арқы-
лы шешілетін мәселелер.

Қысқасы, морфологиялық принцип (критерий) түркі
тілдерінің сөз жасау стихиясында кездесетін жүздеген,
тіпті мыңдаған алуан түрлі грамматикалық тұлғалардың
ішінен этимологиялық объект болып отырған сөздің та-
биғатын тап басып, дәл табуға, оның басқалармен туыс-
тық қатыстығын, орнын анықтауға жәрдем беретін эти-
мологтың қолындағы сенімді құралдың бірі болып сана-
лады.

Семантикалық принцип. Сөздің мағынасын анықтау-
да семантикалық принцип — этимологтардың арқа сүй-
ер, аяқ тірер критерийлерінің бірі. Сөз мағынасыз бол-
майтыны баршаға мәлім және ол мағына сөздің дыбыс-
тық, морфологиялық (немесе фонеморфологиялық) тұл-
ғасына тікелей қатысты болғандықтан тілдік коллектив-
тің тарихи дамуының, оның өзіндік ой өрісі мен дүние-
танымына қатысты күрделі құбылыстар қатарына жата-
ды. Осы арада тілдердің жалпы семантикалық даму заң-
дылықтары мен әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктері айқын
көрінеді.

Этимология тұрғысынан сөздің тура (номинативті)
мағынасы мен ауыс (келтірінді) мағынасын дәл айыра
білудің, олардың ара қатынасын, эволюциялық өзгерісін
анықтаудың маңызы зор. Бұл — бір қарағанда оңай кө-
рінгенімен, тереңірек зерттеген адамға табиғаты күрде-
лі құбылыс. Ал этимологияның дұрыс шешім табуы ең
алдымен сөздің семантикалық статусын, оның о бастағы
мәнісін тап басып, дәл анықтауға байланысты. Семанти-
калық талдауды сөздердің әртүрлі (түсіндірме, екі тіл-
дік, диалектологиялық т. б.) сөздіктерде келтірілген ма-
ғыналарына ғана сүйеніп, оның тарихына тереңірек үңіл-
месек, одан жаңсақ қорытынды шығуы да мүмкін.
Этимологиялық ізденістердің бір кемістігі осы тұста бай-
қалып жүр. Мәселен, қазақ тіліндегі көпшілікке таныс

берен мен қарқара сөздерін алайық. Осы сөздер (берен жылтық, берен сауыт, берен қылыш, сондай-ақ қарқара тауға да, әйелдердің бас киіміне де, құсқа да қатысты) әр түрлі ыңғайда қолданыла береді. Неге олай? Бұл сұрақтың жауабын біз — тек мағынасына байланысты дер едік.

Осы принципті қолдануға байланысты этимологияның назар аударатын тағы бір мәселесі: сөз мағынасының бағыт-бардарын, атап айтқанда жалпыдан жалқыға (конкреттікке), бүтіннен бөлшекке немесе керісінше дамуын анықтау. Фоно-морфологиялық өзгерістердің де сөз мағынасына қатысты екенін жоғарыда айттық. Шығу тегі бір сөздің даму процесінде мағына жағынан іштей жіктеліп, тіпті арасы қашықтай келе, екіұдай мағынады жеке сөздерге айналу (омонимизация) заңдылығы да семантикалық принциптің назарынан тыс қалмауы керек. Дәл осындай құбылыс кейбір тегі бір гомогенді түбірлердің дамуына немесе әр түрлі тұлғалардың қабылдануына байланысты да байқалады. Мәселен, жас деген сөздің бір өзі тарихи даму процесінде 5—6 түрлі мағынаға ие болған: «возраст», «молодой», «свежий», «сочный», «зеленый, неспелый», «влажный», «слезы» т. б. Сондай-ақ зор түбірі «үлкен, дәу» мағынасын білдірсе де, тұлғалана келе (зорла-, зорлық, зорығу сияқты) басқашалау мағыналарға ие болып тұр.

Семантикалық принциптің заттар мен құбылыстарға ат қойып, айдар тағуға (номинацияға) байланысты әр түрлі мотивтерді анықтауға да қатысы бар. Осыған орай бір заттың, не құбылыстың біреу емес, бірнеше атаумен аталуы да кездейсоқ құбылыс еместігі этимологияда ескерілуі керек. Мәселен, қазақ тілінде бір аурудың (орысшасы «сибирская язва») адам мен малдың түріне байланысты бірнеше атауы бар екен: түйнек, күйдіргі (адамға қатысты), қойда — топалаң, жылқыда — жамандат, сиырда — қараталақ, қарасан, түйеде — ақшелек, қарабоз, енжіде — кебенек, шошқада — сіреспе, қағылау т. б. Мұндай номинация мен мотивациялар сөз мағынасын ашу үшін этимологияға аса қажет фактілерге жатады.

Семантикалық талдауға қатысты тағы бір құбылыс: ол бір түбірден тараған бірнеше туынды түбірлердің білдіретін заттары мен құбылыстарын көзбен көріп (визуально), өзара салыстыра қарау арқылы заттық, материалдық ұқсастығын анықтау. Мысалы: саға, сағалдырық,

сағақ, сақал, сағана, сағанақ сияқты түбірлес сөздердің суретін салып, өзара салыстырып көрсеніздер, заттанған мағынаның нақтылы көрінісін, қолданыс аясын байқау қиын емес.

Тарихи принцип. Тарихи лексикология мен этимологияның шендесетін тұсы осы тарихи принципті ұстануға байланысты байқалады. Өйткені этимология объектісі болып отырған сөздеріміз — шығу тегі, уақыт-мезгіл, территория және тарих жағынан тіл біткеннің бәріне емес, тек белгілі бір тілге ғана қатысты дүние. Ал тіл болса әрқашан белгілі бір этностың генеологиясымен, азаматтық тарихымен, өмір сүрген ортасымен, қоғамдық даму дәуірімен, материалдық және рухани мәдениетімен, шаруашылық-кәсіп түрлерімен, салт-сана, әдет-ғұрпымен тікелей байланысты. Демек, сөздердің этимологиялық зерттелуі сол сөздердің өз топырағында, өз мекені мен өніп-өскен, пайда болған мезгіліне сәйкес жүзеге асырылуы қажет. Бұл жағдай байырғы түркі-қазақ сөздеріне де, шет тілдерден қабылданған кірме сөздерге де қатысты.

Этимологияның жоғарыда келтірілген басқа (фонетикалық, морфологиялық, семантикалық) принциптері осы айтылған тарихи негіздерге, этнолингвистикалық факторларға сүйенбесе, одан өзіне қажетті дәлел-дерек таба алмаса, қаншама шебер қолданылса да, нәтижесіз болуы мүмкін. Этимологтардың зерттеулерінде халық тарихына қатысты тілдік жазба деректерді, ауыз әдебиет мұраларын, археологиялық куәлерді, тарихи жазбаларды т. б. материалдарды орынды қолдануы да осы принциптің мақсатына үйлеседі. Осыған орай этимолог Г. А. Климовтың «...этимолог үшін ең алдымен этимологиялық зерттеулерде кездесетін заттар (реалийлер) мен ұғымдардың хронологиясын айқындайтын археология мен этнография деректері қажет-ақ»¹⁶ деген пікірін орынды деп санаймыз. Шынында да, тіліміздегі сөздердің байырғы түркі сөзі екенін, әлде шеттен кірген сөз екенін ғылыми негізде мұқият айқындап алмай жатып, олардың әр түрлі фоно-морфо-семантикалық өзгерістері жайында долбар, болжам айту ғылыми этимологияға жатпайды.

Тағы бір пікір: шын мәнісіндегі ғылыми этимология-

¹⁶ Климов Г. А. К семантической реконструкции (по материалам кавказской этимологии) // Теория и практика этимологических исследований. М., 1985. С. 17.

ның жоғарыда айтылған тарихи принципке сүйене отырып, сол тілде сөйлеуші халықтың этногенезін (түп-төркінін) анықтауға үлкен үлес қосатынын мойындағанмыз жөн. Осы мәселеге байланысты ғалымдар халықтың шығу тегі — этногенезі мен оның атауын — этнонимін бір деңгейде қарастыруды ұсынады, өйткені оларды өзара бірлестікте зерттегенде ғана белгілі нәтиже шығуы мүмкін. Этимология этногенетикалық проблемаларды шешуге көмектессе, экстралингвистикалық (археологиялық, этнологиялық, антропологиялық, тарихи) деректер негізінде жүргізілген этногенетикалық зерттеулер этимологиялық ізденістерді дұрыс жолға салады.

Міне, тіл менен халық тарихының, кеңірек айтқанда экстралингвистикалық факторлардың, өзара астарласа, байланыса келіп, бір тұтас этнолингвистикалық проблемада тоқайласуы осы. Тарихи лексикология мен этимологияның тарихи принципінің бірлестігі осы орайда айқын көрінеді.

Этимологияның түрлері. Жоғарыда аталған төрт ғылыми принциптің дұрыс-бұрыс қолданылуына байланысты жалпы этимология ғылыми және қарапайым (ғылыми емес), не халықтық болып екі топқа бөлінеді.

Халықтық этимология ғылыми негізге емес, әр түрлі жорамал-жобаға, жеке адамдардың өз тұжырымдарына, ел аузындағы аңыз-риваяттарға байланысты болғандықтан неше алуан болып келеді. Ғылымда оларды мазмұнына қарай жалған этимология («ложная этимология») және көпшілік қолды этимология («популярная этимология») деп өзара екі топқа бөліп қарайды. Олардың әрқайсысына тән ерекшеліктері тағы бар.

Этимологияның түрлері мұнымен ғана шектелмейді. Зерттеу объектісіне, атап айтқанда: сөздің түрлеріне (түбір сөз, туынды түбір, біріккен сөз, қос сөз, қайталама қос сөз т. б.), сөз таптарына (есім сөздер, есімшелер, сан есімдер, етістіктер, еліктеуіш сөздер, одағайлар, үстеулер т. б.), лексика-тематикалық салаларға (этнографиялар, диалектизмдер, топонимдер, антропонимдер, этнонимдер, арханизмдер, профессионализмдер, шеттен кірген сөздер т. б.) байланысты этимология әр түрлі метод-тәсілдерді талап ететін өзара бірнеше топқа тағы жіктеледі. Этимологияның зерттеу объектісі тек сөз ғана емес. Сөздердің табиғи бөлшегі болып саналатын неше алуан грамматикалық форманттар да, жеке сөзден тұра-

тын тұрақты сөз тіркестері де (мақал-мәтел, афоризм, жұмбақ, фразеологизмдер) этимология объектісі бола алады. Өйткені, бұлар да тілдік единицалар санатына енеді және құрамына енген сөздермен бірге өзгереді, ескіреді, мағына, тұлға жағынан күңгірттеніп, түсініксіз элементтерге айналады. Тұрақты тіркестердің жалпы мағына-мазмұнын айқындау үшін кейде күңгірттенген сыңарларының тілдік табиғатын анықтау қажет болады.

Этимологияны кез келген сөзге жасауға болатынын біз жоғарыда ескерттік. Дәл сол сияқты кез келген тұрақты сөз тіркесіне де этимологиялық талдау жасауға болады. Ондай талдаулар мақал-мәтел, фразеологизмдердің тұрақталып, семантикалық монолитке айналуына себепкер болатын жеке компоненттерін айқындауға ғана емес, сонымен бірге олардың жалпы мазмұнын, жасалу мотиві мен этнолингвистикалық негізін, логикалық ойды бейнелейтін ұлттық образдардың ерекшелігін анықтауға бағышталады. Мәселен, қазақ тіліндегі *жеті түнде, түн баласына* деген фразеологизмдердің фразеологизм болып қалыптасуының өзі олардың құрамындағы *жеті* мен *бала* сөздерінің біз үшін беймәлім сыры мен сипатына байланысты. Сондай-ақ *шошқа тағалау, түйе үстінен сирақ үйіту, есек құрты мұрнынан түсу* сияқты фразеологизмдердің құрамындағы сөздер бізге айқын бола тұрса да, олардың жасалу мотивін бірден дәлелдеу оңай емес. Бұларды анықтау үшін де этимологияның араласуы қажет және ол зерттеудің басқаша тәсілін, әдісін талап ететіні сөзсіз.

Этимологияның қандай түрі болмасын, оның алдына қойған мақсаты, анықтауға тиісті деңгейі, тереңдігі, түбегейлі тұжырымы болуы шарт. Алайда ол жалпы түркология көлемінде арнайы зерттеліп, тиянақты шешілген мәселе емес. Бұл жайында кейінгі 15—20 жыл беделіндегі әңгіме көбінесе түркі тілдерінің (жалпы) этимологиялық сөздігін және кейбір жеке (чуваш, тува, азербайжан, қазақ т. б.) тілдердің этимологиялық сөздіктерін жасауға байланысты болып келеді. Осыған орай Э. В. Севортян жасаған (оны шәкірттері жалғастырған) «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» түркі түбірлерінің «баба тіл» дәуіріне тән фоно-морфо-семантикалық қалпын («праязыковое состояние») анықтауды этимологиялық талдаудың түпкі мақсаты етіп қойған болатын. Бұл, әрине, ғылыми деңгейі жоғары, мазмұны

терең этимологиялық зерттеулер санатына жатады. В. И. Егоров жасаған «Чуваш тілінің этимологиялық сөздігі»¹⁷ болса, ол, мысалы, алдына ондай міндет қоймайды. Бұл сөздік негізінен чуваш тіліндегі лексиканың шығу тегін, басқа түркі тілдерге қатыстығын, мағыналық, тұлғалық ерекшеліктерін анықтауды мақсат етеді. Сол сияқты, «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі»¹⁸ де сөз тарихын, оның тұлғалық, мағыналық дамуын, шеттен кірген сөздердің табиғатын анықтаумен шектеліп, оларды түбір дәрежесінде қарастыруды өз міндетіне алмайды.

Бұл этимологиялық зерттеулер сөздерді сөздік аясында, соның мақсат-міндеттерінде сай деңгейін білдірсе, жеке этимологиялық ізденістерде бұл деңгей әртүрлі болып келеді. Кейбір арнайы зерттеулер кейінгі кезде сөздердің бүгінгі қалпын ғана емес, олардың сонау алтай, көне түркі («пратюркский»), көне қыпшақ («пракыпчакский») т. б. дәуірлердегі қалпын анықтауға, жеке сөздердің құрамындағы «тірі» және «өлі» түбірлерді бөліп алып қарастыруға, тіпті бір буынды түбірлердің өзін жіліктеп, ілкі түбір, жай түбір, туынды түбірлерге жіктеуге, оларды о бастағы мағына беретін ең қарапайым лексема фонема дәрежесінде қарауға талаптануда. Бұл, әрине, түркі этимологиясының шарықтау шегі болса керек. Бұл мақсатты орындау үшін бір тілді ғана емес, бүгінгі түркі тілдерінің бәрін тегіс зерттеу қажет, барлық жазба ескерткіштерін бір ізге түсіріп, түркі тілдерінің базистік лексикасының негізі болып саналатын бір буынды түбірлердің корпусын (моделін) жасауымыз керек сияқты¹⁹.

Тарихи лексикология және этнолингвистика. Тіл менен сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың) қатыстығын, яғни бір-біріне әсер етіп отыратын лингвистикалық және этносқа қатысты факторларды өзара байланыстыра зерттеуші саланы тіл білімінде²⁰ **э т н о л и н г в и с т и**

¹⁷ Егоров В. Г. Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары, 1964.

¹⁸ Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966. 240-б.

¹⁹ Осы бағытта біз қазақ тіліндегі «өлі» және «тірі» моносиллабтардың тізімін жарияладық (Қараңыз: Қайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986). Осындай жұмыс басқа тілдер бойынша істелуге тиіс.

²⁰ Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов. М., 1966. С. 529.

к а деп атайды. Оның да өзіне тән зерттеу объектісі бар. Этнос және оның тілін біртұтас, өзара тығыз байланысты құбылыс деп қарасақ, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар оның (этностың) бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойында сіңіріп, ата мұрасы, асыл қазына ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі тағы бар.

Тілдердің дәл осындай, өткен өмірдің тәжірибесі мен өнегесін сөзбен өріп, жадында сақтау қасиеті болмаса, ешбір халықта дәстүр жалғастығы мен мұрагерлік болмаған да болар еді. Осылардың бәрі ұланғайыр сөз байлығымыз арқылы халықтың жадында сақталып бізге жеткен болса, оны тәптіштеп жинап, толық меңгеріп, өзіндік нақыш-бояуымен келесі ұрпаққа табыс ету этнолингвистикамен шұғылданушы ғалымдардың абыройлы міндеті деп білеміз.

Міне, осыған орай этнолингвистика мен тарихи лексикологияның атқаратын міндеттері мен көтеретін ортақ жүгі айқындала түспекші. Ол міндеттер тіл менен сол тілде сөйлеуші этностың (қазіргі халықтың, ұлттың) тарихи тұтастығына, өзара қатыстығына байланысты болса керек. Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әр түрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрпын, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т. б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы ғана бізге жетуі мүмкін. Әсіресе, жазу-сызуы болмаған халықтарда осыншама мол дүниені тіл мен ауыз әдебиетінен басқа жадында сақтайтын тәсіл жоқ. Сондықтан да тіл фактісі ретінде кездеспейтін заттар мен құбылыстарды, ұғымдар мен түсініктерді этнос өмірінде мүлдем болмаған, ал болған ретте ол бүгінде халық жадынан шығып, із-тозсыз жоғалған, ұмыт болған деп қарауға бола-

ды. Этнос пен оның тілі бірге туып, біте қайнасқан бір тұтас дүние екендігін біз осыдан көреміз. Белгілі бір жағдайларға байланысты өз тілінен айрылған этнос өзінше өмір сүруі де, тіпті жан-жақты дамуы да мүмкін. Бірақ ана тілін ұмытқан этнос өзінің шығу тегі мен азаматтық тарихын да ұмытады, басып өткен өмірін, бүкіл рухани, мәдени байлығынан махрұм болады. Ал ондай өз тарихын, өз тілін ұмытқан ел, өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан моральдік, этикалық дәстүрін, әдет-ғұрпын, елдігін жоғалтқан этностың мүшесі де, маңкұрт та бірдей. Кез келген этностың тарихын өз тілінде емес, егер ол қағазға түссе, басқа тіл арқылы да біле алады. Бірақ оны өз тілінде білгенге не жетсін. Өйткені бұл ерекшеліктер жүре үйренуге болатын білім емес, ананың ақ сүтімен бойға даритын, балаң жүрекпен сезіну арқылы ғана етене қабылданатын, белгілі ортада ғана қалыптасатын адам бойындағы ең абзал қасиет болып саналады.

Этнолингвистика жалпы тіл байлығын толық қамти, отырып, қызығушыны этностың болмысына байланысты тілінде қалыптасып, оның қат-қабат қойнауларында сақталып келе жатқан көненің көзіндегі сыры мол дүниеге теренірек үңілуге бағдарлайды. «Тіл — тұла бойы тұнып тұрған тарих» деген сөздің мәнісіне сонда ғана түсінеміз. Осы орайда келіп, этнолингвистика мен тарихи лексикологияны әлі де бөлінбеген енішісі бар тіл білімінің тетелес салаларына жатқызуға болады.

Этнолингвистиканың негізгі зерттеу объектісі — этнографизмдер, кеңірек айтсақ, этнографиялық лексика. Бұл лексиканың құрамында өткен өмірді бейнелейтін сөздер мен сөз тіркестері көптеп кездеседі. Бірақ олардың көбі күнделікті қарым-қатынаста айтылса да, бәрі бірдей бүгінгі ұрпаққа айқын бола да бермеуі мүмкін. Олардың арасында қолданыс аясы тарылып, о бастағы мағынасының күңгірттеніп, не мүлдем ұмыт болғандары да аз емес. Бұлардың этнографиялық мазмұнын, дәстүрлік қолданысын зерттеу этнолингвистиканың үлесіне тисе, тілдік табиғаты мен даму заңдылықтарын этнолингвистика деректеріне сүйене отырып тарихи лексикология анықтайды. Бұлардың өзара байланысы, міне, осы арадан басталады.

Этнолингвистика тіліміздегі этнографиялық лексиканың ұшан-теңіз байлығын қалай болса солай, кез келген фактіге байланысты емес, белгілі бір жүйе бойынша, ма-

ғыналық-тематикалық топтарға бөліп, өзара жіктеп, саралап барып зерттеуге тиіс. Олай болмаған жағдайда әр қилы ұғымға байланысты өмірдің әр түрлі саласында қайталанып әр қырынан көрінетін сөз бен сөз тіркесінің тілдегі орны мен қолданыс аясы, мағына-мәні толық ашылмаған болар еді. Сондықтан да этнолингвистикалық зерттеулер тіл байлығын макросистемалар мен микросистемаларға бөліп алып, оларды табиғи жүйе бойынша жіктеп, топтастыра, өзара байланысты сала-салаға бөліп қарастырады. Мәселен, бүкіл болмысты «*Табиғат*», «*Адам*» және «*Қоғам*» деп үлкен үш салаға бөліп қарасақ, ғылымдағы идеографиялық классификация бойынша анықталатын микросистемалық ұғымдардың бәрі осы үш саланың аясына толық сыяды екен. Егер әлгіме төрт түлік мал, оны өсіру, пайдалану, емдеу т. б. жайында болды десек, онда олар бірінші саланың «*Хайуанаттар дүниесі*» деп аталатын тармағына, дәлірек айтқанда, «*Үй хайуандары*» деген тарауына жағқызылған болар еді. Мәселен, қыран құстар «*Хайуанаттар дүниесінің*» «*Құстар*» деп аталатын тарауына жатады. Бірақ қыран құстар жайында этнографиялық мәліметтер «*Кәсіпшілік*» деген тармақтың «*Аңшылық-саятшылық*» бөлімшесінде берілуге тиісті. «*Қоғам*» саласына жататын «*Кәсіпшілік*» тармағы барлық кәсіптің («*Зергерлік*», «*Кілемшілік*», «*Егіншілік*», «*Мақташылық*», «*Балықшылық*», т. б.), не кәсіп ретінде дамыған өнердің түрлерін түгел қамтуға тиіс. Мәселен, *домбыра* жайындағы мәліметтерді іздейтін болсақ, оны біз бұл системаның «*Өнер*» бөлімінен қарастыруымыз керек. Домбырашыға, домбыраның өзіне, бөлшектеріне, оны жасаушыға байланысты ұғымдардың бәрін біз сол «*Өнер*» саласына жататын «*Музыка*» тармағынан табуымызға болады. Мәселен, «*жетім перне*» деген ұғым домбыра пернесінің біреуі ретінде домбыраға қатысты берілсе, *жетім* деген атаудың өзі «*Адам*» деген салада *жетім бала, жетім қалу, жетімсіреу, аталы жетім, аналы жетім, арсыз жетім, ерке жетім* сияқты көптеген адамға байланысты ұғым ретінде келтіріледі де, дәл осы арада *жетім перне, жетім көже, жетім кереге* сияқты тіркестерден тұратын классификация тармақ-тарауларына сілтеме беріледі.

Біздің бұл айтып отырғанымыз өз тарапымыздан қолға алынып, ұзақ жылдардан бері материал жиналып, сұрыпталып, үлкен идеографиялық классификация негі-

зінде жасалып жатқан қазақ тілінің этнолингвистикалық сөздігінің кейбір жобалары.

Бұл еңбекте ана тілімізде сақталып келе жатқан (сөз, сөз тіркесі және этнофразеологизмдер, мақал-мәтелдер арқылы берілетін) этнографиялық байлығымызды жүйелі түрде қамтып, әдеттегі түсіндірме, диалектологиялық, екі тілдік, фразеологиялық, паремиологиялық, энциклопедиялық сөздіктерден мүлдем басқаша, өзіндік тәсіл-әдіспен анықтап, халықтың өз мұрасын өзіне ұсынуға болады деп сенеміз. Егер аталмыш сөздіктерде бұл тәрізді сөздер мен сөз тіркестерінің көбінесе номинативтік және ауыс мағыналары ғана түсіндірілетін болса, айтып отырған этнолингвистикалық сөздікте бұл мағыналардың сыртында жатқан қат-қабат этнографиялық түсінік-ұғымдар әлі күнге дейін бір ізге түспей, тұтас бір жерге жиналмай, назардан тыс қалып, тіпті ұмығыла бастаған, бірақ халық үшін ең бір қымбат та қадірлі, етене жақын дүниелер, тілдік фактілермен өрілген өмір көріністері, рухани, материалдық мәдениетіміздің өткен дәуірлерінен елес беретін терең сыры, алуан түрлі ұғымдар сөз болуға тиісті. Мәселен, тіліміздегі *ежегабыл*, *барымта*, *әмеңгерлік*, *ерулік*, *қарулық*, *салбыры* т. б. осы сияқты сөздер мен *бес аспан*, *бес қонақ*, *жеті қазына*, *тоғыз төлеу* сияқты жүздеген этнофразеологизмдердің тиісті сөздіктерде берілетін мағынасы мен шын мәнісіндегі этнографиялық мазмұны арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Бұлардың әрқайсысы ең аз дегенде қысқаша этнографиялық этюд көлемінде анықталуға тиісті ұғымдар. Ал тәжірибеде: *ежегабыл* орысша «*ежегабыл*» деп аударылып, оған ұлттық-этнографиялық реалий ретінде «обычай сватовства еще не родившихся детей» деген түсіндірме беріледі²¹. Алайда ежелден келе жатқан *ежегабыл* салтының қазақ өмірінде қаншама нақтылы көріністері, оған байланысты толып жатқан ырым-сырым, әдет-ғұрыптар болған. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» дастанының лейтмотиві де осы дәстүрге байланысты екені баршамызға мәлім.

Кез келген этнографизм мен этнофразеологизмге номинативтік мағынасымен қатар шағын-шағын этнографиялық этюдтердің қажет екенін жоғарыда айттық. Олай болса, этнолингвистика проблемасы қазақ тілі үшін

²¹ Мысли разных лет. Алма-Ата, 1961. С. 114.

жаңадан ғана қолға алына бастаған, бірақ қажырлы да ұланғайыр еңбекті талап ететін, тілші, этнограф, фольклорист ғалымдар мен білікті де білгір қазақ зиялыларының ат салыса шешуін талап ететін аса маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Бұл жұмыстың алғашқы қадамы тілімізде жалпы халық жадында сақталған этнографиялық материалдарды түгел жинап алып, жүйеге салудан басталуы керек. Бірақ ескеретін бір жағдай: бұл материалдарды біз таза этнографиялық дерек ретінде емес, тілдік тәсілдермен көмкеріліп, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып ауысып келе жатқан этнолингвистикалық фактор ретінде жинап, зерттегеніміз жөн. Бұл проблемаға байланысты маманданған тарихи лексикографтардың қосар үлесі мен атқарар міндеті де аз болмаса керек.

Тарихи лексикология қарастыратын тілдік объектілерге тікелей қатысты этимология, мимнография, семасиология, диалектология, этнолингвистика, тарихи-салыстырма фонетика, кәсіби лексика, ономасиология, паремиология, этнофразеология сияқты салалардың²² қатарына базистік сөздік қор мен сөз түбірін зерттейтін бағытты да жатқызуға болады. Бұл жөнінде өз тәжірибемізге²³ сүйене отырып, бірлі-жарымды пікір айтқымыз келеді.

Қазақ тілі сияқты агглютинативті (жалғамалы) тілдер үшін түбір сөз проблемасын зерттеудің де ерекше маңызы бар. Өйткені алтай, көне түркі дәуірлерінен әлдеқайда бұрын басталып, бүгінгі түркі тілдерінің структуралық жағынан қалыптасуына негіз болған агглютинация процесі түркі түбірлеріне үлкен әсер етіп, оның тұлғалық, мағыналық жағынан эволюциялық дамуына үлкен ықпалын тигізді. Соның салдарынан түбір сөздердің бір қатары өзінің көне тұлғасын сақтап, бүгінге дейін жеке-дара қолданылатын және сөз жасау процесіне қатысып, әр түрлі туынды тұлғалардың пайда болуына негіз болатын қызметін атқарып келе жатса, енді бір қатары өзіне жалғанған форманттармен жымдасып, біріге келе бір тұтас лексемаға айналып үлгірді.

²² Бұл салалардан біз мақаламызда тек этимология мен этнолингвистика проблемаларына ғана тоқталдық. Ал бұлардың әрқайсысы проблема ретінде арнайы қарастыруды талап етеді.

²³ *Қайдаров А. Т.* Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986.

Бұл тарихи процестің нәтижесін терең түсінбегендіктен байырғы түркі түбірлерінің өзін айырып алудың орнына сол түбірлердің бүгінгі ыңғайына қарай ығысып, түбір деген ұғымды «сөздің бөлінбейтін бөлшегі» деген «классикалық» анықтамамен белгілейтін болдық. Ал агглютинация процесінің түркі сөздерінің структурасына тигізген эволюциялық ықпал-әсерін, соның салдарынан ерте замандағы дербес және көпшілігі бір буынды моносиллабтардың грамматикалық тұлғалармен бірігіп, этимологиялық бөлшектерге бөлінбейтін күрделі «түбірлерге» айналғандығын ескере бермейміз.

Түркі тілдері түбірінің о бастағы қалпы мен статусын анықтау үшін тарихи лексикологияның барлық әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, жан-жақты зерттеу жүргізу керек екендігіне біз қазақ тілінің бір буынды түбір сөздерін қарастыруға байланысты көзіміз жетіп отыр. Бұл проблема аясында қамтылатын мәселелер көп-ақ. Оларға мәселен, а) түбір мен туынды түбірдің («основа» — «негіз» мағынасында) айырмашылығын анықтау; ә) түбірдің о баста бір буынды не екі-үш буынды болғандығын анықтау; б) бір буынды түбірлердің дербес болу/болмауы; в) бір буынды түбірлердің бөлшектерге жіктелуі/жіктелмеуі; г) бір буынды түбірлердің тұлға жағынан тұрақты болуы мен өзгеріп отыруы; ғ) бір буынды түбірлердің мағына жағынан тұрақты/тұрақсыз болуы; д) бір буынды түбірлердің структуралық типтері мен түрлері (олар 6 түрлі: Г, СГ, ГС, ГСС, СГС, СГСС); е) бір буынды түбірлердегі өзгерістер мен варианттылық, синкретизм²⁴ тағы басқа мәселелері енеді. Түбір сөзді анықтауға байланысты неше түрлі дәстүрлі сөз жасау модельдерін қарастыру да тарихи лексикологияның міндетіне жатады. Сондай-ақ түбір тұлғалы лексиканы талдаудың әдіс-тәсілдерін белгілеп, оны іс жүзінде қолдана білу де зерттеуші лексиколог үшін үлкен кәсіби өнер болып саналады.

Қорыта келгенде, осылардың бәрі де тіл тарихына тікелей қатысты, тарихи лексикологияның тіл төркініне байланысты зерттейтін объектілері мен міндеттері болып саналады.

²⁴ Қажибеков Е. З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках (явление синкретизма). Алма-Ата, 1986.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКSIКОЛОГИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ ДАМУ ПРОЦЕСТЕРІ

К. Ш. ХУСАИНОВ

ДЫБЫСБЕЙНЕЛЕУІШ НЕГІЗДЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Дыбысбейнелеуіш сөздер (звукоизобразительные слова) мен басқа да лексемалардың түбірін аршып, төркінін анықтау мәселесі негіздерден аффикстік морфемаларды дұрыс ажырата алумен тығыз байланысты. Бұл салада этимолог үшін басты бағыт ретінде белгілі түрколог А. М. Щербак аффикстік морфемалардың құрылымдық ерекшеліктерін есепке алу, варианттары құрамы мен олардың білдіретін мағыналары және сонымен бірге парадигматикалық қатар аясындағы өзіне тән даму жолдарын анықтауды ұсынады. Аффикстің неше буынан құралғандығы, мағына жағынан сәйкес келетін, не ұқсас белгілі бір морфема түрлері, әр түрлі парадигматикалық қатарға жататын формалардың жасау модельдерін анықтау аффикстер тарихын сөз еткенде бірден-бір басты мәселе екенін атап көрсетеді¹.

А. М. Щербактың пікірінше, морфология саласындағы этимологиялық ізденістер нәтижесінің аз болуы аффикстік морфемалар этимологиясының сенімділігін дәлелдеу мүмкін еместігінен. «Сондықтан да тілдің сөздік құрамын зерттегендей, — деп жазады автор, — аффикстерді жаппай, жан-жақты зерттеу әрқашан күмәнді»². Содан әрі ғалым морфологиялық элементтердің әр түрлі сатылы формалық өзгерістерге ұшырап, аралық, өтпелі тұлғалардың диалектілер мен туыстас тілдерде кей кезде сақталып қалатынын, сондықтан да кейбір сәттерде

¹ Щербак А. М. Методы и задачи этимологического исследования аффиксальных морфем в тюркских языках // Советская тюркология. 1974. № 1. С. 33.

² Сонда.

оң жетістіктерге қол жеткізу мүмкіндігі бар екенін де мойындайды.

Бұл мақаламызда біз барлық туыстас түркі тілдері бойынша жинақталған материалдар мен айтылған пікірлерге сүйене отырып, қазақ тіліндегі дыбысбейнелеуіш сөздер мен олардан туындаған кейбір негіздерге салыстырмалы морфологиялық талдау жасауға тырыстық.

Түркі тілдеріндегі дыбысбейнелеуіш етістіктер жасаудың аффикстік тәсілі оның ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан морфологиялық құрылысының ерекшеліктерін ашуға септігін тигізеді. Әбден жетіле қалыптасып, әрі кең түрде қолданылатын модельдер көп жағдайда өздерінің тұрақтылығымен сипатталады да, сөз жоқ көне түркі, тіптен көне алтай дәуірлеріне жататындығын көрсетеді. Түркі, монғол, тунғус-маньчжур тілдеріндегі дыбысбейнелеуіш сөздердің құрылымдағы ұқсастық белгілері біздің көне алтай кезеңі туралы да пікір айтуымызға еріксіз жетелейді. Түркі модельдерін алтай тілдеріндегі ұқсас тұлғалармен салыстыра зерттеу көптеген еліктеуіш негіздің морфологиялық құрылымын анықтауға, сондай-ақ қазіргі қазақ тіліндегі туынды формаларда сақталған «өлі» түбірлер мен аффикстік элементтерді бөліп ажыратуға мүмкіндік туғызады.

Түркі тілдерінде оларға мынадай типті дыбысбейнелеуіш негіздер жатады: мысалы, қазақ тіліндегі *бақыр-*, *түкір-*, *кекір-*, *сарқыра-*, *жарқыра-*, *күркіре-* т. с. с.

Түркі және монғол тілдеріндегі осы типтес дыбысбейнелеуіш етістіктерін арнайы зерттеген Г. Рамстедт олардың күрделі құрамын көрсетіп, аффикстің өзін *-gi/-ki-* және *-ra* деп екі бөлшекке жіктейді. Соңғы *-ra* аффиксін ғалым монғол тіліндегі дыбысбейнелеуіш емес *ra-* етістігімен, ал бастапқы *gi-*ні монғол тіліндегі *ge-* «айту, сөйлеу», *-ki-*ні *-ki-* «істеу» етістіктерімен теңдестіре қарайды³. Г. Рамстедттен соң *-kir* аффиксімен аяқталатын дыбысбейнелеуіш етістіктердің морфологиялық құрамын зерттеумен В. Банг айналысты. Ол бұл етістіктерді еліктеуіш түбірлер мен ырықсыз етіс аффиксі *-yur-/-gür* -ға бөліп ажыратады⁴. Ғалым *-qir* мен *-qira-* арасындағы

³ *Ramstedt G. I. Zur Verbstammbildungslehre der mongolisch — türkischen Sprache, ISFOu XXVIII, 3, 1912. S. 36, 55, 56.*

⁴ *Bang W. Vom Köktürkischen zum Osmanischen. Vorarbeiten zu einer vergleichenden Grammatik des Türkischen. 2, Mitteilung: über einige Schallnachahmende Verba. ABAW 191, Berlin, s. 12.*

байланысты заңды деп есептейді, өйткені дауыссыз дыбысқа аяқталатын бір буынды негіздердің көпшілігінің түп-төркіні дауысты дыбысқа аяқталатын екі буындылардан тарайды⁵. Осылайша *-gira-* / *-kirä-* аффиксін *-gir-* / *-kir-* формасының көне варианты екенін көрсете отырып, оны шығу тегі жағынан түркілік деп есептейді.

Э. В. Севортянын пікірінше, *бақыр-*, *шақыр-* типті дыбысбейнелеуіш етістіктер етістік туғызушы *-yur-* / *-ur-* аффикстерімен ұқсас, әр түрлі фонетикалық вариантты *-kir-* / *-kür-* / *-ür-* аффикстері көмегімен жасалған туынды формалар. Етістік тудыратын *-yur* / *-ur-* аффиксі мен осындай тұлғадағы туынды еліктеуіш негіздер көрсеткіштері арасындағы айқын байланысты тауып көрсете отырып, автор бұл ұқсастықты есімдер мен етістіктердің грамматикалық синкретизм құбылысымен байланыстырады⁶.

Алтай, хакас, шор тілдері фактілері бойынша Э. В. Севортян бұл аффиксті екі жалаң морфологиялық бөлшекке ажыратады: есімдік көрсеткіші — *ку* және етістік тудыратын аффикс — *p*⁷. Мысалы*: *хак. хатхыр* — «хохотать» (*хатхы* — «смех»), *хысхыр* — «кричать» (*хысхы* — «крик»), *шор. қыйғыр* — «кричать» (*кыйғы* — «крик»). Осы типтес дыбысбейнелеуіш етістіктердің морфологиялық құрамы туралы пікір айтқан М. Худайкулов⁸ пен З. К. Ишмухаметов⁹ тұжырымдары да осыған саяды.

Э. В. Севортянға дейін етістікті негіздердің типтерін зерттеген Л. Н. Харитонов *-қыра*, *-кіре* аффикстерін ажырата отырып, дауысты *-a/ -e-* ні ұзақтықты, созылыңқылықты білдіретін элемент деп қарайды¹⁰.

Түркі, монғол тілдеріндегі бірқатар дыбысбейнелеуіш етістіктердің морфологиялық құрамын зерттеген Б. М. Юнусалиев — *қыр* — (*-кир*, *-күр* т. б. фонетикалық варианттары бар) аффикстік морфемасын ажыратып алып,

⁵ Севортян Э. В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. М., 1962. С. 263.

⁶ Сонда. 20-б.

⁷ Сонда. 264-б.

* Ескерту: Екі тілді сөздіктерден алынған тілдік фактілер аударылмай, әрі сілтемесіз берілді.

⁸ Худайкулиев М. Подражательные слова в туркменском языке. Ашхабад, 1962. С. 98.

⁹ Ишмухаметов З. К. Звукоподражательные слова башкирского языка. Автореф. дис... канд. филол. наук. Уфа, 1976. С. 17.

¹⁰ Харитонов Л. Н. Типы глагольной основы. М.; Л., 1954. С. 188.

түркі тілдерінде бір буынды түбірлердің үш түрі — Г (дауысты), ГС (дауысты — дауыссыз), СГ (дауыссыз — дауысты) кездеседі деген тұжырымға келеді. Мысалы: 1) қырғ. *ө-кур* «реветь, сильно плакать по умершему, реветь (о быке)», қаз. *ө-кір-*, түркм. *ө-гир-*, башқ. *ү-кер-*, ұйғ. *ө-кир-* «реветь», бур — монғ. *ү-хэр* «реветь (о быке)», чув. *а-хар-*, башқ. *а-қыр-* «реветь».

2. қырғ., қаз., өзб. *ба-қыр-*, түркм. *баа-ғыр-*, аз., алт. *бағыр-*, «кричатъ, орать», қырғ., қаз., өзб. *қа-қыр-*, түркм. *ға-ғыр-* «харкать», қырғ., қаз., өзб. *ке-кир-*, алт. *ке-гир-*, чув. *ка-кар-* «рыгать, отрыгивать», монғ. *хэ-хэрэ-* «отрыгивать», қырғ., алт. *ту-күр-*, қаз. *тү-кір-*, түркм. *түй-кир-* «плевать», монғ. (халха) *тү-хира-* «плевать»;

3. қырғ., алт. *ыш-қыр-*, қаз. *ыс-қыр-* «свистеть, шипеть», бур. -монғ. *иш-хирэ* «свистеть»¹¹.

-*Қыра* (-*кире*, -*кура*, -*курэ*) аффиксін Б. М. Юнусалиев, -*к-+-р-* және етістік тудыратын -*а* жұрнағына ажыратуға болады деп топшылайды. *Қырқыр*, *шарқыр* типті негіздер қазіргі тілде дербес қолданылмағанымен, *қыр*, *шар* секілді ілкі түбірлер еліктеуіш сөз ретінде жеке кездесетіндіктен *шар-қыра-* «бурлить, гудеть» (о реке), *қыр-қыра-* «хрипеть», *куркуро-* «греметь» (о громе), *ырқыра-* «рычатъ» және т. б. етістіктерді жеке қолданылатын *шар*, *қыр*, *күр*, *ыр* түбірлері мен етістік тудыратын -*қыра*(-*кире*) -*кире*/ -*кирэ* элементіне бөліп, жіктейді. Сал.: бур. -монғ. *бархира-* «реветь», <*бар+хира*, *хирхира-* «хрипеть» <*хир-хира*, *шар-хира-* «бурлить», *хур-хэрэ-* «греметь», *эрхирэ-* «рычатъ»¹².

М. Рясяненнің байқауынша, *бақыр-*, *шақыр-* типті дыбысбейнелеуіш етістіктер еліктеуіш түбір (*ба*, *ша*) мен күрделі құрамды -*қыр* жұрнағының қосылуынан пайда болған. Бірақ ғалым еліктеуіш сөздер жасайтын -*қыр* (басқа да варианттары бар) күрделі жұрнағын тарихи тұрғыда талдамайды¹³.

Дыбысбейнелеуіш етістіктердің морфологиялық құрамы туралы жоғарыда сөз болған авторлардан өзгешетің шешімді А. М. Щербак ұсынады. Ғалымның көрсетуінше, бұл етістіктер образды сөз бен *иг-* көмекші етіс-

¹¹ Юнусалиев Б. М. Киргизская лексикология. Фрунзе, 1959. С. 161.

¹² Сонда. 174-б.

¹³ Räsänen M. Versuch eines etymologisches Wörterbuchs der Türk Sprachen. Helsinki, 1969. s. 58, 96.

тігінен тұратын тарихи құрама туындылар. Аналитикалық жолмен пайда болған туынды сөз компоненттерінің фонетикалық кірігуін автор *ur-* етістігінің есім сөздермен мағыналық жағынан түгелдей бірігуінен деп түсіндіреді. «*Ur-* етістігінің тұрақты тіркестер жасауға кеңінен қатысуы, — деп жазды А. М. Щербак — түркі тілдерінде өте ертеден келе жатқан тенденция. Дегенмен кейбір түркі тілдерінде *ur-*дың көмекші етістік ретінде қолданылу аясының кеңуі сыртқы себептерге де байланысты болса керек. Бұл жерде түркі тілдеріндегі *ur-* етістігі секілді сөзжасамға ие парсы тілінің *zadan* етістігінің де әсері болуы әбден мүмкін»¹⁴.

-*Қыр*, -*қыра* аффикстерімен келетін дыбысбейнелеуіш етістіктердің морфологиялық құрамын зерттеуге арналған соңғы еңбектердің ішінен түрік ғалымы Т. Текиннің «Алтай тілдеріндегі *kira-* мен аяқталатын дыбысбейнелеуіш етістіктердің (*echoic verbs*) құрылымы туралы» атты мақаласын атап көрсету керек. Мақалада автор бұл етістіктердің морфологиялық құрамын анықтау үшін монғол, тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі ұқсас формаларды салыстыра зерттеу қажеттігіне тоқталады. «Түркі және монғол тілдеріндегі дыбысбейнелеуіш етістіктердің ғажап ұқсастығына қарамастан, — деп жазды Т. Текин, — түркологтар монғол тіліндегі тұлғаларға жете көңіл бөлмей келеді. Түркі тілдеріндегі етістіктерді монғол тіліндегі сәйкестіктермен төркіндестіріп, бір ыңғайда зерттеудің орнына түркологтар оларды жеке дара түсіндіруге тырысты. Осының нәтижесінде *kir* және *-kra* жұрнақтарымен аяқталатын түркілік дыбысбейнелеуіш етістіктердің тегі және олардың монғол тіліндегі *-kira* -ға бітетін осы іспеттес етістіктермен байланысы да жұмбақ күйінде қалып отыр»¹⁵.

Т. Текиннің пікірінше, бұл етістіктердің пайда болуы мен даму жолы өз басынан төмендегідей сатыларды өткерген: монғол тіліндегі *cer ki-* «чирикать, щебетать, потрескивать, хрустеть», *bur bur ki-* «булькать, пузыриться, кипеть» және якут тіліндегі *barqin-* «производить резкий неожиданный шум», *sir qin-* «свистеть» (мұндағы «істеу,

¹⁴ Щербак А. М. О морфологическом составе образных глаголов типа *bakyr-*, *sakyr-*, *hajkyr-* // СТ. 1976. № 3. С. 9—10.

¹⁵ Tekin T. On the structure of the Altaic echoic verbs in — *kira*. Acta Orientalia. Academiae Scientiarum Hungaria. Tomus XXXVI (1—3), 1982. p. 504.

қылу» мағынасындағы *ki-* мен *qi-* көмекші етістігі алтайлық **kina* -дан туындайтын жалпытүркілік *qil*) секілді аналитикалық тіркес типтері уақыт өте келе кірігіп, монғ. *barqi-* «производить хриплый звук», *čarqi-* «производит резкий звук, трещать, грохотать», *čiski-* «чирикать, щебетать, ұйғ. *pürkü-* «бить струей, хлынуть, фонтанировать», қаз. қырғ. *bürkü-* «прыскать, разбрызгивать», эвенк. *kiŋgi-* «звенеть», звучать», *kergi-* «храпеть» тектес етістік негіздерге айналған. Көне түркі-монғол, болмаса тіптен көне алтай дәуірінде *-ki-*ге аяқталған дыбыселіктеуіш етістіктерге *-ra* етістік жұрнағы (яғни дыбыселіктеуші емес) қосылғанда, «осы жаңа *kira-*суффиксі монғол тілдерінде көп өзгеріске ұшырамаған, ал түркі тілдерінде көп жағдайда сөз соңындағы, ішінара аралық дауыстының түсіп қалуы байқалады»¹⁶. Т. Текин назар аударған тағы бір ерекшелік—осы типті бірқатар еліктеуіш сөздердің соңындағы түбірлік *r* вибрантының түсіп қалуы. Осыған байланысты ол былай деп жазады: «...еліктеуіш түбірлердің соңындағы *r*-дің түсіп қалуы көне түркі дәуірінің жемісі болса керек. Осының нәтижесінде алдыңғы дауысты созылыңқыға айналған (екінші созылыңқылық). Бұл көне құбылыстың ізін қазір де созылыңқы дауыстылар сақталып отырған осы типтес етістік тұлғалардан және жалпы оғыз тілдеріндегі бұрынғы қатаң тандай арты дауыссыздарымен (велярлы) суффикстердің ұяңдануынан байқаймыз»¹⁷.

Тек түркімен тілінде ғана емес, басқа да түркі тілдерінде дауыссыз «*r*»-дің тұрақсыздығы, яғни жеке дара қолданылған түбір морфема соңында, әйтпесе туынды сөз құрамында әрдайым, не ішінара түсіріліп отыратыны белгілі. «*R*»-дің түсіп қалуы, әсіресе, ұйғыр тілінде жиі кездесетін құбылыс; бұл тілде осының нәтижесінде тек сөздің фонетикалық бейнесі ғана емес, морфологиялық құрылымы мен мағынасы да өзгеруі мүмкін. Бұл орайда ұйғыр тілін зерттеушілер пікіріне құлақ түрсек, «*r*» дыбысы түсіп қалған кезде оның орнына сол «*r*» алдында тұрған дауыстының созыңқылануы, не ұлғаюы мен к е л е с і б у ы н басталатын дауыссыздың қосарлануы байқалады»¹⁸. Сал.: ұйғ. *ба:*, *ма:*

¹⁶ Сонда. 507—508-б.

¹⁷ Сонда. 509-б.

¹⁸ Садвакасов Г. С. О некоторых свойствах сонорного *R* в современном уйгурском языке // Исследование по уйгурскому языку. Кн. 2. Алма-Ата, 1970. С. 71—75.

жан, көмө:, қоссақ — қаз. бар, маржан, көмір, құрсақ. Алайда «р»-дің түсіп қалуы үнемі бұл айтылған өзгерістерге міндетті түрде ұшырата бермейтінін де есте ұстаған жөн.

«Ұйғыр тілінің сөздік құрамында,— деп жазады Г. Садуақасов,— «Р»- мен аяқталатын *вар* (айқайға еліктеу), *гур* (гуілге елік.), *пар* (жалтылға, елік.), *пир* (шыр айналуға елік.), *шар* (тарсылға, шуға елік.) т. б. образ бен дыбыселіктеуіш сөздер бар. Оларға *-қира*, *-қирә* аффикстері жалғану арқылы *вақира* «ақыру», *гуқирә* «гуілдеу», *пақира* «жалтылдау», *пеқира* «айналу», *шақира* «сарқырау» секілді етістіктер жасалған. Бұл негіздердегі түбір (*ва, гу, па, пе, ша*) мен аффикс (*-қира/қирә*) аралығының кірігіп кеткені соншалық «р» дыбысының түсіп қалғанын ұйғыр тілі табиғатымен таныс зерттеуші болмаса, екінің бірі біле бермейді. Мәселен *пеқира* (*пе: қира* деп айтылады), *пуқира* (*пу: қира* деп айтылады) негіздері о баста *пир+қира, гур+қира* түрінде айтылған... Ұйғыр тілінде бұл секілді этимологиялық көмескі сөздер саны көп-ақ»¹⁹.

Дыбысбейнелеуіш сөздердің фонетикалық және морфологиялық құрылымының қалыптасу процестерін зерттеуде қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің ілкі түбір, туынды негіздерін морфемалық талдау тәсілін пайдалана отырып, қатаң сөзжасам модельдері арқылы зерттеген Ә. Т. Қайдаровтың көзқарасы ерекше назар аударарлық²⁰. Ә. Т. Қайдаровтың пікірінше, еліктеуіш негіздердің құрамдық дамуы басынан бірнеше тарихи саты, кезенді өткерген. Автордың пайымдауынша бірінші кезеннің сипаты мынадай: «бағзы заманда дыбысты елестетудің өте көне, ең қарапайым түрі әрбір тілде тек бір ғана дауысты дыбыстың көмегімен жүзеге асса керек және осылай болуы күмәнсіз де. Демек, о баста ата-бабаларымыздың қоршаған ортадағы дыбысты елестету қабілеті өте бір жақты, жалпыдама, яғни сөйлеу тіліндегі /а/, /ә/, /о/, /ө/, /е/, /ұ/, /ү/, /ы/, /і/ секілді дауысты дыбыстар негізінде дүниеге келген. Мысалы, *ы* дыбыс символикасы қоршаған ортадағы кез-келген ұқсас дауысты дыбысқа — адам ауызды жартылай ашқанда ай-

¹⁹ Сонда. 76-б.

²⁰ Қайдаров А. Т. Грамматические индикаторы в производных основах подражаний в тюркских языках. // Вопросы советской тюркологии (тезисы докладов и сообщений). Ашхабад, 1985. С. 11—12.

тылатын фонемаға сәйкес келген. Өз кезінде бұл дыбысты елестету нені білдірді? Ол туралы тек қазақ тіліндегі «ы»-дан пайда болған туынды негіздерді зерттеу арқылы ғана жорамал жасай аламыз»²¹. Мысал ретінде қазақ тіліндегі *ы > ыс* (жыланның ысылын не ысқырықты білдіретін еліктеу сөз), *ы > ыр* (ырылға елік.), *ы > ың* (ауыз не мұрын қуысы арқылы шығатын дыбысқа елік.), *ы > ыз* (шыбынның не араның ызылына елік.) секілді дыбысбейнелеуіш формаларды ала отырып, Ә. Т. Қайдаров былайша ой түйеді: «әртүрлі нақты дыбысты елестетуді сақтай отыра, бұл ілкі туынды негіздер әйтсе де *ы* түбір морфемасы семантикасынан тым алшақ кетпейді. Бұл еліктеуіш негіздер мағынасының жиынтығы, тұтастай алып қарар болсақ, *ы* түбір морфемасына тән жалпылықты, ортақтықты білдіреді»²².

Қазақ тілінде басқа да түркі тілдеріндегідей, ұзақ уақыт агглютинативті дамудың нәтижесінде бір фонемалы дыбысбейнелеуіш тұлғаның дербес қолданылуы сақталмағандықтан, олардың одан арғы даму эволюциясын автор «құбылысқа еліктеудің мәні мен мағынасына, табиғатына қарай, дауысты дыбысқа үнемі дауыссыздар үстемеленіп жалғанып отырған»²³, — деп түсіндіреді де, еліктеуіш түбірлердің даму процесін жан-жақты ашып көрсететін көптеген мысалдарды келтіреді.

Еліктеуіш сөздердің одан кейінгі даму сатысы туралы ғалым былай деп жазады: «ГС және СГ типті ілкі түбірлерге тілде жүйелі қызмет атқаратын абстракцияланған грамматикалық форманттар (*р, л, с, т, п, ш, к* және т. б.) үстемелене жалғанып, сөзжасам модельдері жүйесіне алғашқы нақты семантикалық мазмұн беріліп, дыбыстық елестетулерді нақтыландырады»²⁴.

Еліктеуіш сөздердің ілкі түбірлері мен негіздері одан кейінгі туынды негіздердің жасалуына іргетас болады. «Ілкі түбірге, — деп жазады Ә. Қайдаров, — әрбір жаңадан жалғанған грамматикалық формант (біз мұны «модификатор» демекпіз—Х. К.) оған жаңа мағына үстемелейді, өзі бейнелеп, образды елестетіп отырған құбылысты нақтылай, тиянақтай түседі, осылайша еліктеуіш

²¹ Қайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986. С. 170—171.

²² Сонда. 171-б.

²³ Сонда. 170—171-б.

²⁴ Сонда. 172-б.

сөз бірте-бірте тілдің кәдімгі лексикалық бөлшегіне (единица) біртабан жақындайды»²⁵.

Еліктеуіш сөздер ілкі түбірі мен негіздерінің морфологиялық құрылымының тарихи дамуы туралы ой түйген бұл тұжырым негізінен дыбысбейнелеуіш тұлғалардың барлық қыры мен сырын ашып беруде нақты бір тілдің лексика-грамматикалық жүйесімен тығыз байланысты емес, олардың денатурализация процесіне ұшырағандығын айқындайды деп білеміз. Бұл ой-тұжырым туралы кейінірек кеңінен сөз болатындықтан, енді мүмкіндігінше жоғарыда аталған ғалымдардың пайымдауларын қорыта кетуді жөн көрдік.

Түйіндей айтқанда, *-қыр*, *-қыра-ға* аяқталатын дыбысбейнелеуіш етістіктердің құрамы туралы айтылған пікірлер мынаған саяды: түбір морфема СГ не СГС типті болып келеді де, оның дыбысбейнелеуіш бөлшек (единица) екені бірде арнайы көрсетілсе, бірде көрсетілмейді, ал аффикстік бөлімі бірде түп-тамырын көмекші етістіктерден алатын екі морфеманың қосылуынан пайда болған күрделі құрылым ретінде қарастырылса, бірде етістік тұлғамен байланысты, не шығу төркіні белгісіз бір буынды жұрнақ. Міне, көріп отырғанымыздай, бұл пікірлер арасындағы басты айырмашылық, түбірді дыбысбейнелеуішке жатқызу не жатқызбаудан, ол жұрнақты жалаң не күрделі деп танудан туындап отыр.

Біздің ойымызша, аралық тұлғаларды пайдалана отырып күрделі аффикстің түп-төркіні мен даму жолын анықтауда Г. Рамстедттің, онымен ұқсас тұстары бар М. Рясянен мен Б. М. Юнусалиевтердің және бәрін жинақтап, қорытқан Т. Текиннің көзқарастары нанымды, әрі бір ізді.

Осы ғалымдар зерттеулерінің нәтижесіне сүйене отырып, түбір морфеманы біз жалпы мағынасы түсініксіз, құрылымы өзіне жасалу формалары ұқсас тұлғалармен салыстыру арқылы ғана айқындалатын абстрактылы бөлшек деп емес, қайта сөз және форма тудыру жүйесінде арнайы орны бар, тілде реальды кездесетін дыбысбейнелеуіш сөз ретінде қарастырамыз.

Аффикстік морфеманы әрі формальді, әрі семантикалық тұрғыдан тарихи қатпарлардан аршып алу нәтижесінде дыбысбейнелеуіш түбірлердің о бастағы шартты тұлғасынан бастап, туынды түбірге айналған, одан әрі

²⁵ Сонда. 175-б.

бірте-бірте жеке дара лексикалық единица дәрежесіне дейін жеткен даму процестерін бақылауға мүмкіндік туғызып отыр.

Сондықтан да дыбысбейнелеуіш (сондай-ақ кәдуілгі) сөздер құрылымы талдау жасағанда реальды не қайта қалпына келтіруге болатын еліктеуіш (кәдуілгі) түбірдің болу мүмкіндігін ескеру қажет. Мұндай жағдайда дыбысбейнелеуіш сөздерден реальды дыбыстық комплекстерді ажыратып, аршып алу мүмкіндігі нақты тілдегі морфологиялық модельдердің жалпы құрылымындағы дыбысбейнелеуіштік жүйенің бірізділігімен түсіндіріледі.

Түркі тілдері дыбысбейнелеуіш жүйесінің икемділігі (бұл жалпы тіл атаулыға тән типологиялық қасиет болса керек, сондықтан өзге туыстас және туыс емес тілдерде де байқалады) формалардың денотативті шарттылығы мен модель жасау системасында айқын көрінетін морфологиялық құрылымының ауқымдылығына негізделген.

Дыбысбейнелеуіш жүйесінің кез-келген даму кезеңіндегі көнені сақтаған тұрақтылығына (консервативтігіне), жоғарыда көрсеткеніміздей, әрбір тілдің фонемалық құрамы, олардың жекеленген дистрибуция заңдылықтары мен морфологиялық модельдерінің шектеулілігі себепкер. Түркі тілдеріндегі *-қыр(а-)* -ға бітетін дыбысбейнелеуіш етістіктердің белгілі бір ерте дәуірде қалыптасқан модельдерге қатысты еленіп көрсету үшін төмендегі кейбір мысалдарға талдау жасалық.

Қазақ тіліндегі дыбысбейнелеуіш *бақыр* — етістігінің түбір морфемасын төл сөздерімізбен, сондай-ақ өзге түркі және алтай тілдеріндегі гомогенді етістіктермен салыстыра отырып, қайта қалпына келтіруге болады. Морфемалық талдау якут тіліндегі *ба-ба* (үкі, құр дыбыстарына еліктеуді білдіреді) тұлғасымен сәйкес келетін гипотетикалық *ба* түбірін бөліп алуға мүмкіндік береді.

Алайда якут тіліндегі еліктеуіш *ба-ба* одағайға қатысты болғандықтан түркі тілдеріндегі дыбысбейнелеуіш форма ретінде *бар-*, *бақ-*, *бәж-* тұлғаларын қарастырамыз. Осы дыбысбейнелеуіш түбірлердің екіншісін, яғни *бақ-*ты Э. В. Севортян қазақ тіліндегі *бақыр-*, аз., түркм. *бағыр* негіздерінен ажыратып алып, оны **баң* тұлғасында қайта қалпына келтіреді²⁶.

²⁶ Севортян Э. В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. М., 1966. С. 285.

Егер тіліміздегі *бақыр*-сөзінің түбірі *бақ* деп мойындар болсақ, онда оның қазақ тіліндегі *барылда*-, *барқылда*-, қырғ. *барқылда*- «громко кричать» (о человеке, птицах), *барқыра*- «реветь, издавать рев», *барылда*- «издавать kloкочущие звуки, говорить громким низким голосом», як. *барылаа*- «производить мощные рокочущие и дребезжащие звуки», *баккыраа*- «кричать, вопить», монғ. *бархирах* «кричать, плакать, вопить» секілді туынды етістіктермен байланысы қандай? Әрине, *барқ*-/*барх*- туынды етістіктерінің түбірі *бар*- және Г. Рамстедт пен Т. Текин көрсеткендей, *к/х* модификаторының түп-төркінін монғолдық *кі*- мен түркілік *қыл*- («делать» мағынасында) етістіктерімен байланыстыра қарастырғанымыз жөн. Ал енді бұл етістіктердің мағынасына келер болсақ, жалпы мәндегі монғолдық *бархирах*-тан нақты мағынада (жануарға қатысты) қолданылып тұрған қырғыз тіліндегі *баркира*- етістігі көнерек, өйткені сөздің семантикалық даму заңдылығы бойынша бұл процесс нақтылықтан жалпыға қарай жүретіні белгілі. Дыбыс бейнелеуіш *барқ* негізі етістіктің есім (алғашқы) бөлігі ретінде қазақ және якут тілдерінде кездеседі. Бұл тұлғаны өзара кірігіп кеткен аналитикалық етістік сөзжасамның (*барқы*-) ықшамдалған формасы, не *барқыл*- етістігінің кейін пайда болған туындысы (*барқыл*- < *барқ*- < **барқы*- /*барқыр*- /*барқыл* < *бар қыл*) деп есептеген жөн. Бір айта кететін жай, дыбысбейнелеуіш *барқ* негізінде айтылатын дыбыстың қысқалығы үздік-создықтығы мен даралық мәні аналитикалық форманың қызмет жасаған кезеңінде-ақ қалыптасуы мүмкін, әрі бұл қысқа шұғыл дауыссызға біткен ықшамды форманың пайда болуымен модификатор нәтижесінде одан да күшейіп беки түсті. Фоно-семантикалық тұрғыдан қысқа шолақ дауыссыздың модификаторға айналуы дыбыстың көрсетілген дауыссыздармен білдірілетін акустикалық қасиеттерімен объективті түрде сабақтасады.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан көретініміздей, дыбысбейнелеуіш *бақыр*- етістігі және өзге түркі тілдеріндегі онымен түбірлес басқа да формалар *бар* түбірінен тарайтын туынды негіздердің бір түрі болып табылады. Қазақ тілінде бұл түбірге П модификаторы жалғану арқылы жаңа дыбысбейнелеуіш негіз *барп* пайда болады да, оның редупликацияланған (айтылуы көмескіленген) формасы бос сөз, мылжыңға еліктеу мағынасын

білдіреді. Егер дыбысбейнелеуіш *барп*-тың морфологиялық дамуы жоғарыда сөз болған *барқ*-пен ұқсас деп алсақ, онда бұл негіз де екі бөліктен тұратын етістік туынды. Оның негізгі бөлігі еліктеуіш *бар* түбірі және қайта қалпына келтіру өте қиын (мүмкін бол етістігі шығар) көмекші етістікке ажыратылады. Осы екі бөліктің әбден сіңісіп, жымдасып кеткен тұсынан пайда болған *П* модификаторы бүгінгі тілде сақталып отыр. *П* модификаторының көмекші етістік ретінде қызмет ету мүмкіндігін тіліміздегі *желпі-*, *тарпы-*, *серпі-*, *сүмпи-*, *тымпи-* секілді императив формалар құрамында келетін аралық бөлшектің болуы дәлелдей түседі. Бұлай қарастырсақ, еліктеуіш *барп* негізі *барпы-* императив тұлғасының, не есім туынды *барпыл-*дың ықшамдалған түрі, тіліміздегі *барпылда* етістігі соңғы негізден туындағаны аян. Аталған формалардың ықшамдалуы нәтижесінде пайда болған дыбысбейнелеуіш *барп* негізі есім статусына ие болып агглютинативті сөзжасам негізінде пайда болған *барпылда-* етістігінің экспрессивті формасы ретінде тең дәрежеде қолданыла алатын аналитикалық *барп-барп ет-*, *барп-барп сөйле-*нің есім бөлігі қызметінде де жұмсала алады.

Қазақ тілінде сондай-ақ дыбысбейнелеуіш *бар* түбіріне *Т* модификаторы қосылу нәтижесінде *барт* еліктеу негізі жасалады. Оның қызметі де *П* және *Қ* модификаторларымен бірдей: қатаң шұғыл немесе үзілмелі дауыссыздардың фонетикалық ерекшеліктері арқасында дыбысталудың қысқалық, үздік-создықтық мәнін білдіреді. *Барт* негізі морфологиялық құрылымының қалыптасуында *барқ* және *барп* негіздері бастан кешкен схема бойынша түсіндіре аламыз. Ең алдымен дыбысбейнелеуіш түбірі құрамды етістіктің есім бөлігі ретінде пайда болды, одан соң оның көмекші етістігінен кірігуі жүзеге асты, ең соңында жаңадан туындаған есім не етістік негіздің аффикстік бөлігінің ықшамдалуы нәтижесінде *барт* келіп шықты. Жоғарыда еліктеуіш түбір морфемасы туралы біршама әңгіме болғандықтан енді шама-шарқымызша *Т* модификаторының генезисіне тоқтала кетелік.

Б. Аталай өз зерттеуінде оморфты тұлғалы, есім негіздерден пайда болған аяғы *-ты* жұрнағына бітетін бірнеше туынды сөзді келтіреді: *akti* «незвинный» < *ak* «белый», *ekti* «что-либо, связанное или присоединенное к другому предмету» < *ek* «приставной кусок», *yantu*

«окно» < *yap* «бок», *yalti* «склонный» < *yaltu* «блестящий», еліктеуіш түбірлер *yal/yil* > *yil-d-ir-im*, *yal-d-iz-li*, *yoktu* «неимеющий» < *yok* «отсутствие»²⁷. Түрік ғалымы келтірген бұл туындыларды Э. В. Севортян есімді негіздерден жасалған деп таниды да, *-ты* аффиксінің мағынасы бұл мысалдарда байқалмайтынын, тек кей тұста ғана семантикасы жағынан *-лы* көрсеткішімен сәйкес келетінін айтады²⁸.

Шынында да, түрік тілінен келтірілген мысалдар сөз табы тұрғысынан қарастырғанда бір типті емес және көптеген тұстарда мағынасы жағынан *-лы* аффиксімен сәйкес келеді. Әйтсе де, бұлардың арасынан бізді бір тұлға — еліктеуіш *yal* түбірінен пайда болған *yaltu* формасы (қаз., қырғ., жалт, жылт, өзб.ялт., хак. чалт) ерекше қызықтырады. Түркі тілдеріндегі бұл негіздерден *T* модификаторын ажыратып алу еш қиындық тудырмайды. Оның шығу тегіне келер болсақ, ол жоғарыда сөз болған негіздермен ұқсас болуы мүмкін де, бастапқы формасы қазақ тіліндегі *бұрти-*, *қамты-*, *кірти-* типті императив етістіктердің аффиксімен тектес, ал дыбысбейнелеуіш *барт* негізі құрамында **тук-* «кончилось»²⁹ немесе *tä-* «айту» көмекші етістігімен туындаған деп ойлаймыз.

Соңғы көмекші етістік туралы В. Котвич былай деп жазады: «Каузативті суффикстер іс-қимыл мен жай-күйдің аяқталғанын білдіретін негіздер жасайды... Бұндай суффикстер барлық алтай тілдерінде кеңінен таралған, өйткені бұл тілдерде «бұйыру, сұрау, ұлықсат ету» мәнді жеке дара қолданылатын етістіктер аз және олар арнайы, қажет жерінде ғана қолданылады. Бұл жетімсіздікті іс-қимыл мен жай-күйді білдіретін бұйрық рай тұлғасындағы «айту» мағынасындағы түркілік *tä*, монғ. *ge-*, маньчж. *se-* тұңғ. *gip-* етістіктерін қолдану арқылы толтырады»³⁰.

Сондай-ақ *T* модификаторының түркі тілдерінде кең таралған *ет-* «делать, производить какое-либо действие»

²⁷ *Atalay Besim. Türk dilinde ekler ve kökler üzerine bir deneme. Istanbul. 1942, p. 258—260.*

²⁸ *Севортян Э. В. Аффиксы именного словообразования... С. 286—287.*

²⁹ *Кузнецов П. И. О происхождении форм второго лица повелительного склонения в тюркских языках // Вопросы советской тюркологии (тезисы и докл.). Ашхабад, 1985. С. 63.*

³⁰ *Котвич В. Исследование по алтайским языкам. М., 1962. С. 197.*

көмекші етістігінен туындау мүмкіндігі де бар. Бұл көмекші етістіктің түркі тілдерінде кең таралғандығын төмендегі мысалдардан анық көреміз: қаз. *бар-бар ет-*, *дiр ет-* қырғ. *бык эт-* «произвести звук глухого шлепка (напр. ударом о ладонь без участия пальцев)», *шап этип-* «вдруг, моментально», өзб. *туқ эт-* «стучать, постукивать», *туп эт-* «бухнуться, хлопнуться, шлепнуться, топзть» т. с. с.

Кейінірек *барт* секілді дыбысбейнелеуіш негіздер құрамындағы *T* аффиксі өзіне басқа да жұрнақтарды қосып алып, ырықсыздықтың құранды жұрнағына да айнала алады. Мәселен, *-дыр/-тыр* жұрнақтары туралы белгілі түрколог Э. В. Севортян былай деп жазады: «Кейбір авторлар бұл аффиксті *t* және *p*-мен берілетін ырықсыздықтың көне формасы деп қарайды, ... *-дыр/-тыр* жұрнақтары *t* мен *p* секілді өте көне замандарда пайда болса да олар біршама «жаңа» форма саналады. С. Е. Маловтың «Памятники древнетюркской письменности» кітабының соңында берілген сөздікте *-дыр-*мен аяқталатын етістіктердің *t*-ға бітетіндерден үш жарым есе, ал *p*-ға бітетіндерден бір-жарым есе кем болуы кездейсоқтық емес»³¹.

Қазіргі түркі тілдерінде қатан шұғыл дауыссыз дыбысбейнелеуіш негіздердің көптігі көне заманда ырықсыздық жұрнағы *t*-ның өте өнімді болғанының айғағы. Мысалы: қаз. *сарт*, *кірт*, *парт-пұрт*, қырғ. *шырт*— подр. резкому хрусту, шуршанию, треску», өзб. *портла*— «взрываться, разрываться (о бомбе, снаряде и т. п.)», як. *курт*— «подр. отрывистому хрусту, звуку падения грубой кожаной одежды», хак. *чырт*— «сечь, бичевать, щелкать бичом, хлестать», *сирте*— «щелкать, давать щелчки» т. с. с. Бұл мысалдардан көріп отырғанымыздай, *T* модификаторы дыбысбейнелеуіш негіздерге дыбыстың үздік-создықтық, кенеттен, аяқ астылықты, мәселен, *сықыр*, *сақыр*, *шұқыр*, *шатыр*, *шытыр*, т. б. бейнесін білдіреді. Басқаша айтсақ, жеке дара қолданылатын етістіктен көмекші етістікке, одан аффикске, аффикстердің ықшамдалуынан модификаторға айналудың күрделі жолын басынан өткере отырып, туынды негіз құрамында дыбысбейнелеуіштік қызмет атқарады.

Дәл осындай жағдайда верхнелужицк тілінде 190

³¹ Севортян Э. В. Аффиксы глаголообразования... С. 614.

дыбысбейнелеуіш етістік пен 90-дай зат есімді зерттеген С. М. Толстая да жазады. Ғалым *-ot* суффиксімен келетін дыбысбейнелеуіш зат есімдер (мысалы, *dupot* — «топать») мен сөзжасам және семантика жағынан оларға сәйкес келетін етістіктерді (мысалы, *dupotač* «топать, тяжело ступать») бөліп алып, әр түрлі дауыссыздар мен дауыстылардың буын басында (анлаут), ортасында (инлаут), аяғында (ауслаут) қолданылу ерекшеліктерге статистикалық талдау жасайды. Автор түйген қорытындылардың ішінде біз үшін ең маңыздысы — СГС (С) типті бір буынды дыбысбейнелеуіш туындылар құрамындағы соңғы (ауслаут) фонемалар қызметінің морфологиялық, сөзжасам тұрғысынан түсіндірілуі.

Дауыссыздардың буын басында әртүрлі басым келіп, ал аяққы позицияда шектеулі мөлшерде, іріктеліп қолданылуын, басқаша айтсақ, фонетикалық шектеуліліктің міндетті түрде тек сөз аяғына қарай бағытталуын автор флективтілікпен, негіздің ерекше сөзжасам құрамы мен тарихи қалыптасқан түбір құрамына байланысты түсіндіреді.

Дыбысбейнелеуіш түбірлердің соңында келетін еріндік және тіл арты дауыссыздарын автор етістік түбірлердің көне детерминативі және бастапқыда *-ot* суффиксі етістік туындыларға негіз болған деп қарайды. «Кейінірек бұл детерминативтер, — деп жазады С. М. Толстая — өзінің сөзжасамдық ролін жоғалтып, негіздердің белгілі бір сөзжасам типінде тек фонетикалық белгі (ажыратқан біз — Х. К.) ретінде ғана сақталып қалған. Атап көрсетер қызық жағдай, батыславян тілдерінде қайтадан өнімді жұрнаққа (бұл кезде негізінен етістіктердің өз аралығында жалғанса керек) айналған кезеңде пайда болған кейінгі ономотопеикалық туындылар әлі де бірінші жалғанған *-ot* жұрнақты түбірдің фонетикалық құрылымына негізделген және туынды түбірдің көне заманда іргесі қаланған сөзжасам моделіне қатысты шектеулері сақталып қалған»³².

Қорыта айтқанда, С. М. Толстая бұл күрделі құбылысты сөз тудыру аясында сақталып қалған көне, реликт

³² Толстая С. М. Фонетические наблюдения над ономотопеическими образованиями с суффиксом—*ot* в верхнелужицком // Исследования по славянскому языкознанию. М., 1971. С. 271.

деп есептейді³³. Түркі тілдерінде бұл көнслік дауыстыдан кейін келетін (поствокалдык) дауыссыздан гөрі, модификаторға тән.

Қазақ тілінде, қолымызда бар лексикалық материалдар бойынша, еліктеуіш түбірде көрінетін дыбысталуды айқындай түсетін *қ, к, п, т* модификаторлары дыбысбейнелеуіш *бар* түбіріне жалғана алады. Қырғыз тілінде де бұл түбір дыбысбейнелеуіш негіз құрамында кездеседі. Бірақ бұл негіз біз әлі сөз етпеген *с* модификаторымен берілген: *барс-барс* «қатты сытырға, соққыға еліктеу». Сондай-ақ бұл негізге якут тілінде *барчыгынаа* - «громко трещать, сильно храпеть» етістігі сәйкес келеді.

Бұл мысалдардағы *с* және *ч* модификаторлары басқа дыбысбейнелеуіш сөздердің ызың дауыссыз *ш*-мен бірге әртүрлі тілдерде, кейде тіптен бір тілдің өзінде бір модификатордың сәйкес сыңары болып табылады. Жоғарыда сөз болған модификаторлар қызметімен бірдей қолданыста жұмсалатын *с, ш, ч* модификаторлары түркі тілдерінде өте жиі кездеседі. Мысалы: қаз. *былш ет—, тырс, қорс*, қырғ. *бырс—* подр. тихому отрывистому смеху; *карч—* подр. скрипу, хрусту; өзб. *гурс—* подр. глухому сильному удару, түркм. *дарс-дарс—* подр. отрывистому сильному звуку, издаваемому при ходьбе, хак. *палчах*. «грязь (напр. дорожная)» т. б.

-С/-Ш/-Ч модификаторының шығу тегін анықтау үшін түркі, монғол және тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі қазір де қолданылып жүрген, не белгілі бір тарихи дәуірлерде қызмет еткен дыбысбейнелеудің және жай түбірлер құрамында осы элемент сақталып қалған бірқатар суффикстік морфемаларды қарастыруымыз керек. Бұл тұста жеке дара сөздің көмекші етістікке, оның аффикс қызметін атқаратын морфемаға айналған сатыларын айқындайтын өтпелі формаларды ажырата көрсетудің маңызы зор.

Г. Рамстедттің пікірінше, *-са* аффиксінің түп тамыры неміс тіліндегі *tu* не ағылшын тіліндегі *to do* секілді әмбебап етістік типті тұңғыс тіліндегі «істеу, сөйлеу, тілеу, қалау, ниеттену» мағыналарын білдіретін *sa-* етістігімен байланысты³⁴.

А. Н. Кононов *-са* және *-сы* аффикстерін қалау рай-

³³ Сонда. 278—279-б.

³⁴ *Ramstedt G. J. Zum türkischen Konditional, — «Finnisch — Ugrische Forschungen», Bd. XXIX, N. 1—3, Helsinki, 1946. S. 120—126.*

дың көне көрсеткіштері ретінде қарастырады³⁵. Н. А. Баскаков зерттеулерінде *-сыра* жұрнағы *-сы* аффиксінен туындайды және *-сы* мен *-са* өзара варианттас жұрнақтар³⁶.

Десек те *-са* және *-сы* аффикстерінің морфологиялық және семантикалық дамуы белгілі түрколог Э. В. Севортянның азербайжан тіліндегі аффикстер жүйесін зерттеген іргелі еңбегінде жан-жақты ашып көрсетілді. «*-Са* жұрнағы,— деп жазады ғалым,— етістік тудырудың өнімді құралы ретінде *-са*, *-сы* аффикстері мен олардың туындаған формалар, өмір сүрген кезде — Махмуд Қашқари заманында әлі актив қолданғанымен — жана сөз тудыру қабылеті өте нашар болды... Қазіргі тілдерден де мысал ретінде қалау мағынасындағы етістіктерді көптеп келтіре алмаймыз. Барлық нақты жағдайда оларда ұқсату мағынасы басым болып келеді... Екінші орында өзгеріске түскен және басқа да етістік тудыратын аффикстердің семантикасын білдіруде ауыса қолданыла беретін *-сы* және т. б. жұрнақтар мағынасы»³⁷.

Э. В. Севортянның көрсетуінше, еліктеуіш негізді етістіктер құрылымындағы *-са* және *-сы* аффикстері семантикалық жағынан қимыл, процесс мағынасын білдіретін *-ла* немесе *-а* жұрнақтарына ұқсас. Автор, мәселен қазақ тіліндегі *қақ* еліктеуіш сөзінен туындаған *қақса-ны* (тісі қақсау, бір нәрсені қайталай беру т. с. с.) *қақылда-* мен (катты, тоқтамай сөйлеу) салыстырады.

Етістік тудыратын *-ша*, *-шы*, *-ши*, *-ча*, *-че*, *-чы*, *чи*, *-жа*, *-же*, *-жы*, *-жи* аффикстерін автор өте көне түбірлерге жалғанатын архаикалық форма ретінде қарастырып, қырғыз және түркімен тілдерінен басқа түркі тілдерінде қолданыстан шығып қалған, өнімсіздігін көрсетеді. Олар сын есімдер мен еліктеуіш сөздерге жалғанған жағдайда етістіктің бұйрық формасын тудыруы мүмкін. Мысалы қырғ. *аарчы-* «чистить», *очищать отчищать* <*аары* «чистый», *қыңшы-/қыңшыла-* «визжать, скульпить, визгливо плакать» <елікт. *қың*³⁸.

Монғол тілінде қимылдың аяқталуы не үзіліп қалуы *огкі-* «лақтыру» етістігінің көмегімен беріледі, ал ол қал-

³⁵ Кононов А. Н. Грамматика турецкого языка. М.—Л., 1941. С. 235.

³⁶ Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. Т. 1. Ч. 1. М., 1951. С. 321—322.

³⁷ Севортян Э. В. Аффиксы глаголообразования... С. 314.

³⁸ Котвич В. Исследование... С. 204.

мак тілінде > *ĉik, ĉək, ĉka, ĉk*, бурят тілінде *-ša* жұрнақтарына айналған³⁹.

Маньчжур тілінде еліктеуіш сөздер әдетте *сэмэ* көсемшесі *сэ-мби-* «айту» көмекші етістігінің тіркесуі арқылы қолданылады. Мысалы: *кэн сэмэ кахи! кахи!* (звуки непрерывного кашля), *каб сэмэ* «хап, хватать», *чос сэмэ* «стремительно вырываясь, прорываясь в узком месте»⁴⁰. Еліктеуіш сөздер құрамында *сэ-мби* кейбір етістік формаларымен келгенде етістік мәнге ие болып, баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: *бур сэ-мби* «булькать», *сир сэ-мби* — «неметь, нить (о руках и ногах)», *кака кики сэ-мби* «хихикать», *фор фор сэ-мби* — зафыркать /о лошади/ т. с. с. Зерттеушілердің көрсетуінше, «кейбір осындай тіркестер көмекші етістікпен бірігіп кетеді де, біріккен сөз етістікке айналады»⁴¹ және «екінші *сэ* түбірі дыбысталуын өзгертіп *си* немесе *ша-ға* ауыса алады»⁴².

Эвенк тілінде көптеген бейнелеуіш сөздер екі бітеу буыннан құралады да, міндетті түрде *с* не *р* дауыссызына бітеді. Мысалы: *кеңес* — «звон, глухо», *кеңус* «постукивание», *капус* «трах (треск чего-либо ломающегося)», *ултур* «грохот, грохнуло», *кэлтэр* «в сторону, криво» (Сал.: чув. *кэлтер-кэлтер* «колесо, катящееся криво, косо»), бур. *кэлтер ялтар* «переваливающаяся походка хромого» (сал. қаз. *қалтыра* «дрожать» (от холода, страха т. б.) т. с. с. В. А. Горцевскаяның пікірінше⁴³ бұлар құрамына алдыңғы дауыстыларды қосып алған белгісіз *с*, *р* элементтерінен туындаған сөздер болса керек. Оған дәлел ретінде ғалым эвенк тіліндегі ортақ түбірлі сөздерді салыстырады: *капус* — «трах», *капу-ми* — «сло-мать», *киңес* — «бряк, звяк» < *кин*. Сонымен бірге көрсетілген элементтер бұдан өзге сөздер тудырмайтындықтан оларды өнімді, «тірі» сөзжасам деп айту да қиындық туғызады.

Түркі тілдеріндегі *-ša* аффиксі В. Котвичтің топшылауынша: «о баста бірнеше адамдар қимылын (кооператив, реципток — екеу ара және бірлестік мағынасы), ал

³⁹ Сонда. 333-б.

⁴⁰ Горцевская В. А. Изобразительные слова в эвенкийском и маньчжурском языках // Тюркологические исследования. М.: Л., 1963. С. 178.

⁴¹ Сонда. 181-б.

⁴² Захаров Н. Грамматика маньчжурского языка. СПб., 1879. С. 321.

⁴³ Горцевская В. А. Изобразительные слова... С. 183.

-*la* жұрнағы бір адамның қимылды бірнеше мәрте істегенін (фреквентатив және итератив — бірнеше дүркін, жиі қайталану мағынасы) білдіретін негіздер жасаған»⁴⁴.

Алтай тобы тілдеріндегі *-са, -сы* т. б. аффикстерді зерттеген бірқатар авторлар пайымдауларын қорыта келе мынадай тұжырым жасауға болады: біріншіден, тұңғыс-маньчжур тілдерінде төркіндес, түбірлес тұлғалармен салыстыра отырып, ажыратып алуға болатын қатанызың дауыссызға біткен оморфты дыбысбейнелеуіш негіздердің қалыптасу кезеңдері анық байқалады. Екіншіден, түркі тілдерінде түп-төркінін біз іздестіріп отырған элементтермен келетін суффикстік морфемалардың кең ауқымды омонимиясы байқалады. Бірақ әзірге қолымызда бар материалдар бойынша модификаторға айналған бұл жұрнақтардың о бастағы жеке дара етістік формасын айқындау мүмкіндігі болмады. Бұл тілдің ұзақ даму сатысында бастапқы тұлғасын өзгерткен етістік тудыратын элементтердің өте көнелігі немесе қазіргі түркі тілдері мен жазба ескерткіштерінен күні бүгінге дейін олардың табылмай отыруы себепкер. Қазақ тіліндегі көмекші етістік қызметін атқара алатын 25-тен астам жеке дара қолданылатын етістіктің⁴⁵ ешқайсысы фоно-семантикалық жағынан модификаторға айналған жұрнақпен төркіндестіруге келмейді.

Сонымен бірге Э. В. Севортян көрсетіп отырған *-ла, -а* аффикстерінің мағынасын білдіре алатын *-са/-сы* жұрнақтары (әсіресе, дыбысбейнелеуіш түбірлерден туындағандары) о баста императив суффиксіне айналған көмекші етістіктің болу мүмкіндігіне қосымша дәлелдей. Мысалы: қаз. *қақса* — «тіс қақсау, бір нәрсені қайталай беру, қойдың тоқтаусыз маңырауы т. б.», қырғ. *қыңшы* — «визжать, скулить, визгливо плакать»⁴⁶. Қазақ тілінде бұл бұйрық рай екінші жақ етістік аффикстің бірнеше фонетикалық варианты бар: *өк-сі, сық-си, ұқ-са, өл-ше, ыр-си, был-ши, қыл-қи, тыр-жи, ал-жы* т. с. с.

-Са/-сай, -шый/-жый т. б. аффикстер семантикалық тұрғыдан жоғарыда сөз болған *балқы, желпі, бұрти* типтес етістіктермен бірдей екенін ескере отырып, *с, ш, ч*, дауыссыздарына бітетін туынды дыбысбейнелеуіш негіз-

⁴⁴ Котвич В. Исследование... С. 208.

⁴⁵ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1974. 265—285-б.

⁴⁶ Севортян Э. В. Аффиксы глаголообразования... С. 314, 333.

дер басқы және көмекші бөліктері кірігіп, жымдасып кеткен құранды етістіктерден жасалған деп жорамалдауға болады. Ал ол құранды етістіктердің басқа бөлігі кейін пайда болған *C* модификаторын туынды негізге дыбысбейнелеуіштік қасиет беретін еліктеуіш түбірлер болды.

Аффикстік морфемалардың дыбысбейнелеуіш негіздер модификаторына тарихи ауысуының мұндай жолы тек қана қазақ не қырғыз тілдеріне ғана емес, барлық түркі тілдеріне тән, ортақ қасиет болса керек, өйткені олардың барлығында СГСС типті еліктеуіш сөздер тарихи тұрғыдан туынды болып табылады.

Модификаторлардың құрамы мен сан-шамасы түркі тілдерінде бірдейге жуық. Қазақ тілінде СГСС типті дыбысбейнелеуіш негіздерде модификатор ретінде *к/қ, с/ш, т/д, н/б* шұғыл және ызың дауыссыздары жұмсала алады. Мұндағы *д* мен *б* қатаң *т* мен *н*-ның ұяң варианттары. Семантикалық тұрғыдан модификаторлар қызметінің ортақтығы олардың дыбыс кенеттілігі, үздік-создығы мен қысқалық ерекшеліктерін бере білуінде. Туынды еліктеуіш негізде дыбыстардың бұндай қасиеттерге ие болуы қысқа, шұғыл дауыссыздар болып келетін модификаторлардың акустика-артикуляторлық сипатына байланысты. Осындай қасиеттері нәтижесінде бұл дауыссыздар әуелі көмекші етістіктер, кейін келе жұрнақтар құрамында модификаторға айналғаны сөзсіз. Ерте заманның өзінде модификаторлар еліктеуіш сөздер және басқа да көмекші етістіктермен жарыса қолданыла беруі де мүмкін.

Түркі тілдерінде модификаторлардың үздік-создық, іркілісті білдірумен бірге дыбыстың нақты ерекшеліктерін айқындайтын өзге де арнайы қызметтері бар. Алайда, туынды дыбысбейнелеуіш негіздерде модификаторлар қолданысының қатаң бірізді болмауы, жоғарыда аталған мағыналардан өзге мәнде жалпы түркілік масштаб аясында басқа да семантикалық бірлігін айқындау қиындық туғызады. Мәселен, Махмуд Қашқари сөздігінде, қазіргі қазақ, қырғыз, түркімен, хақас тілдерінде дыбысбейнелеуіш *тарс* негізі ортақ мағынаны — қатты, кенеттен болған соққыны, тарсылды білдіреді. Сондай-ақ *қылқ/гүлк* — қазақ, қырғыз, якут, түркімен және өзбек тілдерінің бәрінде бір мәнді — сұйық затты жұтқанда пайда болатын дыбысқа еліктеуді білдіреді. Бұл мысал-

дардан модификатор қызметінің ондаған туыстас тілдерде бір түбірге жалғанып, ортақ мағына беруіне куә болып отырмыз.

Бірақ үнемі бұлай бола да бермейді. Мәселен, түркі тілдеріндегі қорсылды дыбысбейнелеуіштерді алалық. Бұл негіздер қорылдауға еліктеуден пайда болған түбірге (*қор, хор*) әр түрлі модификаторлар (*С, К, Т, Х*) жалғану арқылы жасалған: қаз: *қорс*, қырғ. *көрк*, якут *хорт*, түркм. *хорқ*, хак. *хорх* т. с. с. Бұл мысалдардан көріп отырғанымыздай түркі тілдерінде белгілі бір түбірге түрлі модификаторлар қосылған күннің өзінде дыбысбейнелеуіш туынды түбірлер бір дыбыстық мағынаны бере алады. Демек, түркі тілдеріндегі модификаторлар дыбысбейнелеуіш тұрғысынан алғанда тіл аралық деңгейде ортақ мағыналық ұқсастыққа үнемі ие бола бермейді. Олардың басты еліктеуіш қызметі дыбысталудың кенеттілігі, үздік-создықтығы, қас-қағымдылығы т. с. с. мәнді бере білуі болып табылады.

Дыбысбейнелеуіш негіздерді жеке бір түркі тілінің аясында алып қарасак, онда өзгешелеу жағдайды көреміз. Бір тілде құрамына әр түрлі модификаторларды қосып алған еліктеуіш туынды негіз мағына жағынан бастапқы дыбысбейнелеуіш түбірден өзгере түсіп, қоршаған ортаның нақты бір дыбыстарымен сипатталады. Бұндай жағдайда бастапқы форманың мағынасы белгілі бір дәрежеде барлығына ортақ болып, типологиялық тұрғыдан сәйкес келетін дыбыстардың жалпыланған сипатын көрсетеді. Мысалы: тіліміздегі *бырсылда, бырш, бырқылда, күрс, күрк-күрк ет, күркілде, күрт-күрт шайна* т. б. әртүрлі модификаторлы туындылардың дәл осындай семантикалық дифференциясын басқа да түркі тілдері мысалдарынан көреміз. Мысалы: түркм. *тарк* подр. звуку ружейного выстрела, резкого стука, *тарс* подр. отрывистому сильному звуку, издаваемому при ходьбе, қырғ. *карк* подр. громкому и грубому выкрику, крику журавля, *карс* подр. треску, резкому звуку, звуку от резкого удара, *карч-карч кемир* — «грызть с хрустом», *картылда* — «издавать сильный хруст» (напр. при откусывании сахара).

Түркі тілдерінде модификатормен аяқталатын туынды еліктеуіш негіздердің барлығы бірдей бұдан кейін дыбысбейнелеуіш қызметінен айрылып, барлық агглютинативті тілдердің басты типологиялық сипатына сай, сөз тудырудың келесі сатысында жай (кәдімгі) лексика-

лық формаға айналды деп айта алмаймыз. Бұл туынды негіздерден туындаған, яғни модификаторларға жалғанған морфемалардың өзінде кей жағдайда дыбысбейнелеуіштіктің сақталатыны төмендегідей салыстырмалы мысалдардан айқын көрінеді: қаз. *күркіре*, қырғ. *күр-күрө*—«греметь, грохатъ», як. *куккурээ*—«громко стучать, шуметь, грохотать, трещать», *курдургээ* (<*курк*) *курт*—«издавать резкие хрипы, хрусты (напр. при кашле и т. д.)», қырғ. *тыркыра-/дыркыра*—«разлетаться вдребезги, бушевать», як. *тырдыргаа*—«трещать, потрескивать», қаз. *сарқырама*, *сарқыра*, қырғ. *шарқыра*—«бурлить, грохотать (о бурном потоке, перекатывающим камни по дну)», як. *саккыра*—«струиться, течь, сочиться» т. б. Діріл дауыссызына (вибрант) аяқталған бұл екі буынды еліктеуіш негіздер көп жағдайда жеке дара қолданылмайды. Үстеме «р» модификаторы өзінің кимыл ұзақтығы, қайталау мәні секілді басты аффикстік міндетімен қатар дыбыстың ұзаққа созылған дүріл, күрсіл, күркір, шартыл сияқты белгілі бір дыбысбейнелеуіш қызметін де атқарады. Бұл дыбысбейнелеуіш қызмет сонант «р»-дің дірілге бейімділік қасиетімен байланысты. Мысалға келтірілген екі буынды туындыларды ол түбір морфема соңындағы діріл дауыссыздың (вибранттың) дыбысбейнелеуіштігін толықтырып, қосымша қызмет атқарып тұр. Үстеме «р» модификаторының мұндай дыбысбейнелеуіштік ерекшелігі, әсіресе, екі буынды еліктеуіш сөздер түбірінің соңғы «р» дауыссызы түсірілген кездерінде анық байқалады. Мәселен, тіліміздегі *сарт-сарт ет*, *сартылда* етістіктерінен «р» діріл дауыссызы түсірілу нәтижесінен пайда болған *сатырла* етістігі мен *сатыр-сұтыр* еліктеуіш сөзі мағына жағынан ерекшеленеді.

Бұл секілді түбірлік «р»-дің ауысуына өзге түркі тілдерінен де мысалдар келтіруге болады: өзб. *гарчилла*—«скрипеть, хрустеть», *ғажирла*—«скрежетать, скрипеть, хрустеть», қырғ. *каркылда*—«каркать, гоготать, кричать», *какылда*—«каркать, кудахтать, говорить без умолку», *какыра*—«издавать грохот, треск (напр. о гальке, камнях, осыпающихся с гор)» т. с. с.

Еліктеуіш сөздер құрамына морфологиялық талдау жасап, оны жекеленген ажырату кезінде алдымыздан шығатын белгілі қиындықтар дәл осындай жаңа негіздер жасайтын түбір морфема өзгерістері мен дыбысбейнеле-

уіш қызметіне байланысты деп білуіміз керек. Сондықтан да қазақ тіліндегі *сыбыр*, хак. *тычыр* «треск», як. *кычыр* «подр. однократному резкому скрипу», чув. *тапар* «подр. звуку при падении», *сатар* «подр. легкому треску» т. с. с. дыбысбейнелеуіш сөздердің морфологиялық құрамы туралы Б. А. Серебренниковтың «бұл мимемалар құрамында «-ыр аффиксі бар не жоқтығы түсініксіз» деп жазуы⁴⁷ кездейсоқ емес.

Дыбысбейнелеуіш қызмет атқаратын буын соңындағы «р» діріл дауыссызына қарағанда, дәл осындай позицияда, ұқсас қызмет атқаратын (қимыл ұзақтығы мәні) ызың «л» сонанты біздіңше, мұндай қасиетке ие емес. Мысалы: қаз. *тарсыл*, қырғ. *дүмпілдө*— «издавать глухие отрывистые звуки (напр. о барабане)», *чанкылда*— «ударить молотом по железу», ноғ. *канъкыл-да*— «гоготать», өзб. *дунгил-ла*— «ворчать, бурчать, бормотать», *вангил-ла*— «течь сильным потоком, бурлить (о быстром течении), греметь, гудеть (при быстром движении)», тув. *дыңғыл-дай*— «мелодия, которой сопровождают горловое пение», як. *таңкынаа*— «издавать резкий, низко звенящий звук (о крупных металлических предметах)», (якут тілінде -л аффиксі -ын жұрнағына сәйкес келеді) т. б.

Қырғыз, қазақ және басқа түркі тілдерінде -л суффиксі қимыл атауы мағынасында да жүре алады. Бұл жұрнақтар туралы Э. В. Севортян былай деп жазады: «-л жұрнағы қатысқан туындылар оңтүстік-батыс түркі тілдерінде, оның ішінде, азербайжан тіліне кең таралмаған. Сондықтан да бұл аффикстің оғыз тілдерінде қолданылатын барлық варианттарын анықтау қиын. Азербайжан тілінде -л дауыстыға, ал -ул/-ыл дауыссызға аяқталатын негіздер құрамында кездеседі. Басқа тілдерде -а/-е ашық дауыстылары да жалғастырушы дәнекер бола алады. Бұл типті туынды негіздер қыпшақ тілдерінде, әсіресе, тува, алтай, хакас тілдерінде кең таралған»⁴⁸.

Б. А. Серебренников қазақ тіліндегі *сыбыр-ла* тув. *шылыра*— «шелестеть», хак. *хогдыра*— «греметь», алт. *чашла*— «шипеть», *сарла*— «жужжать», тат. *гурла*—

⁴⁷ Серебренников Б. А. Происхождение аффиксов звукоподражательных глаголов в тюркских языках // Советская тюркология. 1977. № 1. С. 6.

⁴⁸ Севортян Э. В. Аффиксы именного словообразования... С. 191.

«урчать», *ыс-ла* — «шипеть» секілді туындыларды талдау нәтижесінде *-ылда*, *-ырда* күрделі аффикстері мен олардың бір түрі ретінде *-ла*, *-ра* жұрнақтарын салыстыра қарастырады.

«Бұл аффикстер, —деп жазады автор. —О баста іс-қимылдың дүркінділігін көрсетсе керек. Түркі тілдерінде *-а* аффиксі де осы мәнде жұмсалған. Қазіргі түркі тілдерінде көне дүркінділік мағынасын сақтаған оның кейбір ескі, реликт формалары да бар ... Сондай-ақ түркі тілдерінде кейіннен ырықсыз етіс көрсеткіші ретінде көрініс тапқан іс-қимылдың дүркінділігін білдіретін *-ул* аффиксі де болған. Сонымен бірге *-r* (варианттары *-ra*, *-ur*) аффиксі де дүркінділік мағынасын білдіретіндігінің қосымша дәлелдері бар»⁴⁹.

Р, *л* сонанттарының дәл осындай көптікті, ұзақтықты, дүркінділікті білдіретін мағынасы дүние жүзінің көптеген тілдерінде, соның ішінде, үнді-европа тілдерінде де кездесетінін атап өту керек⁵⁰.

Жоғарыда атап көрсетілгендей, *-(ы)л /-(а)л* -ға бітетін екі буынды дыбысбейнелеуіш негіздерде соңғы жұрнақ іс-қимыл атауы мағынасында *-да/-де*, *-та/-те*, *-а*, *-ла/-ле* т. б. етістіктің қимыл аффикстерінен кейін жиі жұмсалады.

Діріл дауыссыз «р»-дің дыбысбейнелеуіш қызметі төмендегідей «р» мен «л» дыбыстары алмасып келіп отыратын еліктеуіш сөздерді салыстыра қарағанда анық байқалады: *дүңкілде* — *дүңгірле*, *шақылда* — *шақырла*, *сарқылда* — *сарқыра*, түркм. *такгылды* — «стук», *такырды* — «тарахтение, громыхание», өзб. *такиллат* — «стучать, постукивать» — *такирла* — стучать, тарахтеть, стрекотать, грохотать», қырғ. *күркүлдө* — «хрипеть, ворковать», *күркүрө* — «гремять, грохотать» т. с. с. Бұл мысалдардағы «л» және «р» сонанттары алмасып келіп отыратын еліктеуіш сөздер өзара грамматикалық тұрғыдан бір мағыналы болғанымен іс-қимылдың ұзақтығын, дүркінділігін білдіруде дыбысбейнелеуіштік сипатта бірдей емес, яғни олар әртүрлі мағынаның фоно-семантикалық модификаторлары. Сонымен бірге бұл формалар арасында морфология аясында да кейбір өзгешеліктер байқалады. Мәселен, *-ла/-ле* суффиксі «р» діріл дауыссызына біткен негіздерге жиі жалғанса, ал *-да/-де* сонант «л»-ге аяқ-

⁴⁹ Серебренников Б. А. Происхождение аффиксов... С. 6.

⁵⁰ Воронин С. В. Основы фоносемантики. Л., 1982. С. 113.

талған негіздерге жалғанады. Сонымен бірге «р»-ге аяқталатын негіздерге іс-қимыл аффиксі *-а/-е* жалғана алады.

Алайда, мұндай дыбыс алмасулар үнемі дыбысбейнелеуіш негіздер сыңарлары арасындағы мағыналық өзгешеліктерді көрсете бермейді. Мысалы: өзб. *тапилла* — *тапирла* — «топать, топотать, шлепнуться, хлопнуться», *питилла* — *питирла* — «трепетать, биться, беспокойно вести себя, суетиться, ерзать». Бірақ түркі тілдерінде алғашқы құбылыстың, яғни «к» мен «л» алмасуларының мағыналық өзгешеліктерді көрсетуі жиі кездесетінін атап айтқан жөн. Бұл құбылыстар дәйекті формадан дәйексіздікке қарай жүріп отыратын жалпы тілдік даму тенденциясы, басқаша айтсақ, дыбысбейнелеуіш сөздердің табиғи қалпын жоғалту процесі болып табылады. Бұндай процесс іздерін дыбысбейнелеуіш негіздерге *-аң/-ең, -ың/-ің, -ақ/-ек, -ық/-ік* секілді аффикстер жалғанғанда да байқаймыз.

Сонымен еліктеуіш сөздер туынды негіздерінің морфологиялық құрамын, модификаторлардың дыбысбейнелеуіш қызметі мен олардан кейін жалғанатын морфемаларды қарастыра келіп, еліктеуіш негіздер жасалуының мәні мен механизмін түсіну үшін мына мәселені ерекше ескеру керек. СГСС типті дыбысбейнелеуіш негіздер түбір морфема мен модификаторлардың жай қосылуы, жалғасуы емес, ол етістік пен есім туындының ықшамдалған варианты. Мұндай ықшамдалу мен қысқарудың мәні мен себебі қазіргі түркі тілдеріндегі бейтарап лексикадан ерекшеленетін дыбысбейнелеуіш сөздердің экспрессивтік формасының жасалуы. Модификаторлардың шығу тегі ұзақ тарихи процесс те, ол мынадай даму сатыларын өткерген: жеке дара сөз → көмекші етістік → аффикс → модификатор. Модификатордың дыбысбейнелеуіш қызметі қоршаған ортадағы дыбыстармен салыстырудың нәтижесінде пайда болған.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕКІ БУЫНДЫ ИМПЕРАТИВ
ТҮЛҒАЛЫ ЕТІСТІКТЕРГЕ МОРФЕМАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУ

Түркологияда түркі тілдері түбірлерінің типологиялық ерекшеліктері мен дыбыстың құрамы, олардың шығу тарихы мен даму эволюциясы, семантикалық табиғаты мен тілдегі қолданылу өрісі біршама зерттеліп, шешімін тауып отыр¹. Алайда, жалпы түркі тілдері тұрғысынан алып қарағанда байқала бермейтін, тек жеке тілдердің фактілерін терең де жан-жақты талдау арқылы ғана ашылатын кейбір заңдылықтар мен құбылыстар әлі де баршылық. Солардың бірі — қазақ тіліндегі екі буынды, екінші дәрежелі императив етістіктердің құрамында жиі кездесетін бір буынды «өлі» түбірлер. Бұл мәселемен біз түбірдің құрылымын, дамуын, өзгерістерін, қызметін зерттеу үстінде жолығамыз. Түбірдің құрылымы жөнінде түркологтар әлі күнге дейін бірауызды шешімге келген жоқ².

Екі буынды түбірлерді былай қойғанда, Радлов кез келген моносиллабтың этимологиялық түбір бола алмайтынын, оларды тарихи аспектіде қарап, туынды түбір екенін байқауға болады деп жазған болатын³. Радлов гиперрагглютинация деп атаған түркі тілдерінде тілдің даму барысында морфологиялық элементтердің әбден жымдасып, кірігіп кетуі туралы теорияны совет дәуі-

¹ *Deny J.* Principes de grammaire turque («Turk de Turquie») — Paris, 1955, S. 226; *Brockelmann C.* Osttürkische Grammatik Leiden, 1954; *Bang W.* Manichaesche Hymnen «Le Musceon, Revue d'etudes — orientales — Louvain — Paris, 1925, t. 38; *Gabain A.* Alttürkische Grammatik — Leipzig, 1941; *Radloff W.* Einleitende Gedanken zur Darstellung der Morphologie der Türksprachen — SPb, 1906; *Рамс-тедт Г.* Введение в алтайское языкознание, М., 1957; *Котвиц В.* Исследование по алтайским языкам, М., 1962; *Юнусалиев Б. М.* Киргизская лексикология. Фрунзе, 1959; *Севортян Э. В.* Аффиксы глагольного словообразования в азербайджанском языке. М., 1962; *Баскаков Н.* Историко-типологическая морфология тюркских языков. М., 1979; *Кононов А. Н.* Грамматика языка тюркских рунических памятников VII—IX вв., Л., 1980; т. 6.

² *Vambery H.* Etymologisches Wörterbuch der Turko — tatarischen Sprachen — Leipzig, 1878; *Баскаков Н. А.* Введение в изучение тюркских языков. М., 1962. С. 79; *Зайончковский А.* К вопросу о структуре корня в тюркских языках // ВЯ. 1961. № 2; т. 6.

³ *Радлов В.* Көрсетілген еңбек. 22—23-б.

рінде А. Н. Кононов одан әрі қарай жалғастырды⁴. Тарихи тұрғыдан «өлі» түбір мен өнімсіз аффикстерге ажыратылатын, бірақ қазірде екі морфеманың ара жігі білінбей кірігіп кеткен осындай түбірлер тек қана қазақ тілінде ғана емес, басқа түркі тілдерінде де көптеп кездеседі⁵. Демек, қазіргі тіліміздегі көптеген сөздерді біз шартты түрде түбір сөз деп қараймыз. Шын мәнінде, олар — «өлі» түбір мен қосымшадан тұратын тарихи туынды түбірлер. Ал, олардың қазіргі тілімізде түбір болып саналуының себебі — түркі тілдерінде түбір дегеніміз әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, сол сөздің реалды мағынасын беретін бөлігі. Қазақ тіліндегі әрбір түбір сөз өз алдына толық мағыналы жеке сөз, лексикалық единица. Түбір сөздер сол күйінде түсіндірмелі, екі тілді сөздікке енеді, лексикологияның, морфологияның, синтаксистің объектісі бола алады. Бұл — түбірді синхрониялық тұрғыдан қарау. Ал, түбірдің даму эволюциясы мен генезисін айқындау, жалпы тарихи морфология түбірді тарихи аспектіде, яғни диахрониялық тұрғыдан зерттеуді де қажет етеді. Соның нәтижесінде ғана көптеген етістік түбірлердің құрамынан аффикстік морфеманы ажыратып алуға болады. Бұл аффикстерсіз ол түбірлер жаңа сөз жасауға негіз бола алмайды. Бұл фактіні көптеген ғалымдар атап көрсетеді⁶. Осы орайда императив формасындағы етістіктер ерекше назар аударады. Тек қана түркі тілдерінде ғана емес, басқа да көптеген тілдерде осы формадағы етістіктер негізінен бөлінбейтін түбірлер болып саналады⁷. Сондықтан да бұрыннан келе жатқан дәстүр бойынша бұйрық райдың 2-ші жекеше жақ формасы — етістіктің негізі⁸.

⁴ Кононов А. Н. О фузии в тюркских языках // Структура и история тюркских языков. М., 1971.

⁵ Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. М., 1952. Т. 2. Фонетика и морфология. Ч 1. С. 312; Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960. С. 63; Покровская Л. А. Грамматика гагаузского языка. М., 1964. С. 81. т. 6.

⁶ Котвич В. Исследование по алтайским языкам. М., 1962. С. 36; Владимирцов. Турецкие элементы. С. 323—324, § 174 т. 6.

⁷ Леонтьев А. А. Возникновение и первоначальное развитие языка. М. Изд.-во АН СССР. 1963. С. 106; Виноградов В. В. Русский язык. М.—Л., 1947. С. 590; Богородицкий В. А. Введение в татарское языкознание. Казань. 1953. Изд. 2. С. 186 т. 6.

⁸ Böttlingk O. Über die Sprache der Jakuten. Grammatik. Text. und Wörterbuch. St-Pb 1848—1951; Мелиоранский П. М. Араб-филолог о турецком языке. Спб., Типография императорской академии наук. 1900, С. 32.

Қазақ тіл білімінде императив тұлғалы етістік деп — біреуге арналып, бұйыра айтылған етістіктің іске қосу, кеңес беру, тілек айту, өтіну, жалыну, бұйыру, әмір ету, қозғау салу тәрізді қыруар модельдік мағына білдіретін бұйрық рай тұлғаларын айтады⁹.

Бұл жерде мына бір жайды анықтап алу қажет. Яғни, императивтік мағына әр кез аффикссіз түрде беріле ме, жоқ па? Басқаша айтқанда, императивтік форма мен түбір морфема әрқашанда сәйкес келе ме, жоқ па?

Осыған байланысты Рамстедттің корей тілінде аффикссіз императивтік форма бұйрық райдың үзілді-кесілді, анайы түрін көрсетеді деген пікірі бар¹⁰.

Мұны басқа ғалымдар да жоққа шығармайды¹¹. Бірақ, көптеген етістіктердің императивтік формасы олардың біртұтастығының критеріі бола алмайды. Салыстырмалы-тарихи методке негізделген морфемалық талдаудың нәтижесінде көптеген императив етістіктердің құрамынан аффикстер мен «өлі» түбірлерді бөліп алуға болады. Оларда («өлі» түбірлерде) Севортян көрсеткендей, бір гомогендік бірлестікке кіретін сөздердің бәріне ортақ түбірлік сипат бар¹².

Алайда, диахрониялық тұрғыдан императив — етістіктердің құрамынан аффикстік морфеманың жіктеліп шығуы олардың императивтік мағынасына нұқсан келтірмейді. Керісінше, ол аффикстер императив формасына қосымша реңк беріп, эмоциональды-экспрессивтік әсерін әлсіретіп, не күшейтіп отырады¹³. Бірақ, қазақ тілінде бұйрық рай категориясын тудыратын модельдер сонымен қатар мынадай да мағыналар береді: әрекет-қимылдың интенсивтілігі, жиілігі, ұзақтығы, қайтала-

⁹ Сауранбаев Н. Т. О категории лица повелительного наклонения // Известия АН КазССР, № 135, Серия филологии и искусствоведения. Вып. 1—2. Алма-Ата, 1954. С. 37; Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1974. 328-б.; Оралбаева Н., Мадина Ф., Әбілқасов А. Қазақ тілі (практикалық курс). Алматы, 1982. 164-б.

¹⁰ Рамстедт Г. Введение в алтайское языкознание. М., 1957. С. 82.

¹¹ Юнусалиев Б. М. Киргизская лексикология. Фрунзе. 1959. С. 44.

¹² Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974. С. 30.

¹³ Щербак А. М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (глагол). Л.: Наука, 1981. С. 44.

нуы, үздіксіздігі, ортақтығы, көптігі, өз ара қарым-қатынасы үлкейту-кішірейткіш мағыналары т. б. Мұның барлығы — етістікке ғана тән мағыналар. Сондықтан бұл етістіктердегі аффикстер императив формасы емес, көп жағдайда сөз тудырушы қызметін атқарады. Оны тек қана морфемалық талдау арқылы ғана анықтауға болады.

Біздің жинаған материалдарымыз бойынша, қазақ тілінде императив тұлғасында осындай 35 модель бар. Олар — императив етістіктің 35 моделін жасайтын дәстүрлі, қалыптасқан, грамматикалық құралдар¹⁴.

1. $\sqrt{-a/-e}$: ат > ата-; *ай > айа-; *бал > бала-; *бөк > бөге-; бұр > бұра-; *бөл > бөле-; *ел > еле-; *бұл > бұла-; *үз > ұза-; жан > жана-; *жар > жара-; *без > безе-; *кек > кеке-; *күр > күре-; *құл > құла-; *қақ > қақа-; *тал > тала-; *тап > тапа-; *тақ > тақа-; *тар > тара-; *тон > тона-; *күз > күзе-; *күр > күре-; *ор > ора-; от > ота-; *түз > түзе-; *тұл > түле-; * Тюркологиялық әдебиетте $-a/-e$ аффиксі етістік жасауда ең бір ежелгі, өнімсіз форма ретінде қаралады. Ол негізінен іс-әрекеттің, процесстің атауын, нәтижесін, орнын, бағытын, құралын білдіретін есімдерден етістік туғызып, етістіктің интенсивтілігі мен жиілігінің көрсеткіші ретінде қолданылады. Қазақ тілінде бұл — өнімсіз аффикс. Ол арқылы жасалған біз 69 тарихи туынды түбір көрсетеміз. Оның ішінде 60-ы «өлі» түбір мен осы аффикстен тұрады. Бұл осы форманың өнімсіздігін ғана емес, өткендегі белсенділігін де көрсететін факт.

Тюркологияда бұл аффикстің статусы жөнінде біркелкі көзқарас жоқ. Мысалы, Э. В. Севортян, Л. С. Левитская $-a/-e$ және $-ла/-ле$ көрсеткіштерінің тарихи тұрғыдан сабақтастығын көрсетсе¹⁵, Г. Рамстедт, Н. А. Баскаков, Л. Н. Харитонов т. б. a/e формасын $ла/ле$ формасынан дамыған деп қарайды¹⁶. Тюркологияда a/e аффиксін $-қа/-ке$ формасымен салыстырып

¹⁴ Қайдаров Ә., Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі императив тұлғалы етістіктердің «өлі» түбірлері жайында // ҚазССР ҒА Хабарлары. Филол. сер. 1983. № 4. 37-б.

¹⁵ Севортян Э. В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. М., 1962. С. 242; Левитская Л. С. Историческая морфология чувашского языка. М., 1976. С. 169.

¹⁶ Рамстедт Г. Көрсетілген еңбек. 170-б.; Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. М., 1952. Т. 2. Ч. 1. С. 204; Харитонов Л. Н. Типы глагольной основы в якутском языке. М., 1952.

қарайтын да пікір бар. Яғни, гуттуралды формалар ежелгі фонетикалық күйді көрсетеді¹⁷. /аи < ғай, ай < < ғай, ы < қы, ғы; а < қа т. б. /. Ал. В. Котвич *a/e* суффиксін әлі бітпеген іс-әрекетті білдіретін *ā* көмекші етістігімен байланыстырса¹⁸, Д. М. Насилов оны белгілі бір есімдер класын етістіктер класына ауыстыратын, яғни «етістіктік» белгіні көрсететін формант деп қарайды¹⁹.

Бірақ, *-a/-e* аффиксінің генезисі туралы мәселені ашық қалдырып, оның ежелгілігін бәрі де мойындайды. Түркі тілдерінің ең ежелгі жазбалары енисей ескерткіштерін зерттеген И. А. Батманов, З. В. Бабушкин, Г. Ф. Арагачи де енисейкада қолданылып, күні бүгінге дейін жеткен үш аффикстің бірі ретінде *a/e* формасын көрсетеді²⁰.

2. $\sqrt{\text{ай/ей}}$: аз > азай-; ес > есей-; көп > көбей-; *қақ > қақай-; қат > қатай-; *қоқ > қоқай-; *тыр > тырай-; *шоқ > шоқай-; *құт > құтай; *сақ > сақай-; мол > молай-; *сер > серей-; *сор > сорай-; *сіл > сілей-:

Біздің ойымызша, *ай/ей* аффиксін әбден пассивтенген деп қарауға болмайды. Бұл қосымшалы түбірлердің тарихи туынды болуына әсер еткен аффикстік морфема емес, түбірдің қазіргі тілімізде семантикасының күнгірттенуі. Қосымша морфемасыз дербестігін жойып, жеке сөз болу қабілетінен айрылған бұл түбір морфемаларды ішкі реконструкция арқылы түбірлес басқа сөздердің құрамынан да тауып, теориялық тұрғыдан гипотетикалық ортақ түбірін табуға болады. Мысалы:

_____	тыр (жалаңаш)
_____	тырай-
_____	*тыр
_____	тырдай (жалаңаш)
_____	тырби-
_____	тырти-

Бұл түбірлердің кейбіреуін жалаң күйінде ескерткіш

¹⁷ Севортян Э. В. Аффиксы глагольного словообразования в азербайджанском языке. С. 242.

¹⁸ Котвич В. Исследования по алтайским языкам. М., 1962. С. 217.

¹⁹ Тюркологический сборник. М., 1977. С. 183.

²⁰ Батманов И. А., Арагачи З. Б., Бабушкин Г. Ф. Современная и древняя Енисейка. Фрунзе, 1962. С. 136.

тілдерінен де кездестіреміз. Мысалы, *saγ* — М. Қашқари сөздігінде «ум» «сообразительность»²¹ /сақ—сақай-/; *gut* «счастье»²² /құт>құтай-;

Басқа да аффикстер секілді бұл формада да варианттылық бар. Сондықтан, оның генезисі туралы да ғалымдарда ортақ пікір жоқ. Мысалы, Рамстедт, Харитонов, Брокельман бұл модельді *ag>ai* деп қараса²³, Дени -*qai*, -*qa>ai* деп қарайды²⁴. Котвич -*ai* формасын оптативті-потенциалды негіздер тудыратын ерекше жұрнақ деп есептейді²⁵.

3. $\sqrt{-ал/-л}$: *ат>атал-*; *жоқ>жоғал-*; *жөн>жөнел-*; **жөт>жөтел-*; *кен>кенел-*; **қақ>қақал-*; **ом>омал-*; **шаш>шашал-*;

Казембек оны *ул* «быть, становиться» етістігімен байланыстырса²⁶, Дени, Харитонов, Рамстедт, Севортян -*ылаа/-лаа/-таа*, -*ла/-ле* формаларымен параллель қолданылады деп көрсетеді²⁷. Біз -*ал/-ел* формасы құрамды деген пікірге қосыламыз. Б. Серебренников -*л* көп қайталанатын қимылды білдіретін көрсеткіш деп қарайды²⁸.

4. $\sqrt{-ар/-ер/-р}$:

Біз қазақ тілінен осы модель арқылы жасалған 34 императив етістік таптық, соның 17-сі диахрониялық тұрғыдан осы аффикс пен «өлі» түбірге жіктеледі. Мысалы: **без>безер-*; **доғ>доғар-*; **жіб>жібер-*; **ит>итер-*; **кез>кезер-*; **көт>көтер-*; **қап>қабар-*; **қас>қасар-*; **қоп>қопар-*; **қот>қотар-*; *саз>сазар-*; **ұз>ұзар-*; **үд>үдер-*;

Олардың кейбірінің құрамындағы «өлі» түбірлерді ескерткіштерден, кейбір қазіргі тілдерде сақталып қалған тілдік фактілерден табуға болса, ал кейбір түбірлер жалаң күйінде еш жерде кездеспейді. Мысалы «ит»

²¹ МК, 111, 154.

²² ДТС, 471.

²³ Рамстедт Г. Көрсетілген еңбек. 178-б.; Харитонов Л. Залоговые формы в якутском языке. М.—Л., 1963. Изд-во АН СССР С. 230—240.

²⁴ Дени. Основы... 396-б. § 620.

²⁵ Котвич В. Көрсетілген еңбек. 218-б.

²⁶ Казембек А. Общая грамматика турецко-татарского языка. Казань, 1846. С. 174—175.

²⁷ Рамстедт Г. Көрсетілген еңбек. 81—95-б.; Дени. Көрсетілген еңбек. 139-б.; Харитонов Л. Көрсетілген еңбек. 225-б.

²⁸ Серебренников Б., Гаджиева Н. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Баку, 1979. С. 209.

түбірі «итеру» мағынасында орхон ескерткіштерінде, қазіргі алтай тілінде кездеседі²⁹. «Көтер» етістігінің жалаң формасы якут тілінде сақталған³⁰. Сол сияқты «ұзар» мағынасын «ұз»-дың өзі-ақ берген³¹ т. с. с. Әуелде бір буынды болған бұл түбірлердің «ұзаруы»—тілдің одан әрі дамуының нәтижесі. Бұрын етістік мағынасын түбір күйінде-ақ берсе, енді белгілі бір форма арқылы айқынырақ көрсетті. Бұл формаларда «таза» императивтік мағынадан гөрі, тілдің етістік есім болып жіктеле бастаған кезеңіне сай туған етістік тудырушы формалардың мәні бар тәрізді. Мысалы: без > безер-; саз > сазар-; көк > көгер-; т. б. Бұлардың ортақ мағынасы — белгілі бір затқа тән сапа, белгі. Немесе «субъектінің бір сападан екінші сапаға өтуін, екінші бір түрге ауысуын» білдіреді³². Осы сияқты етістіктердің генезисі императив формасының табиғаты әлі түбегейлі айқындалмағанын көрсетеді. Ғалымдардың бәрі бірдей, атап айтқанда, индоевропа, финно-угор тілдерін зерттеушілер бұл форманы жеке бөліп қарамайды³³.

Н. А. Баскаков -ар/-ер және -қар/-кер, -ғар/-гер аффикстерін әртүрлі фонетикалық варианттар деп қарайды³⁴. Батманов «эр» (быть) етістігімен байланыстырады³⁵. Харитонов өзгелік етістіктің көрсеткіші деп есептейді³⁶.

5. $\sqrt{-ас-/-ес-/-с}$:

Қазіргі қазақ тілінде бұл форма толық мағыналы түбірлерге жалғанып, ортақ етістің грамматикалық мәнін беретін сөз өзгертуші категория. Бірақ тілімізде құрамынан бұл қосымшаны бөліп алуға келмейтін етістіктер де бар. Мысалы: *ад > адас-; *ал/ж/ > алжас-; *ег > егес-; *жар > жарас-; *күр > күрес-; *тақ > тақас-; *тал > талас-; *ұл > ұлас-; *түг > түгес-; *шат > шатас-;

²⁹ ДТС, 215; Ойротско-русский словарь. С. 14.

³⁰ Очерки сравнительной лексикологии алтайских языков. Л., 1972. С. 6.

³¹ ДТС, 620.

³² Хасенова А. Қазақ тіліндегі -ла, -ле, аффиксті туынды түбір-етістіктер. Алматы. 1957. 43-б.

³³ Серебренников Б., Гаджиева Н. Көрсетілген еңбек, 215-б.

³⁴ Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. М., 1952. Ч. 2. С. 319.

³⁵ Батманов И. А. Употребление падежей в киргизском языке. Фрунзе., 1938. С. 15.

³⁶ Харитонов Л. И. Типы глагольной основы в якутском языке. АДД. М., 1954. С. 19.

Бұл мысалдар етіс формасы әуелде сөз тудыру қызметін атқарған деген пікірді дәлелдей түседі.

Осы форманың ежелгілігін көрсететін тағы бір факт — осы модельде көптеген синкретизмдер кездеседі. Мысалы: *кеңес-*, *егес-*, *күрес-*, *талас-*, т. б. Қазақ тілінде тек қана есім мағынасында қолданылатын «үлес» сөзін алайық. М. Қашқари сөздігінде *ülä* — «бөлу», «тарату» дегенді білдіретін түбір етістік, ал *üläš* — «бөлісуді» білдіретін содан жасалған туынды етістік³⁷. Мысалы: *Olağ ikki tavağın üläšdi*³⁸ (олар екеуі дүниені бөлісіп алды).

Қазіргі алтай тілінде жоғарыдағы етістік түбір де (*үле* — *бөлу*) синкретикалық парлар да бар (*үлиш* — *бөлік*, *үлиш* — *бөлісу*)³⁹. Орта түркі ескерткіштерінде де солай (*үлә* және *үләш*)⁴⁰. Ал, қазақ тілінде осы сөздің етістік мағынасы тек «*үлестір*»-формасында ғана беріледі.

Генезистік жағынан бұл аффикс те құрамды болуы мүмкін (-а — етістік тудырушы форма, ал с — интенсивті қозғалыстың көрсеткіші екені белгілі).

6. *√-ба/-бе*: *ар > арба-; жаз > жазба-; *жал > жалма-; *жөр > жөрме-; *көл > көлбе-; *күр > күрме-; *қар > қарма-; оң > оңба-; *сер > серме-; *тер > тербе-; *шыр > шырма-;

Бұл форма қазіргі қазақ тілінде етістік жасауда — өнімсіз. Оның фонетикалық варианттары *-ма/-ме*, *-па/-пе*.

7. *√-да/-де*-; *ай > айда-; *ал > алда-; *аң > аңда-; *боз > бозда-; бұл > бұлда-; *дән > дәнде-; дәм > дәмде-; ден > денде-; жаз > жазда-; жал > жалда-; жол > жолда-; қам > қамда-; *маз > мазда-; *мең > меңде-; *тал > талда-; *сыз > сызда-; т. б. Ол — етістік жасаудағы ең өнімді модель *-ла/ле* формасының фонетикалық варианты.

8. *√-жы/-жі*:

Осы модель арқылы жасалған етістік түбірлер тілімізде санаулы-ақ: Олардың бәрі дерлік тіліміздің дамуының қазіргі кезеңінде морфемалық талдауға көнбейді.

Мысалы: *абыр > абыржы-; *ал > алжы-; *жыл >

³⁷ МК, 111, 255.

³⁸ МК, 1, 189.

³⁹ Ойротско-русский словарь. С. 172.

⁴⁰ Ибатов А. Кутбтың «Хусрау уа шірін» поэмасының сөздігі. Алматы, 1974. 255-б.

жылжы-; *мы > мыжы-; *рен > ренжі-; уыл > уылжы-;
*ыбыл > ыбылжы-;

Өзінің етістік тудырушы қызметіне қарай бұл форма-сы/-сі-, -шы/-ші формаларымен бір мәндес, бір варианты.

Байқап отырғанымыздай, бұл вариант сонор дауыссыздарға аяқталған түбірлерге жалғанады.

Негізгі беретін мағынасы — қимылдың созылыңқылығы, үздіксіз қозғалысы.

9. $\sqrt{\text{жи}}$: *бақ > бақжи-; кір > кіржи-; қон > қонжи-;
*қыл > қылжи-; *қыр < қыржи-; *тыр > тыржи-; *ыр > ыржи-;

Бұл формалы етістіктер көбіне еліктеуіш сөздерден жасалған. Олардың түбір морфемасының ежелгілігі, «өлі» түбірлерге айналуы да, мүмкін, сондықтан болар.

10. $\sqrt{\text{қа/-ке, -ға/-ге}}$:

Бұл модель қазіргі тілімізде өнімсіз қосымшалар қатарына жатады. Осы қосымшалы етістіктердің бәрі синхрондық тұрғыдан түбір боп саналады. Ал диахрондық зерттеудің нәтижесінде анықталған түбір морфемасының мағынасы қазіргі тілде түсініксіз. Мысалы: *бай > байқа-; *бұл > бұлға-; *бүр > бүрке-; *был > былға-; *жай > жайқа-; *жал > жалға-; *жас > жасқа-; *жөр > жөрге; *жыр > жырға-; *қар > қарға-; *қор > қорға-; *құр > құрға-; *мез > мезге-; *нұс > нұсқа-; *сам > самға-; сүй > сүйке-; *тал > талға-; *тар > тарқа-; *тол > толға-; *тір > тірке-; *үй > үйке-; шай > шайқа-; *шыр > шырқа-; *ыр > ырға-;

Қазақ тілінде осы модель арқылы етістіктен жасалған көптеген есімдер де бар. Мысалы: *қол > қолқа; өп > өпке; *қап > қапқа; *бәй > бәйге; *жор > жорға, ұйғыр тілінде — *үй > ұйқа-; күл > күлкә⁴¹.

Бұлар тілдің даму барысында етістік мәні жоғалған синкретикалық парлардың сыңары болуы да мүмкін.

Рамстедт -ға аффиксін «нағыз» етістіктің мағынасын беретін форма деп қарайды⁴². Осы формалы етістіктердің бәрінің сабақтас етістік болуы осы пікірді айқындай түсетін секілді. Л. С. Левитская -қа/-ке моделін есімнен жасалған каузативтердің көрсеткіші деп қарап, сонор дыбыстардан кейін ға/-а болып өзгеріске ұшыраған деп

⁴¹ Наджин Э. Н. Уйгурско-русский словарь. М., 1968. С. 140, 163.

⁴² Ramstedt G. Zur Verbstammbildungslehre. S. 9.

жорамалдайды⁴³. Осы пікірді Б. М. Юнусалиев те қостап, қазіргі бурят-монғол тілдерінен фактілер келтіреді⁴⁴. Бұл тілдерде салт етістіктер *а-ға* аяқталады да, сабақты етістіктерге *-ға* т. б. жалғанады. Мысалы: *һун-ға* — *сайлау*, *һун-а* — *сайлану*; *сун-у* — *тартылу*, *сун-ға* — *тарту*; Мұның қалдықтары кейбір түркі тілдерінде де сақталған.

Мысалы, қырғыз, қазақ тілдерінде; *тара* — *тарқа*; *қоры* — *қорға*; *тай* — *тайқа*; *шай* — *шайқа*. Бірақ бұл варианттардың мағыналық ерекшеліктері жоқ. Кейде бір варианты бір тілде, екіншісі басқа тілде сақталып қалады. Мысалы, қазақ, қырғыз тілдерінде — *тал* (*талып қалу*), алтай тілінде — *талға*. Немесе, қазақ, түркімен т. б. тілдерде — *еле*, алтай, қырғыз тілдерінде — *елге*. Мұндай фактілерді Левитская да келтіреді: *bulā* — «мешать» (түркм.) *bulūa* — «махать рукой» (ноғай); *īga* — «качать» (түркм.) *īgūa* — «шевелить» (қырғ.)⁴⁵.

Сол сияқты қазақ тіліндегі *оян-*, *оят-* императивтерін ескі өзбек тіліндегі *ой-ған-*, *ой-ғат-* варианттарымен салыстыруға болады⁴⁶.

Осы аффикстің генезисі туралы Севортян К. Фоймен Г. Рамстедттің пікірлеріне қосылып, тарихи тұрғыдан *-ға/-ғы* және *-а/-ы* көрсеткіштері бір формадан тараған деп қарайды⁴⁷.

В. В. Радлов *-қа/-ке* моделінің түркі тілдерінің шығыс группаларында XI ғ. дейін болғанын көрсетеді⁴⁸. П. М. Мелиоранский де бұл аффиксті өнімсіз формалар қатарына қосады⁴⁹.

11. $\sqrt{\text{қай}}$ /кей: **аң* > *аңқай-*; **ең* > *еңкей-*; **қаң* > *қаңқай-*; **шал* > *шалқай-*; **ұл* > *ұлғай-*; **қай* > *қайқай-*; **қал* > *қалқай-*; **қас* > *қасқай-*; **қи* > *қиқай-*; **мар* *марқай-*; **тоң* > *тоңқай-*; Осы қатардағы *аңқай-*, *қаңқай-*, *ұлғай-*, *қайқай-*, *қалқай-*, *қиқай-*, *марқай-* етістіктерінің құрамындағы аффикстік морфемалар импера-

⁴³ Левитская Л. С. Историческая морфология чувашского языка. М. 1976. С. 172.

⁴⁴ Юнусалиев Б. М. Көрсетілген еңбек. 129-б.

⁴⁵ Левитская Л. С. Көрсетілген еңбек. 172-б.

⁴⁶ Фазылов Э. Староузбекский язык. Хорезмские памятники. Ташкент. Фан. Т. 2. С. 167—168.

⁴⁷ Севортян Э. В. Аффиксы глаголообразования... С. 242.

⁴⁸ Radloff W. Alttürkische inschriften. Neue Folge. Слб. 1897. S. 55—56.

⁴⁹ Мелиоранский П. М. Араб-филолог о турецком языке. СПб., 1900. С. 25.

тивтік мағына емес, етістік тудырушылық қызмет атқарып тұр.

Мазмұны мен формасы жағынан -ай/ -ей етістік тудырушы моделіне жақын.

12. Ү-қар//-кер: *ай > айқар-; *аң > аңғар-; *ат > атқар-; *жөт > жөткер-; *құт > құтқар-; *үл > үлгер-; ес > ескер-; көм > көмкер-; *өз > өзгер-; *төң > төңкер-; *үй > үйғар-;

Бұл -ар/ер моделіне ұқсас сөз тудырушы форма деп қараймыз.

13. Ү-қи /-қи: *дөң > дөңқи-; *қал > қалқи-; қас > қасқи-; *қи > қиқи-; *кей > кейқи-; *маң > маңқи-; *өң > өңқи-; *таң > таңқи-; тең > теңқи-; *тың > тыңқи-; *шоң > шоңқи-;

Бұл форма негізінен еліктеуіш түбірлерге жалғанып, бір нәрсеге ұқсату мәнін береді.

14. Ү-қы /-кі: *аң > аңқы-; *бал > балқы-; *бүр > бүркі-; *был > былқы-; *жөң > жөңкі-; жұл > жұлқы-; *зыр > зырғы-; *кер > кергі-; көл > көлкі-; *кіл > кілкі-; *қар > қарғы-; *қал > қалғы-; *қал > қалқы-; *қаң > қаңғы-; *мөң > мөңкі-; *мүл > мүлгі-; *мүң > мүңкі-; *мыз > мызғы-; *ор > орғы-; *сар > сарқы-; *саң > саңғы-; *сер > сергі-; *сүң > сүңгі-; *сыр > сырғы-; *сіл > сілкі-; тай > тайқы-; *тол > толқы-; *шал > шалқы-; *шұл > шұлғы-; *шүй > шүйгі-; *шыл > шылқы-; *үң > үңгі-; *ыр > ырғы-; ыт > ытқы-; *ір > іркі-. Етістік түбірлер құрамында лексикаланған бұл формаларды жоғарыда талданған -қа/ -ке моделінің фонетикалық варианты деп қараймыз.

15. Ү-қыр /-кір, -ғыр /-гір: а > ақыр-; аз > азғыр-; *ба > бақыр-; жаз > жазғыр-; *жаң > жаңғыр-; *жым > жымқыр-; *қай > қайғыр-; *қаң > қаңғыр-; *қым > қымқыр-; *мың > мыңғыр-; *ос > осқыр-; *пыс > пысқыр-; *ша > шақыр-; *шыж > шыжғыр-; *шың > шыңғыр-; *үш > үшкір-; *ыс > ысқыр-;

Осы қатардағы етістіктердің дені еліктеуіш түбірлерден жасалған. Мағыналық жағынан бұл сөздердің бәрі бір семантикалық топқа жатады. Сонымен қатар бұл аффикстің еліктеуіш емес, басқа да мағыналы көне, «өлі» түбірлерге жалғанғанын көреміз. Мысалы: *азғыр-, *жазғыр-, жаңғыр-, *қаңғыр-. Дегенмен, шығу тегіні жағынан еліктеуіш түбірлерге жалғануы бұры-

нырақ тәрізді. Себебі, «өлі» түбірлерге басқа да қосымшалар жалғанып, түбірлес сөздер туады. Мысалы: *жаңа, *жаңғыр-; *қаңғыр-, *қаңтар-, *қаңсы-; т. б.

Ал, еліктеуіш түбірлердің біреуіне де осы аффикстен басқа форма жалғанбайды.

16. *Ү*-ла /-ле:

Қазіргі қазақ тілінде және басқа да түркі тілдерінде *-ла/-ле* қосымшасы—етістік тудыруда күні бүгінге шейін ең активті форма.

Мысалы, якут тілінің зерттеушісі Л. Н. Харитонов сол тілде *-лаа* аффиксі арқылы кез келген зат есімнен етістік жасауға болады деп көрсетеді⁵⁰. *-ла* суффиксі кең мағынадағы етістіктің ұғымына тән мағыналардың бәрін береді⁵¹. Оның есім түбірге жалғануы сол сөзді етістік аспектіне ауыстырады. Оны түбір морфемадан ажырату еш қиындық келтірмейді. Мысалы: *ау-ла, бар-ла, би-ле, жау-ла* т. б.

Сонымен қатар синхрондық тұрғыдан компоненттік талдауға көнбейтін етістіктер де кездеседі. Бұл факт «өлі» түбірлердің пайда болуы тек аффикстердің пассивтенуінен ғана емес, түбір морфеманың семантикасының күнгірттенуіне де байланысты екенін дәлелдейді. Мысалы: *бай > байла-; *бақ > бақ(ы)ла-; *бау > баула-; кеу > кеуле-; *қа > қала-; *қау > қаула-; *сөй > сөйле-; *сы > сыла-; *ту > тула-; *тү > түле-; *ұр > ұрла-; *шар > шарла-;

Күні бүгінге шейін өнімді сөз тудырушы модель бойынша олардың аффикстік морфемасын анықтау қиын емес. Ал, түбір морфемалары қазіргі тілімізде жеке сөздік қасиетін жоғалтқан, мағынасы белгісіз. Олардың кейбіреулерін салыстырмалы-тарихи зерттеу нәтижесінде сол күйінде ескерткіштер тілінен кездестіреміз. Кейде қазіргі тілдерде сақталып қалған фактілер болады. Мысалы: *қа—қа-ла* —«складывать, класть по порядку⁵²», *тү—тү-ле*—«волосок, шерсть, перья⁵³», *біі—бі-ле*—«острие, лезвие⁵⁴».

Аффикстік морфемасының күні бүгінге шейін өнімді-

⁵⁰ Харитонов Л. Н. Типы глагольной основы в якутском языке. М. Л., 1954. С. 92.

⁵¹ Ахметов М. А. Глагол в языке орхоно-енисейских памятников. Саратов, 1978. С. 46.

⁵² ДТС. 399.

⁵³ ДТС. 594.

⁵⁴ Пекарский Э. К. Словарь якутского языка. СПб., Т. 1. С. 452.

лігіне қарамастан, түбір морфемаларының мағыналарының әртүрлі дәрежеде көмескіленіп немесе кейбіреулерінде мүлде жоғалуы оларды түбір етістік қатарына қосқан. Мұның себептерін толық анықтау қиын. Дегенмен, соған әсер ететін кейбір фактілерді атап өтуге болады. Ол негізінен сол туынды етістікке негіз болатын есім сөздің мағынасына байланысты. Мысалы:

1. қолданылу өрісінің кеңдігі

2. қолданылу өрісінің тарлығы

3. қолданылу өрісінің тереңдігі

4. қолданылу өрісінің таяздығы

5. туынды етістіктің өзінің есім төркінінен қол үзіп метафора есебінде қолданылуының нәтижесінде делексикалануы.

6. Сөз құрамындағы дыбыстардың деформацияға ұшырауы (*сөйле* < *söz*; *байла* < *baу*) т. б.⁵⁵

Қазақ тіліндегі -ла/-ле қосымшалы етістіктердің табиғаты проф. А. Қалыбаеваның еңбегінде арнайы зерттелген⁵⁶. Оның генезисі жөнінде көптеген ғалымдар -ла формасын көптік форма -лағ- -мен байланыстыратын Бетлингктің пікірін қуаттайды⁵⁷.

17. $\sqrt{\text{на/не}}$: *аз > азьна-; *ар > арна-; ау > ауна-; *жай > жайна-; кер > керне-; *қай > қайна-; *қат > қатына-; *қи > қина-; *ой > ойна-; *сар > сарна-; *тыр > тырна-. Көріп отырғанымыздай, бұл қосымшалы сөздердің көбі бүгінде түбір сөзге айналған. Юлдашев, Гулямов, Қалыбаева бұл форманы -ла аффиксінің бір варианты деген болжам айтады. Бұл жорамалды негізсіз деуге болмайды. Себебі, туыс шор, якут тілдерінде -ла/-ле аффиксінің бір фонетикалық варианты ретінде -наа, -нээ аффикстері жиі қолданылады. -На/-не формасы негізінен сонор дауыссыздарға аяқталған түбірлерге және кейбір еліктеуіш түбірлерге жалғанады. Сондықтан санаулы түбірлерге ғана қосылуы оның өнімсіз формаға айналуына әсер еткен болу керек.

18. $\sqrt{\text{ра/ре}}$: *аң > аңыра-; *бау > баура-; *ең > еңіре-; *жад > жадыра-; *жам > жамыра-; *жай > жайра-; жау > жаура-; *күй > күйре-; *қай > қайра-; *қаң >

⁵⁵ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1974.

⁵⁶ Хасенова А. Қазақ тіліндегі -ла, -ле, аффиксті туынды түбір етістіктер. Алматы, 1957.

⁵⁷ Серебренников Б. А. К истории суффикса деноминативных глаголов в тюркских языках // СТ. 1972. № 5. С. 67.

қаңыра-; *қи > қира-; *қу > қура-; *маң > маңыра-; *мөң > мөңіре-; *сай > сайра-; *сүй > сүйре-; *ту > тура.

Қазіргі түркі тілдерінің бәрінде дерлік бұл — өнімсіз аффикс. Сондықтан осы қосымшалы етістіктер морфологиялық жіктеуге келмейді. Севортян, Дмитриевтердің пікірінше, бұл арада сөз тудырушылық қызметін атқарып тұрған соңғы *-а/-е* дыбыстары, ал *-ыр* бір буынды иммитативтерге жалғанатын модификалық көрсеткіш⁵⁸. Түркологияда *-ра/-ре* мен *-ла/-ле* формаларын еліктеуіш түбірлерге жалғанатын фонетикалық варианттар деп қарайтын көзқарастар да бар⁵⁹. Рамстедт — *-ра// -ре* аффиксінің этимологиясын *-р я -ар* формантының фонетикалық дамуының, ұзаруының нәтижесі деп қорытады⁶⁰. Н. А. Баскаков бұл аффиксті еліктеуіш етістіктер жасайтын *-ыр/-ла* аффиксінің қысқарған түрі дейді⁶¹.

В. Котвич *-ла, -ле* және *-ра, -ре* формаларын етістік тудырудағы ең ежелгі және универсал формалар деп есептейді де, олардың қызметін былайша жіктейді: *-ла/-ле* сабақты етістіктерді, *-ра/-ре* салт етістіктерді жасайды⁶². Алайда, тілімізде осы модель арқылы еліктеуіш емес түбірлерден жасалған да етістіктер бар. Мұндай етістіктерді Севортян да айтқан⁶³. Мысалы: **аж* > *ажыра-*; **бау* > *баура-*; **жай* > *жайра-*; **жад* > *жадыра-*; **күй* > *күйре-*; **сай* > *сайра* т. б. Бұл етістіктердің түбір морфемасын құрап тұрған бөлігінің семантикасы күңгірт. Дегенмен, олардың еліктеуіш сөздер емес екендігі анық. Осындай түбірлерді талдау үстінде екі морфеманың арасында түйісіп деэтимологизацияға соқтыратын фонетикалық құбылыстар жете көңіл бөлуді керек етеді⁶⁴. Мысалы: *-ра* аффиксі қосылуы арқылы 'саз' сөзінен 'сазда-' етістігімен қатар 'сайра-' етістігі де жасалған. Баскаков атап керсеткендей, мұндай құбылыстар тіл дамуының ортатүркі кезеңіне тән⁶⁵.

⁵⁸ Севортян Э. В. Көрсетілген еңбек. 324-б.; Дмитриев Н. К. Грамматика кумыкского языка. М., 1940, С. 49.

⁵⁹ Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. С. 319; Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 1974. 247-б.; Хасенова А. Қазақ тіліндегі *-ла, -ле* аффиксті туынды етістіктер. Алматы, 1957. 39-б.

⁶⁰ Рамстедт. Көрсетілген еңбек. 178-б.

⁶¹ Баскаков Н. А. Көрсетілген еңбек. 319-б.

⁶² Котвич В. Көрсетілген еңбек. 76-б.

⁶³ Севортян Э. В. Көрсетілген еңбек. 324-б.

⁶⁴ Бертагаев М. А. Морфологическая структура слова в монгольских языках. М., 1969. С. 126.

⁶⁵ Современный казахский язык. Алма-Ата. Наука. 1961. С. 305.

19. $\sqrt{-са/-се, -сы/-сі}$: *аң > аңса-; *ақ > ақса-; *бу > буса-; *жу > жуса-; жұм > жұмса-; *көк > көксе-; *күй > күйсе-; *ұқ > ұқса-; су > суса-; *бор > борсы-; *бық > бықсы-; *жіп > жіпсі-; *күп > күпсі-; *қақ > қақсы-; *қаң > қаңсы-; *қоқ > қоқсы-; *қоп > қопсы-; лық > лықсы-; *өк > өксі-; сар > сарсы-; *сың > сыңсы-;

А. Н. Кононов *-са/сы* аффикстерін қалау райдың көрсеткішімен байланыстырады⁶⁶. Оны шынында да жоққа шығаруға болмайды. Себебі бұйрық райдың грамматикалық жалпы мағынасы тек бұйрық ретінде ғана емес, тілек түрінде де болатыны белгілі. Көптеген ғалымдар генетикалық жағынан рай категориясының жіктелмегендігін атап өтеді⁶⁷. Серебренников атап көрсеткен бұл аффиксті етістіктердің беретін мағынасының бірі — «сезіну» (чувствовать себя, испытать что-либо) «ұқсату бір нәрсеге»⁶⁸. Бұл мағыналар оның қалау рай формасымен тарихи байланысын көрсетеді. Осы модельдің «бір нәрсеге ұқсату» мағынасын, сонымен қатар тұңғұс тілдерінде жалпы етістіктерге тән қимылдың сипатын беретін мағыналарын (многократность, непрерывность, продолжительность действия) В. Котвич, Г. Рамстедт те көрсеткен⁶⁹. Н. А. Баскаков негізгі форма *-сы*, ал *-са* — соның варианты, *-сы*-ның өзін оғыз емес тілдерде тараған — *сыра* формасының қысқарған түрі деп қарайды⁷⁰.

Осы модель арқылы біршама етістіктің жасалуы, олардың семантикалық бірізділігі мен ортақтығы бұл форманың ертеде етістік тудырудағы белсенділігін көрсетсе, ал олардың тарихи туындылығы, түбір морфемасының өліге айналуы оның көнелілігін көрсетеді.

20. $\sqrt{-сыр-//-сір-}$: *жап > жапсыр-; *қау > қаусыр-;

⁶⁶ Кононов А. Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.—Л. 1965. С. 235.

⁶⁷ Кононов А. Н. Категория наклонения и времени в тюркских языках // Сопровождение по вопросам категории времени и наклонения глагола в тюркских языках. Тезисы докладов. Баку. 1961. С. 5—6; Агазаде Н. Г. Система глагольных наклонений в современном азербайджанском литературном языке. Баку. 1967. С. 73; Гаджиева Н. Г. О тенденциях в развитии морфологического строя тюркских языков. // СТ. 1976. № 5. С. 13.

⁶⁸ Серебренников Б., Гаджиева Н. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Баку. 1979. С. 246.

⁶⁹ Котвич В. Көрсетілген еңбек. 206—208-б. Рамстедт. Көрсетілген еңбек. 147-б.

⁷⁰ Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. Т. 1. Ч. 1. С. 321.

*қап > қапсыр-; *қу > қусыр-; *тап > тапсыр-; тық > тықсыр-; *ық > ықсыр-;

Тілімізде *-сыр/-сір* арқылы жасалған етістіктер санаулы-ақ. Осы аздығына қарап та оны өнімсіз деп қараймыз. Дегенмен, осындай формаларды талдағанда мына бір фактіні ескеру қажет. Шығу төркіні жағынан бір-біріне жақын, мәндес жұрнақтардың жалғанатын сөздерінің аясында да өзара айырмашылық бар. Бірі жалғанған түбірге екіншісі жалғанбайды. Яғни, талған жалғанады. Оның себебін, мүмкін, әр түбірдің табиғатынан іздеу керек болар. Мысалы *-ла/-ле*, *-та/-те*, *-да/-де* есімдерден етістік тудыратын аса құнарлы қосымша. Бірақ бұл жұрнақ есімдердің бәріне бірдей жалғана бермейді. Сондықтан да түбірдің табиғатына көбірек үңілу көп сырды ашады.

21. $\sqrt{\text{т-}}$: *ай > айт-; *ар > арт-; *бөр > бөрт-; ер > ерт-; *жор > жорт-; жыр > жырт-; *кер > керт-; *қай > қайт-; *құр > құрт-; *сұр > сұрт-; *тар > тарт-; *тұр > тұрт-; *тін > тінт-; *үй > үйт-; *шер > шерт-;

Қазақ тілінде *-т-* қосымшасы етістіктің ырықсыз етіс формасы ретінде кеңінен жұмсалады. Әрине, бұл арада ол түбірге емес, туынды түбірге жалғанады. Оның орхон-енисей, ескі ұйғыр т. б. ескерткіштердегі грамматикалық мағынасы да осылай⁷¹. Бірақ тілдің даму барысында осы аффикс түбірмен әбден кірігіп кеткен біраз етістіктер бар. Олар жоғарыда келтірілді. Тюркологиялық әдебиетте осы тәріздес түбірлердің қалыптасуын түсіндіретін еңбектер кездеседі⁷². /Ай-т/ — бұл дериваттарда бұл күнде императивтік мән жоғалған. Оның себебі — «өлі» түбірлерге айналған моносиллабтермен *-т* көрсеткішінің кірігуі. Түркі тілдеріндегі осындай *-т* аффиксті тарихи туынды етістіктерді талдау үшін Рамстедт оларды корей тіліндегі ұқсас етістіктермен салыстырады⁷³. Мысалы: түрік тілдерінде: *jat-*, *bat-*, *çat-* болса, корей тілінде: *ça-*, *pa-*, *çha-* т. б.

22. $\sqrt{\text{та/-те}}$: *ат > атта-; *жас > жаста-; жат > жатта-; *мақ > мақта-; қақ > қақта-; сақ > сақта-; от > отта-; *өр > өрте- *сық > сықта-; *сіл > сілте-; *тас > тас-

⁷¹ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М. 1951. С. 3.

⁷² Дмитриев Н. К. Очерки по методике преподавания русского и родного языка в татарских школах. М., 1952. С. 203.

⁷³ Рамстедт. Көрсетілген еңбек. 148-б.

та- *тап > тапта-; *ұс > ұста-; сеп > септе-; *тоқ > тоқта-;

Бұл -ла/-ле — моделінің фонетикалық варианты.

23. Ү-тар/-тер, -дар/-дер: ақ > ақтар-; *аң > аңтар-; ау > аудар-; *бөк > бөктер-; *дағ > дағдар-; *қай > қайтар-; *қаң > қаңтар-; *той > тойтар-; *ұл > ұлтар-;

Бұл аффикстің генезисі жөнінде М. Рясянен Э. Карахтың *t* — каузативтің көрсеткіші, эг — 2 жақ көпше форма деген пікірін қолдайды⁷⁴. Қазақ тілінің фактілерінің негізінде бұл аффикстің осылайша «сатылап» консервацияға ұшырауын дәлелдеу қиын. *Қай-т-ар* етістігінен басқасы мұндай талдауға келмейді. Қазіргі тілімізде грамматикалық императивтік мағына беруде де ол өнімсіз форма. Ол жалғанған санаулы түбірлердің бәрі де «өлі» түбірлер. Ол етістіктердің құрамындағы генезистік қызметі, біздіңше, сөзтудырушылық.

24. Ү-ты/-ті, -ды/-ді:- *ел > елті-; ес > есті-; *қам > қамты-; мал > малты-; *аң > аңды-; *дег > дегді-; *жи > жиді-; таң > танты-; Түркологияда *-а/-е* және *-ы/-і* формалары параллель қаралатындықтан⁷⁵, біз *-та/-те /-да/-де* мен *-ты/-ті, -ды/-ді* модельдерін де вариант деп қараймыз.

25. Ү-тый/-тій, дый/-дій: *бат > баттый-; *быр > быртый-; *мон > монтый-; *шол > шолтый-; *ыз > ыздый-; *дел > делдій-; *кір > кіртії-; *қыл > қылтый-; *сос состый-; *тыр > тыртый-; *дүр > дүрди-; *шүн > шүнтый-; Бұл — еліктеуіш моносиллабтарға жалғанып, бір нәрсеге ұқсату мағынасын беретін императивтер туғызатын модель.

26. Ү-тыр/-тір, -дыр/-дір: бас > бастыр-; *бұл > бұлдір-; жақ > жақтыр-; кел > келтір-; көн > көндір-; күй күйдір-; *лақ > лақтыр-; *о/л/ > отыр-; т. б.

Көріп отырғанымыздай, бұл аффикс көбіне толық мағыналы түбір сөздерге жалғанып, өзгелік етіс формасы ретінде кеңінен қолданылады. Ал, айтылған мысалдарда компоненттік талдау қиынға соғады. В. Шотт, Н. И. Ашмарин, Г. Рамстедт оны «тұр» етістігімен байланыстырады.

⁷⁴ Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955. С. 208.

⁷⁵ Deny J. Principes de grammaire turque (Turk der Turquie) — Paris. 1955. S. 846.

27. $\sqrt{-ша/-ше}$; *ек > екше-; *қор > қорша-; *өл > өлше-; *шар > шарша-;

Біз бұл форманы жоғарыда талданған -са, -се моделінің фонетикалық варианты деп қараймыз. А. Н. Кононов оның генезисі жөнінде екі түрлі пікір ұсынады⁷⁶.

1) ш:л сәйкестігін ескерсек, -ша аффиксі -ла аффиксінің фонетикалық варианты.

2) -ша < (-и)ш + а

Бұл түркологиядағы -са формасына байланысты т. б. пікірлермен үндеседі⁷⁷.

28. $\sqrt{-шы/-ші}$: *ап > апшы-; *ар > аршы-; *быр > быршы-; жан > жаншы-; *қыр > қыршы-; мал > малшы-; *өр > өрші-; *теп > тепші-; тер > терші-; тын > тыншы-; *шан > шаншы-; шап > шапшы-; *шор > шоршы-; шып > шыпшы-; *ыр > ыршы-;

А. Н. Кононов, Н. А. Баскаков, Ж. Дени т. б. ғалымдар -са/-се және -сы/-сі аффикстерін бір форма деп қарайды. Сондықтан -ша/-ше және -шы/-ші формаларын да солай қараймыз. Осы аффикстермен кірігіп кеткен «өлі» түбірлердің бәріне ортақ мағына.

29. $\sqrt{-ы/-і}$: *ар > ары-; *айн > айны-; *алж > алжы-; аш > ашы-; бай > байы-; *бек > бекі-; быж > быжы-; *бық > бықы-; *дам > дамы-; *дар > дары-; *ер > ері-; жан > жаны-; *жар > жары-; *жас > жасы-; *жек > жекі-; жел > желі-; *жер > жері-; жор > жоры-; *жос > жосы-; *жу > жуы-; *жыл > жылы-; *жіб > жібі-; *кей > кейі-; кем > кемі-; *көк > көкі-; *қаж > қажы-; *қай > қайы-; *қар > қары-; *қас > қасы-; *қоқ > қоқы-; құр > құры-; лық > лықы-; лып > лыпы-; *мой > мойы-; мол > молы-; *мүж > мүжі-; *нал > налы-; *нұқ > нұқы-; *оқ > оқы-; *сас > сасы-; *сұй > сұйы-; *сыл > сылы-; тан > таны-; *тас > тасы-; *тел > телі-; *тоқ > тоқы-; *тор > торы-; *ұй > ұйы-; *ұл > ұлы-; *шек > шекі-; *шош > шошы-; *шұқ > шұқы-; *шір > шірі-; ірк > іркі-.

Ж. Дени -ы/-і аффиксін -а/-е-нің — «әлсіреген» формасы десе, Севортян, Рамстедт -ы/-і мен -ғы/-гі, -а/-е мен -ға/-ге генезистік байланыста деп қарайды.

⁷⁶ Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960. С. 258.

⁷⁷ Баскаков Н. А. Предисловие к книге Рамстедта «Введение...» С. 13; Гаджиева Н. О тенденциях в развитии морфологического строя тюркских языков. // СТ. 1976. № 5, т. 6.

-А/-е формасының тілімізде етістіктер мен есімдер жіктеле бастаған кезде етістіктер жасауда ең өнімді қосымшалардың бірі болғанын, қазіргі тілімізде оның ең ескі, өнімсіз қосымшалардың бірі боп қалғанын жоғарыда атап көрсеткенбіз. Осыны оның бір варианты -ы/-і аффиксі туралы да айтуға болады.

30. Ү-ый/-ій-: бұлт > бұлтый-; *бұрт > бұртый-; жым > жымый-; *құнт > құнты-; *мөл > мөлій-; *селт > селтій-; *сөл > сөлій-;

Бұл — дені еліктеуіш сөздер етістік тудыратын өнімсіз модель.

31. Ү-ық/-ік-: *ай > айық-; ас > асық-; аш > ашық-; *бұй > бұйық-; бір > бірік-; *дән > дәнік-; *ел > елік-; *ер > ерік-; жан > жанық-; *жал > жалық-; жат > жатық-; жау > жауық-; *жер > жерік-; жол > жолық-; *зер > зерік-; кез > кезік-; кер > керік-; кеш > кешік-; қам > қамық-; *қор > қорық-; *құн > құнық-; қыз > қызық-; қыр > қырық-; *мау > мауық-; *об > обық-; тұт > тұтық-; *түт > түтік-; тын > тынық-; *ұй > ұйық-; *үр > үрік-; *ір > ірік-.

Осы форма енисей ескерткіштерінде есімнен етістік тудыруда ең белсенді формалардың бірі болған⁷⁸. Қазірде ол белсендігін жоғалтқанмен, бірақ ол аффикс арқылы жасалған туынды етістіктер біраз. Олардың кейбіреуі оп-оңай морфемаларға жіктелсе, екіншілері оған көнбейді. Бірақ бәрінің де мағынасында өздік етістік мағыналық ренкі сезіледі.

32. Ү-ыл/-іл-: *ар > арыл-; ас > асыл-; ек > егіл-; *ек > егіл-; *жаң > жаңыл-; *жос > жосыл-; құр > құрыл-; *құт > құтыл-; ос > осыл-; *сап > сабыл-; *сар > сарыл-; *сей > сейіл-; *сұй > сұйыл-; *сыт > сытыл-; тұт > тұтыл-; *түң > түңіл-; ұт > ұтыл-; *үң > үңіл-; *шүй > шүйіл-;

Қазіргі қазақ тілінде -ыл/-іл аффиксі ырықсыз етіс категориясының көрсеткіші ретінде қызмет етеді. Ал мағыналары көмескіленіп «өлі» түбірге айналған етістіктер бұл аффикс генетикалық жағынан сөз тудырушы болған болуы да мүмкін деп ойлауға негіз береді. Оны жоғарыда талданған -ал/-ел моделімен варианттас деп те қарауға болады.

⁷⁸ Батманов И. А. Арагачи З. Б. Бабушкин Г. Ф. Современная и древняя Енисейка. Фрунзе. 1962. С. 136.

33. \overline{V} -ын/-ін: аш > ашын-; *бақ > бағын-; *бұл > бүлін-; *ем > емін-; *ер > ерін-; жақ > жағын-; *жал > жалын-; *жүк > жүгін-; *жыл > жылын-; ки > киін-; күп > күбін-; күй > күйін-; кіж > кіжін-; қап > қабын-; *өк > өкін-; *өт > өтін-; *сақ > сағын-; сүй > сүйін-; *сүр > сүрін-; *сый > сыйын-; *тап > табын-; тұт > тұтын-; ұқ > ұғын-; ұс > ұсын-;

Г. Рамстедт, Э. В. Севортян бұл форманы ең ежелгі сөз тудырушы формалардың қатарына жатқызады⁷⁹. «Өлі» түбірге жалғанған аффикстер онымен әбден жымдасып кеткен. Қазіргі тілімізде -ын/-ін аффиксі түгелдей грамматикалық өздік етіс мағынасын береді.

34. \overline{V} -ыр/-ір-: *ай > айыр-; *аң > аңыр-; ас > асыр-; ау > ауыр-; *бақ > бақыр-; бат > батыр-; *бұй > бұйыр-; *ел > елір-; ес > есір-; *жап > жапыр-; *жас > жасыр-; *жек > жекір-; *жүг > жүгір-; *жым > жымыр-; *кек > кекір-; кеш > кешір-; *көп > көпір-; *кід > кідір-; *қақ > қақыр-; қат > қатыр-; *құт > құтыр-; *қыд > қыдыр-; *май > майыр-; *мүд > мүдір-; *ом > омыр-; *оп > опыр-; *сап > сапыр-; *сек > секір-; *сем > семір-; *си > сиыр-; *су > суыр-; *сып > сыпыр-; *сім > сімір-; *үй > үйір-; *шұб > шұбыр-; *ыс > ысыр-;

Бұл форма тіліміздің ерте кезеңінде құрылымы қарапайым түбірлерге, синкретизмдерге тікелей жалғанып, көптеген «таза» етістіктер туғызған. Олардың көбінің түбір морфемасы сол күйінде қазіргі тілде қолданылмайды, түсініксіз. Мысалы: 'жасыр-' етістігінің қазіргі тіліміздегі толық мағыналы кеңінен жұмсалатын етістік екені белгілі. Бірақ ол — тіл дамуы барысындағы кейінгі форма, М. Қашқари XI ғ. ортасында «jaš» дербес сөз ретінде қолданылған деп көрсетеді⁸⁰. ОI мені көгүр jašdī (Ол мені көріп жасырынды). «Жас» түбірінің «өлі» түбірге айналуы кейінгі осы 'жасыр'- — формасының тууымен байланысты. Осындай жаңа форманың қалыптасуы алғашқы бір буынды түбірлерді «өлі» түбірлердің қатарына қосады.

'Жасыр'- типтес императивтердің құрылымын қазіргі тілдегі толық мағыналы көшір-, пісір- т. б. салыстыруға болады.

⁷⁹ Рамстедт Г. Көрсетілген еңбек. 91-б.; Севортян Э. В. Аффиксы глаголообр... С. 483.

⁸⁰ МҚ. III. 60.

35. Ұ-ыс/-іс-: ал > алыс-; *быт > бытыс-; *жап > жабыс-; *жар > жарыс-; *жыл > жылыс-; кел > келіс-; *кер > керіс-; *қап > қабыс-; *қай > қайыс-; *қар > қарыс-; *қат > қатыс-; *қи > қиыс-; *май > майыс-; ой > ойыс-; *тыр > тырыс-; ұр > ұрыс-; *шат > шатыс-; ық > ықыс-;

Қазақ тілінде (басқа да түркі тілдерінде) бұл ортақ етіс формасы ретінде кеңінен қолданылады. Бірақ ол кез келген түбірге қосыла береді деуге болмайды. Осы қатардағы мысалдардан оның ортақ қимылды, көп қайталанатын, интенсивті қимылды білдіретін етістік түбірлерге таяғай жалғанатынын көреміз. Сондықтан да көптеген ғалымдар оның генезисін көптік мағынамен байланыстырады⁸¹.

В. Котвичтің ойынша, осы форма қазіргі тунгус-маньчжур тілдерінде көптік мағынада қолданылатын *-l* формасының алломорфы⁸². Э. В. Севортян, Л. Н. Харитонов, Х. Т. Нигматов *-ыс/-іс* формасының алғашқы мәні ортақ қимылды білдірген, ал көптік мәні содан туған деп қарайды⁸³. Біздің ойымызша, ортақтық мағынаның өзі көптік мағынадан туған деген А. А. Юлдашевтің пікірі дұрыс⁸⁴.

Сонымен қатар — осы модельдің ішінде жоғарыда келтірілген мағыналарды бермейтін де императивтер бар. Мысалы: *бүріс-*, **жылыс-*, *ауыс-*, **қайыс-*, **қарыс-*, **майыс-* т. б. Осы арада *-с* формасының тюркологияда интенсивтіліктің көрсеткіші ретінде қаралатындығын, сол еяқты *ǯ < iǯ* (действие, труд) деп қарайтын да көзқарастар бар екенін ескерсек, бұл арада *-ыс/-іс* сөз тудырушы форма болуы да мүмкін.

Сонымен, қазақ тілінің базистік лексикасында көптеп кездесетін «өлі» түбірлердің, яғни дыбыстық тұлғасы ғана сақталып, мағынасы күңгірттенген лексико-грамматикалық элементтердің табиғатын танып, сырын

⁸¹ Кононов А. Н. Грамматика современ. узбекск. литерат. языка. М.—Л. 1960. С. 188; Кондратьев В. Т. Очерки грамматики древнетюркского языка. Л. 1970. С. 25.

⁸² Котвич В. Көрсетілген еңбек. 110-б.

⁸³ Севортян Э. В. Көрсетілген еңбек. 156-б. Харитонов Л. Н. Залоговые формы глагола в якутском языке. М., 1963. С. 50; Нигматов Х. Т. Залог глагола в восточно-тюркском языке. XI—XII в. // Ст. 1973. № 1. С. 51.

⁸⁴ Юлдашев А. А. Историческое развитие взаимного залога тюркского глагола // Ст. № 4. С. 9.

ашуда сөз құрамын морфема жігіне (түбір мен тұлға аралығы) айыратын морфемалық талдау әдісінің орны ерекше. Осының нәтижесінде біз зерттеп отырған екі буынды императив етістіктердің бәріне ортақ ең басты ерекшеліктердің бірі — олардың синхрониялық және диахрониялық даму тұрғысынан алғанда этимологиялық түбір мен реалды грамматикалық тұлғадан тұруы екенін көреміз. Сонымен қатар екі компоненттің өздеріне тән ерекшеліктері де жоқ емес.

Бұл «өлі» түбірлерді жеке-жеке талдаудан бұрын модельдерді толық қарап алған логикаға жарасымды екенін көрсетеді. Өйткені, модель формаларын бөліп алып қарағаннан кейін түбірлердің жеке-дара айтылатындарынан басқа «өлі» түбірлері өзінен өзі-ақ көрініп тұрады. Яғни, морфемалық талдау жасалғаннан кейін ғана біз «өлі» түбір екенін білеміз.

Қорыта келгенде, екі буынды императив етістіктерді 35 моделі бойынша талдап, аффикстік морфемасын жіктеп алу нәтижесінде оны бірбуынды «өлі» түбір мен аффикстік морфемаға ажыратамыз. Бірақ осының негізінде туған екі буынды императив етістіктерде императивтік мағынадан гөрі етістік тудырушылық мағына көбірек. Сондықтан етістіктердің императив формасы олардың біртұтастылығының критеріі бола алмайды. Екі буынды императив-етістіктерде нақты іс-әрекеттің мағынасын көрсету, оның әртүрлі эмоционалды-экспрессивтік реңктерін көрсету басымырақ.

Императив тұлғадағы етістіктерді түбір ретінде қараудың себебі, біздіңше, мынада: етістіктің басқа формаларымен салыстырғанда императив формасы ең көнелігімен ерекше көзге түседі. Сондықтан да түбір сөздерді модель шеңберімен тұйықтауға, консервациялауға бейім тұратын, морфемалық құрамы көмескіленіп, түбір мен тұлға бірлігінен, тұтастығынан тұратын ең ескі грамматикалық категория.

**ПЛЕОНАЗМДАРДЫ МАҒЫНАСЫНА ҚАРАЙ
ТОПТАСТЫРУ**

Бір-біріне тәуелділігі синтаксистік байланыс негізінде құрылған, оның тәуелді сыңары (көбіне бірінші бөлігі) тіркестегі негізгі сыңардың мағынасын ерекше анықтап немесе әсірелеп күшейте аларлықтай дәрежедегі, мағына жағынан жақын немесе айқындауыш-анықтауыш қатынастағы синоним сөздердің кез келген тіркестерін плеоназм (кейде оны периссология деп те айтады) деп санауға болады. Мысалы: *зәулім биік; қырмызы қызыл; кәрі шал.*

Бұл плеоназмдар ішіндегі алғашқы екі мысалдың сыңарлары синоним сөздер. «Зәулім биік» тіркесі арқылы «биіктік» мағынасы анықтала, айқындала түсуде, түсініктірек айтсақ «зәулім» сөзі арқылы «биіктік» қалпы зорая, күшейе түсуде. Бұдан байқайтынымыз, осы тіркестер арқылы тек үйлердің «биік» мағынасын ғана емес, солармен бірге басқа да құрылыстардың шамадан тыс «биіктік» қалпын қабылдаймыз, түсінеміз. Екінші мысалда да қызыл түсінің белгісі «қырмызы» (анық, айқын, қызыл) сөзі арқылы анықталып, әсірелене түскен. Үшінші плеоназмда әр түрлі сөз таптарынан болса да, мағынасы жағынан біріне-бірі жақын сөздер тіркесі келтірілген. Мұнда жасы келіп, үлкейгендік белгісін білдіретін сөз «шал» мағынасы жақын сын есімдік «кәрі» сөзімен тіркесіп, жасы ұлғайғандықты қайталап, әсірелей түсуде.

Өз кезегінде, негізгі сыңарына тәуелділігі жағынан лексикалық плеоназмдар есімдер не етістік сияқты белгілі бір сөз таптарынан болуы мүмкін, сондай-ақ есімдерден құралған плеоназм өзінің құрылысы мен мағынасы жағынан ғана емес, қолданудағы молдығымен де өте көп, жиі және әр алуан.

Сөйтіп онда — синонимдер, әртүрлі сөз таптарына жататын мағынасы жағынан жақын сөздер, теріс антонимдер, түсіндіре айту (парафраза), тұрақты сөз тіркестері, қос сөздер, қайталау, салыстырма тіркестер, сондай-ақ бірден әртүрлі тіркестер қолданысы кездесе береді.

Есімдер негізінде құралған лексикалық плеоназмдар-

ды мағыналық жағын есепке ала отырып, үш түрлі принциппен ажыратуға болады:

1) плеоназмдардың сыңарында мағыналық мәнін сақтау дәрежесіне қарай;

2) плеоназмдар сыңарлары арасындағы мағыналық қатынасқа қарай;

3) плеоназмдардың лексика-мағыналық топтарындағы (ЛМТ) мағына мәнінің жақындықтарына қарай.

Сыңарларындағы мағыналық мәнің сақталуына қарай үш топта көріну мүмкіндігі бар.

Бірінші топқа айқындаушы-анықтауыш қатынастағы есімдердің лексикалық тіркестерінен құралған плеоназмдар жатады. Мұның мағынасы қазіргі тіл иелеріне толық түсінікті (демек, бұл плеоназм «анық» сыңарлы): *ну орман, самал жел, жас сәби және т. б.* Мысалы: «Қалың қамыстың ішіндегі жолбарыстай, *ну орманды* талай кезген бұлар адасып, бұрыс кетіп қаламыз деп те ойламайды» (Ә. Шәріпов, Партизан., 167-б.).

Екінші топ — сыңарлары синонимдер немесе мағынасы жақын сөздерден тұратын плеоназмдар. Мұның сыңарларының бірі, көбіне біріншісінің, шыққан тегі күңгірттене түскен де, тілде дербес, жеке қолданылмайды: *толағай бас* — көпті көрген деген мағынада, *телегей теңіз* — шалқыған молдық; *бел күрек* — кішкене күрек.

«Бел күрек» — кішкене күрек мағынасындағы плеонастикалық тіркестегі (кейде бірге жазылып, «белкүрек» қалпында да қолданылады) «бел» сыңарын тіл иелері адам ағзаларының бірі — бел мағынасында қабылдайды да, тұтас тіркесті белге байланатын күрек деп ұғынады. Дұрысына келсек, бұл тіркестегі «бел» сөзінің осы аттас адам мүшесі — белге ешқандай қатысы жоқ. Мұның өзі омоним сөздердің кездейсоқ сәйкестігі. Тіркестегі «бел» біздегі «күрек» дегенмен бірдей.

«Бел» сөзінің «күрек» сөзімен тіркесіп келгендегісіндей, жеке тұрып та *күрек, темір күрек және т. б.* мағыналар беретіндігін, оның алғаш шыққан төркіні иран тілін былай қойғанда, оны қабылдаған түркі тілдерінің деректері анықтай алады. Мысалы, қырғыз тілінде «бел» сөзі дербес тұрып та, сондай-ақ «бел калак» (қырғыз тілінің оңтүстік говорларында) тіркесінде де «темир күрек» сөзінің синонимі ретінде қолданылады¹. Дәл осын-

¹ Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. М., 1965. С. 126, 170.

дай жағдайды қазақ әдеби тілінің өзінен де байқаймыз: *бел күрек//белкүрек*. Ал Қызылорда говорында, Түрік-мения мен Қарақалпақ АССР-індегі қазақтар тілінде «бел» сөзі өз алдына, дербес қолданылады.² Жан басына бел апарылды ма? Гурьев және Маңғыстау қазақтары осы сөз негізінде өздерінің тілінде сол заттың кішірек түрін білдіретін *белшік* (кішкене күрек) тұлғасын тудырған (салыстырыңыз: *белсап* — күрек сабы). Түрік-мен тілінде «пил» тұлғасы «күрек»³ өзбекше: *бел* — темір күрек, күрек⁴, қарақалпақтарда: *бел* — күрек⁵ мағыналарын беретіндігін атап өтеміз. Осы сөздің төркіні болып саналатын парсы тілінде *بیل* (бил) — күрек, темір күрек мағынасында қолданылады⁶ және т. б. Сөйтіп, «бел күрек» тіркесі — алғашқы сыңарының мағынасы күнгірттенуінен пайда болған плеоназм екен де, біз ойлағандай «белдік күрек», «күректік күрек» емес, белге байлап жүретін «кішкене күрек» мағынасында қолданылады. Дәл осымен «қара сия» тіркесін салыстыруға болады. Бірінші сөз тіркесіндегі «сия» парсылардың «қара түс» мағынасын беретін *سیاه/سیا* (сийаһ) сөзінен шыққан (ПРС 299), басқаша айтқанда, жазатын тушь пен сия түсімен байланысты. Парсылардан ауысып алынған «сийаһ» түркі тілдерінде өз мағынасын сақтамай, қазіргі кезде өзіміз білетін «сия» мағынасында қалыптасып кеткен (қаз. — *сия*, өзб. — *си-ёх*, ұйғ. — *сия* және т. б.). Мысалы: Перизат хат жазамын саған қастап, Қолыма қара сия, қалам ұстап (Қаз. энд. 2-т., 104-б.).

Үшінші топқа кіретін плеоназмдар — екі сыңардың бірі сөз мағынасындағы қозғалысқа душар болған (түсініктірек айтсақ, уақыт өткен сайын сөз мағыналарында өзгеріс болады, мұның өзі қоғам дамуымен байланысты процесс) немесе бір сөз табының екінші сөз табына ауысуы — сын есімнің заттануы (субстантивация), керісінше, басқа сөз табының сын есімге айналуы

² Бектуров Ш. Қзыл-Ординский говор казахского языка: Автореф. дис. ...канд. филол. наук. Алма-Ата, 1968. С. 19.

³ Туркмен Дилинин Сөзлуги. Ашхабат, 1962. С. 233.

⁴ Русско-узбекский словарь / Под ред. Р. Абдурахманова. М., 1954. С. 62.

⁵ Қарақалпақско-русский словарь / Под ред. Н. А. Баскакова. М., 1950. С. 98.

⁶ Персидско-русский словарь / Под ред. Б. В. Миллера. М., 1950. С. 82.

(адъективация) — нәтижесінде мағына өзгерісіне тап болған тіркестерді қамтиды.

Осындай жолмен жалпы түркі тілдерінде алғашқы кезде заттың түсін білдірген «көк», кейін келе, дәлірек айтсақ, М. Қашқари дәуірінен (XI ғасырдың соңы) бері бұрынғы мағынасымен қоса «аспан» дегенді де ұғындыра бастаған. Кюль — Тегин ескерткіші сияқты тарихи дерек VII-XIII ғасырларда «аспан» мағынасын «тәңірі» сөзі бергендігін еске салады⁷. Қазіргі кезде түркі тілдерінің біразында «тәңірі» сөзі діни ұғымдағы сөзге айналды да, көптеген түркі тілдерінде: қазақша — көк, татар тілінде — кук, өзбектерде — кук, азербайжанша — гөк, гөг, түрікмен тілінде — гөөк, қырғызша — көк, алтайларша — көк тұлғалы сөздер «көк аспан» мағыналарын береді. Қазіргі кезде бұл сөз — жана сөздер тудырудың негізіне де айналып отыр. Мысалы, «көк» сөзі қазақ тілінде бірнеше мағына береді: 1) заттың түсі, 2) аспан, 3) жемістірдің жинақ атауы, 4) шөп, 5) дымқылдан көгеру. Осының бәрі «көк» түбірінің мағыналық дамуының нәтижесі де, одан әрі «көк шөп», «көк аспан» сияқты плеонастикалық тіркестердің тууына себепші болған.

Сөйтіп, плеоназмдардағы екі сыңарлардың мағыналық мәнін сақтау дәрежесіне қарай, дәлірек айтқанда, әр сыңарлардың мағыналық мәнінің толықтығы мен анықтығын есепке алғанда, оларды (плеоназмдарды) былайша бөліп көрсете аламыз:

а) мағыналық жағынан сыңарлары айқын плеонастикалық тіркестер,

б) мағыналық төркіні күңгірттенген сыңары бар плеоназм,

в) сыңарларының бірі мағына өзгерісіне ұшыраған плеоназм.

Сыңарлары арасындағы мағыналық қатынасына қарай плеоназмдардың түрі. Сыңарлары арасындағы мағыналық қатынасына қарай есімдерден тұратын лексикалық плеоназмдардың мынадай негізгі түрлері ажыратылады:

1) зат белгісін анықтап, нақтылай түсу (*қалы кілем, қырмызы қызыл*).

2) белгілі бір затты өзіне тән тар шеңбердегі тегіне жатқызу (*райхан гүл, бәкі пышақ*).

3) зат белгісін күшейте, жетілдіре түсу (*көзге түртсе мергісіз қараңғы, жап-жас бала*).

⁷ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М., 1951. С. 27.

Зат белгісін нақтылай түсудегі мағыналық қатынасты лексикалық плеоназмдар түрі — өте жиі, құрылымы жағынан алуан түрлі және қолдану тәсілінің молдығымен ерекшеленеді. Бұл плеоназмның молдығын құрастыруға негіз болғандар — синонимдер, мағына жағынан жақын сөздер тіркесі, түсіндіре айту (парафраз), тұрақты сөз тіркестері, салыстырма тіркестер және т. б. Мұнда мағыналық басымдық көрсететін сыңар болып сын есім, зат есім және үстеулер де қызмет атқара алады: *көпті көрген көне; зәк дымқыл; жуық маңда; шаңқан ақ; көр соқыр; шойырылған шойнақ; мәр жылан және басқалар*. Айқұш-ұйқыш тарам-тарам жолдардың бойында, соқпақ табанынан сәл қиыстау, бұта ішіне үңгі оралғандай *шаңқан ақ* сырмен боялған скамейкалар (М. Мағауин, Қиянда., 81-б.).

Көрсетілген сын есімді және зат есімді плеоназмдарда басым сыңардың қызметі белгіні анықтай түсуде, демек, бұл тіркестердің басым бөлігі (анықтауыш) заттың белгісін атап көрсетсе, ал айқындауыш бөлімі заттың түсіндегі, қасиетіндегі, сапасындағы немесе адам мінезіндегі реңктерді анықтап, нақтылай түсуде.

Басым сыңары үстеу болып келген плеонастикалық тіркестерде сыңарлар арасындағы мағыналық қатынастар, уақыт, орын, іс-қимыл қалпын, жиілік және т. б. жағдайларды нақтылауға негізделеді.

Өте тар шеңбердегі мағыналық қатынасты анықтау, нақтылау, көп жағдайда, басым сыңары зат есім болып келетін плеонастикалық тіркеске тән. Жетекшілік қызметте зат есім болған плеоназмдарда мағыналық қатынастар мазмұн-мәні жақын лексикалық сөздер арқылы жасалады да, мұндай тіркестің басым бөлігі нәрсенің алғашқы негізін атап көрсетеді, ал оны анықтайтын бөлігі нақтылай түсіп, затты одан да гөрі тар шеңбердегі түріне жатқызады: *саптама етік; тебен ине; жабағы тай; бәкі пышақ; тарантас арба; бөлке нан; нар түйе; шуда жіп; мық шеге; отау үй; әбдіре сандық және т. б.*

Тіркеске түскен сыңарлар мағынасының ерекшелігімен сипатына қарағанда, мұның өзін. плеоназмдар тобының ішіндегі ең көбі деуге де болатын сияқты. Егер, сырттай, немқұрайды қарасақ, осындай мағынасы жақын сөздерді тіркестіріп, сөздерді үйіп-төкпей-ақ, солардың бірімен, дәлірек айтқанда, тіркестердің бір сыңарымен ғана айтса да түсінуге болатын тәрізді. Мысалы,

«саптама» сөзі қазақ тілінде «етікті» анықтамаса да, қыста киетін қонышы ұзын етік екендігі бәрімізге де түсінікті. Осы қалпының өзінде-ақ «саптама етік» тіркесіндегі мағынаны бере алады: «Құдық басына келісімен атам саптамасын шешті де, ағашқа қарап киіз байнағымен жылжыды» (С. Қасиманов. Алтай, 64-б.).

Сөйтіп, «саптама етік» плеонастикалық тіркесінің екі сыңары да өз алдына дербес қолданыла береді екен де, бұл жағдайда «етік» сөзі етік атаулыға жалпылама қолданылады да, ал «саптама» сөзі етіктің бір түрін ғана ұғындыратындығын білеміз. Кейде жазба әдебиеттерде «саптама» сөзіне сын есім жұрнағы *-лы* жалғанып «саптамалы етік» тіркесі де кездесіп отырады. Бұл дерек те әңгіме етіп отырған тіркесті (саптама етік) плеоназмға жатқызудың дұрыстығын бекіте, дәлелдей түседі, өйткені тіркес сыңарларының арасында айқындауыш-анықтауыштық қатынас қалпы бар. «Ляғында өкшесі биіктеу саптамалы етігі бар...» (С. Мұқанов, Мәлдір махаббат., 95-б.).

Дәл сондай-ақ, мысалда келтірілген, «мық шеге», «тебен ине», «отау үй», «бәкі пышақ», «әбдіре сандық» және басқа плеонастикалық тіркестер мағынасын, анықтауыш сыңар болып тұрған *тебен, бәкі, мық, әбдіре* сияқты сөздердің бірімен берсек те, мағынаға немесе түсінікке нұқсан келе қоймаған болар еді: «Мен бір жыр жырлаймын, бір уыс *тебен* берсең, — дейді» (Қаз. ертег. 3-т., 237-б.).

Мұндай тіркестердің қолданылуы қазақ тілінде ертеден қолдау тауып қалыптасқан. Сондықтан да біздің оны плеонастикалық тіркес қатарында қарауымызды дұрыс деп санаймыз.

Тікелей байқаған деректерді сипаттай жазу шараларын меңгеріп, оларды топтастыруға беттегенде, ал одан әрі объекті қасиетінің жайылу өрісі мен оның құрылысының принциптерін анықтап қарастыруда, объектінің жүйелі және құрамды қасиеттерін зерттеу көптеген теориялық мәндердің (ғылым тарауының) өзекті міндеттерінің біріне айналды⁸.

Тілдің лексикалық деңгейін сөз еткенде, ғалымдар лексикада белгілі бір қарым-қатынас бар деген қорытындыға келіп, олардың бірлестіктері арасында жақын

⁸ О понятии языковой системы и структуры языка // Общее языкознание / Под ред. Б. А. Серебренникова. М., 1972. С. 8.

тартушылық пен кері итерушілік, дәлірек айтсақ, лексикадағы белгілі жүйелікті түсіністі. М. М. Покровскийдің сөзі бойынша, «белгілі бір сөз мағынасының тарихы сол сөзді басқа, синонимдес, ең бастысы, бәрі бір түсінік шеңберіне меншікті сөздермен байланыстыра зерттегенде ғана бізге түсінікті бола алады», сонымен бірге ол «бұл сөздер түсінік жағынан әр тарапты болғанмен, сөз мағынасы тарихындағы сәйкес құбылыстарды» еске алуды ескертеді⁹.

Лексиканы жүйе деп танып зерттеу — оның мәнді лексикалық қасиеттерін молырақ анықтауға, оның элементтері арасындағы қарым-қатынас сипатын байқауға, оның кейбір жүйелік бөлімдерін үлгі қалпында көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ тіліндегі лексикалық плеоназмдарды мағыналық жағынан талдау, олардың жүйелі түрде қалыптасқандығын және оларды лексика-мағыналық топтарға (ЛМТ) бөлуге болатындығын көрсетіп берді. ЛМТ-қа лексикалық мағынасына негізделіп тіркескен қазақ тілі сөздік құрамындағы плеоназмдар біріктіріледі. Лексикалық плеоназмдар әртүрлі құрамда болып келеді әрі айтылудағы молдық тәсілі алуан түрлі қалыптасып және атқаратын міндеті де әр тонқа меншікті болып келуі мүмкін.

Зерттеліп отырған материалдарды талдау есімдер негізінде туған плеоназмдар мағыналық жағынан сандық және айналмадағы болмыстың көптеген жағын қамтитындығын көрсетті. Плеоназмдардың мағына жағынан зер салғанда, негізінен, «адам» ұғымы төңірегінде топталатындығын, басқаша айтқанда олар адамның сипаты, оның мінезі, сыртқы бейнесі, ар-ұждандық сапасы, үй-іші туыстық қалыпта бірлескен адамдардың әртүрлі топқа бөлінуімен және көбіне әлеуметтік жаспен тағы басқа қатынастармен байланысты болып, ЛМТ-қа кіретіндігін баса көрсетуге тура келеді.

Лексикалық плеоназмдарды тілдегі жүйе есебінде тіркестегі мағына ажыратарлық басым сыңарына қарай топтастырмақпыз. Мұнда басым сыңарының қай сөз табына екендігі еске алынады.

Сөйтіп, мағына жағынан басым сыңары зат есім болып келген барлық есімді лексикалық плеонастика-

⁹ Покровский М. М. Избранные работы по языкознанию. М., 1959. С. 75. 65.

лық тіркестер мына төмендегі ЛМТ-та көрсетілмек:

Бірінші ЛМТ — жас белгісін анықтай түсетін есімдерден тұратын плеонастикалық тіркестер кіреді /жастары бірдей құрдастар, сәби және егде жастар/:

а) «құрдас» — *тең құрбы*; туған күндері бір құрдас-тар — *түйдей жасты*; бір жылда туған — *жасы бір құрдас*; жас шамасы шамалас — *қатарлас құрбы* т. б.

б) «кәрілер»: *кәрі шал* — жасы жеткен; *қарт ақсақал* — қадірменді кәрі; *кәрі кемпір* — жасы жеткен (әйел); *қарт кәрия* — *егде тартқан кәрі*; *ақсақал шал* // *ақсақалды шал* — қадір тұтар сақалы ағарған кәрі; *кәрі-құртаң шалдар* — кәрілер; *жасы жеткен (келген) қарт* — жас шегіне жеткен кәрі; *егде қарт* — жас ортасынан асқан кәрі және т. б.

в) «балалар»: *кішкентай нәресте* // *кішкентай сәби* — емшектегі бала; *сәби бала* // *жас бөбек* — кішкентай бала; *қаршадай жас бала* — кішкентай бала; *жас нәресте* — емшектегі бала.

2) «Жастар»: *жасөспірім бала*; *бала жігіт*; *жас бозбала*; *жасұлан*; *жас жігіт*; *жасөспірім бозбала*; *жас боздақ* және басқалар.

Екінші ЛМТ — адамның әлеуметтік жағдайы және кәсібін нақтылай, анықтауға қатысы бар есімді лексикалық плеоназмдарды қамтиды. Бұл топтағы плеоназмдардың көбі таптық қоғамдағы адамдардың әлеуметтік теңсіздігімен байланысты болғандықтан да ескірген, көнерген болып келеді. Олардың сақталуына себепші — көркем әдебиет, мұнда олар — негізінен сөзді мәнерлей түсу мақсатында қолданылады. Мысалы: *жалшы кедей*; *шонжар байлар*; *ақын-әнші*; *жоқ-жітік*.

Үшінші ЛМТ-қа туыстық немесе басқадай жақындық қатынастардағы адамдар тобы мағынасын білдіретін плеонастикалық тіркестер біріктірілген, басқаша айтсақ, достық, тамыр-таныстық немесе бірге бас қосып тұрумен байланысты топтағы адамдар. Мысалы: *туған қарындас*; *бірге туған бауыр*; *бірге туған туыс*; *қаны бірге туыс*; *ғашық жар*, т. б.

Төртінші ЛМТ-та жеке адамдарды (жыныс белгісіне қарай) немесе адамдар тобының үлкендігін нақтылау мағынасындағы лексикалық плеоназмдар көрінеді: *әйел кісі*; *қос-егіз* // *екі-егіз*; *жиың-той*; *ел-жұрт*; *қауым ел*; *нөпір адам* және басқалар. «*Қауым ел*, өліп кеткен кешегі Бөжей — баршасы да Абайдың өз басын да жазалағандай (М. Әуезов. Абай жолы, 197-б.).

Бесінші ЛМТ-қа — мағынасы күнделікті өмір, тұрмыспен байланысты плеонастикалық тіркестер жатады. Атап айтқанда:

а) «азық-түліктер»: *бөлке нан; күлше нан; қалаш нан; шылқа май* және т. б. «Бажақ боз көйлек киіп, қолына қалаш нан ұстап, Тінәлі еліне тағы келді» (Қаз. әд., 10 б., 20.8.80.).

б) «Киімдер»: *бешмет шапан//шекпен шапан; шәлі орамал; саптама етік; кемер белбеу* және басқалар.

в) «көлік жабдықтары»: *бричка арба; тарантас арба; пәуеске күйме.*

г) «дәстүр- әдет-ғұрып»: *жиын-той; жәрмеңке базар; көкпар.*

д) «құрылыстар, ескерткіштер»: *там-үй; лашық үй; отау үй; сын тас* — мола басындағы ескерткіш.

е) «тұрмыс-салт дүниелері»: *қалы кілем* — түкті кілем; *әбдіре сандық* — үлкен сандық; *шыжым жіп* — ширатылған жіп; *тебен ине; бәкі пышақ; мүйіз шақша* — мүйізден жасалған насыбай салатын ыдыс; *мық шеге* — қысқа шеге, т. б.

Алтыншы ЛМТ-та жер бедерінің белгілерін, географиялық ұғымдарды бөле, баса көрсететін мағынадағы плеоназмдар келтіріледі: *қу медиен құла дала* — иесіз дала; *жапан дала//елсіз жапан түз* — адам мекендемейтін шөл дала; *айдала; сусыз шөл; ен дала; құлазыған қу дала; шалғай шет; телегей теңіз; жар қабақ* — өзен жағасындағы тік, құлама жер және басқалар.

Жетінші ЛМТ-ты өсімдікпен — гүлдер, шөптер, ағаштар т. б. байланысты өте тар шеңбердегі түрлерді ұғындыратын плеоназмдар құрастырады: *ну орман; көк шөп; өлең шөп; көкорай шалғын; көк майса; гүл-шешек; ну жыңғыл; көк желек; шойыр мойын* — шөп түрі; *шөңге-тікен; меке жүгері* — жүгері түрі, т. б.

Сегізінші ЛМТ зоологиялық түрлердің атауларын, басқаша айтқанда, хайуандар, аңдар тобы мен құстардың белгілі бір түрлері мен тұқымдарын білдіретін плеоназмдардан тұрады: *құмай тазы* — жүйрік тазы; *тұлпар ат; бұқа шар; шөже балапан; бұлбұл құс; қыран құс; саршұнақ тышқан* т. б.

Тоғызыншы ЛМТ-қа адам мүшесінің белгілі бір бөлігін анықтап, нақтылау мағынасымен байланысты плеонастикалық тіркестер жатады: *жон арқа; шүйделі желке; өнебой; алақан аясы; бет өңі; бой тұрқы; бет жүз; тұла бой.* «Тек қасының арасына түскен қос сызық

кетіп болған жоқ, басынан кешкен ауыр күннің ызғарын дай боп көбіне бұның бет өңін тұнжыратып тұрған да сол (Ә. Нұрпейісов. Күткен күн, 211-б.).

О н ы н ш ы Л М Т адамның сезім мүшелері арқылы қабылданатын ауа райындағы ерекшеліктер мен табиғаттың басқа да құбылыстарын көрсететін лексикалық плеоназмдардан құралады: *аязды ызғырық; суық аяз; жарық сәуле; даңғаза шу; ың-шыңсыз тыныштық//жым-жырт тыныштық.*

О н б і р і н ш і Л М Т діни ұғымдар мен ертегілер кейіпкерлерін анықтап және нақтылай түсетін лексикалық плеонастикалық тіркестердің басын біріктіреді: *құдай тағала//алла тағала; күнәсіз періште; жан алатын әзірейіл; адам жұтатын жалмауыз; баскесер жендет; дуагер сиқыршы; диуана қайыршы; алып дәу; мәр жылан; самұрық құс; айт мерекесі және т. б.*

О н е к і н ш і Л М Т-қа көңіл-күй сезімінің әсірелене түсу мағынасын білдіретін есімдерден құралған плеоназмдар жатады: *шерлі мұң//мұңлы шер; зарапан//зәрезеп; сор бейнет; сор азап; жан-жал; іші тар қызғаншақ; ашулы ыза//ызалы ашу; мұратты арман. «Ашулы ыза бойды кернеп булықты» (Б. Майлин. Шұға., 189-б.).*

О н ү ш і н ш і Л М Т-ы адам мінезіндегі негізгі белгіні бөле және баса көрсететін плеоназмдарды қамтиды: *арсыз малғұн; қас дұшпан; ашық ауыз аңқау; діл-мәр шешен; сорлы байғұс; жыртқыш жауыз және басқалар. «Жата ғой жетімегім, бақытсыз байғұсым жата ғой, — деген күңіренген күйініш сыбыс келді құлағыма» (Қ. Сатыбалдин. Таңд. шығ. 3-т., 29-б.).*

О н т ө р т і н ш і Л М Т-ға заттың негізгі физикалық сипатын сарқа көрсететін плеоназмдар жатады: *заңғар шыңдар; асқар биік; шың құз; қақ орта; зіл ауыр заңғар биік: «Асудан асып, шың құздан Алты күн болды көшкелі» (Ж. Сыздықов, Асулар, 178-б.).*

О н б е с і н ш і Л М Т-ты астрономиялық ұғымдар мен уақыт өлшемдерінің бірлігін анықтап, нақтылай түсетін плеоназмдар құрастырады: *шолпан жұлдыз жыл он екі ай; қараңғы түн; зеңгір аспан — көк аспан қырық күн шілде; сәске түс; таңертең//таң азан. «Жәнмына қырық күн шілдеде бүркіт аңға салынбайды, тұғырда отырады» (С. Бегалин. Шоқан., 468-б.).*

О н а л т ы н ш ы Л М Т қандай да болмасын дерексіз белгілерді жеделдету мағынасындағы плеоназмдар басын қосады. Бұған басым сыңары — сын есімнен ту

ған дерексіз зат есімді плеоназмдар кіреді: *жым-жырт тыныштық; қымбат асылы; шат қуаныш* және т. б.

Соңғы, он жетінші ЛМТ-қа анықтау мен нақтылауға қатысы бар, қалған барлық дерексіз мағыналы лексикалық плеоназмдар кіреді: *бақ дәулет; мейір шафқат; қасиет кәдір//қадір қасиет; құт береке*, сондай-ақ, белгілі бір топқа жатқызу қиындық тудыратын басқа да: *құпиялы сыр, ақыр аяғы//ақыр соңы, есепшот, ақыл парасат//ақыл-парасат* сияқты дерексіз құбылыстарды білдіретін дерексіз плеоназмдар да осы топқа жатқызылды. Мысалы: *Ие, кәрі адам дүниеге ақыл парасатымен қараса, жас дүниені жүрек отымен бағалайды* (І. Есенберлин. Айқас, 185-б.).

Сонымен біз жетекші сыңары зат есім негізінде пайда болған плеонастикалық тіркестердің 17 ЛМТ-ын бөліп көрсеттік және бұлардың ішіндегі ең жиі кездесетіні адам сипатына арналған тіркестер екенін анықтадық.

Есімді лексикалық плеонастикалық тіркестерде басым, жетекші сыңары сын есім болып келу, басым сыңары зат есім болып келетін плеоназмдармен салыстырғанда ЛМТ-тың көлемі аздау. Зат есім негізінде пайда болған лексикалық плеонастикалық тіркестер сияқты, жетекші сыңары сын есім плеоназмдарда да негізгі мағыналық өріс «адам» және «табиғат» ұғымымен байланысты. Сын есімдер негізіндегі есімді лексикалық плеоназмдар адамдағы кез келген белгілер мен табиғаттағы құбылыстардың қайсысын болмасын анықтап, нақтылап әрі әсерлей түседі.

Жетекші, басым сыңары сын есімді плеонастикалық тіркестер мына төмендегі он төрт түрлі ЛМТ-та көрінеді:

Б і р і н ш і Л М Т адамның сыртқы бейнесін анықтайтын лексикалық плеоназмдарды қамтиды: *жазық кең (маңдай); ақ құба; қаны қашқан құп-қу; шой қара //божбан қара*, т. б.

Е к і н ш і Л М Т-қа адамның дене құрылысының жалпы сипатын анықтап, дәлдей түсетін лексикалық плеоназмдар кіреді: *еңгезердей мол денелі; еңгезердей ірі; талдырмаш нәзік; ұзын тұра//ұзынтұра* және басқалар.

Ү ш і н ш і Л М Т-ты адам бойындағы кем-кетікті анықтай түсетін лексикалық плеоназмдар құрастырады: *шойнаңдаған ақсақ; боркемік; көр соқыр; тас құлақ саңырау; мұрны жоқ пұшық*, т. б. «Сақты бар затынан,

атынан айырылып, *су қараңғы соқыр* болып калады» (Қаз. ертегі. 3-т., 178-б.).

Төртінші ЛМТ адамға бағалық сипаттауды күшейте, әсірелей түсудегі плеонастикалық тіркестер қалпында көрінеді:

а) «сырт пішініне қарай» — *кескінді сұлу; сымбаты сұлу; сынды сұлу; бүлдіршіндей әп-әдемі; сәнді сұлу; керемет керім; кербез сұлу* т. б.

б) «жігеріне қарай»: *жігерлі қайрат; майталман жүйрік; еті тірі пысық.*

в) «білімі мен қабілетіне қарай»: *көріпкел сәуегей; білгіш данышпан; қараңғы надан; көзді қарақты; он саусағынан мөрі тамған шебер және басқалар.* «Халық балаға: Жолында бір білгіш данышпан адам бар, соған соға кет, — деген» (Қаз. ертегі. 3-т., 194-б.).

Бесінші ЛМТ адам мінезі мен жүріс-тұрысы үлгісіндегі бағаны сарқа көрсететін лексикалық плеоназмдар басын біріктіреді: *атымтай жомарт//атымтайдай жомарт; игі жақсы; аңқылдаған ақ көңіл; ызақор ашушаң; ашық ауыз аңқау; ашық жарқын; кішіпейіл ізетті; қой аузынан шөп алмайтын момын; өркөкірек өзімшіл; мен-мен кердең; томаға тұйық.*

Алтыншы ЛМТ-қа адамдар мен хайуандардың жас ерекшеліктерін анықтайтын плеоназмдар жатады: *жас сәби; уыздай жас; қыршын жас; өндірдей жас.* «Қарсы алдыңнан қарасам. Жасың кіші жас ұлсың. Кезегімді бер! — дейді» (Қаз. эпос., 337-б.).

Жетінші ЛМТ-қа үй іші жағдайы мен адамдар арасындағы қатынастарды анықтай түсетін плеоназмдар кіреді: *жеке дара; бөтен басқа* т. б.

Сегізінші ЛМТ-ты адам мінезіндегі ерекшеліктермен байланысты, көңіл-күй мен жағдайды анықтап, күшейте түсетін плеонастикалық тіркестер құрастырады: *кіршіксіз таза; мейірбан рақым; шат қуаныш.*

Тоғызыншы ЛМТ — заттар сипатын бағалау мағынасындағы плеоназмдардан тұрады: *шұрық тесік; ыңғайлы ықшам; тозығы жеткен ескі; көнетоз; бірдей тегіс.* «Кәкеновтың киімі де бұрынғысынан өзге — үстінде көнетоз шапан, басында жұқа киіз қалпақ» (З. Шашкин. Тоқаш Бокин, 278-б.).

Онныншы ЛМТ-та сезім мүшелері арқылы қабылданатын белгілерді күшейту мағыналарындағы лексикалық плеонастикалық тіркестер көрінеді: *самалды сал-*

қын; демсіз қапырық; бірдей тегіс; тазтақыр; зәк дым-қыл.

Он бірінші ЛМТ — түр-түс реңктерін нақтылай көрсететін лексикалық плеонастикалық тіркестерді біріктіреді: *ақ боз//ақбоз; шаңқан боз//ақ шаңқан; ақ құба; аппақ құдай; қан қызыл; ал қызыл//алқызыл; қырмызы қызыл; өрттей қызарған қып-қызыл; қып-қызыл нарттай; қызыл шымқай қырмызы; зеңгір көк.* «Ебейсін үй ішіндегі кісілердің көзін ала бере төр алдында төсеулі жатқан *қырмызы қызыл* кілемнің түгін алақанымен сипап өтті (Ә. Нұрпейісов. Қан мен тер, 338-б.).

Он екінші ЛМТ зат пен құбылыстардың кіршіксіздігі мен тазалық дәрежесін байқататын плеонастикалық тіркестерден тұрады: *саф таза; кіршіксіз//кірсіз таза.*

Он үшінші ЛМТ-қа бағалау сипатты мағынадағы плеоназмдар кіреді: *құр әшейін бос; бірдей тең; әжептәуір; аты шыққан әйгілі.*

Он төртінші ЛМТ сырттай қабылданатын белгілерді күшейту мағынасындағы плеоназмдарды біріктіреді: *зәулім биік (үй); асқар биік; нардай үлкен; кең байтақ//ұлан байтақ кең; шағын кішкене.* «... Шағын кішкене бөлменің сұрқы қашып, жүдеуленіп кеткен» (Ә. Нұрпейісов, Күткен күн, 60-б.).

Зат белгілерінің осы жоғарыдағыдай қабылдануы басым сыңары дерексіз зат есімнен тұратын (ЛМТ — 15) плеоназмды пайдаланып та жүзеге асырыла береді (*заңғар биік, биік шың, қақ орта*). Лексика-мағыналық топтың бұл екеуіндегі плеоназмдар атқаратын қызметі жағынан біріне-бірі жақын.

Сөйтіп, біз негізінен, адамдарды әр түрлі белгісіне қарай сипаттайтын, жетекші, басым сыңары сын есімнен тұратын плеонастикалық тіркестердің 14-ЛМТ-ын нықтадық.

Басым сыңар қызметін атқаратын сын есімді плеоназмдардың лексикалық толымдылығы басым сыңар қызметін жүргізетін зат есімді плеоназмдардың лексикалық толымдылығына қарағанда анағұрлым кем. Алайда, жиілігі мен қолданылу жағынан соңғы плеоназмдардан кем соқпайды.

Басым сыңары үстеулерден тұратын плеоназмдардан жағынан ең азы. Біздің байқағанымыз небәрі 19 лексикалық бірлестік. Мұны ЛМТ-қа бөле көрсету мүмкіндігі жоқ, өйткені әр топтың лексика жағынан толым-

дылығы жеткіліксіз болар еді. Мұндай плеонастикалық тіркестер уақыт, жиілік, нәтиже, мекен жағдайлары мен іс-әрекет қалпын анықтау және нақтылай көрсету үшін қызмет атқарады: *әуел бастан; тағы қайтадан; жаңағы әзірде; құр бекер; жай әшейін//әшейін жай; жеке дара.* «Жоға, жай әшейін сұрап жатырмын» (Қ. Сатыбалдин. Танд. шығ., 3-т, 49-б.).

Үстеулерге, әдетте, зат есімдермен тіркесуден гөрі, етістіктермен тіркеске түсу тән екендігі белгілі. Олардың көбіне дерексіз іс-әрекеттік ұғымдармен байланысты болып, «адам», «табиғат» сияқты мағыналық өрістен қол үзулері де осы көрсетілген себептен болар. Бұл сияқты ұғымдар тілде кейін туындап, енді-енді қалыптасу қалпында болуы да мүмкін. Адамның ой-өрісі өзін-өзі бақылаудан дамығандықтан да, плеоназм төңіректел шоғырланатын негізі мағыналық өріс — «адам» ұғымымен, оның сыртқы қалпы және басқа да сипаттарымен көрінеді, содан соң барып тұрмыс заттары, кейінірек — табиғат құбылыстары және ең соңында — дерексіз байқаулармен байланысады. Сондықтан да плеоназмдардың сан жағынан ең азы және жиілігінен де тапшылауы — басым сыңары қызметін үстеу атқаратын есімді лексикалық плеоназмдар.

Лексикалық плеоназмдарды талдау — плеоназмдардың мағыналық түрлері жүйелене құралғандығын көрсетіп берді. Бұл әдісіміз теріс болмады. Плеоназмдардың жүйелілігі плеоназмдарды қазақ тілінің лексикалық қабатына жатқызып және оның сөздік қорына меншіктеудің дұрыс екендігін дәлелдей түсті. Демек, лексикалық плеоназмдар тілдің тұрақты қасиеті болып саналады да, тілдік дәстүрге жатпайтын сөздегі үйіп-төкп қолданыстардан ерекшеленеді.

Зерттеліп отырған материалдарды талдау қазіргі қазақ тілінде сөз таптарының ішінде есімдерге негізделген лексикалық плеоназмдар мағыналық жағынан салалуан екендігін көрсетті. Оларды мына принциптерге сүйене топтастыруға болады: екі сыңарының да мағыналық мәнін сақтау дәрежесіне қарай, сыңарлар арасындағы мағыналық қатынастарға қарай және плеоназмдардың ЛМТ-ындағылардың мағыналық мәндерінің жақындығына қарай.

Екі сыңарының да мағыналық мәнін сақтау дәрежесіне қарай құралған плеоназмдардың анық тіркестілерінде, мағынасы күңгірттенген сыңарлары да немесе сы

нарларының бірі қозғалысқа түсіп, мағыналары өзгергендері де болуы мүмкін.

Плеоназмдар сыңарларының арасындағы мағыналық қатынасқа байланысты әсірелеу, анықтау, нақтылау, сондай-ақ белгілі бір шағын жерге жатқызу сияқтылар да әр түрлі болып отырады.

Плеоназмдарды жүйеге салу — мағыналы басым сыңары қандай сөз табынан екендігін көрсететін плеоназмдардың 32 ЛМТ-ын анықтады.

Плеоназмдардың мағыналық ерекшеліктерін зерттеу — тілдегі плеоназмдар мәнін тереңірек түсінуге, оның өзіндік қасиетін анықтауға, олардың сыңарларының өзара қатынасының сипатын және ерекше ЛМТ түрінде көрсетуге мүмкіндік берді. Сондықтан да, тілде сөйлеуде ой білдірудің басқа түрінен плеоназмды ерекшелейтін нәрсе, негізінен, мағыналық жағы екендігі айқын көрінеді.

Плеоназмдарды құрылымдық-мағыналық түрлері бойынша топтастыру оларды тіл құбылысына жатқызудың дұрыстығын бекіте түседі.

Қазіргі қазақ тілінде лексикалық плеоназмдар жүйелі құрылған, басқаша айтқанда, олар сөз жасаудың заңына сәйкесе, белгілі бір құрылым үлгісімен қалыптасқан және мағыналық мәндерінің жуықтығына қарай ерекше лексика-мағыналық топқа бірігеді.

Алайда плеоназмдарды аралас жатқан басқа құбылыстардан шектейтін басты шарт олардың сыңарлары арасында айқындауыш-анықтауыштық қатынастың барлығы, сондай-ақ тыңдаушыға хабарды жеткізу мақсатында әсірелеп, дәлдеп, нақтылай түсу міндетін атқаруы.

Есімді лексикалық плеоназмдар жүйесі қазіргі қазақ тілі лексикасынан, оның сөздік қорынан маңызды орын алады. Олар құрылысының алуан түрлілігі мен мағыналарының әсерлі ажырауымен ерекшеленеді.

Ғ. ӘНЕСОВ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Этимология грек тілінің *etymos* «ақиқат» және *logos* «білім» деген сөздерінің бірігуінен жасалған. Тіл білімінде тарихи лексикологияның арналы да арнаулы

саласы ретінде жеке сөздердің, сөз тіркестерінің, грамматикалық тұлғалар мен морфемалардың, кейде тіптен сөйлем сияқты жайылыңқы болып келетін фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің де түп-төркіні мен шығу тегін, олардың пайда болу, даму жолдары мен қазіргі тілдердегі көрініс сабақтастығын анықтап, тарихын ғылыми тұрғыдан зерттейді. Этимология, әлбетте, тіл тарихы, тарихи грамматика секілді пәндерді айырбастай алмайды. Ол пәндер тіл білімінің соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, тілдің жалпы даму заңдылықтарын саралай сипаттаса, ал этимология көбіне осы пәндердің табыстарын негізге ала отырып, жеке сөздер, жеке тұлғалар тарихын үңгі қаузады. Сонымен қатар тіл білімінде бұл сөздің «үлкен сөзінің этимологиясы», «төркіні сөзінің этимологиясы» түрінде жұмсалып, «сөздің шығу тегі, түп-төркіні» деген мағынаны да білдіретін тұсы бар.

Бір сөзбен қысқаша осындай анықтама бергенімізбен этимологиялық зерттеулер мен ізденістер өздерінің алдарына қойған мақсаты мен міндетіне қатысты әртүрлі болып келеді. Бұл орайда Ә. Т. Қайдаров былай дейді: «Түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне қатысты этимологиялық ізденістердің негізгі мақсаты: а) түркі тілдерінің өте көне дәуіріне тән ортақ түбірлерді анықтау; ә) түркі тілдерінің ішінде өз ара жақын топтарға ортақ лексикалық элементтердің сыр-сипатын ашу; б) әрбір тілдің, мәселен қазақ тілінің сөздік қорындағы жалпы түркі тілдеріне, оның ішінде қыпшақ тобына жататын тілдерге ортақ, сондай-ақ тек қазақ тілінің өзіне ғана тән әсіресе бір буынды түбірлер мен туынды түбірлердің табиғатын ашу; в) қазақ тіліне әр түрлі тарихи, мәдени, саяси, географиялық себептерге байланысты сырттан (араб, парсы, монғол, қытай, орыс т. б. тілдерден) енген лексика-грамматикалық элементтерді анықтау, олардың дыбыстық, тұлғалық және мағыналық өзгерістерін белгілеу; г) лексикалық элементтердің өз ара қатыстығы мен алшақтығы тілдің даму процесіне байланысты заңды құбылыс екенін дәлелдеу, т. б.»¹.

Этимологиялық зерттеулердің бір парасы сөздің бастағы мағынасын ғана айқындауға арналса, енді бірі — сөздің ілкі, түпкі түбірін тауып, оған қосылған қосымшалар мен негізгі және туынды түбірлердің ара жігін

¹ Қайдаров Ә. «Қазақ тілінің этимологиясы атты арнаулы курсының программасы» (Қолжазба).

ашып береді. Кейбір этимологиялық ізденістерде тіліміздегі мағынасы күнгірттенген, тіл иесі сөйлеу процесінде ол сөзді қолданғанымен мағынасына терең бойлап, жете түсіне бермейтін сөздер тобы бөлініп алынып, тексеріледі. Бұндай сөздер көбіне-көп қос сөздердің, біріккен және кіріккен сөздердің, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердің құрамында жиі кездеседі. Өйткені, ғасырлар бойы атадан балаға ауысып, ауыздан-ауызға көшіп отыратын бұл тіркестерде «ескінің көзі» іспеттес көне сөздер, грамматикалық тұлғалар, реликтілік құбылыстар сақталып отырады. Тіл иесі бұндай «сөз комбинацияларын» жаттанды түрде, нәзік мағыналық қырларын тек ішкі интуициямен сезіп қана қолдана береді.

Тіл білімі бойынша зерттеулер, әсіресе, лексикология мен лексикография жұмыстары картотека қорынсыз жүзеге аспайтыны белгілі. Таяу жылдарда жарыққа шығару жоспарланып отырған «Қазақ тілі этимологиялық сөздігінің» (қысқаша: ҚТЭС) картотека қоры өте ерте дәуірдегі түп тіл (праязык), жалпы түркілік кезеңнен бастап, аралықтағы қыпшақ тілдерінің сәйкестігін көрсететін материалдар, қазіргі қазақ әдеби тілі мен оның говорларын түгел қамтитын ұшан-теңіз тілдік фактілер мен мысалдардан мысқалдап жинақталуда. Осы саладағы тағы бір кезек күттірмес іс—қазақ тіл біліміндегі арнайы этимологиялық зерттеулерді, ғалымдарымыздың пікірлерін жинақтап, бір ізге салу, этимологиялық талдауға түскен сөздердің тізімін алып, этимологиялық зерттеулер мен жекелеген сөздер этимологиясының библиографиясын жасау болып отыр. Сонымен қатар, Г. Вамбери, М. Рясянен, Дж. Клоусон және Э. В. Севортянның этимологиялық сөздіктерінде, басқа да туыстас түркі тілдеріндегі арнайы этимологиялық, тарихи-салыстырмалы зерттеулерде, «Вопросы языкознания», «Советская тюркология» журналдары беттерінде жарияланған мақалаларда, әр түрлі ғылыми жинақтар мен монографияларда болашақ ҚТЭС үшін қажетті құнды-құнды пікірлер бар. Сөздікшілер шама-шарқынша осы пікірлердің қажеттісіне сілтеме жасап өз ой-тұжырымдарын айтпаса, бұл бүгінгі күннің талабына сай еңбек болып шықпас еді. Жоғарыда аталған картотека қорының құрамдас бір бөлімі ретінде бұл материалдар да алфавиттік жүйеге түсіріліп, ғылыми сараптан өткені абзал. Сонда ғана зерттеуші алдында өзі түп-төркінін қаузар сөз туралы қаншама дуалы ауыздың пікір айтқа-

ны, олардың қайсысы жорамал, қайсысы шындыққа жақын келетіні «тайға таңба басқандай» көзге ұрып тұрады. Этимологиялық сөздіктің алғы шарты болып есептелетін картотека қорын жасау барысында этимологтар алдынан сан тарау қиындықтар кездесетіндігін отандық түркологиядағы аздаған тәжірибеден-ақ көруге болады².

Жұмыс барысында «халықтық этимологияларды» да жинай отырдық. Неғұрлым көп жиналған сайын олардың өзіндік заңдылығы бар, қызық та сырлы құбылыс екенін байқадық.

Жүз жылдан астам тарихы бар қазақ тіл білімінде этимология саласына қатысты біршама істер атқарылды. Оның айғағы ретінде «Ғылым» баспасынан 1966 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігін» (қысқаша: ҚТҚЭС) атап көрсеткен жөн. Жалпы түркология ғылымында этимологиялық сөздіктер³ саны санаулы-ақ екенін еске алсақ, ҚТҚЭС — күні бүгінге дейін жеке бір тілдің материалдары негізінде жасалған алғашқы сөздіктердің бірі⁴.

Бұл кітапта 337 сөз бен сөз тіркестері реестрге алынып, арнайы этимологиялық талдаулар жасалған. ҚТҚЭС-дегі мақалдарды түгелдей карточкаларға түсіру барысында зерттеушілердің өзге де 182 сөздің түп-төркінін ашқандығы анықталды. Өйткені, авторлар өздері төркіндеткен сөздермен ұялас, түбірлес тұлғаларды да көрсетіп, кей тұста айтылған пікірді дәлелдеу үшін сол сөзге ұқсас, жасалу жолдары бірдей модельдер салыстырылады. Осылайша реестрге алынбаса да түбірлес, тұлғалас екінші бір сөздің этимологиясы туралы

² Инструкция и пробные статьи «Этимологического словаря чувашского языка» / Сост. М. И. Скворцов. Чебоксары, 1980. С. 3—11; Севортян Э. В. Пробные статьи к «Этимологическому словарю тюркских языков» (общее и межтюркские основы). М., 1966. С. 10—15.

³ *Vamberi H.* Etymologisches Wörterbuch der Türko-tatarischer Sprachen. Leipzig, 1879; *Räsänen M.* Versuch eines Etymologischen Wörterbuchs der Türksprachen. Helsinki, 1969; *Clauson G.* An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth Century Turkish. Oxford, 1972; *Севортян Э. В.* Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974. Т. 1; М., 1978. Т. 2; М., 1980. Т. 3; *Щербак А. М.* Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970. Осы соңғы еңбекті де көптеген түрколог ғалымдар этимологиялық сөздік ретінде қарастырып жүр.

⁴ *Егоров В. Г.* Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары, 1964.

сөз болады. Әрине, бұдан жиырма жылдай бұрын жарық көрген сөздік бетіндегі этимологиялардың бәрі бірдей төрт аяғын тең басқан сәтті, ғылыми дәрежесі жоғары дей алмаймыз. «Қазақ тілінің тұңғыш этимологиялық сөздігіне арналған талдаулар жасауға талаптанған авторлар коллективі бірсыпыра қиыншылықтарға кездесті»⁵, — деп кітаптың алғы сөзінде Р. Ғ. Сыздықова жазғандай, бұл тұңғыш еңбектің жарыққа шығуы, жазылуы оңай болған жоқ. Кезінде жұртшылық жылы қабылдаған бұл сөздік кейінгі жылдардағы көптеген этимологиялық ізденістерге «мұрындық» болды. Сөздікті құрастырушылардың еңбектеріне кейінірек жеке-жеке арнайы тоқталған сәтте сөздіктегі мақалалардың сапасы жөнінде де әңгіме болатындықтан, ҚТҚЭС туралы әзірге осымен шектелеміз.

Қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеулердің нәр алар бастау-бұлағы, тарихы қазақ тіліне қатысты жазылған алғашқы ғылыми зерттеулерден басталады. Бұл еңбектер арасында П. М. Мелиоранскийдің қаламынан туған грамматиканың⁶ орны ерекше екені мәлім. «Революцияға дейінгі кезеңде қазақ тілін зерттеп, танып-білуге арналған еңбектер арасында, — деп жазады Р. Сыздықова, — көрнекті ғалым, түрколог лингвист, Петербург университетінің профессоры Платон Михайлович Мелиоранскийдің 1894—1897 жылдары жарық көрген «Краткая грамматика казах-киргизского языка» атты екі бөлімді грамматикасы ерекше құнды. Бұл грамматиканы академик А. Н. Кононов түркология бойынша зерттеулердің негізгі ұйтқысына айналған басты еңбектердің біріне санайды»⁷.

П. М. Мелиоранский «Фонетика и этимология»⁸ деп аталатын бірінші бөлімінде қазақ тіліндегі бірнеше сөздің түп-төркініне тоқталады. Сол кездің өзінде-ақ автор тіліміздегі *бүгін* (<бұл+күн), *әкет* (<алып кет), *сөйтін* (<солай етіп), *алам* (<аламын) секілді сөздер мен *-тын* (<тұғын<тұрған) формасының тарихи өзгеріс-

⁵ ҚТҚЭС. 6-6.

⁶ Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. Ч. 1. Фонетика и этимология. СПб., 1894. 72 с.; Ч. 2. Синтаксис. СПб., 1897. 92 с.

⁷ Сыздықова Р. Ғ. Изучение казахского языка в дооктябрьский период // Развитие казахского советского языкознания. Алма-Ата, 1980. С. 22.

⁸ Ертеректе жарық көрген еңбектерде бұл термин «морфология» деген ұғымды білдіргендігін еске саламыз.

терін дәл тауып, көрсете біледі. Сондай-ақ, бұл тұңғыш ғылыми грамматиканың «Об иностранных словах в киргизском языке» деген тараушасында қазақ тіліне енген араб, парсы, орыс сөздері туралы арнайы пікір айтып, дұрыс қорытындыға келеді. *Міндет* (<миндет), *аспан* (<асман), *зындан* (<зиндан), т. с. с. ондаған сөздердің түп-төркінін көрсетумен бірге, олардың қазақ тіліндегі қолданыстары сингармонизм заңына бағынып, фонетикалық өзгеріске түскенін дәлелдейді.

Әрине, бұл пікірлер қазақ сөздерінің түп-төркіні туралы айтылған алғашқы, қазақ этимологиясына «беташар» есепті жолдар. Ал біз өзінен кейінгі көптеген ізденіс, зерттеулерге түрткі болған нағыз ғылыми этимологиялардың алғашқы нұсқаларын қазақ тіл білімінің негізін салушы, профессор Құдайберген Жұбановтың еңбектерінен табамыз. Қ. Жұбанов «Күй» атты тамаша еңбегінде қазақ тіліндегі *күй, домбыра, қобыз, жыр, толғау, бақсы, ән, би* т. б. музыкалық терминдердің этимологиясын жан-жақты ашып көрсетеді. Орхон-енисей, орта ғасыр ескерткіштері фактілері мен қазіргі туыстас түркі тілдері материалдарын жан-жақты пайдалана отырып, ол сөздердің шығу тарихын, мағыналық дамуын нәзік сезініп, шебер дәлелдейді. Бұдан 50 жыл бұрын жазылған мақалаларды оқып отырып, ғалымның ой жүйріктігіне, ғұлама білімділігіне таң қаласыз! Ғалым этимологияларының ғылыми жағынан нақты да терең болуына Қ. Жұбановтың көп тілді еркін меңгергендігі де септігін тигізсе керек. 1935 жылы 20 июльде толтырған анкетасында ол өз қолымен «Кроме родного, владею немецким, русским, арабским, персидским, турецким и монгольским языками» деп жазған болатын. «Из порядка слов в казахском предложении» (Алма-Ата, 1936) атты еңбегіндегі *жау* (жаужұмыр), *май, жым-жырт, шырт* (шырт ұйқы), *қызалақ* т. б. сөздердің шығу төркіні туралы айтқан пікірлері әлі күнге дейін ғылыми құндылығын жойған жоқ. Бір сөзбен айтқанда, қазақ ғылыми этимологиясының пионері — профессор Қ. Қ. Жұбанов еді дегіміз келеді.

1930 жылы Қ. Жұбановтың Қазақстанның І Өлкетану съезінде «Мағынасыз сөздердің мәні» («Смыслы бессмысленных слов») атты ғылыми баяндама жасағандығы белгілі. Осы еңбегінде ол қазақ тіліндегі малға қатысты қолданылатын одағайлар мен төрт түлік атауларына терең этимологиялық талдау жасап, өте қызык-

ты ой-тұжырымдар айтқан болатын. Мәселен, ол тіліміздегі *қошқар* мен *айғыр* сөздерінің ұзақ тарихи дамуды бастарынан кешіргендігіне тоқтала келіп, оларды екі компоненттен тұрады деп қарастырған. *Қошқар* сөзінің алғашқы *қош* бөлігін түрікмен тіліндегі «қой» мағынасындағы *қош*, тіліміздегі *қозы*, *қошақан*-дармен салыстырса, ал *айғыр* сөзінен *ай* түбірін ажыратып алып, оны орхон, көне ұйғыр, тува тілдеріндегі *ад*, хакас тіліндегі *ас*, *аз*, якут тіліндегі *ат* т. с. с. формалардың фонетикалық варианттарының бірі дейді. Ал *қар* (<қошқар), *ғыр* (<айғыр) элементтерін чуваш тіліндегі *ар*, казак тіліндегі *ер* сөздерімен мағына және тұлға жағынан төркіндестіреді. Осы іспеттес қызық та құнды пікірлері бар бұл ғылыми баяндама «өкінішке орай өз уақытында жарық көрмей»⁹, жоғалып кетеді. Осы орайда казак совет тіл білімінің әр салада жан-жақты қарыштап дамуына белсене ат салысқан алдыңғы буын ғалымдарымыз — Қ. Қ. Жұбанов, І. К. Кеңесбаев, Н. Т. Сауранбаев, М. Б. Балақаев, С. А. Аманжолов, Ж. Досқараев, Ғ. Ғ. Мұсабаев, А. Ы. Ысқақов еңбектеріндегі казак этимологиясына қатысты көптеген ой-тұжырымдары мен күні бүгінге дейін ғылыми мәнін жоғалтпаған пікірлердің бір жерге жинақталып, қорытылып, өз бағасын алмағанын баса айтқымыз келеді. Ғылыми мұраға адалдық, әсіресе, әрбір жаңа зерттеуден өткенді жинақтау мен жаңадан айтылған соны пікір қажеттігін талап ететін қиын да күрделі этимология саласында биік өрлеп, алға басуымыз үшін осыған дейін істелген істің, тұңғыш айтылған пікірдің бәрі әділ ғылыми бағасын алуы керек деп білеміз. Қазак этимологиясына олар қосқан үлестің кейбірі осы мақалада қысқаша, ат үсті болса да тілге тиек етілді, ал олардың қалғанын қамтып, олқылықтың орнын толтыру болашақтың еншісі болмақ.

Әр кезде баспа бетін көрген этимологияларды (кітап, мақала, жеке пікірлер т. б.) жинақтап, саралай келе оларды үлкен-үлкен үш топқа бөлуге болатындығына көзіміз жетті:

1. «Халықтық» этимологиялар.
2. «Қызықты» этимологиялар.
3. Ғылыми этимологиялар.

Енді осылардың әрқайсысына қысқаша тоқтала кетейік.

⁹ Кеңесбаев С. Предисловие // К. Жубанов. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966. С. 6.

І. «Халықтық» этимологиялар. Білмегенді білуге ұмтылу, өмірдегі жұмбақ құбылыстардың сырына үңілу адам табиғатына тән қасиет. Адамдар о бастан айналасын қоршаған заттар атауының қайдан шыққанын, қалай пайда болғанын үнемі қызықтап, әрдайым «зерттеген», өз шама-шарқынша жауап тауып, дәлелдеуге тырысқан. Бұл сатыны тіл білімінің іргетасы, алғашқы баспалдағы деп қараушылар да бар. Мәселен, орхон-енисей жазуларының алғаш «кілтін» табушы В. Томсен кітабының «Этимология у древних и ее ошибки» деген тарауында былай дейді: «Антикалық этимология сөзден ол зат, ұғым туралы бұрыннан бар белгілі нәрсе, мағына іздейді, солармен ұқсастырады және теңдік, ұқсастық, қарама-қарсылық т. б. таза логикалық фигураларды қалай болса солай қолданады»¹⁰.

«Өнер алды — қызыл тіл» дейтін қазақ халқы да сөз сырына үңілуден жалықпаған. Ел, жер, жұрт атаулары, сырттан енген түсініксіз кірме сөздер т. с. с. халық санасында қайта жаңғырып, талай аңыз-әңгімелерге арқау болып, ауыздан-ауызға көшіп жүрген. Түсініксіз сөздерді халық өзіне таныс, түсінікті сөздерге «туыстырып», солардан төркіндетіп отырған. Сондықтан, кей жағдайда «халықтық» этимологиялар «жалған» («ложная») деп те аталады.

«Халықтық» этимологияларға мысалды алыстан іздемей-ақ, бала күннен жаттап өскен ауыз әдебиеті нұсқаларына жүгінейік. Көне жырларымыздың бірі — «Қозы Көрпеш — Баян сұлуды» еске алалық. . . Ата-бабаларымыз өздері кір жуып, кіндік кескен талай жер атауларын осы жырда кейіпкерлер әрекетімен сабақтастырмаушы ма еді! . .

Қорқау ойлы Қарабай аударыла көшкен сәтте, абырсабырда сабасы жарылып, қымызы төгілген жер «Ақкөл», «Жайылма» атанады. Қозыны аңсай күткен Баян шыдамай, алтын сандыққа сәлемдеме толтырып, Айбасты ұзақ жолға шығарып салушы еді ғой. «Домбыралы», «Моншақты», «Қарқаралы» деген жерлер осы сандықтан «түсіп қалған» нәрселер болса, «Жауыртауға» кел-

¹⁰ Томсен В. История языковедения до конца XIX века (краткий обзор основных моментов). М., 1938. С. 159. Бұл күнде библиографиялық құндылыққа айналған осы кітаптың «Символические этимологии», «Составные этимологии», «Графическая символика и этимология» деген тарауларында жалпы этимологияға қатысты құнды да қызықты пікірлер баршылық.

генде аты титықтап, сол жерде амалсыздан «Алтын сандық» та қалмаушы ма еді!?

Жазушының әр түрлі стильдік мақсатқа пайдалануына қарай бұл «дәстүр» бүгінгі әдебиетімізде де үзіліп қалған жоқ. Осы типтес «халықтық» этимологиялар, әсіресе, С. Мұқановтың қаламынан көп туындаған. Бүгінгі таңда «халықтық» этимологиялардың авторлары көбіне-көп ақын-жазушы, қаламы жүйрік журналистер болып келеді. Әрине, бұлардың арасында оқушысын күлдіру мақсатында әншейін, жеңіл күлкіге құрылғандары да баршылық. Негізінен бізді қызықтырары аңыз-әңгіме, шежіре түрінде болып келетін «халықтық» этимологиялар. Халық творчествосы іспеттес бұл көне шежіресырлар этнос тарихына сәулесін түсіріп, бағзы заман елестерінен деректер береді.

2. «Қызықты» этимологиялар. Бұл топқа газет, журнал беттерінде жарық көрген көпшілік қолды (научно-популярн.) материалдар жатады. Бұл мақалалар қалың көпшілік қауымға арналғандықтан, ондағы материалдардың берілуі, терминологиясы, ғылыми аппараты арнайы ғылыми басылымдағы зерттеулерден өзгешеленіп тұрады. (Сөздіктер мен түрлі жазба ескерткіштерге сілтеме беру, өзінен бұрын айтылған пікірлерге сүйеніп, олардан цитата келтіру жағы өте аз). Сондықтан бұлар автордың «өз тілімен» көпшілікке түсінікті түрде жазылады. Әрине, бұл еңбектерден ғылыми тереңдік іздеп, оны талап ету мүмкін нәрсе емес. Бұдан «қызықты» этимологиялар мүлде қажетсіз дүние екен деген ұғым тұмау керек. Біз «халықтық» этимологияны ғылыми этимологияға қарама-қарсы қойып, көбінде оны мансұқ қылсақ, ал «қызықты» этимология — ғылыми этимологияның көкжиегін кеңейтіп, оның жетістіктерін үлкен орбитаға шығарып, қалың бұқара арасына таратар өте қажетті «елші» сала. Осындай мақсатта жазылған қызықты, ғылыми-көпшілік қолды туындыларға жастар, әсіресе, мектеп оқушылары сусап отыр. Бұл салада қазақ тіл білімінде Р. Ғ. Сыздықованың «Сөздер сөйлейді»¹¹ деген кітабынан басқа еңбектің атын да атай алмаймыз.

Мәселен, осы саладағы орыс тіл біліміндегі атқарылып жатқан шаруаларға бір сәт назар салалықшы. Мек-

¹¹ Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (мұғалімдер мен студенттерге арналған көмекші құрал). Алматы, «Мектеп». 1980. 126-б.

теп оқушыларына арналып шығарылған этимологиялық сөздіктермен қатар¹², олардың қосымша оқыл, ой-өрістерін ұлғайтуға арналған ғылыми-көпшілік қолды ондаған кітап соңғы жылдардың өзінде жарық көрді¹³.

«Білім және еңбек» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газеті ұзақ жылдардан бері тіл тарихына, оның ішінде жеке сөздер этимологиясына байланысты материалдарды үнемі жарыққа шығарып келеді. Әсіресе, «Қазақ әдебиетінің» «Толғауы тоқсан қызыл тіл» рубрикасының мүмкіндігі өте мол. Тек ескерер бір жайт, жүз мыңдаған оқушысы бар газеттің сенімін ақтап, әрі газеттің беделін түсірер артық-кем, ұшқары пікірлерге тосқауыл боларлық мекеме (мәселен, Тіл білімі институты), адамдар (газет редколлегиясында, не қызметкерлер арасында бірде-бір лингвист-ғалым жоқ қой!) бекітілгені құба-құп болар еді. Бұл орайда «Қазақстан әйелдері» журналы ұйымдастырған «Тіл төркіні» атты рубрикасынан (материалдар академик Ә. Т. Қайдаров редакциясымен жарияланады) көп нәрсе үйренуге болады.

Соңғы жылдары осы бөлімде жарияланған мақалалардың дені дәлелді, сапасы жағынан ғылыми этимологияларға жақын болып келеді. Құр жорамал, полемикадан ада, айтар ойы тиянақты, факті, дәлелі жеткілікті мақалаларды қалың оқырман қауым әрқашан сүйсіне оқиды. Соңғы жылдары «Жұлдыз» журналы «Алтыншы дәптер» атты бөлім ашып, тіл тарихы мен этимологияға қатысты материалдарды ептеп жариялай бастады. Этимологиямен айналысып жүрген ғалымдарымыз осы мүмкіндіктердің бәрін толық пайдалана білсе, «қызықты» этимология тек насихат құралы ретінде ғана өмір сүріп қоймай, ғылыми этимологияның құрамдас бір бөлігіне айналар еді.

3. Ғылыми этимологиялар. Этимология тіл білімінің ең бір қызық та қиын саласы. Әсіресе, қиындығы

¹² Успенский Л. П. Почему не иначе? Этимологический словарь школьника. М., 1967; Потиха З. А. Школьный словообразовательный словарь. Волгоград, 1961; Шанский Н. М., Иванов В. В., Шанская Т. В. Краткий этимологический словарь русского языка. М., 1971; т. 6.

¹³ Шанский Н. М. В мире слов. 3-е изд. М., 1985; Фолсом Ф. Книга о языке; Пер. с англ. 2-ое изд. М., 1977; Крысин Л. П. Жизнь слова. М., 1980; Сергеев В. Н. Новые значения старых слов. М., 1979; Мокиенко В. М. В глубь поговорки. М., 1975; Откупщиков Ю. В. К истокам слова. М., 1973, т. 6. кітаптар аттарын көптеп келтіруге болар еді.

басым. Сондықтан да болса керек, этимологиямен арнайы айналысып жүрген ғалымдар саны саусақпен санарлықтай. Сөз төркіні туралы өз ойларын үнемі ортаға салып жүретін ғалымдарымыздан бүгінгі таңда Ә. Т. Қайдаров, Р. Ғ. Сыздықова, Ә. Нұрмағамбетов, Қ. Өмірәлиев, Е. Жанпейісов, С. Исаев, А. Махмудов, Н. Уәлиев секілді бірнеше ғалымдар атын ғана атап өтуге болады. Жалпы қазақ тіл біліміндегі белгілі бір сөз этимологиясын ашуға септігін тигізетін (тұлғалық талдау, көне мағынасын ашу, көне түркі, болмаса өзге туыстас тілдердегі тұлғалармен салыстыру т. б.) ғылыми еңбек, зерттеу, ізденістерді екі үлкен топқа бөліп қарастырған орынды секілді:

1. Арнайы этимологиялық зерттеулер.

2. Қосымша бағыттағы зерттеулер.

Ең алдымен бір-ақ ауыз сөзбен қосымша бағыттағы зерттеулерге көңіл аударта кетсек, оған қазақ тіл біліміндегі тарихи грамматика (М. Томанов, Ә. Ибатов т. б.), сөз тудыру (Ә. Төлеуов, Ғ. Қалиев т. б.) проблемаларын зерттеу үстінде ғалымдарымыздың этимологияға жүгінетіні, белгілі бір этимологиялық әдістерді қолданатыны белгілі. Сондай-ақ қазақ тіл біліміндегі кірме сөздер проблемасымен айналысып жүрген ғалымдардың еңбектеріне де арнайы тоқталуға орын тар. Сондықтан сөздік қорымыздағы кірме сөздер қабатын аршып, сөздіктер түзіп, ғылыми еңбектер жазып келе жатқан Н. Ондасынов, Е. Бекмұхамедов, Л. Рүстемов, Н. Қарашева, Ә. Құрышжанов, Б. Сүлейменова, Б. Бафин, Н. Уәлиев т. б. ғалымдарымыздың тек аттарын ғана атап өтуге мәжбүрміз. Сондай-ақ, ономастика ғылымының әртүрлі салаларында ат салыса жүріп, өз зерттеулерінде этимологияны үнемі серік етіп келе жатқан Ә. Абдрахманов, Т. Жанұзақов, Е. Қойшыбаев, Ғ. Қоңқашбаев, Е. Жұбанов еңбектері бір төбе. Бұл салада Ә. Абдрахманов «Топонимика және этимология» (Алматы, 1975) атты кітап та шығарды. Әйтсе де, біздіңше, қазақ топырағында ономастика саласында этимологиялық ізденістердің практикалық жақтары (сөздіктер) көп алға озып, біршама табыстарға қол жеткенімен, теориялық тұрғыдан этимологиялық талдаудың нәтижелі принциптері мен тәсілдерін іздестіруде, саралауда көп артта қалушылық бар.

Қазақ тіл білімінде этимологиямен арнайы айналысып жүрген ғалымдардың санаулы-ақ екенін жоғарыда

атап өттік. Олардың көшбасшысы ретінде ұзақ жылдар бойы талмай тер төгіп, қазақ тіл білімінде этимологияны арнайы пән дәрежесіне көтеріп, қалыптастырған — Ә. Т. Қайдаров. Этимология саласындағы алғашқы ізденістерін ғалым ұйғыр тіліндегі қос сөздер табиғатын зерттеген кандидаттық диссертациясынан бастады. Бұл еңбегі 1958 жылы жеке кітап болып та жарияланды¹⁴. Автор тарихи-салыстырмалы әдіспен қазақ тіліндегі *шаға* (бала-шаға), *шашын* (жауын-шашын), *баранды* (үйлі-баранды), *торым* (тоқты-торым), *жора* (жолдас-жора), *қырқын* (қыз-қырқын), *шар* (дау-шар), *тараж* (талан-тараж) т. б. қос сөздер сыңарларының төркіні туралы алғаш рет пікір айтады. Сол тұста «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында жарияланған мақаласында¹⁵ осы тақырыпты жалғастырып, *қалаш* (қатын-қалаш), *сарсаң* (әуре-сарсаң), *теге* (түйе-теге) т. б. сөздерімізді «төркіндетеді».

Әйтсе де, біз Ә. Қайдаровты нағыз этимолог ғалым ретінде ҚТҚЭС-дегі мақалаларынан көреміз. Автор барлық түркі тілдері мен ескерткіштерінің фактілерін шебер пайдаланумен бірге, сол кездің өзінде-ақ қазақ (түркі) сөздерінің «сырын» бір буынды түбір сөздер төңірегінде іздейді. Осылайша қазақ тіл біліміне алғаш рет гомогенді түбірлер, синкретикалық түбірлер сияқты жаңа ұғымдар келді. Ең алдымен, ғалым өз зерттеу объектісі етіп, кез-келген сөзді емес, тіліміздегі мағынасы әбден күңгірттеніп, көмескіленген, бүгінгі қазақ тілі тұрғысынан шешімсіз (немотивированные слова) сөздерді алады. Екіншіден, өз зерттеулерінде түркі, монғол тілдерінің фактілерімен бірге тұңғыс-маньчжур тілдерінің де материалдарын шебер пайдаланады. Сәті келген кезде, тіптен, алтай тобынан басқа тілдердегі көрінісін де (ҚТҚЭС, 106—107-б. «Көсеге» мақаласын қараныз) назардан тыс қалдырмайды. Үшіншіден, автордың кірме сөздер төркіні (көбіне парсы тілінен) туралы этюдтары да сонылығы, бұрын тегі тексерілмеген сөздерді таңдап алуымен ерекшеленеді.

Ұзақ жылдар ізденіп, үңіле зерттеудің нәтижесінде Ә. Т. Қайдаров тек қазақ тілі фактілерімен шектеліп

¹⁴ *Қайдаров А.* Парные слова в современном уйгурском языке. Алма-Ата, 1958. С. 167.

¹⁵ *Қайдаров Ә.* Кейбір қос сөздердің этимологиясы // «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959. № 10.

қалмай, түркологиялық аренаға шығады¹⁶. Түркі тілдеріндегі синкретизм құбылысы¹⁷ мен төркіндес (гомогенді) сөздер¹⁸ дамуын зерттейді, түркология ғылымына «скрытый синкретизм» деген жаңа ұғым, термин әкеледі.

Сөйтіп, алғашқы этимологиялық этюд, мақалалары арқылы жекеленген сөздердің «қызықты» тарихын, ұмыт болған мағыналарын қайта қалпына келтіріп, даму сатыларын көрсетуден басталған іс бүгінгі таңда қазақ тіл біліміндегі жаңа бағытқа, жаңа ізденіс тәсілдері мен әдістеріне, жаңа ғылыми зерттеулерге жол салып отыр. Ә. Т. Қайдаров ұзақ жылдарға созылған этимологиялық зерттеулерін соңғы монографиясында¹⁹ түйіндеп, қорытындылаумен бірге көлемді этимологиялық сөздігінің шағын нұсқасын да (183 — 313 беттер) жарыққа шығарды. «Біз болашақта, — деп жазады ғалым, — қазақ тілінің бір буынды түбір сөздерінің этимологиялық сөздігін жасап шығаруды мақсат етіп отырмыз»²⁰. Осы мақсаттың таяу жылдарда жүзеге асатынына сеніміміз мол.

Қазақ тілі лексикологиясының жеке ғылым саласы болып қалыптасуына көп еңбек сіңірген Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ғ. Мұсабаев еді. Докторлық диссертациясы мен осы аттас монографиясында²¹, «Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан» кітабы мен көптеген мақалаларында²² қазақ тілі лекси-

¹⁶ Қайдаров Ә. Қазақ тілі этимологиясынан этюдтер // Сөз өнері. Алматы, 1978. 62—71-б.; Доспехи — вооружение война-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение // Изв. АН КазССР. Сер. общ. 1973. № 6. С. 25—26; Структурные типы слов // Современный казахский язык. Алма-Ата, 1962. С. 120—129.

¹⁷ Қайдаров А. Т. О критериях определения синкретических слов в тюркских языках // Изв. АН КазССР. Серия филологическая. 1977. № 3. С. 51—57; Некоторые аспекты синкретизма первичных основ в тюркских языках // Проблемы современной тюркологии. Алма-Ата, 1980. С. 85—93.

¹⁸ Қайдаров А. Т., Кажибеков Е. З. Гомогенные корни и их лексико-семантическое развитие (на примере *qa-/qa-*) // Советская тюркология, 1980. № 3. С. 17—24; Қайдаров А. Т. Фонетические факторы семантического развития слова в тюркских языках // Языкознание. Тез. докл. и сообщ. III Всесоюзной тюркологической конференции. Ташкент, 1980. С. 156—157.

¹⁹ Қайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986. С. 323.

²⁰ Көрсетілген еңбек, 312-б.

²¹ Мұсабаев Ғ. Лексика современного казахского языка. Автореф. дис... докт. филолог. наук. Алма-Ата, 1960; Современный казахский язык. Лексика. Алма-Ата, 1959.

касының басқа да проблемаларымен бірге этимологияға жете көңіл бөледі. Қазақстан жерінде кездесетін көне түркі жазбалары мен эпиграфиясын өмір бойы жинап өткен ғалым еңбектерінің басты ерекшелігі — көне деректерді молынан пайдаланып, тарихи принципті негізге ала зерттеуде. Зерттеуші қазіргі қазақ тіліндегі сөздерімізді сонау қытай жазбалары, көне түркі ескерткіштеріндегі тұлғалары арқылы қайта қалпына келтіруге (реконструкция) ұмтылады. Сонымен қатар ғалым этнографиялық деректерді де шебер пайдаланады. Әрине, кей сәттерде (мысалы: *құлын*, *құлан* сөздерінің этимологиялары) зерттеушінің сыртқы ұқсастықтарды қуалап, ғылыми принциптерден ауытқып кететін кездері де кездеседі. Дегенмен, қазақ лексикологиясына көп еңбек сіңіріп, артына этимология саласы бойынша құнды еңбектер қалдырған *Ғ. Мұсабаев* зерттеулерін қазақ тілі этимологтары аттап өтуі мүмкін емес. Ғалым еңбектерінің құндыларын топтап, таңдамалы жинағын шығаруды да қолға алған орынды секілді.

Этимология саласына жиі араласып жүрген ғалымдарымыздың бірі — *Р. Ғ. Сыздықова*. Алғашында өз зерттеу объектісі етіп Абай шығармаларының тілін алған ғалым ұлы ақын шығармалары тілінің морфологиялық және лексикалық ерекшеліктерін тарихи тұрғыдан зерделеу үстінде тырнақалды этимологиялық бақылауларын көпшілікке ұсынды²³. Ол ойлардың көбі «Абай шығармаларының тілі» атты монографиясында (Алматы, 1968) шоғырланған. Қазақ тілінде бүгінгі таңда мүлде ұмытылған, не тарихи сөзге, архаизмге арналған бірнеше жүздеген сөздер бар екені мәлім. Бұлар қазақ тілі лексикасында өзіндік ерекше қабат құрайтын тарихы жұмбақ та қызық сөздер тобы. Ғалым назарына көбінше солар ілігеді. Кейінгі жылдарда Махамбет²⁴

²² *Мұсабаев Ғ.* Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. Алматы, 1966. 1-бөлім; Қазақ тіліндегі кейбір сөздердің этимологиясы жөнінде // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1959. № 2; Бір сөздің тарихы // Жұлдыз, 1963. № 11; «Манқыстау» сөзінің семантикасы // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Филолог. сер. 1946. № 4 және т. б. мақалалары.

²³ *Сыздықова Р.* Абайдың поэзиялық шығармаларындағы кейбір морфологиялық тұлғалардың сипаты // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. 1959. № 5; Абай тіліндегі оқу-ағартуға қатысты сөздер // Қазақстан мектебі. 1965. № 8. 61—67-б.

²⁴ *Сыздықова Р.* Махамбет өлеңдерін оқығанда... // Қазақстан мектебі. 1972. № 11.

пен Жамбыл²⁵ поэзиясының тіліндегі көптеген көнерген сөздердің мағынасын қалпына келтіріп, текстологиялық талдаулар жасайды. Бұлардың көпшілігі «Сөздер сөйлейді» кітабына енді. Бұл кітап — қазақ тіл біліміндегі «қызықты» этимология мен ғылыми этимологияны шебер ұштастыра білген тұңғыш ғылыми-көпшілік қолды еңбек. Автор негізінен семантикалық принципті ғана басшылыққа ала отырып, сөздердің көне мағынасы мен қолданылу тарихын айқындауды мақсат еткен. Көптеген сөздер мен сөз тіркестерінің бұдан бір-екі ғасыр бұрынғы қолданыстары мен мағыналарын, басқа сөздермен тіркесу қабілетін ашу үстінде ғалым дәлел ретінде қазақ халқының ауыз әдебиеті нұсқаларын, революциядан бұрын шыққан әдеби кітаптар мен сөздіктерді шебер пайдаланады. Тіліміздің тарихын жасауда көп кедергі келтіріп жүрген жазба ескерткіштеріміздің аздығын (қазақ тіліне тікелей қатысты) Р. Сыздықова ұсынған осы әдіспен біршама толтыруға болатын секілді. Өйткені, жазба факт болмаса, дәлеліміз қаншама орнықты болғанымен, көбінше болжам ғана болып қала бермек.

Ана тіліміздегі жүздеген сөздің түп-төркінін ашып, тарихына үңіліп жүрген этимологтарымыздың бірі — белгілі диалектолог Ә. Нұрмағамбетов. Еңбегі өнімді ғалымның мақалаларын²⁶ баспасөз бетінен жиі оқуға болады. Ә. Нұрмағамбетовтің этимологиялық талдауларының басты объектісі — жергілікті тіл ерекшеліктері, көне тілден сақталып қалған көптеген реликт құбылыстар, әдеби тілге толық таралмаған кірме сөздердің мол қоры. Осы ізденістерін жинақтай келе зерттеуші «Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні» атты қызықты кітабын²⁷ жариялады. Бұл еңбек тек тарихи диалектологиямыздың беташары емес, сонымен бірге қазақ этимологиясына да қосылған үлкен үлес. Автор басқа да тілдік фактілермен бірге Сібір тілдерінің материалдарына жүгінеді. Біз бұған қарсы емеспіз. Бірақ, қазақ

²⁵ Сыздықова Р. Жамбыл поэзиясының тілі жайында // Жамбыл және қазіргі қазақ поэзиясы. Алматы, 1975. 78—92-б.

²⁶ Нұрмағамбетов Ә. Мағынасы көмескіленген сөздер // Қазақ әдебиеті. 1966. 17 май; Сөз сырлары // Білім және еңбек. 1968. № 5; Сөз төркінінен сыр тартқанда // Білім және еңбек. 1971. № 2; Сөз төркініне зер салсақ // Қазақ әдебиеті. 1971. № 35; Сөз төркінін барлау // Қазақ әдебиеті. 1972. № 37; Кейбір сөздердің тарихынан // Сөз өнері. Алматы, 1978. т. 6. мақалалары.

²⁷ Нұрмағамбетов Ә. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні. Алматы, «Мектеп», 1985.

тіліндегі белгілі бір лексеманы сонау шалғайдағы бурят, алтай т. б. тіл говорларындағы (!) тұлғалармен салыстыру, салғастыру үнемі дұрыс нәтижелі бола бермейді дегіміз келеді. Мәселен, *жуалдыз* сөзін талдау үстінде²⁸ ғалым оны екі құранды бөлшектен тұрады, бірінші сыңары иран сөзі, ал екінші компоненті бурят тілінің Цонголь говорында «ине» ұғымын білдіретін сөз дейді. Әрине, бұл жерде тарихи принциптен ауытқушылық бірден көзге ұрып тұр.

Осы іспеттес арнайы бір бағытта «маманданған» этимологтар қатарына белгілі ғалымдарымыз Е. Жанпейісов пен А. Махмұтовты жатқызуға болады. Е. Жанпейісов өз зерттеу объектісі етіп қазақ тілі лексикасының үлкен бір қат-қабаты — этнографизмдерді алған. Бұл саладағы еңбегі жеміссіз де емес²⁹. Ұзақ ізденістерінің нәтижесінде ғалым «Абай жолы» эпопеясының тілін саралаған монографиялық еңбегін³⁰ жазып шықты. Бұл — қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеулердің ең көлемдісі болуымен қатар өзінің ғылыми тереңдігі, этимологияларының дәлелділігімен ерекшеленеді. Автор түркі, монғол тілдері, жазба ескерткіштер, әртүрлі сөздіктерден сүзіп алған мысалдар арқылы қазақ тіліндегі тарихы сөз болып отырған этнографизмдердің дамуы мен өзгерісін, семантикасын жан-жақты ашып береді. Ғалым, әсіресе, этнографизмдердің қазақ топырағында пайда болған, ұлы суреткер М. Әуезов түрлендіре қолданып, «екінші өмір» берген бөлігін ғылыми зердемен сезініп, өте нәзік иірім, нюанстарын да көре біледі. Мысалы, *ұлыс* (29-б.), *шұбар//сібер* (19-б.) секілді сөздерге жасаған этимологиялық талдауларында осы кезге дейін аксиома болып келген пікірлерге сын көзімен қарап, өзіндік батыл тұжырымдар айтады. Немесе, тіліміздегі *болыс* сөзін орыс тіліндегі *волость*-тың фонетикалық өзгеріске түскен түрі дей келе, сол *волость* сөзінің өзін орыс тіліне түркі тілдерінің бірінен ауысқан дейді. Э. К.

²⁸ Нұрмағамбетов Ә. Қазақ говорларында кейбір лексикалық ерекшеліктердің пайда болу жолы мен этимологиясы // Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1973. 64-б.

²⁹ Жанпейісов Е. Этнографиялық этюдтар // Қазақстан мектебі. 1973. № 11; Қазақ тіліндегі кейбір сөздердің этимологиясы туралы // Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. Алматы, 1975. 97—105-б.

³⁰ Жанпейісов Е. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі (тарихи-этимологиялық байқаулар, материалдар). Алматы. 1976. 168-б.

Пекарский сөздігінде кездесетін ұлуу «большой, великий» және уус «род» сөздерінің қосылуынан ұлыс сөзі жасалған. Сонда, ұлыс > волость > болыс. Осы секілді қызықты этимологиялық шешімдерді Е. Жанпейісов еңбектерінен көптеп кездестіреміз.

Тіліміздегі жоғарыда сөз болған этнографизмдер секілді ерекше қабат құрап, сөздік құрамның пассивті бөлігі ретінде жеке қаралатын топ — архаизм және тарихи сөздермен қазақ тіл білімінде арнайы айналысқан А. Махмұтов болатын³¹. Ол ҚТҚЭС-ін жасаушылардың бірі ретінде де тіліміздегі сандаған сөздердің түп-төркінін ашып берді. Ғалым бұл сөздерді «көнерген сөздер» деп жеке бөліп алып, бірде арнайы этимологиялық талдау³², бірде белгілі бір жазушының көркем шығармада қолдану ерекшелігі тұрғысынан³³, ал енді бірде басқа лексикалық топтармен қарым-қатынасы тұрғысынан³⁴ алып зерттеді.

Ғалым этимологияларының бір ерекшелігі — автордың үнемі жаңа шешім іздеп, тың ойлар айтып отыруы. Мәселен, ғалымдарымыз ұзақ жылдар бойы тіліміздегі *абжылан* сөзін парсы тіліндегі *аб* — «су» сөзімен байланыстыра қарастырып келген болатын³⁵. Десек те қазақ халқының ұғымындағы *абжылан* сөзінің мән-мағынасы мен этимологиядан келіп туындайтын «су жылан-ның» арасы кірікпей, дәйектемесіз (мотивировка) болып тұратын. Бұл сәйкессіздікті алғаш байқап, тіл білімімізде белең алған бұл пікірге алдымен қарсы шыққан А. Махмұтов еді. «Біздіңше, бұл сөз «су жылан» емес, «улы жылан» деген түркі сөздерінің тіркесінен жасалған сөз. . . . *Абжылан* — екі түбірден құралған біріккен сөз. Бірінші компоненті *аб/ап/еп* («у, сикыр, тылсым»), екінші сыңары жағымсыз кейіпті бейнелеуде қолданылатын

³¹ Махмұтов А. Архаизмы и историзмы в казахском языке: Автореф. дис. ...канд. филол. наук. Алма-Ата, 1963. С. 20.

³² Махмұтов А. Қазақ тіліндегі кейбір көнерген сөздердің этимологиясы // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Филол. сер. 1962. № 2.

³³ Махмұтов А. М. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы көнерген сөздер // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 4-шығуы. Алматы, 1962. 216—228-б.

³⁴ Махмұтов А. Қазақ тіліндегі көнерген сөздердің түрлері // Қазақ ССР ҒА-ның Хабарлары. Филол. сер. 1960. № 1; Қазақ тіліндегі көнерген сөздердің басқа лексикалық топтармен қарым-қатынасы // Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері. 5-шығуы. Алматы, 1963.

³⁵ Жәркешова Г. Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1960. 21-б.

жылан болу керек. Сонда *абжылан* сөзінің мағынасы — арбайтын, сиқырлы жылан болғаны» (ҚТҚЭС, 17-б.).

Кейбір лингвист ғалымдарымыз тіліміздегі фразеологизм, мақал-мәтелдерді этимологиялық талдауға талап қылып жүр. Бұл салада І. Кеңесбаев, Қ. Өмірәлиев, Н. Уәлиевтер қаламынан туған этимологиялық ізденістерде көптеген қызғылықты байқаулар, соны ойлар бар. Сондай-ақ, С. Нұрқанов, Е. Жұбановтардың ономастикалық атауларды (топонимдер, антропонимдер) этимологиялық талдау тәжірибе, әдістері де арнайы зерттеп, зерделеуге тұрарлық істер. Әрине, шағын мақалада жүз жылдық тарихы бар қазақ этимологиясы бойынша істелген барлық еңбектерді тұтастай шолып шығу мүмкін емес. Біз мүмкіндігінше болашақта даму перспективасы бар, әлі де зерттеуді жалғастыруды қажет ететін, терең бойлап ілгері дамытар бағыттарға ғана қысқаша тоқталып өтуге тырыстық.

Қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеулерді түгелдей шола қарастырғанда олардың көпшілігіне ортақ кемшіліктерді атамай кетпеу де мүмкін емес. Бұл кемшіліктердің көпшілігі этимологияның негізгі принциптері мен әдістерін айқын ажырата қолдана білмеу мен олардың өз орнын тауып, жүйелі іске асырылмауынан туындап жатады. Біз этимологияның негізгі принциптері дегенде: а) фонетикалық, ә) морфологиялық немесе фонеморфологиялық, б) семантикалық деп аталатын үш принципке сүйенеміз. Фонетикалық принцип тілдегі түрлі дыбыстық өзгерудің жолдарын, дамуын, алмасуын дәлелдеуге пайдаланылса, морфологиялық принцип сөз, түбір структурасының, жалғау-жұрнақтар системасының өзгеру жүйесін түсінуге жәрдемдеседі. Ал семантикалық принцип сөздің мағыналық жағынан дамуын зерттеуге құралады. Сонымен бірге, әр түрлі экстралингвистикалық факторларды, яғни тарихи фонды да үнемі назарда ұстағанымыз жөн. Бұл, әсіресе, кірме сөздер, тілдің этнографиялық, лексикасын зерттеуде бірден-бір сүйеніш болып табылады.

Қазақ тіл білімінің ең кенже салаларының бірі — этимология әлі өзінше «отау тігіп, еншісін алған» жоқ, аяғын әлі «апыл-тапыл» басуда десек болады. Сондықтан оның өзіндік зерттеу тілі, тұрақталған терминологиялық жүйесінің болмауы көп қиыншылықтар келтіруде. Тек тілінің ғылыми стильден гөрі қарапайым сөйлеу

тіліне жақындығынан, турасын айтқанда қарабайырлығынан, қазақ тіл білімінде жасалған этимологиялардың басым көпшілігін «қызықты» этимологияға жатқызуға мәжбүр боламыз. Мәселен, этимологиялық зерттеу барысында этимологтар тоқталмай кете алмайтын ұғымдардың бірі — түбір. *Түбір, негіз, ілкі түбір, түпкі түбір, негізгі түбір, бастапқы түбір* т. б. синоним сөздердің арнаулы терминдік тар мағынасы ажыратылып, төл лингвистикамызда тұрақтанбағандықтан бар тілдік байлығымызды шашпай-төкпей пайдалана алмай отырмыз. Ал сонда бүгінгі таңда түркологиялық әдебиеттерде жиі қолданылып жүрген, өскелең ғылым талабына сай, одан аттап өту мүмкін болмайтын «гомогенность, синкретичность, реконструкция, корень-основа, дериват, коррелят, этимон ...» секілді ондаған, тіптен жүздеген сөздерді қай үлгіде қазақ топырағына әкеліп, нақты баламасын таба аламыз?! Ғалымдарымыздың көп болып ойласар істерінің бірі осы болса керек. Сондай-ақ, этимологиялық зерттеулерде жиі пайдаланылатын қысқартулар мен арнайы шартты белгілерге де ұсақ-түйек нәрселер деп қарауға болмайды. Бұлардың бәрі көпшілікке түсінікті, бір ізге түсуі қажет. Бұл орайда көбінше соңғы жылдар беделіндегі советтік түркологияның үлкен табысы — Э. В. Севортянның «Сөздігіне» табан тіреп, соны негізге алған дұрыс қой деп ойлаймыз.

Сөз соңында осыншама сан-салалы, кең арналы этимологиялық зерттеулерді қазақ тіл білімінде де жоспарлы жүргізіп, бағыттап отырар кез жетті деген ой айтымыз келеді. Сондықтан этимологиялық ізденістерге зрекше көңіл бөлініп, талаптар күшейтілсе, мәселен, СССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты 1963 жылдан бастап жыл сайын тұрақты шығарып келе жатқан «Этимология» кітабы, болмаса тоғыз кітабы жарық көрген «Этимологические исследования по русскому языку» секілді ғылыми мақалалар жинағын дайындау қажет-ақ. Осындай үш-төрт жинақты соңғы жылдары этимологиялық зерттеу жүргізудің ұзақ дәстүріне ие чуваш этимологтары жарыққа шығарды³⁶. Чуваш³⁷ және

³⁶ Исследования по этимологии и фразеологии чувашского языка. Чебоксары, 1980; Исследования по этимологии чувашского языка: Сб. статей. Чебоксары, 1981; Исследования по исторической лексикологии чувашского языка: Сб. статей. Чебоксары, 1983 и др.

³⁷ Инструкция и пробные статьи «Этимологического словаря чувашского языка» / Сост. М. И. Скворцов. Чебоксары, 1980.

башҡурт ғалымдары³⁸ өз тилдерінің тарихи-этимологиялық сөздіктерін дайындау үстінде. Ал әрбір халық, ұлт тілінің этимологиялық сөздігі атақты ғалым, үш томдық «Осетин тілінің тарихи-этимологиялық сөздігі» үшін СССР Мемлекеттік сыйлығын алған этимолог В. И. Абаевтің сөзімен айтсақ: «Сөздер әлемі — бұл ұлттың бүкіл тарихи тәлім-тәрбиесі, сондықтан ең идеалды этимологиялық сөздік — халық тарихының түпсіз тереңіне айқара ашылған терезе, одан халықтың генетикалық түптамыры, өзге халықтармен қарым-қатынасы, оның реалды материалдық және рухани мәдениеті, өз ара және өзге халықтармен мәдени байланыстарының әлемі көрінеді»³⁹. Ал бұндай идеалды тарихи-этимологиялық сөздіктің жасалуы қай халықтың абыройы, қандай ғалымның арманы емес.

³⁸ *Гарипов Т. М., Чанышев Я. А.* Об историко-этимологических словарях отдельных тюркских языков // *Лексика и морфология тюркских языков.* Новосибирск, 1982. С. 27—33.

³⁹ *Абаев В. И.* Языкознание описательное и объяснительное: (о классификации наук) // *Вопросы языкознания.* 1986. № 2. С. 32.

II ТАРАУ

ЭТНОЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ПАРЕМИОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Р. ШОЙБЕКОВ

ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ АТАУЛАРДЫ ТАПТАСТЫРУ

Қазақ халқының өткендегі материалдық мәдениетіне үңілсек, күнделікті тұрмыс қажетін өтейтін қолөнерінің жете дамыған түрлі салалары болғандығын көреміз. Айталық, киіз басу, киіз үйге қажетті бау-басқұр, алаша, кілем, аяққап тоқу, сырмақ сыру, ши тоқу, кесте тігу, ағаштан қырып ыдыс-аяқ жасау (қырғышылық кәсібі), ер қосу, тері илеу, өрім өру, сүйек өңдеу, тас қашау, алтын мен күмістен, асыл тастардан сәндік бұйымдар жасау (зергерлік өнері), қара темірден тұрмыстық, шаруашылық құралдарын жасау (ұсталық кәсібі) т. б. қолөнерінің тамаша туындылары болып табылады. Бұлардың бірсыпырасы қазіргі гүлденген дәуірімізде де өз маңызын жойған жоқ.

Ұлттық мәдениетіміздің тарихында зергерлік өнері ерекше орын алады. Мәдени мұрамыздың ең негізгілерінен саналатын зергерлік өнері халқымыздың өткендегі материалдық мәдениет дәрежесін, рухани мәдениетін бейнелейді.

Зергерлік өнері Қазақстан территориясында бұдан бірнеше мыңдаған жылдар бұрын пайда болған. Оның пайда болуы және дамуы асыл тастарға, түсті металдарға байланысты десек, археологиялық деректер бірнеше жүздеген, мыңдаған жылдар бойында қазақ даласында мыс, қалайы, күміс, алтын т. б. түсті металдар өндіріліп келгендігін көрсетіп отыр. Мысалы, біздің заманымыздан бұрынғы IV мың жылдықтың аяғы мен III мың жылдықтың басында-ақ, яғни, энеолит дәуірінде Орталық

Қазақстанда кен өндіріле бастайды¹. Акад. Қ. И. Сәтбаевтың көрсетуінше, көне Жезқазғанда I миллиард тонна мыс рудасы өндірілген². Жезқазғанда ертеде қорытылған таза мыс көлемі шамамен 100 мың тоннадай болған³. Біздің заманымыздан бұрынғы II мың жылдықтың екінші жартысында Орталық Қазақстан Евразия континентіндегі металлургиялық орталықтардың біріне айналады да, мыс тек жергілікті қажеттілік үшін емес, тайпалар арасындағы айырбас қажеттілігі үшін өндіріледі⁴.

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері зергерлік өнердің байырғы замандардан-ақ көркемдік жағынан жоғары деңгейде болғандығын дәлелдеп берді. Мәселен, біздің заманымыздан бұрынғы IV ғасырға жататын, Алматы облысындағы Есік обасынан табылған алтын киімді адам және оның бойындағы сақтардың жануарлар стилінде жасалған алтын әшекейлер комплексі (олардың саны 4 мыңға жуық) әлемді таң қалдырған, дүниежүзілік маңызы бар ғажап оқиға болған еді. Бұл туралы жан-жақты, толық мағлұматты К. Ақышевтің⁵ кітабынан алуға болады. Сол секілді Қарғалы бойындағы обадан, Кеген ауданының Ақтас қыстауынан табылған үйсіндер дәуіріне жататын алтын сырғалар мен алтын сақиналар⁶, Бурабай көлі маңынан табылған ғұн дәуірінің алтын әшекейлері⁷, Орталық Қазақстандағы Атасу обасынан табылған алтын сырғалар, қалыңдықтың бас киімі (қазіргі сәукеле тәрізді), белбеу (ғұн дәуірінің соңы)⁸ т. б. соңғы дәуірлерде жасалған зергерлік

¹ Маргулан А. Х. Джекказган — древний металлургический центр (Городище Милыкудук) // Археологические исследования в Казахстане. Алма-Ата, 1973. С. 7.

² Сатбаев К. И. Доисторические памятники в Джекказганском районе // Народное хозяйство Казахстана. Алма-Ата, 1941. № 1. С. 69.

³ Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966. С. 266.

⁴ Маргулан А. Х. Горное дело в Центральном Казахстане в древние и средние века // Поиски и раскопки в Казахстане. Алма-Ата, 1972. С. 9.

⁵ Акишев К. А. Курган Иссык. Алма-Ата, 1978.

⁶ Акишев К. А. Немые свидетели древних культур // Знание — сила. 1965. № 5; Бернштам А. Н. Прошлое района Алма-Аты. Алма-Ата, 1948.

⁷ Бернштам А. Н. Находки у озера Борового в Казахстане // Сборник музея антропологии и этнографии. М.; Л., 1951. Т. 13.

⁸ Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966. С. 40.

әшекейлер дүние жүзілік мәдениеттің інжу-маржандарының қатарынан орын алады. Мұндай заттар зергерлік өнерінің Қазақстан территориясында өте ерте замандарда пайда болып, қазіргі заманымызға дейін келіп жеткендігінің айғағы болып отыр. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған заттардың соңғы кездегі қазақ зергерлерінің қолынан шыққан әшекей бұйымдарына ұқсастығын жоққа шығаруға болмайды, олар, керісінше, көне замандағы қолөнерінің қазақ халқының ХІХ—ХХ ғасырлардағы зергерлік өнерімен сабақтастығын көрсетеді.

Зергерлік әшекейлер Қыз Жібек сияқты асқан сұлулар мен ардақты әйелдерге арналған тас мүсіндерде (мысалы, сәукеле киген келіншекті бейнелейтін мүсіндер), атақты батырларға қойылған тас ескерткіштерде (мәселен, алтын айдары, құлағындағы сырғасы, беліндегі кісесі) бейнеленіп отырса⁹, зергерлік бұйым атаулары, әдіс-тәсіл, құрал-жабдық атаулары халық ауыз әдебиетінің үлгілерінде молынан сақталған.

Тарихи-этнографиялық және өнертану тұрғысынан қарағанда зергерлік әшекейлер о баста сән-салтанат үшін емес, тұмар ретінде тағылған. Аңдардың сүйегі, тістері, тұяғы, бүркіт, үкі секілді құстардың аяғы, ұлу қабыршақтары, әр түрлі тастар (жарқырап тұратын асыл тастар) т. б. киелі деп саналып, олардан моншақ, білезік, алқа, сырға т. б. заттар жасау орын алған. Кейінірек түсті металдарды өндеудің шығуына байланысты тұмар қызметін атқаратын бұйымдар мыстан, күміс пен алтыннан, темірден, күміспен күптеліп, алтынмен апталып соғылатын болды, асыл тастармен безендірілді. Зергерлік әшекейлердің о баста тұмар қызметін атқарғандығына *көз моншақ, үкі аяқ, жыланбас* т. б. деп аталатын бұйымдар айғақ бола алады. Бұларды таққан балалар, ересектер тіл-көзден, бәле-жаладан аман болады деген түсінік ХХ ғасырдың басына дейін орын алып келгендігі белгілі. Сондықтан әшекейлік бұйымдар халықтың бір кездегі наным-сенімінің өнердегі бейнесі болып табылады.

Сонымен қатар зергерлік бұйымдар күнделікті тұрмыста әр алуан мақсатта қолданылып, түрлі ұғымдарды білдіреді; өткендегі салт-дәстүрден, әдет-ғұрыптан т. б.

⁹ Марғұлан Ә. Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер // Ежелгі мәдениет куәлары. Алматы, 1966. 13, 15-б.

мол мағлұмат береді. Атап айтқанда, зергерлік заттар сәндік мақсатта жұмсалудымен бірге белгілі бір адамның шыққан тегін, яки лауазымын, қызмет дәрежесін, жас мөлшерін, жынысын, кәсібін, қай руға, тайпаға жататынын, тұратын жерін т. б. ажыратып көрсететін белгі қызметін де атқарған. Мәселен, қазақ даласында 2500 жылдай уақыттан бері белгілі мөрлі жүзіктерді¹⁰ хандар мен сұлтандар, атақты батырлар ғана пайдаланса, бұдан 2000—2500 жылдар бұрын жасала бастаған сәукелені¹¹ қазақ тұрмысында тек қалыңдық (той салтанатында), жас келіншек қана киген. Сол секілді жыға, көзотаға, шоқ белбеу т. б. әшекейлер мен бұйымдар (бұларға кейін кеңірек тоқталып, түсінік береміз) байлықты, батырлықты, билікті білдірсе, кісе белбеулер, негізінде, иесінің жолаушы яки аңшы, батыр екендігіне меңзеген.

Зергерлік өнері лексикасының сөздік құрамы өте бай. Біздің қолымызда осы өнерге қатысты пайда болған фразеологизмдерді айтпағанның өзінде, мыңнан астам (1200-дей) атау жинақталған. Қолөнерінің осы түрінің өте ерте заманнан бері халықпен бірге жасап келе жатқандығы, олай болса зергерлік өнері атауларының жүздеген, мыңдаған жылдар бойы халық тілінде қолданылып келе жатқандығы (мысал ретінде *алтын*, *күміс* т. б. атаулардың орхон-енисей руникалық жазу ескерткіштерінен бері белгілі екендігін айтсақ та жеткілікті), ол атаулардың бай ауыз әдебиетінде молынан қолданылып отыруы және олардың ауыз әдебиеті арқылы жер-жерге кең таралуы, зергерлік әшекейлердің күнделікті тұрмыста жаппай өріс алуы, әшекей бұйымдарға байланысты түрлі наным-сенімдердің орын алуы, сәндік заттарды тұтынудағы салт-дәстүрлер, олармен байланысты әдет-ғұрыптар, көршілес халықтармен сауда-саттық қатынас нәтижесінде кейбір зергерлік материалдарының (негізінен, кейбір асыл тастар), бұйымдардың ауысып келуі т. б. қазақ тілі зергерлік өнері лексикасының дамуына, молыға түсуіне айтарлықтай әсер еткен факторлар болып табылады. Біз бұл мақалада отандық тіл білімінде қолданылып келе жатқан әр түрлі кәсіпке, шаруашы-

¹⁰ Ақишев К. А. Құрған Иссык. М.: 1978. С. 30.

¹¹ Жолдасбаев С. XV—XVIII ғғ. қазақ халқының материалдық мәдениеті (Оңтүстік және Орталық Қазақстан облыстарының материалдары бойынша). Кандидаттық диссертация. Алматы, 1975. 159-б.

лыққа қатысты сөздерді белгілі бір тақырыптар төңірегінде топтастырып зерттеу принципін (предметно-тематическая классификация) негізге ала отырып, зергерлік кәсібімен байланысты заттардың атқаратын қызметіне, қолданылу ерекшелігіне, олардың атауларының семантикалық жағынан бірыңғайлылығына, ортақтығына (семантическая общность), яғни, атаулардың белгілі бір ұғымдар мен түсініктерді білдіруге қатысына қарай қолымызда бар материалды түрлі тақырыптар төңірегінде топтастыра отырып зерттеуді жөн көрдік. Өйткені сөздердің тақырыптық топтарының лексика-семантикалық сөз топтарына қарағанда аясы өте кең, себебі қандай да бір тақырыптық топқа әр түрлі сөз топтарына жататын сөздер де енетін болса, лексика-семантикалық сөз топтары бір ғана сөз табына жататын атаулардан құралады¹². Зерттеу объектісі болып отырған тақырыптық топтың құрамында әр түрлі лексика-семантикалық сөз топтары бола беруі мүмкін. Мысалы, *жыланбауыр*, *тайтұяқ*, *жауқазын*, *арнабас*, *айшық*, *жұлдыз* т. б. қолөнерінің халықтық атауларын «ою-өрнекке байланысты атаулар» деген тақырып төңірегіне топтастыруға болады. Бірақ бұлар семантикалық құрылымы жағынан әр басқа сөздер; *жыланбауыр* мен *тайтұяқ* жануарлар дүниесіне тән атаулар болса, *жауқазын*, *арнабас* әсімдіктер дүниесіне қатысты; *айшық*, *жұлдыз* космогониялық ұғымдарды білдіретін лексика-семантикалық сөз топтарына жатады. Зерттеуші ғалымдардың орынды атап көрсететініндей сөздерді осы принцип бойынша топтастыру нәтижесінде ғана зерттеу объектісі болып отырған кәсіптің, өндірістің, шаруашылықтың лексикалық сөз байлығын неғұрлым толығырақ қамтуға мүмкіндік молаяды; топтастырудың мұндай түрі сөз мағыналарын неғұрлым саралап көрсетуге септігін тигізеді, өйткені атау өзінің бір ғана мағынасында белгілі тақырыптық топқа енеді¹³, топтастырудың бұл түрі кәсіби лексикаға экстралингвистикалық сипаттама беруге, заттар мен құбылыстардың өздеріне тікелей бағытталған сөз топтарын анықтауға, лингвистикалық жалпы шолу жасау-

¹² Кодухов В. И. Введение в языкознание. М., 1979. С. 205.

¹³ Храмова В. П. Тематические группы в псковской рыболовецкой лексике // Грамматика и лексика русского языка. Л.: 1971. С. 276.

ға, оның қазіргі кезеңдегі біртұтас жүйесін көрсетуге ыңғайлы әдістердің бірінен саналады¹⁴.

Ескерте кететін жайт: қазақ және түркі тіл білімінде кәсіби лексикаға қатысты зерттеу еңбектерінде халықтық терминдерді белгілі бір тақырыптар бойынша топтастырып, оларға лингвистикалық талдау жасауда әртүрлі терминдер қолданылып келеді. Мәселен, А. Шамшатова топтар (группы) (біз мұнда және алдағы уақытта да терминдердің орыс тіліндегі үлгісін келтіріп отыруды жөн көрдік — Р. Ш.), Қ. Айтазин *лексикалық топтар* (лексические группы), Т. Ходжамбердиев *сөздердің тақырыпқа жіктелуі* (тематические членение слов), И. Абдувалиев *лексикалық-тақырыптық топтар* (лексико-тематические группы) терминдерін, ал қазақ тілінің әскери лексикасын зерттеген Т. Байжанов *тақырыптық топтар* (тематическая группа) деген атауларды пайдаланады¹⁵ т. б. Біз *атаулардың тақырыптық топтары* (тематические группы названий) деген терминді лайық көреміз.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай келгенде, қазақ тілінің зергерлік өнері лексикасын мынадай тақырыптық топтарға бөліп қарастыруға болады:

- 1) зергерлік әшекей, бұйым атаулары;
- 2) зергерлік өнерінде қолданылатын құрал-жабдық атаулары;
- 3) зергерлік бұйымдар жасауға қажетті материал атаулары;
- 4) зергерлік өнерінің әдіс-тәсіл, технологиялық процесс атаулары.

Бұлардың әрқайсысы өз ішінде кіші-гірім бірнеше шағын топтарға бөлінеді. Мысалы, зергерлік әшекей, бұйым атауларын: 1) бас киімге тағылатын зергерлік әшекей атаулары; 2) сырт киімге тағылатын зергерлік әшекей атаулары; 3) құлаққа және мұрынға тағатын

¹⁴ Михайлова Л. П. Тематические группы Новгородской льноводческой лексики // Грамматика и лексика русского языка. Л.: 1972. С. 296.

¹⁵ Шамшатова А. Лексика злаковых культур в казахском языке. АКД. Алма-Ата, 1966. С. 6; Айтазин К. Профессиональная лексика рыбного хозяйства Казахстана. АКД. Алма-Ата, 1973. С. 12; Ходжамбердиев Т. Животноводческая лексика узбекского языка (преимущественно на материале Ферганской долины). АКД. Ташкент, 1975. С. 12; Абдувалиев И. Конноспортивная лексика в киргизском языке. АКД. Фрунзе, 1984. С. 2; Байжанов Т. Военная лексика в казахском языке. АКД. Алма-Ата, 1973. С. 4.

зергерлік бұйым атаулары; 4) мойын әшекейлерінің атаулары; 5) қолға тағылатын зергерлік бұйым атаулары; 6) шашқа тағатын зергерлік бұйым атаулары т. б. түрінде топтастыруға болады. Мақала көлемі көтермейтін болғандықтан біз бұл еңбекте зергерлік әшекей, бұйым атауларына, оның ішінде тек бас киім мен сырт киімге тағылатын әшекей атауларына тоқтала отырып, оларға қысқаша этнолингвистикалық шолу жасауды мақсат еттік.

Бас киімге тағылатын зергерлік әшекей атаулары

Жалпы алғанда ұлттық киім комплексінің құрамына еніп, сәндік қызмет атқаратын бас киім, сырт киім, аяқ киім әшекейлерінің атаулары 200-ден асып түседі. Солардың ішінде 50-ге жуық сөз бас киім әшекейлерінің атауы болып келеді.

АЙШЫҚ — жарты ай, жұлдыз суреттері бар күмістен соғылатын әшекей; жарты ай бейнелі күміс. Оны жаулықтың шекесіне, кимешекке қадаумен бірге ердің қасына, жүгенге орнатқан.

АЛТЫН ШОҚ — бас киімге тағылатын асыл тас, алтындалған әшекей: Басымда бар алтын шоқ. Көкешім барда көңілім тоқ (Қазақ эпосы. 4-кітап. 36-б.).

БАС ЖАҚСЫ — сәукеленің әшекей бұйымдарының жалпы атауы; асыл тастар жиынтығы¹⁶; сәукеленің әшекей заттары көп әрі олар қымбатқа түсетіндіктен, этнографиялық жағынан алғанда, күйеу жағы қалыңмалдан тыс сәукеленің құнын төлеген. Ол төлем сәукеле әшекейлерінің атауымен *бас жақсы* деп аталған.

БЕРГЕК — сәукеленің төбесіндегі алтын-күміспен, басқа асыл тастармен әшекейленген қатырғы. Сәукеле желегі осы қатырғыға бекітіледі¹⁷.

БЕТ МОНШАҚ — сәукеленің екі жағына, маңдайына салбырата қадап қоятын бірнеше қатар төгілмелі моншақ. Оны *сәукеленің бет моншағы* деп атайды. Бет моншақ белге дейін, тіпті одан да төмен түсіп тұрған. Моншақтың саны, ұзындығы қыз әкесінің дәулетіне байланысты болған. Қалыңдық өз үйінсің күйеу аулына жүрерде, жолда бет моншақ үзіліп қалмау үшін, кеуде тұстан сол салпыншаққа барқыттан екі кішкене қалта

¹⁶ Бөрібаев Ә. Орда қазақтарының тіл ерекшеліктері. Кандидаттық диссертация. Алматы, 1964. 224-б.

¹⁷ Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері. Алматы, 1969. 189-б.

тігіп қояды. Бет моншақтың төменгі жағын жинап, қалтаға салады. Қазақта жас келіннің бет моншағының үзіліп түсуі үлкен ұят саналған. Құнтсыздықтан бет моншағының үзіліп, ыңғайсыз жағдайда қалған келіншектерге байланысты «ұялды» деген орнына «бет моншағы түсті», «бет моншағы үзілді» деп айту, «жас» деген орнына «бет моншағы үзілмеген» сияқты сөз орамдары пайда болған.

БЫЛҚЫЛДАҚ — әйелдердің бас киіміне тағатын үлкен моншақ, маржан.

ЕСЕКТАС — көз тимесін деген ырыммен жас балалардың бөркіне тағуға арнап өңделген көк тас, әшекей.

ЖАҚ — бас киімге тағылып, самайдың екі жағынан төмен түсетін үзбелі салпыншақ, сәукеленің астынан киетін *зере* деген бас киімнің самай тұсына, кимешектің екі бет тұсы мен иек астын ала тігілген оқалы, алтын, күміс шытыралы әшекей, сәнді кесте. Жақ көбіне жас келіншектер мен әйелдердің бас киіміне тағылады. Бұл сөз қырғыз тілінде де осы секілді әшекей мағынасын білдіреді¹⁸.

ЖАҚ МОНШАҚ — алтын, күміс, қозалармен, асыл тастармен бұршақтап, үзбелестіріп жасаған салпыншақ, бет моншақтың бір түрі. Оны келіншектер тағады. Жақ, жақ моншақтар жергілікті тілде *жақтама*, *жақтау* деп атала береді.

ЖЫҒА — бас киімге тағатын айдар сияқты асыл тасты әшекей, металл әшекей: —... маңдай тұсын төмен қарай үшкілдеп жыра тігіп, дәл алдына күміс айшық жыға, төбесіне құс қауырсынын қадапты (Қ. Сәрсекеев. Қарсаңда, — «Жұлдыз», 1977. № 10. 130-б.). Сонымен бірге *жыға* тілімізде «хан-сұлтандардың, қалыңдық пен күйеу жігіттің бас киіміне қадайтын қырғауыл, үкі қауырсыны» және «дулығаның артынан (мойынды қылыш кеспеуі үшін) қаптап қоятын зат, бас киімнің артқы жиегі»¹⁹ мағыналарында қолданылған. Оның үстіне, осындай әшекейі бар бас киімдер қазақ тілінде, бірсыпыра түркі тілдерінде де *жыға* деп аталып кеткен. Мысалы, қырғыз тілінде *жыға* — қалыңдықтың, ханның биік төбелі бас киімі (ол *жыға бөрүк* деп аталған) және бас киімге қадайтын әшекей (сұлтан)²⁰; өзбек тілінде бұл

¹⁸ Антипина К. И. Особенности материальной культуры и прикладного искусства южных киргизов. Фрунзе, 1962. С. 253.

¹⁹ Қасиманов С. Аталған еңбек. 189-б.

²⁰ Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. М.: 1965. С. 276.

сөздің мағынасы — «күйеу жігіттің үйлену тойында кие-
тін, сондай-ақ сүндетке отырғызылған күні жас баланың
бас киіміне тағатын (қадайтын) асыл тасты, үкі қауыр-
сыны орнатылған сәндік бұйым»²¹. Түрікмен тілінде
жыға 1) кітаптың бет аралығына салатын құс қауырсы-
ны, 2) ерте кездерде шалдардың бас киіміне қыстыра-
тын әшекей; таж, алтынды әшекей (султан)²². Келтіріл-
ген мысалдардан түркі халықтарының жығаны тұтыну
салтындағы ұқсастық та, өзіндік ерекшеліктер де бай-
қалады. Бұл тілдік фактілер осы бұйымның адамның
әлеуметтік жағдайын білдіруге жұмсалғандығынын
айқын дәлелі бола алады. Мына бір жыр жолдары да
осының айғағы іспетті: — Оң жақтағы ойнаған күнің
қалды жар-жар-ай, Жыға киген қыз есімің өзгеріліп
жар-жар-ай, Жаулық түсіп басыңа, Келін болдың жар-
жар-ай (XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 36-б.). *Жыға*
сөзі о баста түркі тілдеріне парсы тілінен енген. Парсы
тіліндегі мағынасы — «бас киімге қадайтын құс қауыр-
сыны немесе қандай да бір әшекей»²³.

ЖЫРҒА — сәукеленің моншағы, шұбыртпасы, сал-
пыншағы; жырға, әдетте көп салпыншақтардан құралып,
бас киімнің екі жағынан кеудеге төгіліп тұрады.

КӨЗОТАҒА — көбіне ер адамның бас киіміне қадай-
тын меруерт, асыл тас. Оны қарапайым кісілер емес,
қызмет дәрежесі жоғары, лауазымды, текті адамдар тақ-
қан: — Алтынды күрме киемін, Айтулы төре боламын.
Көзотаға тағынып, Көріне төре боламын (Көкетайдың
ертегісі. «Манас» жырының Шоқан жазып алған бөлігі.
13—14-б.).

ҚОЗАЛЫ ҮКІ — бөрікке қадайтын үкі қауырсынын
ораған әшекей: — ... қозалы үкі таққан бөркі жағына
қисайып та кеткен, алқы-талқы әндетіп Ыбырай Хакп-
мамен айтысып келе жатады (Ш. Хусаинов. Үкілі Ыбы-
рай. 174-б.)

МАНДАЙША — сәукеленің маңдайына тағатын
асыл тасты күміс әшекей.

СӘУКЕЛЕНІҢ СЫРҒАСЫ — салпыншағы мол, өзі
ұзын да ауыр болғандықтан тек салтанатты кездерде
сәукелеге байлайтын сырға. Мұны Батыс Қазақстанда
сабақ, сабақты сырға деп атаған. Оның мәнісі: ауыр сыр-

²¹ Ибрагимов С. Профессиональная лексика ферганских говоров. II—III. Ташкент. 1959. С. 266—267.

²² Туркмен дилинің сөзлүгі. Ашгабат, 1962. 315-б.

²³ Персидско-русский словарь. М.: 1960. С. 151.

ғаларға жіп байлап, шашқа, сәукелеге бекітеді (қазақ қолөнерінде *сабақ* «жіп» деген мағынаны білдіреді),

ТАЛ МОНШАҚ — тақияға, сырт киімге бірнеше қатар етіп тағылатын моншақ түрі: — Тақияма таққаным тал-тал моншақ, Жарасар кер биеге кер құлыншақ (Айтыс, 1. 56-б.)

ТАНА — дөңгелек формалы асыл тасты күмістен не таза күмістің өзінен жасалған түйме тәрізді зат. Ол кейде *танакөз* деп аталады. Қыздардың тақиясына, бөркіне, омырауға, жағаға да тағыла береді.

ТӨБЕЛДІРІК — сәукеленің төбесіндегі тәж сияқты әшекей, бергек.

ҮКІ АЯҚ — жоғары жағына асыл тас орнатып, төменгі жағын күміспен күптеп, бас киімге, бесікке тағатын әшекей. Ертеде үкі киелі құс саналып, оның аяғын, қауырсынын тұмар орнына пайдаланған.

ШЕТТІК — күміс шытыра, оқа. Оны ер-тұрманға да қондыра береді. Жергілікті тілдегі көнерген атауы — *шетік*: Қатында да қатын бар бұлаң қаққан, Көйлекке күміс қадап, шетік таққан (Айтыс, 1-т., 532-б.).

ШОҚ — бас киімге тағатын алтын әшекей, асыл тас; жоғарыда *алтын шоқ* түрін бердік. Эпостық жырларда *шоқты* варианты да ұшырасады: — Сайға біткен қоқтымын, Бөрік үстінде шоқтымын (Қазақ эпосы, 4-кітап. 36-б.). Ал *бұрама шоқ*, *үкілі шоқ* — асыл тасты бас киім әшекейлерінің күрделі түрлері: Мысалы:

Бәрекелді, Ақтоқты, тапқаныңа,
жар-жар,
Бұрама шоқ шекене таққаныңа,
жар-жар.

(Ақансері Қорамсаұлы, Шығармалары, 141-б.).

Белбеу, бас киімдерімен бірге «алтын қолды» қазақ зергерлері киіз үй жабдықтарына, ер-тұрманға да шоқ орнатқан:

Тартылып жібек белбеу, шым
зерлеген,
Ақ киіз оймышталған күн
көрмеген.
Алтындап шаңырағына шоқ
орнатып,
Шеңбері шымқай күміс
күмбезденген

(Н. Ахметбеков, Жасауыл қырғыны. 12-б.), — деген өлең

жолдарындағы мысалдар зергерлік өнердің жоғары дәрежеде болғандығының айғағы.

Асыл тас қондырып жасаған бұйымдар сән-салтанатты, оның иесінің қоғамдағы орнын, дәрежесін білдірген. Қазақ тұрмысында шоқ белбеу, шоқ қондырған бас киім ертеде тектілікті, лауазымды, дәрежені көрсеткен. Лауазымына қарай асыл тас түстері де әр түрлі болған. Мысалы, Ш. Уәлихановта лауазымның осындай белгісіне байланысты мынадай дерек бар: «Покойный Хакимбек был гун с темнокрасным шаром, степень его наследовал сын султан... Тезек, имеет голубой шарик штаб-офицера»²⁴. Қазақ, қырғыз ауыз әдебиетінде *шоқ* — қытай, қалмақ чиновниктерінің бас киіміндегі тасы, ауыспалы мағынасында — қытай, қалмақ чиновниктері»²⁵. Қырғыздың ауыз әдебиетінде *қара шоқ* — қалмақтар, *қызыл шоқ* — қытайлықтар:

Бауры шұбар, сырты көк
Қара шоқты қалмақтың,
Оның жұртын бір алды.
Қызыл шоқты қытайдың
Оның жұртын бір алды.

(«Көкетайдың ертегісі», «Манас» жырының Шоқан жазып алған бөлігі. 110-б.).

Ертеде атақ-дәрежені әр түрлі заттар арқылы білдіру салтына байланысты бірер мәселелер зерттеуші Н. Уәлиевтің²⁶ мақаласында да орынды айтылған.

ШОРТАС — бас киімге қадайтын асыл тас атауы, қытай әкімдерінің дәрежесін білдіретін белгі:

Мынау кәудір сұмырайды
Кеңірдекке тебе гөр, шорам,
Басындағы шортасты
Қан қылмай сілкіп ала гөр.

(«Көкетайдың ертегісі», «Манас» жырының Шоқан жазып алған бөлігі. 103-б.).

ШЫРМАУЫҚ — ілгекті оқа, әшекей, металл ілгекті бас киім әшекейі.

ШЫТАҚ — сәукеленің қозасы (*қоза* — шар сияқты металл әшекей).

²⁴ Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений. Алма-Ата, 1961. Т. 1. С. 284.

²⁵ Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. М.: 1965. С. 864.

²⁶ Уәлиев Н. Сөздің де сарасы бар // Қазақ әдебиеті. 1983. 4 февраль. 10-б.

ШЫТЫРА — бас киімге, омырауға, аяқ киімге қайтайтын, ағашқа, ер-тұрманға орнататын асыл тасты не тассыз күміс әшекей. Мұның диалекті тілдегі синонимдері — *шеттік, шытырма, оқа*. Шытыралар түріне қарай *ақ шытыра, алтын шытыра, күміс шытыра, күмбез шытыра, құмырсқа бел шытыра, меруерт шытыра* т. б. деп аталады.

Сырт киімге тағылатын зергерлік әшекей атаулары

Сырт киімді әшекейлеуге пайдаланатын сәндік бұйымдардың қолданылу орнына, атқаратын қызметіне қарай оларға байланысты атауларды екі топқа бөліп қарастыруға болады: 1) өңір немесе кеуде әшекейлері атаулары; 2) белбеу атаулары.

1. Өңір немесе кеуде әшекейлері атаулары

Бұл топқа киімнің екі өңіріне, омырауға кейде төс қалта мен жан қалта сыртына сәндікке қадалатын бастырма, жарма, қапсырма, тана, түйме, тағы басқа осы сияқты (негізгі әшекейлер мен олардың түрлерін қоса алғанда) 60-тан астам сәндік тағым атаулары жатады.

БАСТЫРМА — қамзол, кәжекей, көйлектің өңірін бастыратын, кейде көйлектің етегіне қадалатын алтын жалатылған күміс әшекей. Көкшетау облысында *бастырма* — костюм, пальтоға тағатын ірі түйме²⁷.

БЕСҚҰЛАҚ — бес күміс теңгенің ортасына асыл тас орнатқан бастырма сияқты зат.

ЖАРМА — әйел көйлегінің екі өңіріне тағылатын жапырақ бейнелі шытыра²⁸.

ҚАПСЫРМА — қамзол, шапанның екі өңірін қаусырып тұратын ою-өрнекті, сіркелі, асыл тасты, асты ілгекті күміс әшекей. Сөйлеу тілінде — *қаптырма, қаусырма*. Қапсырма түрлері: *ақық көзді қапсырма* — қапсырманың ақық қондырып безеген түрі; *алтын қаптырма* — алтынмен апталған әшекей; *күміс қаптырма* — таза күмістен соғып, ою-өрнек жүргізілген қапсырма; *қошқар*

²⁷ Сарыбаев Ш. Көкшетау облысының Щучинск, Енбекшілдер аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір лексикалық ерекшеліктер // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960. 3-шығуы. 61-б.

²⁸ Захарова И. В., Ходжаева Р. Д. Казахская национальная одежда XIX — начало XX века. Алма-Ата, 1964. С. 174.

мүйізді қаптырма — «қошқар мүйіз» өрнегі бар түрі, *шытыралы қапсырма* — әшекейлі қапсырма түрі т. б.

ОМЫРАУ БАСТЫРҒЫШ — қыздар мен жас әйелдердің кеуделік әшекей ретінде тұтынған салпыншақты кейде ақық көзді бірнеше тана (медальон) сияқты заттан тұратын бұйымы²⁹.

Сәндік үшін жаға, бас киім, омырауға тағатын әшекейдің бір түрі — *тана* деп аталады. Тана көбіне әйел киімдеріне тағылады, ерлер киетін тақияда тана болмайды³⁰. *Тана* — түйме сияқты, бірақ одан үлкендеу, дөңгелек формалы, жалтырап тұратын әшекей. Осы әшекейге ұқсатудан қыздың мөлдір, жайнап тұрған көзін «тана көз» деп айтады. Қазақтың танасы түркіменнің гуляхасы сияқты болады, бірақ гуляханікі тәрізді оның ортасында үнемі асыл тас бола бермейді³¹. Жергілікті тілде *тана* — түйме³². Осыған орай «танадай» теңеу сөзі екі түрлі мағынаны білдіреді: 1) кішкентай (яғни түймедей): — Күн ашық, танадай бұлт жоқ аспанда (С. Дөнентаев, Шығармалар. 115-б.); 2) тана сияқты жарқыраған, әдемі.

Тана атаулары мыналар: *ақ тана* — күмістен жасалған дөңгелек әшекей, түйме: Зергерлер өрнектейді ақ тананы, Жақсылар өнеріне мақтанады (Айтыс, 1. 73-б.); *алтын тана* — алтын жалатқан, яки алтыннан соққан тана; *көзтана* — ортасында тасы (көзі) бар тана; *сүйек тана* — сүйектен жасалған тана, түйме; *сіркелі тана* — тананың сірке салған түрі, *танакөз* — көйлекке қадайтын кішкене ақ түйме, бұл кейде *шыныкөз* деп аталады³³, *тана суы* — сәнді жалпақ түйме³⁴.

Қазақтың құда түсуге байланысты кәделерінің бірі

²⁹ Захарова И. В., Ходжаева Р. Д. Казахская национальная одежда XIX — начало XX века. Алма-Ата, 1964. С. 141.

³⁰ Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1969. 187-б.

³¹ Арғынбаев Х., Захарова И. В. 1958 жылғы Оңтүстік Қазақстан облысында ұйымдастырылған этнографиялық экспедиция жұмысының қорытындысы // Труды института истории, археологии и этнографии. Алма-Ата, 1961. Т. 12. С. 107.

³² Болатов Ж. Шығыс Қазақстан облысының Большенарым селолық ауданында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1963. 5-шығуы. 208-б.

³³ Сарыбаев Ш. Көкшетау облысының Шучинск, Еңбекшілдер аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір лексикалық ерекшеліктер // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960. 3-шығуы. 62-б.

³⁴ Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1969. 239-б.

осы әшекей бұйым атымен *тана тағар* деп аталады. Салт бойынша ертеде қалыңдық айттырып, құдалыққа келіскен кезде жігіттің ата-анасы болашақ келінінің құлағына жұрттың көзінше сырға салған немесе тана таққан яки үкі, үкілі шок (әшекей) не моншақ, не білезік салған. Мұның қай-қайсысы да қыздың айттырылғандығының белгісі болып есептелген.

ТҮЙМЕ — әрі әшекей, әрі киімнің алдын (өңірін) айқастырып жабу үшін қолданылатын зат. Ретіне қарай түйме тұмар қызметін атқарған. *Түйме* — ішінде сылдырмағы бар, үлкендігі кіші-гірім жұдырықтай омырау әшекейі. Оны ертеде көбіне-көп кемпірлер таққан³⁵. Ал түйменің екінші түрі киімнің алдын жабуға қолданылатын кішкентай дөңгелек зат дегенді білдіреді.

Түйме атына байланысты мынадай мақалдар мен сөз орамдары бар: «түйменің инесіз күні жоқ», «түйе бақтым, түйме тақтым», «түйме бас» (кішкене әдемі бас), «түймедейді түйедей етті» (бір нәрсені үлкейтіп, өсіріп көрсетті), «түймедейі түйедей» (үлкен), «темірден түйме түйген» (өте шебер, бармағынан бал тамған) т. б.

Әдеби тілімізде, диалекті тілде түймеге байланысты атаулар көп. Мысалы: *ақтас* (кішкене ақ түйме), *алтын түйме*, *бақа түйме* (түйме түрі), *баспа*, *бастырма* (үлкен түйме), *бөпике* (түйменің жергілікті атауы), *бұрама күміс түйме*, *гауһар түйме* (гауһар тасты қымбат түйме), *жез түйме* (сары мыс түйме), *жабысқақ* (түйме түрі), *зерлі түйме* (ою-өрнекті түйме), *көз түйме* (тұмар сияқты тағатын түйме), *күмбез түйме* (күмбездеп жасаған түйме), *күмбірлік* (болыскейден істеген түрі)³⁶, *күміс түйме*, *қара ала күміс түйме* (қара ала ою салынған түйме түрі), *қақтама* (күміс ілгек), *маржан түйме* (маржаннан жасалған түйме), *сабақты түйме* (асыл тасты күміспен күптелген түйме), *сары ала түйме*, *седеп түйме* (кішкентай ақ түйме), *тиек* (тесігі бар түйме)³⁷, *топшы* (түйменің жергілікті тілдегі синонимі), *торсылдақ түйме* (асыл тасты үлкен түйме)³⁸, *шар түйме* (сабақты, күміс

³⁵ Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969. 344-б.

³⁶ Досқараев Ж. Арал, Каспий балықшыларының тіліндегі кейбір профессиональдық лексиканың материалдары // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1958. 1-шығуы. 89-б.

³⁷ Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959. Ч. 1. С. 411.

³⁸ Захарова И. В., Ходжаева Р. Д. Казахская национальная одежда XIX — начало XX века. Алма-Ата, 1964. С. 176.

түйме), *шыны көз түйме* (кішкене ақ түйме), *шытырма* (кимешекке қадайтын күміс түйме), *үзбелі түйме* (әсем шынжырлы, үзбелі түйме түрі).

Түйме атауының жергілікті тілде *ілгек* түрінде қолданылатындығы белгілі. Дегенмен, *ілгек* пен *түйме* екеуі бір зат емес. *Ілгек* деп екі бөлшек етіп металдан жасалатын, екі бөлшегі бір-біріне қапсырма сияқты ілініп тұратын, киімнің жағасын, екі өңірін айқастырып жабуға арналған зергерлік әшекейді айтады. Осындай ерекшелігіне, қызметіне орай оны кейде *қаптырма*, *ілгек*, *қаусырмалы ілгек* деп те атайды. *Ілгек* сырт көрінісіне, формасына қарай *ай ілгек*, *ботамайын ілгек*, *жұлдыз ілгек*, *сырға ілгек* т. б. деп бөлінсе, материалына қарай оларды *алтын ілгек*, *күміс ілгек* т. б. деп атау қалыптасқан.

2. Белбеу атаулары

Сәндік бұйымдардың бірі күрделі әшекейленген белбеулер болып табылады. Қазақ тілінде белбеуге байланысты мақал-мәтелдер («Алтын кемер белге сән, Ақылды жігіт елге тән», «Белдігі жаман мықынын тірей алмас», Кемер белбеу бел сәні, кемелді жігіт ел сәні»), салттық сөздер («Алтын айдар, шок белбеу») (дәрежелі кісілерге қарата айтылады), «белбеу соқты» (тізенің астынан орамал жүгіртіп ойнайтын ойын түрі) пайда болған.

Сол секілді фразалық сөз орамдары бар: «Беттің арын *белбеуге* тую», «бос белбеу» т. б. Бұл мысалдардан белбеудің сәндік бұйымдардың ішінен өзіндік орны бар екендігін көреміз. Тілімізде белбеуге және олардың бөлшектеріне байланысты атаулардың өзі 40-қа жуық.

Алтын белбеу — былғарыға алтын шытыра орнатып жасаған өте қымбатты белбеу, алтын шапқан белбеу.

Алтын емел белбеу — алтын шапқан, алтынмен әшекейленген белбеу: — Алтын емел белбеу белден босап, дырылдап жыртылып жараға байланды (Д. Досжанов, Жусан мен гүлдер. 94-б.).

Алтын кемер — алтынды белбеу (қараңыз: *кемер*, *кемер белбеу*): — Торғын тон, алтын кемер бір шал келді (А. Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. 323-б.).

Берен белбеу — қымбат металдан жасалған белбеу:

— көк мәуіті берен белбеулері аттарының тірсегіне шұбатылады (К. Әзірбаев, Аңыздар сыры. 102-б.).

Бота белбеу — «белбеудің ең сапалы, асыл түрі, неше түрлі көзі, бағдары, әлеміші бар күмістеген белбеу, күмістеген бағдарлары ботаның көзіне ұқсас болғандықтан «бота белбеу» атанған болу керек. Бұның синонимдері — кемер белбеу, деңбент»³⁹. Бұл осылай болуы да, басқаша болуы да мүмкін. Қарақалпақ тілінің батыс диалектісінде *бота* — қыз-келіншектердің басқа тартағын жүн орамалының бір түрі, жергілікті тілімізде *пота* — белбеу (ұйғырша — *пота*)⁴⁰. В. В. Радловта *бота* — белбеу, орамал (жүн орамал)⁴¹, азербайжан, қарашай-балқар тілінде де «белбеу», «алжапқыш» (моншаға түскенде байлайтын), «жүн орамал» мағыналарында кездеседі. Тәжік тілінде жүннен тоқылған белбеу — *ми-онбанд* және *фута* деп аталған⁴². *Бота* — түркі тілдеріне парсы тілінен енген сөз. Парсы тілінде *футе* 1) Моншаға түскенде байлайтын бір жапырақ мата, 2) үнді материалының жолақты түрі, 3) «покрывало», 4) алжапқыш, 5) қол орамал⁴³. Кейбір зерттеушілер де осы пікірде⁴⁴.

Гауһар кәмәр//гауһар кемер — гауһармен сәндеген белбеу: — Гауһар кәмәр белінді бұған шақта, жар-жар, Ұқсаймын деп ойлаушы ең Ғайн қорға, жар-жар (Ақан сері, Шығармалары. 141-б.),

Датқалық белбеу — бұрынғы уақыттарда дәрежені білдіретін белбеу: — Қадыр беліндегі алтын өріп тоқыған датқалық белбеуін нұсқады (Д. Досжанов, Жусан мен гүлдер. 94-б.).

Дегмент//деңмент//деңбет — күміс жапқан белбеу. Бұл да жергілікті сөйлеу тілінде қолданылады⁴⁵. Гурьев, Маңғыстау облыстарында *дегмент* — әрі белбеу, әрі қылыш⁴⁶, оның бір түрі *бұрама деңбет* (бұрама күміспен

³⁹ Ермеков Ә. Қазақ лексикасындағы біріккен сөздердің мағынасы. Кандидаттық диссертация. Алматы, 1950. 111-б.

⁴⁰ Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959. Ч. 1. С. 325.

⁴¹ Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб., 1911. Т. 4. Ч. 2. С. 16, 75.

⁴² Семенов А. А. Этнографические очерки заравшанских гор Каратегина и Дерваза. М., 1903. С. 28.

⁴³ Миллер Б. В. Персидско-русский словарь. М.: 1953. С. 373.

⁴⁴ Отаров М. М. Профессиональная лексика карачаево-балкарского языка. Нальчик, 1978. С. 38.

⁴⁵ Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1955. 2-б. 44—45-б.

⁴⁶ Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969, 87-б.

өрнектелген түрі) деп аталады. Гурьев төңірегінде *деңмент* — күміс жапқан белбеу түрі; жалпақтығы төрт елі барқытқа күмістен ою орнатып жасаған белбеу⁴⁷; алтынмен әшекейленген, алтын жапқан белбеуді *сары ала деңмент* деп те атаған:

Байлардың жиған тырнақтап,
Сарыала *деңмент* қалып бау
Мұра деп салған зат кетті.
(Ақберен. 142-б.).

Зер белбеу — алтынмен әшекейленген белбеу.

Кавказ белбеу — қара ала оюлы күміспен қапталған сәнді белбеу.

Кәмшат кемер — алтынды, күмісті белбеу түрі: — Алдым деп келгеніне сүйіншіге Мынау кәмшат кемерді бердім дейді (Айман-Шолпан. Қазақ эпосы, 7-кітап. 33-б.). *Кәмәр белдік//кемер белдік//кемер* — асыл тасты, алтын, күміс жалатқан белбеу: — Белінде алтын жалатқан, қымбат тасты кәмәр белдік (М. Әуезов, Шығармалар, 5-том. 135-б.).

Күміс белдік — былғарыға күмістен шытыралар қондырған белдік.

Кісе — алтын, күміспен, жез үзбелермен безеп жасаған қалталы белбеу:

Мінген аты шұбар-ды,
Ойнауға дайым құмар-ды,
Ағыта тастап *кісесін*
Алпамыс өзін танытып,
«Мінекей қал», — деп шығарды.

(Алпамыс батыр, 87-б.).

Этнографиялық жағынан алғанда қымбат саналатын *кісені* адамдар қиыншылық көргенде, тәңірге жалбарынғанда белден шешіп, мойнына салады екен. Мысалы:

Ақбоз атты шалғанда,
Мойнына *кісе* салғанда,
Бабай түкті шашты абыз
Сауап бата алғанда...

деген жолдар кездеседі өлең-жырлардан (XV—XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. 109-б.).

Ертеректе біреудің қазасын естіртуге барған жігіт ағасы да *кісе* белдікті белінен шешіп, мойнына салып

⁴⁷ Бектұров Ш. Қазақ тілінің Қызылорда говору. Кандидаттық диссертация. Алматы, 1968. 123-б.

алған. Сонымен, мойынға кісе салу басқа түскен ауыртпалық, қиыншылықтың белгісі болған. Ол тілімізде «Мойнына кісе /кісесін/салды», «кісесі мойнында» секілді фразалық сөз орамы ретінде сақталып қалған. Бұдан басқа кісені малға тағу әдеті де орын алған. Бураға шөгеріліп кеткен түйе бойына біткен төлін ағызып жібермесін деген ырыммен оның мойнына кісе салады. Осындай төлін ағызып жіберетін түйеге көшкенде, кіре тартқанда ешқандай ауыр жүк артпайды. Мұны *кіселі түйе* деп атаған⁴⁸. ХІХ ғасырдан бастап қазақ халқының тұрмыс-салтының өзгеруіне байланысты кісеге қалта салмай, алтын, күміспен әшекейлеп жасайтын болды⁴⁹. Кіселер жасалу материалына, өрнек әшекейлеріне қарай *алтын кісе, күміс кісе* деп ажыратылады:

Ағытып сонда тастады
Белінде алтын кісені,
Ағытып тастап кісесін
Енді қолын ашады.

(Алпамыс батыр, 550-б.).

Кісе мүшелерінің атаулары: *қыш, қынап* (пышақ, қанжар, қылыш салынады), *қорамсақ* (садақ оғы салынады), *оқшантай* (оқ-дәрі салынады), *қандауыр* (қан шығаратын кішкене үшкір пышақ), *дәндәку* (шақпақ тас, оның білтесі т. б. салынатын қалта) т. б. Осындай бөлшектерінің өзінен-ақ оның ертеде батырлардың, аңшылардың, жол жүрген жолаушылардың әмбебап бұйымы болғаны, ер адамдарға лайық екендігі көрінеді. Соған орай «Кісі болар бала кісесінен белгілі» деген мақал келіп шыққан.

Кісенің тіліміздегі алғашқы мағынасы — «қалта». Бірақ бұл мағына тілімізде ұмыт бола бастады. Әуелде қалтасы бар белбеуді *кіселі белбеу, кіселі белдік* деп толық тұлғасында атаған: — Үстіндегі шапанның белін күміс кіселі белбеумен буыныпты (І. Есенберлин, 2-том («Қатерлі өткел»). 10-б.).

Түркі тілдерінің біразында *кісе* «белбеудің қалтасы», «дорбасы», «киімнің қалтасы» мағынасында жұмсалыады. Мысалы, қырғыз тіліндегі *кісе* атауын К. К. Юдахин иран сөзі деп көрсетеді. Мағынасы — «теріден (былғары) тігілген белбеудің қалтасы: әр түрлі қалта

⁴⁸ Жанәбілов Ш. Қазақша мал атаулары. Алматы, 1982. 68-б.

⁴⁹ Қазақ совет энциклопедиясы. Алматы, 1975. Т. 6. 183—184-б.

тағылған белбеу», «қалта»⁵⁰. Сол секілді азербайжан тілінде *кисе* — темекі салатын қалта⁵¹, өзбек тілінде *кисса* — киімнің қалтасы⁵².

Қамар белбеу — зерлі, әшекейлі белбеу⁵³.

Қаптырма белдік — екі ұшы қапсырма арқылы түйісетін белдік, қаптырма белдік.

Қаралы белбеу — қара ала оюлы күміс белбеу, мұны кейде *кавказ белбеу* дейді.

Қылышбау — Маңғыстау жағында айтылатын күміс белбеу⁵⁴.

Сарала белбеу (сары ала белбеу) — күміске алын жалатылған, сары ала түсті сәнді белбеу (кей жерде — *сары ала белдік*).

Сақиналы белдік — оны-мұны байлап қоюға лайықталған шығыршықты белдік.

Салпыншақ белдік — әр түрлі салпыншақтар бекітілген белдік.

Тілла кемер — алтынды белбеу: — Беліне тілла кемер буындырып, «Болсын, — деп бата берді, — талабың оң» (Т. Ізтілеуов, Рүстем дастан. 433-б.).

Шекетулі белбеу — күміс белбеу (Қостанай облысында айтылады).

Шоқ белбеу — асыл тасты (көбіне қызыл) белбеу; *Шоқ белбеу* эпостық, лиро-эпостық жырларда көбінесе «Алтын айдар, шоқ белбеу» түрінде сұлулық өлшемі ретінде айтылса⁵⁵, тіліміздегі бөлшектің бүтінге, бүтіннің бөлшекке ауысу заңдылығына сәйкес *шоқ белбеу* өзінің бөлшегінің атымен аталатыны да бар:

Бұл кезде басқа қыз жоқ сізден асқан,
Беліңе алтын *шоғың* алты оралған.

(Ақан сері Қорамсаұлы, Шығармалары, 66-б.)

Мұндай белбеуді ертеде қазақ, қырғыз т. б. түркі халықтарында қызмет дәрежесі үлкен, лауазымы жоғары, атақты адамдар ғана таққан. Мәселен, қырғыз тілін-

⁵⁰ Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. М.: 1965. С. 389.

⁵¹ Кильчевская З. А. Азербайджанские вышивки XIX века

// Материальная культура Азербайджана. Баку, 1949. С. 149.

⁵² Шаниязов К. Узбеки-карлуки. Ташкент, 1964. С. 3.

⁵³ Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1969. 226-б.

⁵⁴ Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969. 222-б.

⁵⁵ Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977. 38-б.

де *шоқ белбеу* деп атақты адамдардың әйелдері таққан шашақты, қымбат белбеуін айтқан⁵⁶.

Сонымен, біздің материалымыздың көрсетіп отырғанындай, қазақ тілінің лексикасында зергерлік өнеріне қатысты атаулар мол ұшырасады. Оның құрамына 1200-ден астам жеке сөздер мен сөз тіркестерінен жасалған халықтық терминдер енеді.

Зергерлік өнері терминологиясының қалыптасуына, байи түсуіне көне дәуірлерден мирас болып келе жатқан осы өнер түрін қазақ шеберлерінің өте жоғары дәрежеде меңгеріп, дамытып, өз жұмыстарында *қақтау, аптау, күптеу, бедерлеу, құйма, термелеу, үзбелеу, лажылау, қастау, сіркелеу* т. б. көптеген күрделі тәсілдерді қолдана отырып жасайтын сәндік, тұрмыстық бұйым түрлерінің молдығы айтарлықтай ықпал етті. Тілімізде әрбір заттың, құбылыстың атауы болатындығы белгілі. Қазақ зергерлері кез келген әшекей бұйымының өзін әлденеше түрге келтіріп, көз жауын алатындай құбылты білді. Әшекей заттарының негізгі топтарынан басқа оның сан алуан түрлерін, олардың өзіндік ерекшеліктерін, белгілерін неғұрлым айқын, дәл білдіру қажеттілігінен тілімізде соларға сәйкес келетін әлденеше жүздеген атаулар келіп шықты. Әрине ол сөздер заманда бойы халықпен бірге жасап келе жатқандықтан олардың құрамында көнерген атаулардың (*шоқ, бергек, бетмоншақ, жыға, көзотаға* т. б.), диалектизмдердің (*деңмент седеп, бөпіке, шекетулі белбеу*, т. б.) ұшырасуы — заңды құбылыс.

Зергерлік өнері лексикасында, оның ішінде сөз болып отырған тақырыптық топтардың құрамында кездесетін синоним сөздердің (*шытыра, шеттік, шытырма; жақ, жақтау, жақ моншақ; түйме, ілгек, топшы; белбеу, кемер, қылышбау* т. б.), плеонастикалық сөз тіркестерінің (*кемер белбеу, деңмент белбеу, бота белбеу*, т. б.) фразеологизмдердің (*бас жақсы, тана тағар, бет моншағы түсті, жығасы қисайды, мойнына кісе салды* т. б.) әрқайсысы жеке-жеке сөз етуге тұрарлық. Алайда бұл мәселелерді және жоғарыда келтірілген атаулардың жасалу принциптерін назардан тыс қалдыра отырып, біз бұл мақалада зергерлік өнерінің шығу тарихына, зергерлік бұйымдардың қоғамда атқарған роліне, әшекей бұйымдарды тұтынудағы салт-дәстүрлерге қысқаша

⁵⁶ Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. М.: 1965. С. 864.

шолу жасап, зергерлік өнері лексикасына қатысты іріктелген 150-дей атауды белгілі бір тақырыптар төңірегінде топтастыра баяндау арқылы оның лексикалық сөз байлығын көрсетуге, оларға этнолингвистикалық сипаттама беруге көңіл бөлдік.

Е. ҚОСБАСАРОВ

БҮРКІТШІЛІК ТЕРМИНДЕРІ ЖАЙЫНДА

Адам баласының пайда болуымен қоса дами бастаған аңшылық — тіршіліктің ең негізгі көзі, бірден-бір бұлағы ретінде қызмет етті, дамыды.

Аңшылық адам баласын өзін қоршап тұрған жаратылыс жөнінде түсінік алуға, оның сырларын үйренуге, білуге, оларға қарсы күресуге үйретті. Ол — тіршілік үшін әртүрлі амал-айла, тәсіл-әрекет, құрал-жабдықтар таба білуге, оны жетілдіре түсуге түрткі болған негізгі факторлардың бірі.

Алғашында тұрпайы түрде жүргізілген аңшылық адамның ақыл-ойының, қоғамның дамуына байланысты үлкен өнерге айналды. Қазақ топырағында аңшылық — *тұзақ құру мен қақпаншылық, мергеншілік, ит жүгірту мен саятшылық* сияқты үлкен салаларға бөлінеді. Ол алғашында күнкөріс-тіршіліктің өзекті бір саласы болғанымен, дами келе әсем табиғат аясындағы ең көңілді демалысы мен әсерлі қызығына айналды.

Аңшылық таза ауада дене шынықтыру, эстетикалық ләззәт алу мен ұлттық спорттың бір түрі болып қалыптасты.

Тілімізде аңшылықтың әр түрлі саласы мен тармақтарын, құмай тазы мен қыран құстардың өжеттігін, ұшқырлығы мен алғырлығын, жан-жануарлардың эстетикалық сұлулығын тап өзіндей көз алдына тарта салатын не бір көркем салыстырулар, метафоралар, айшықты сөз орамдары, мақал-мәтел, жұмбақтар бар.

Қазақ тілінің сөздік құрамында аңшылық лексикасының өзіндік алатын орны бар. Академик Ә. Марғұлан-ның айтуынша, тек саятшылыққа (аңшылықтың бір саласы) байланысты туған мың жарымдай сөз (халықтық

термин) бар екен¹. Осы қыруар тілдік материалдарды халық арасынан, ел аузынан жинап, бір жүйеге түсіріп, халық игілігіне жарату — алда тұрған міндетіміздің бірі.

Біріншіден, аңшылық лексикасын тілдік тұрғыдан арнайы зерттеулер жүргізудің халқымыздың өткендегі әлеуметтік-экономикалық өмірінен, ұлттық мәдениеті мен тарихи даму кезеңдерінен құнды да мәнді деректер алуда, екіншіден, қазіргі қазақ тілінің лексикалық қабаттарын анықтауда практикалық және теориялық үлкен маңызы бар.

Бүркіт және басқа да қыран құстарды салу мен баптауға байланысты құсбегілер тілінде кездесетін терминдердің бірталайы ел арасында қолданылып, көпке түсінікті болып, жалпыхалықтық тілден орын тапса, кейбіреулері осы кәсіппен айналысатын адамдардың тілінде ғана қолданылады.

Құсбегілік, бүркітшілікпен байланысты елге кеңірек таралып, ел арасында түсінікті болған халықтық терминдер болсын, олардың өздеріне ғана түсінікті (жалпыхалықтық сипат алмаған) терминдер болсын, олар қазақ тілінің сөздік құрамынан өзгеше, бөлек тұрған терминдер ретінде қаралмай, ана тіліміздің лексикасын байытушы бір бұлағы ретінде зерттелуі тиіс.

Бұл мақалада жоғарыда айтылғандай, халқымыздың тіршілігінде ең негізгі роль ойнаған, бірнеше жүздеген жылдардан бері ел арасына кеңінен еніп, қалыптасқан аңшылық терминдерінің ішінен бүркіт салу мен бүркітшілердің кәсібіне байланысты кейбір терминдер жөнінде сөз болмақшы.

Қазақ құсбегілері бүркіттерді мекендейтін жеріне қарай: *ой құсы*, *қыр құсы*, *құз құсы*, *тау құсы* деп бөледі. Құз құсы мен тау құсы иықты, аңғарлы, ауқымды, кесек тұлғалы болса, ой құсы мен қыр құсы ықшам, шебер шапқан ердей жинақы келеді.

Бүркітшілер көз асылына қарай бүркіттерді екіге бөліп қарайды: *қыран* және *қырағы*. Қырандар аса қайыруды тілемейді.

Қырандарды қолға түсірудің мынадай әр түрлі әдістері қолданылады: *ұядан алу*, *тор жаю*, *тояттатып ұстау*, *шеңгелдестіру*.

Бүркіттің ұрғашысын — *ұябасар*, еркегін — *шаулі*

¹ *Бабалықов Ж., Тұрдыбаев А. Қырандар. Алматы, 1983. 3-6.*

деп атайды. Ұрғашысы еркегіне қарағанда ірілеу, алғыр да өжет келеді.

Шәулі сөзінің тілімізде нендей мағына бертiнiне келсек, оны былай түсiндiруге болар едi. Бұл сөз *чаблы* формасында енисей ескерткiштерiнде кездеседi². Туыс тiлдердiң де бiразында, мәселен, өзбек тiлiнде *чавли* түрiнде қолданылады.

В. В. Радловтың сөздiгiнде чав — «член мужской», чаклы — «член мужской»³ деп берiлген. Демек, шәулі сөзінің мағынасын жыныс мүшесiмен (еркектiң) байланысты екенiн байқадық. Олай болса, бүркiттiң еркегiн шәулі деп атау — заңды құбылыс.

Жаңа ұсталған тұз тағысы да, ұядан алынған «қолбала» да баптау-баулудың бiрнеше кезеңiнен өтедi. Аяғына *бау* (аяқ, шолақ) тағып, *томаға* кигiзiп, арнайы жасалған *ырғаққа* отырғызып, «*ұйқысын алады*». Аштықтан және ұйқы көрмей тынышы кеткен бүркiт амалсыздан қолдан жем жеп, иесiнiң дегенiне көндiге бастайды. Бұл кезендi құсбегiлер *үйiр алдыру* деп атайды.

Үйрене бастаған бүркiттi биялай киiп, қолындағы еттi көрсетiп аралықты алыстата отырып шақырады. «Па-па», «кәл-кәл», «кеу-кеу» немесе «қыйту-қыйту» деп шақырған құсбегiнiң үнiн танып, қолға ұшып қонып, жем жеп көндiгедi, дауысқа (шақырғанға) үйренедi. Осы көрiнiстi бүркiтшiлер *қолға қарату* дейдi.

Расында да, осы кезеңде қолдағы қыран тек құсбегiнiң берген жемiмен ғана қоректенедi.

Бұдан кейiн *шырға тарту*, *тiрiлету* деп аталатын сатылардан өтедi.

Баптаудың ең соңғы кезеңi — *қайыру*. Аңға салынатын бүркiттi әртүрлi жем беру арқылы бабына келтiредi. Әбден қайырылған бүркiт бап етiне, зар күйiне түседi де, аңға салуға жарамды деп есептеледi.

Нарыз құсбегiлер шеберлiктiң, төзiмдiлiк пен шыдамдылықтың тер төккен еңбектiң арқасында ғана бүркiттi баптаудың әр кезеңiнен өткiзiп, 40—45 күнде бабына келтiредi.

Бүркiт немесе басқа да қыран құстарды қолда ұстау, баптау, баулу үшiн қазақ құсбегiлерi әртүрлi құрал-жабдықтарды өз орнымен пайдаланады. Олар: *томаға*,

² Малов С. Е. Памятники древнетюрской письменности. М.:—Л., 1951. С. 95, 112.

³ Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб. 1905. Т. 3. С. 1934.

аяқбау, балақ бау, шыжым, ырғақ, тұғыр, балдақ, құндақ, биялай, жем қалта, саптыаяқ, түтік т. б.

Қыран құсты қолға түсіргеннен кейін ең бірінші кезекте істелетін әрекет — *томаға пішу, тігу, томағалау*. Асау да тәкаппар тұз тағысының адамға бірден үйрене қоймауы — заңды құбылыс. *Томаға* өз ортасын ұмыттыру, төңірегіндегі қызыл-жасылдан бөлектеу, бала-шағаға, ит-құсқа ұмтылудан сақтау үшін кигізіледі. Ол үш немесе төрт сай етіліп, жұмсақ иленген мал яки аң терілерінен тігіледі. Оны арнайы машықтанған, өзі пішіп өзі тіге алатын шеберлер — *томағашылар* ғана жасай алады. Құстың басынан түсіп қалмауы үшін *тамақ бау* кейде бірге, кейде бөлек жасалады. *Томағаны* ою-өрнек салып әшекейлеп, шытыралармен безендіреді де, төбесіне айдар тігіп, үкі тағып қояды. Бұл, біріншіден, сәндік үшін жасалса, екіншіден, тіл-көз тиюден сақтайды деген сенімнен туған.

Томаға сонымен қатар ителгі мен лашын сынды қырандарға тек мазасызданған шақтарында кигізіледі.

Томағаны бүркіттің басынан тек аңға жібергенде (ұшырғанда) және жемдеген кезде алады (шешеді).

Тілімізде *томаға тарту, томағасын сыпыру* сияқты тіркестер бар. Беретін мағынасы: қыранды аңға салу босату, жіберумен байланысты.

Томаға тұйық деген фразалық тіркестің де осы *томаға* сөзімен байланысты шығуы ықтимал. Өйткені, құсты *томағалау* дегеніміз — оны бөлектеу, шектеу, оқшаулау ғой.

Томаға сөзінің шығу төркініне келсек, ол туралы мынадай жорамал айтуға болар еді. Аталмыш термин екі элементтен — түбірден (*-том*) және қосымшадан (*-аға*) тұрады.

Тілімізде құрылысы жағынан әр түрлі, мағынасы жағынан бір-біріне жақын мынадай туынды сөздердің бар екені белгілі: *томаға, тымақ, тұмылдырық, топы* (диалект, тақия мағынасында). Бәрі де адамның, құстың басына, иттің тұмсығына кигізілетін затты білдіреді.

Аталған сөздердің түбірлері (*том, тұм, тым, топ*) тілімізде қосымшаларсыз қолданылмайды. Алайда, академик Ә. Т. Қайдаров «*том, тұм, топ, төп, төм* сияқты түбір сөздердің беретін мағынасы — бір жағы дөңгелек-

ше, сопақшалау болып, екінші жағы (жоғары жағы)

тұйықталып, төменгі жағымен салыстырғанда жіңішке-леу келетін затты, ұғымды білдіреді» дегенді айтады⁴.

Жоғарыда келтірілген түбірлерден өрбитін туынды сөздерді туыс тілдердің көпшілігінен кездестіруге болады. Мәселен, топы сөзі қырғыздарда — топу, ұйғыр тілінде — допа, төпә — құлақшын, өзбекте — дуппи, карашай-балқарларда — теппе болып келеді⁵. Н. Дмитриев⁶, И. Отаров⁷ өз зерттеулерінде әңгіме болып отырған сөздің төркінін адам баласының төбесімен байланыстырады. Шындығында, тымақ болсын, томаға болсын, такия, топы болсын — бәрі де төбеге, басқа киілетін заттар. Бір нәрсені жабумен байланысты екенін де аңғаруға болады.

Қазақ халқында «Ат ұстамақ болсаң — құрығынды, құс ұстамақ болсаң — бауыңды» деген қанатты сөз бар.

Қолға түскен қыранды үйрету, баптап-баулу үшін аяқ бау, балақ бау, ірге бау, шыжым сияқтыларды қолданады.

Балақ бауды кейде *білезік бау* деп те атайды. Ол құстың екі жіліншігіне бірдей тағылады. Іші жұмсақ киізден, сырты былғарыдан немесе жұмсақ иленген қайыстан тігіледі. Құстың аяғына кигізілгеннен кейін тиек арқылы бекітіліп, ұшына *аяқ бау* жалғанады.

Аяқ баудың ұзындығы 20—25 см. Ол құсты қолға қондырғанда ұстау үшін, тұғырға отырғызғанда байлап қою үшін қолданылса, аңға да осы аяқ бауымен түсе береді.

Құсты шырғаға тартқанда, далбайға түсіргенде құсбегілер ұзындығы 7—8 құлаштай жіңішке жіп — *шыжымды* пайдаланады.

Ырғақ — есейгенде қолға түскен тұз тағысын қолға үйрету үшін, өз ортасын ұмыттыру мақсатында қолданылатын тербелмелі әткеншек. Оның арқан да, ағаш та болуы мүмкін. Ырғаққа отырғызылған бүркітті бірнеше күн тербете отырып ұйықтатпай, әбден шаршатады. Бір жағы аштықтан, бір жағы ұйқыдан әлсіреген қыран құсбегінің дегеніне көніп, жуаси бастайды. Сылап-сипа-

⁴ Кайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986. С. 285—287.

⁵ Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. М., 1965. С. 752. Малов С. Е. Уйгурские наречия Синьцзяна. М., 1961. С. 106.

⁶ Дмитриев Н. К. Строй тюркских языков. М., 1962. С. 568.

⁷ Отаров И. М. Профессиональная лексика карачаево-балкарского языка. Нальчик, 1978. С. 35.

ғанына, дауысына, қолдан жем жеуге де үйрене бастайды. Мұндай әрекетті құсбегілер тілінде «*ұйқысын алу*» деп атайды.

Тұғыр. Қырандарды аңға салғаннан басқа уақыттарда қондырып қою үшін *тұғыр* деп аталатын жабдық қолданылады. Ол ағаштан үш немесе төрт сирақ болып, орындық іспетті шабылады. Отырған кезде құстың құйрығы жерге тимейтіндей биіктікте болуы керек. Қазақ құсбегілері арасында тұғырды алтын, күміс сияқты асыл заттармен безендіріп, әшекейлейтіндері де кездеседі.

Тілімізде *тұғырынан тайды*, *тұғыр жабары* сияқты тіркестер бар. Алдыңғысы қыран құстың қартаюымен, шөгуімен байланысты айтылса, соңғы этнографиялық мәндегі сөз орамы. Құс сүйер қауым арасында істелетін кәде. Қыран құсты сұрап, қолқа сала келген адам «*тұғыр жабары*» деп қалы кілем жапқан ат немесе түйе, басқа да асыл заттарды сыйға тартатын болған.

«Ат өлсе, ер-тоқым үйілер, құс өлсе, тұғыры күйінер» дейтін қанатты сөз қалған.

Қазақ тілінде мекен, орын мағынасын беретін *тұрақ*, *тұрық* (Қаратұрық) сияқты сөздер бар екені белгілі.

Махмуд Қашғаридің сөздігінде (354-б.) *туруғ* — «таулардағы қамал», «ішкі бекініс», «бекінген қала», «тұрақ», «мекен» деген мәндермен белгілі сөз. Құсбегілер тіліндегі қолданылатын *тұғыр* термині жоғарыдағы келтірілген сөздерден метатеза құбылысы арқылы пайда болған (*рық//ғыр*) дегенді айтар едік. Себебі, *тұғыр* сөзі негізгі мағынасын жоғалтпай, *тұрақ*, *тұрық* сөздерінің бір варианты ретінде қалыптасты. Қазіргі кезде спорттық термин ретінде қолданылады: *тұғырдан секіру*, *жеңіс тұғырына көтерілу*.

Құндақ — қыран құстарды алыс сапарға алып шыққанда жол соқты етпей, аязды күндерде суыққа ұрындырмай көрпеге орап, бөлеп тастау үшін қолданылатын ағаш бесік. Ағашты шеңбер тәрізді иіп, кішкентай шаңыраққа ұқсатып ішіне күлдіреуіштер салады. Жұмсақ етіп көрпеше тігеді де, шеңбердің екі жеріне құсты орап жатқызғаннан кейін байлап тастауға арналған екі тартпа қайыстан тағады.

Сөздің түбірі қон етістігі болар деген ойдамыз. Өйткені, қазақ тілінде осы түбірден өрбитін қоныс, қонақ, қонаға сияқты туынды сөздер бар. *Құндақ* сөзі де мағы-

насы жағынан келтірілген түбірлес сөздерден алыстап кетпейді.

Қон сөзі тілімізде бірнеше мағынада қолданылады. Оның: 1) «ұшып келе жатқан қанатты нәрсенің (құс, жәндік, самолет т. б.) жерге түсуі, отыруы»; 2) «көшкен ел-жұрттың үй тігіп уақытша мекендеуі, белгілі бір жерге тұрақтауы»; 3) «түнөп шығу»; 4) «бір жерге жайғасу, отыру»; 5) «белгілі бір қасиеттің адам бойынан орын алуы, даруы» (ауыс мағынасында) сияқты әр түрлі мағынада жұмсалуды жоғарыдағы пікірімізді дәлелдей түседі.

Қазақ тілінде *-тақ/-тек, -дақ/-дек, -нақ/нек* моделі арқылы жасалған сөздер көптеп кездеседі. Соның бірі — құндақ.

Биялай — бүркітті қолға қондырғанда олардың өткір тұяғынан сақтану үшін киетін аң не мал терілерінен тігілген қолғап. Оның бас бармағы бар да, қалған төрт саусағы тұтас, тұйық болып келеді. Ішін киізден, жеңсесін әрі кең, әрі ұзын етіп жасайды. Бүркітшінің оң қолына киіледі. «Қондырып *биялайға* томағалап, Құсбегі қойдың қалай жіпсіз байлап» (Нұрым ақын.). Бұл сөз түркі, монғол, тунгус-маньчжур тілдерінде кездеседі.

Алтай тілінде — *мелей*, татарда — *бияләй*, башқұрт тілінде — *бәйелей* формасында кездессе, моңғол тілінде — *бээлий*, қалмақта — *бееле*, бурят тілінде — *бээлээ* түрінде қолданылады⁸.

Дыбыстық жағынан аз-кем өзгерістері бар осы келтірілген — билэ, билэн, биле сөздерінің қай-қайсысының да алғашқы мағынасы адамның қолымен, әсіресе қолдың қоспасы мен саусақтарына байланысты туғандығын байқау қиын емес. Якут тілінде: *билэ* — жиектеу, әдіптеу, мысалы, қолғапты, аяқ киімді әдіптеу деген мағынаны білдіреді.

Филология ғылымының докторы Ә. Нұрмағамбетов: «Қазіргі әңгіме болып отырған «*биялай*» сөзі қол мағынасын беретін осы тұлғалас сөздер негізінде пайда болған): *билэ ~ билэ+й > билэй > биэлей > биялэй > биялай*. Мағынасы — қолға киетін киім болмақ»⁹, — дейді де, оны тілдік фактілер негізінде дәлелдейді. Аталған

⁸ Грамматика алтайского языка. Казань, 1869. Исследование бурятских говоров. Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков. Л., 1975, 1977. Т. 1, 2.

⁹ Нұрмағамбетов Ә. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні. Алматы, 1985. 23-б.

терминді тіліміздегі *білек* сөзімен де байланыстырып қарауға болады.

Балдақ — ұзындығы 50—60 см, тау текенің мүйізінен немесе ағаштан жасалған, бүркіт ұстағанда қолды сүйеп отыратын айыр ағаш. Атпен жүргенде, шапқанда балдақтың көп толқымауы үшін екі жерінен қайыс бау тағылады да, ердегі шығыршық пен шеттікке байланады.

Сапты аяқ — қырандарды жемдеуге арналған ыдыс. Аңға шыққанда байлау я ілу үшін сабына қайыстан бүлдіргі тағылады.

Жем қалта — аңға шыққанда аңның немесе малдың етін салып алу үшін қолданылатын дорба. Ол жыл мезгіліне қарай әр түрлі болады. Қыста жемнің қатып қалмауы себепті ішін шүберекпен тыстап, сыртын киізден тігеді. Бір шетінде түтікке арналған орын болады.

Түтік — ұзын сирақты құстардың жіліншігінен немесе ағаштан жасалған ұзындығы 25—30 см келетін аспап. Құстың ішін шаю, су беру үшін пайдаланылады.

Қырандарды баптап-баулу, аң-құсты ілу, алу әдісіне машықтандырудың мынадай түрлері қолданылады: *шырғаға тарту* немесе *шырғалау*, *далбайға түсіру*, *тірі бастыру* немесе *тірілету*.

Ескерте кететін бір жайт: шырғаға тек бүркіт сынды қыран тартылса, далбайға одан басқа қырандар — қаршыға, сұңқар, лашын, жағалтай, ителгі, қырғи, тұрымтай сияқты жыртқыш құстар түсіріледі.

Кейінгі кезде *шырға тарту* мен *далбайға түсірудің* өзін бір ғана тәсіл деп қарау, шатыстыру кездесіп жүр. Әрине, ол екеуі бірдей емес.

Шырға тарту үшін тұлып етіп сойылған түлкі, қарсақ, қасқыр сияқты аңдардың терілерін, кебін пайдаланады. Құсбегілер оны *шырға* деп атайды. Ішіне сабан немесе шөп тығып қомпайтып, әр жерінен «қызыл» көрсеттіріп қояды. Ұзын жіпке байланған шырғаны сүйрете отырып, құсты оңды-солды түсіріп байқайды. Ілу, арудың әр түрлі әдіс-тәсілін меңгертеді. Әр жеріне қыстырылған «қызылдан» шоқыттыра отырып дәмелендіреді, қызықтырады, шабытын қоздырады. Әбден машықтанып, үйренгенге дейін осылайша жалғаса береді.

Қырғыз тілінің түсіндірме сөздігінде *шырға* — «бүркітті баптап үйретуде қолданылатын түлкінің кебі», — делінген¹⁰.

¹⁰ Қырғыз тілінің түсіндірме сөздігі. Фрунзе, 1969. 718-б.

Шыр сөзі тілімізде «шыр бітті», «шыр бітпеді», «шырайлы адам» сияқты тіркестерде қолданылады. М. Қашғарида «чыр — май» деп берілген. Сондықтан да, құсбегілер тілінде ғана қолданылатын *шырға* сөзін түсініктірек болсын десек, оны майға, етке, қызылға тарту дегенмен ауыстыруға болады.

Қазақ құсбегілері бүркіт сынды алғыр да әжет қыранды майда-шүйде құстарға салмай, ірі аңдарға, жыртқыштарға (қасқыр, түлкі, қарсақ) түсу үшін баулиды, қолда ұстайды, мақтан етеді. Сол үшін де шырғалайды. «Қиядағы қызыл түлкіні, қияннан соққан бүркіт алады» деп дәріптейді.

С. Шорманов: «бүркіт — қасқыр, түлкі, қоян сияқты аңдарды алу үшін бапталады»¹¹, — деген-ді.

Далбайға түсіру үшін аңның терілерін емес, тауық, қаз, дуадақ т. б. құстардың кебі немесе қос қанаты пайдаланылады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «далбай — қыран құсты баулып, қолға үйретудің бір тәсілі ретінде пайдаланылатын тұлып, бітеу сойылған аң терісі» — деп қате берілген.

В. В. Радловтың сөздігінде *далбай* — «привязанная веревками птица, которой приманивают охотничью птицу»¹² деген мәлімет бар.

Қырғыз тіліндегі далбайдың анықтамасын А. Биялиев былай деп береді: «Далбай — вабило, чучело или пара крыльев вороны, галки и т. д. привязанные на длинный шнур и употребляющиеся для зова и вынашивания балабана, кречета, сапсана и др.»¹³.

Ұйғыр тілінде *далвай* — «қаршыға, ителгі сынды жыртқыш құстарды баптағанда, шақырғанда көрсететін, берілетін ет, жем».

Қалай болғанда да, біздің ойымызша, *далбай* — бүркіттен басқа қырандарды баптап-баулу барысында қолданылатын алдамыш (приманка).

Далбай сөзінің тек құспен байланысты екенін мынадан да көруге болады.

Дал сөзі жеке тұрғанда монғол тілінде «құстың қанаты», ал *далба* — «қанатын қағу» дегенді білдіреді

¹¹ Шорманов С. Аушы. Казан, 1907. 10-б.

¹² Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб., 1905. Т. 3. С. 1638.

¹³ Биялиев А. Киргизские народные термины промысловой охоты. Автореф. дис..., канд. филол. наук. Фрунзе, 1972.

екен¹⁴. Қырандарды *есірік* деп аталатын қанаты қырқылған құстарға түсіріп те баулиды.

Бүркітті баптап-баулудың ең соңғы кезеңі — *тірі бастыру* немесе *тірілету* деп аталады. Ол үшін қарсақ, түлкі қоян немесе олардың күшіктері сияқты аңдардың аяқтарын шідерлеп, аузын тұмылдырықтайды. Бұл — тәжірибесіз қыранның тұяғын шайнатып алмауын, түсетін аңынан айырылып қалмауын көздеген әрекет. Аңға түсу, ілу әдісін қалт жібермей бақылап, бірнеше рет түсіреді. Алып түскен аңның тілін немесе жүрегін алып беріп дәндетеді, дәмелендіреді. Міне, осы көріністі құсбегілер тілінде *тірілету* немесе *тірі бастыру* дейді. Бұдан кейін бүркіттің нағыз аңшылық кезеңі басталады.

Бүркіттің жасына байланысты терминдер

Бүркітшілер, кәнігі құсбегілер бүркіттің түсіне, түлегіне қарап оның жасын, бабын, қырандығын, алғырлығын анықтап, әрбір түлегін ажыратып, арнайы терминдермен атайды. Біраз жасына дейін ат қойып, айдар таққан.

Бүркіттің жасымен байланысты құсбегілер аузында айтылып жүрген түрлі-түрлі атаулар кездеседі. Көбінесе мына атаулар ауызға жиі алынады: бір жас — *балапан*, екі жас — *тірнек*, үш жас — *қан түбіт*, төрт жас — *тас түлек*, бес жас — *мұзбалақ*, алты жас — *көк түбіт*, жеті жас — *қана*, сегіз жас — *жана*, тоғыз жас — *май түбіт*, он жас — *барқын*, он бір жас — *баршын*, он екі жас — *шөгел*, қартайған шағы — *мола*.

Балапан. Жұмыртқадан жарып шыға сала, балапан аталады. Үш ай өткенде балапан ұядан қанат қағады. Бүркіт аталған қыранның балапан жылын қазақтар бір жас деп есептейді.

Тірнек. Тұяқтың жаңадан бекіп келе жатқан кезі саятшылар тілінде *тірнек* деп аталса керек. Шындығында, *тірнек*, *тырнақ* сөздерінің әуелде түп-төркіні бір болған. Құсбегілер құстың *тірнек жылы* ауыр өтеді деп түсіндіреді. Тұяқтың осалдығынан аңдарға түсуге бата алмай, түскен күнде айрылып қалатын болған. Сондықтан да, құсбегілер қолдағы қыранды екі жасында аңға көп салмайды.

¹⁴ Антонов Н. К. Материалы по исторической лексике якутского языка. Якутск, 1971. С. 25.

Қан түбіт — үш жасар бүркіт. Балапанның жұмыртқадан жарып шыққан кездегі түгі шараналы болады. Аңға түсе бастағаннан жаңбыр мен қар тиген соң шаранасы шайылып кетеді де, түгі құлпырып сала береді. Осы көріністі құсбегілер *қан түбіт* деп атайды. *Қан* сөзінің тілімізде күшейткіш мәнге көшетінін тілдік фактілер дәлелдейді.

Тас түлек — төрт жасар қыран. Бұған дейін толық түлемей келген қыран төртінші жыл дегенде тозған түктерін түгел дерлік ауыстырады.

*Тас түлек, мұзбалақпын қияда өскен,
Сорғалап талай тайғақ мұзға түскен.
Қиядан қызыл түлкі қылт еткенде,
Қыр аспай қиялап кеп іліп түскен.
(Ақан сері Қорамсаұлы)*

Заттық ұғымды білдіретін кейбір сөздер тұрақты тіркес құрамында айтылғанда күшейткіш мәнге көшетіні белгілі. Сондай сөздердің бірі — *тас*: *тас түлек, тас қараңғы, тас төбесі*.

Қазақ құсбегілері толық, түгел түледі деудің орнына аталған тіркесті қолданады.

Түктерін түгел ауыстырған қыранның күшіне күш, қайрат қосылғандай шабытына келіп, аңға түсуден жалықпайтын, нағыз қырып салдың өзіне айналады. «*Тас-түлектей түйілді*» деген тіркес осыны аңғартқандай.

Мұзбалақ — бес жасар бүркіт. Түсі қоңырлау. Баутағарындағы жүн тұяғына түсіп тұрады. Баутағары қысқа, суыққа төзімді болады. Қыстың қақаған аязында жылы жерге орын ауыстырмай, сол жерлерде қыстап қалады. Баутағарына мұз да, қар да катады. Сондықтан да *мұзбалақ* атанған. *Мұзбалақ* — өжет те алғыр, қайтпайтын, қажымайтын, нағыз қырып салдың өзі. Кейде оны *қандыбалақ* деп те атайды. Қайта-қайта аңға түсе берген соң құстың балақ жүндеріне еріген қармен бірге аңнан аққан қан да, тер де катады.

Көк түбіт — алты жасар бүркіт. Түсіне байланысты осылай аталса керек.

Қазақ құсбегілері: «бүркіт жасы ұлғайған сайын қоңырқай тарта бастайды, балапан, тірнек, тас түлек кезіндегі ақ, ақшыл, қара ала, қоңыр ала көрінетін түстері мүлде жоғалады да, уылжыған сары, қара түр-түстері ұлғая келе қоңырқай тартып онады, барқындай түседі, бүркыраған аппақ мамықтары секпілденіп, көге-

реді, қоңыр, қоңырқай, қарақоңыр түске енеді», — деп түсіндіреді. Бүркіттің көк түбіт, барқын, баршын деп аталуы — осының айғағы.

Қана — жеті жасар да, *жана* — сегіз жасар бүркіт. Бұл терминдердің анықтамасын, беретін мағынасын моңғол тілінен іздестіру керек-ау деген ойдамыз. Өйткені аталған терминдердің сол тілде сандық мағына беретіні (*қана* — алты, *жана* — жеті) туралы деректер бар. Бірақ, бұл әлі де егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді.

Барқын — он жасар бүркіт.

Этнограф С. Қасиманов «Қазақ халқының қолөнері» атты еңбегінде: «*Барқын* — ұзақ жасаған, қартайған бүркіт»¹⁵ деп көрсеткен. Біздің ойымызша, бұл дұрыс берілген анықтама емес. Сөз болып отырған термин көркем әдебиетте жиі қолданылады. М. Әуезовтің, Қ. Жұмаділовтың шығармаларынан кездестіреміз.

Кешкі уақытты, күннің батып, қара көлеңке бола бастаған кезін тілімізде «қара барқын тартты», «барқын-данды» деп атайды. Осының өзінен-ақ барқын сөзінің түспен байланысты екенін байқауға болады. Бүркіттің жасы ұлғайған сайын түсінің де өзгертінін жоғарыда айттық. Ендеше, *барқын* — қара қоңыр, қоңыр түсті бүркіт.

Баршын — он бір жасар бүркіт. Аспанда ұшып айналған, Түлкі көрсе сайланған, Түлкісін иесі байланған, Қара ала *баршын* бүркітім, Аспандап ұшып келдің бе? (С. Сейфуллин.).

«Қырандар» атты еңбектің авторлары: «Қазіргі тілімізде *баршын*, *баршындау* — шар тарту, жалыны, серпіні қайту, қарттыққа тән беру, егделеу, мосқалдау, кекселеу, шал болу сияқты ұғымдар төңірегінде айтылады. Қол аяғы ауырлап қалды, еңкейіп, еңсеріліп қалды, шаш-сақалы бурылдады, қыландады, ағарды сияқты ұғымдарды да қамтиды. Қыранның қартайып, аңға салынбай, тұғырда отырған бір дәуіріне, сол кездегі хал-жағдайына байланысты қазақ күсбегілері оған *баршын*» деп ат қойған болар»¹⁵, — дегенді айтады. Мұндай пікір бізді қанағаттандырмайды. Себебі, 120—150 жыл өмір сүретін бүркіт сынды қыранды он бір жасында қартайды, жалыны, серпіні қайтты деудің өзі — қиянат. Екіншіден, баршын сөзі түспен байланысты болса керек. «Охота с ловчими птицами у казахов семипалатинского

¹⁵ Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1962. 125-б.

края» атты еңбекте: «*Баршын* — почерневший беркут»¹⁶ — деп берілген (курсивпен берген — К. Е.)

С. Шормановтың «*Аушы*» кітабында да: «*баршын* — көк, қара көк түсі басым бүркіт»¹⁷ деген мәлімет бар.

Шөгел — он екі жасар бүркіт.

Аталған еңбекте: «Біздің ойымызша, адамға байланысты айтылған *шөгел* — пысық, тындырымды мағынасында тұр да, құсқа байланысты айтылған *шөгел* — кәрі, қарт, тарлан, кәрі боз, шүйкиген, шүйке шал мағынасында тұрған сияқты.

Құс жасы туралы айтылатын 12 атаудың ең соңғысы — шөгел, яғни құс өмірінің кәрілікке жеткен кезіне байланысты қойылған аттың өзі — шөгел. Біздің құсбегі ата-бабаларымыз әу баста шөгел сөзінің бізге таныстындырымды мағынасы үшін емес, оның кәрілік мағынасы жағынан ғана қыран өмірінің соңғы сәресі етіп ат қойған болар¹⁸,» — деген ой айтылады. Мұндай пікірге қосылудың өзі қиын.

Шөгел сөзінің төркініне келсек, оны былайша түсіндіруге болар еді.

В. В. Радловтың сөздігінде *шөгел* сөзі *чағлы* формасында кездеседі¹⁹. Беретін мағынасы: 1) крепкий, твердый, солидный; 2) впору зрелый. Қазақшасы: шымыр, шомбал, мықты, дер шағы, кемеліне келген шағы.

Сөздің түбірі — шақ сөзі болар деген ойдамыз. Себебі, тілімізде бар бұл сөз әр түрлі мағынада жұмсалады. Соның ішінде: 1) уақыт, кезең, сәт, мезгіл де, 2) күш, қуат, бейімділік²⁰.

Осы түбір сөзге сын есім тудырушы *-лы/-лі* аффиксінің жалғануы арқылы сөз болып отырған термин пайда болған да, тілде қолданыла келе формасын өзгерткен.

20—30 жылдап қолда ұстаған, аңға салынатын бүркіт-сынды қыранның осы жасында күш-қуаты артып, әбден тәжірибе жинап, кемеліне келетін дер шағы.

Бүркіттің қартайып, қайратынан айрылған кезін құсбегілер «*мола*» деп атайды. Ол ірі аңдарға, жыртқыштарға түсе алмай, түссе де айрылып қалатын болғандық-

¹⁶ Микрофильм из фонда архива гос. библиотеки им. А. С. Пушкина. Шифр: 639.1.0.924.

¹⁷ Шорманов С. *Аушы*. Казан, 1907. 13-б.

¹⁸ Бабалықов Ж., Тұрдыбаев А. *Қырандар*. 1983. 120—121-б.

¹⁹ Радлов В. В. *Опыт словаря тюркских наречий*. СПб., 1905. С. 1850.

²⁰ Кайдаров А. Т. *Структура односложных корней и основ в казахском языке*. Алма-Ата, 1986. С. 298.

тан, майда жәндіктермен қоректенеді. Тас қорымдар мен ескі молаларды паналайды.

Бүркіттей қыранның осы бір аянышты халге душар болған кезеңін дөп басып көрсете алатын қазақтың «Бүркіт қартайса, тышқаншы болады, тышқан аулайды» деген сөздері қалған.

Құсбегілер қолдағы қыранын уақыты болғанда, қолда ұстаудың қажеттігі жоқ деп есептеген кезде, аяқ бауын шешіп алып, бостандыққа қоя береді. Бұл — біріншіден, табиғатқа жасалған қамқорлық десек, екіншіден, өсіп-өнсін деген ойдан туған әрекет.

Бүркіттің жасына байланысты қойылған атауларды зерттей келе, ой елегінен өткізе келе, мынадай қорытынды жасауға болар еді.

Қазақ құсбегілері бүркіттің жас атауларын қоярда төмендегідей қасиеттеріне, ерекшеліктеріне қарай 1) түбітіне, түлегіне; 2) түр-түсіне; 3) күш-қайраты мен алғырлығына сүйенсе; 4) басқа тілден (моңғол) енген сөздерді де пайдаланған (қана, жана).

Бүркітшілікпен байланысты терминдердің бәрін бір мақалада қамту мүмкін емес. Ол — болашақтың ісі.

Біздің мақсатымыз — аңшылық-саятшылықпен байланысты қыруар лингвистикалық материалдарды халық арасынан, ел аузынан жиып, белгілі бір жүйеге түсіріп, халық игілігіне жарату.

Т. ӨМІРЗАҚОВ

МАЛ ТҮГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ЭТНОГРАФИЗМДЕР

Қоғамдағы адамдардың белгілі бір мамандықсыз тіршілік етуі мүмкін емес екенін ескерсек, кәсіп-әлеуметтің тіршілік тірегі, күн көрістің көзі болып табылады. «Ал тіл — бізді қоршаған түрлі заттардың сан-саласына, қасиетіне, түр-түсіне, салмақ-мөлшеріне қарай қойылатын атау сөз. Сонымен бірге тіл — сол шаруашылықты жүргізетін адамзаттың бір-бірімен қатынас құралы»¹. Демек, тіршілік көзі — кәсіп пен олардың таң-

¹ Ленин В. И. Полное собрание сочинений. Государственное издательство политической литературы М.: 1961. Т. 23. С. 94.

балық сипаттамасы — тіл бір-бірімен тығыз байланысты болмақ. Бұған қарағанда қай тілдің болмасын сөздік қоры сол елдің шаруашылығына біршама тәуелді. Мысалы, Сібір халықтарында бір ғана қардың 80-нен астам атауы, бұғыға қатысты 1000-нан астам сөз бар. Араб елінде түйеге байланысты 1000-нан астам атаулар қалыптасқан. Қазақ тілінде тек Ж. Бабалықовтың «Қырандар» деген кітабында саятшылық жөнінде 1000-ға жуық атау сөздер берілген².

Қоғамның дамуына сәйкес шаруашылықтың әр саласы күрделеніліп, құрал-жабдықтары жетіледі, өзгереді. Бұл жерде тілдің қызметі екі жақты: ол байырғы кәсіпке тән ескірген атауларды бойына жинайды, сонымен бірге жаңа құралдарға байланысты соны сөздермен де қордаланады. Тіліміздің тозған ұғымдағы атау сөздерді шашау жібермей тұла бойына сары майдай сақтай алатын қабілетін көненің көзін сақтаған музейге теңеуге болады. Бұл ретте тіл өзінің функциясы тарапынан бір этностың ғұмыр бойы басып өткен жолынан, өмір салтынан дерек берер «тарихи шежіре» іспеттес. Шындығында, «этностың шын мәніндегі болмысы мен дүние танымы тек оның тілінде ғана сақталып қоймай, ол ұрпақтан-ұрпаққа жеке сөз, сөз тіркесі, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы яғни тікелей тіл фактілері арқылы беріледі»³. Ана тіліміздің ғасырлар бойы толассыз толығып, жеті атадан жеті пұштыға (ұрпаққа) асыл мұра боп ауысып келе жатқан ұшан-теңіз сөз байлығының бір ұшығы біздің халқымыздың ата кәсібімен сабақтасып жатады. Ғылымда әбден орналасқан көшпелі малшылық, егіншілік кәсіптен көп бұрын пайда болды деген тұжырымына сүйенсек, дәстүрлі кәсібіміздің желісін үзбей жалғасып келе жатқанына шамамен 12 мың жыл болыпты. Расында, 120 ғасырдың талқысынан өтіп, илеуі қанған бояуы қанық ең көне сөздер негізінен малға қатысты туындап, тіліміздің ең сүбелі, құнарлы қабаты ретінде қалыптасты. Ол—дәлелдеуді қажет етпейтін шындық.

Көшпелілердің төрт түлік мал шаруашылығы туралы жазылған қыруар еңбектері бар. Тұңғыш деректер біздің заманымыздан бұрын қағазға түскен екен. Олар: 1) ежелгі грек ғалымдарының жазып қалдырған дерек-

² Бабалықов Ж., Тұрдыбаев А. Қырандар. Алматы, 1983. 4-б.

³ Қайдаров Ә. Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985. № 10. 18-б.

тері (біздің эрамыздан бұрынғы II мың жылдық пен біздің эрамыздың II мыңыншы жылдары); 2) ертедегі қытай елшілерінің жазып қалдырған деректері (біздің заманымыздың I—V ғасырлары); 3) орхон-енисей жазуларындағы мәліметтер (VI—VIII ғасырлар); 4) орта ғасырлардағы араб елшілері мен түрік ғалымдарының еңбектері (VIII—XII ғ.); 5) европа саяхатшыларының жазған деректері (XIII—XVI); 6) Октябрь революциясына дейінгі орыс-қазақ этнографтарының еңбектері (XVII—XX ғасырлар); 7) қазақ совет этнографтарының жазғандары; 8) көрнекті ақын-жазушылар мен мәдениет қайраткерлерінің кітаптары; 9) зоотехникалық ғылыми еңбектер; 10) тәжірибелі шопандар мен жылқышылардың еңбектері; 11) түркі тіліндегі мал жайында жазылған еңбектер; 12) тілдік тұрғыдан жазылған кітаптар деп қарастыруға болады. Бұл кітаптарда тарихи-этнографиялық, ғылыми-биологиялық және тілдік тұрғыдан сан түрлі құнды пікірлер айтылған. Осы шашырап жатқан мұхиттай мол дүниенің інжу-маржанын теріп зерделілеудің өзі үлкен еңбек болар еді. Біз шағын мақаламызда тіліміздегі тек қана төрт түліктің түгіне қатысты атауларына ғана тоқталуды ұйғардық.

Тілімізде жан-жануарлардың терісінде өсетін жүн қылшықтың қандайын болмасын жинақтап бір сөзбен «түк» дейді. Көне түркі тілінде *тү* — «денедегі қылшық», «шаш», «жүн», «қауырсын», ал *түк* — «шаш» және «жүн» деген ұғымда қолданылған. [ДТС, 594, 595-б.]. Көне түркі тіліндегі *тү* түбір сөзі біздің қазіргі тілімізде *тү+біт*, *тү+ле*, *тү-к*, *тү-т* сөздерінің түбірінде ұшырасады. Алайда осы жерде *түк* атауы кең ұғымда жалпылылық мағынада қолданылып тұр. Төрт түліктің түгін халқымыз құрамы мен сапасына қарай *жүн*, *қыл*, *түк* деп бөледі. Жүн түбіт пен қылшықтан тұрады және қой мен ешкінің, сиыр мен түйенің терісінде өседі. Ал жылқының құйрық-жалына шыққан ұзын қылшық *қыл*, оның терісіне тұтасып шыққан қысқа әрі майда қылпық *түк* деп аталады. Осы арада *түк* сөзі тар ұғымда, даралық мағынада жұмсалып тұр. Көшпелі қоғамда жүн мен қылдың орны бөлек. Бұлардың тіліміздегі сан-салалы қызметін жете анықтау үшін әр түліктің жүн-түгіне қысқаша жеке-жеке тоқтала кеткен жөн.

Қазақ тұрмысында ең көп пайдаға асқан жүн — қой

жүні. «Қой түлігінің жас мөлшеріне қарай олардың жүні — қозы жүні, тоқты жүні және қой жүні деп жіктеледі»⁴. Қой жүні қырқылу мерзіміне қатысты жабағы жүн, күзем жүн, құрам-сапасына байланысты биязы жүн, ұяң жүн және қылшықты жүн деп бөлінеді. Қозы мен тоқты жүнінен түр оюға арналған талдырма мен жұмсақ текемет басылады. «Жабағыдан шидем шапан, күпі күседі, ішпек, терілік жасайды, тыстап көпшік, күпсек, жеңіл байпақ тігеді. Түтіп көрпеге, киім арасына салады. Иіріп тоқу ісіне қолданылады, бау-шу есіледі»⁵. «Күзем жүннен киіздер: — түндік, туырлық, үзік, өткііз, өрекиіз, текемет, сырмақ т. б.; киіз қаптар — кесеқап, аяққап, теңқап, уыққап, сандыққап, кебежеқап т. б.; киіз киімдер: — байтаба, байпақ, ұйық, киіз кебіс, киіз етік тізеқап (1. балақтары бөлек-бөлек тігілген киіз шалбар, қыз-келіншектер балағын оюлап, атқа мінгенде сәндікке киеді; 2. балақтары бөлек-бөлек тігіліп, тізелігіне түйе тізесінің терісінен тізелік салып тіккен аңшы киімі), кебенек, кебентай, қалпақ және биік бас киімдерінің астарына салынатын қатты киіздер басылады»⁶.

Тұрмыста кәдеге жарату жағынан екінші орынды түйе жүні алады. «Түйе жүні оның жас мөлшеріне қарай *ит жүн, тайлақ жүн, үлкен түйенің жүні* болып ажыратылады»⁷. Түйе жүнінің ішінде ең сапалысы — тайлақ жүні. Оны иіріп түйе жүн шекпен, има шекпен тоқиды. Үлкен түйе жүнінен киіз үйдің құрлары — басқұр, ортақұр, аяққұр және ат әбзелі — айыл құр, төс құр; баулары — ұйбау, керегебау, таңғыш, шаңырақбау, уықтізбе тоқылады. Сол сияқты қап, қанар, қоржын, алаша, боқжама тоқиды. Түйенің дулығасы мен қаптал жүнінен арқан есіледі. Шудасынан өте берік шуда жіп иіреді. Онымен тері ыдыстар — торсық, көнек, талыс, саба, сүйретпе сияқты көн бұйымдарының жапсарын тігеді және оны сырмақтың жиегін бастырғанда, таңғышбау тіккенде қолданылады.

«Малшылар үшін ауадай қажет заттың бір түрі —

⁴ Добросмыслов А. И. Киргизские изделия из шерсти и конского волоса. Оренбург, 1898. (Микрофильм).

⁵ Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1969. 47-б.

⁶ Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Халық мұрасы. Алматы, 1979. 15-т. 105—106-б.; Қасиманов С. Көрсетілген еңбек. 47-б.: Ш. Нұрбергелулының айтуы бойынша. Түркмен ССР-інің тұрғыны.

⁷ К. Нұрсейітқызының айтуы бойынша. Алматы облысы, Ащысай селосының тұрғыны.

жылқының құйрық-жалы. Қыл алдымен ең мықты арқан есу үшін керек. Қыл арқанды түйе не қой жүніне қыл қосып есу арқылы өреді. Қылдан көбіне жылқыға қажетті қылбұрау, тұсау, шідер, өре, күдер, шылбыр есіледі. Сонымен бірге киіз үйдің бау-шуына, құрына, кесек киіздеріне берік болу үшін белгілі мөлшерде қыл қосылады. Қылдан қылжуғыш, қылсүзгі, шыбынқағар, қолтұзақ, қылшан, сарапшын сияқты заттар жасалады»⁸.

«Ешкі жүнінің түбіт және қылшық жүн деп аталатын екі түрі бар. Оның түбітінен биялай, мойын орамал, шәлі, шалбар бау тоқылады. Қылшық жүнінен ешкі қыл арқан еседі»⁹.

«Сиыр жүнін илектеу арқылы киіз доп істелінетіні болмаса, тұрмыста пайдаланылмайды»¹⁰.

Халқымыз төрт түлікті олардың түсіне қарай оңай ажырата алатын. Тіптен, қойды түстеп қоралап, жылқыны түстеп үйірлеп, сиырды түстеп табындап, түйені түстеп келелеп, әрқайсысын бөлек-бөлек өсірген. «Оған тіліміздегі «қаңылының қара көгі», «албанның ақ қойы»; «қарашаның қараша түйесі»; «қызылбөріктің құласы», «жағалбайлының керқызыл қойы», «қызайдың ала сиыры» және «ақтылы қой, алалы жылқылы қазақ» деген күрделі сөз тіркесі бірден-бір дәлел бола алады»¹¹. Атабабамыз малдың жақсы-жаманын түр-түсіне қарап-ақ тез айыра білген. Тіліміздегі «түрі жақсыдан түңілме, түсі игіден түңілме» деп айтылатын мақалдар о баста малдың түсіне байланысты қалыптасса керек.

Түліктердің түр-түсіне байланысты атаулардың ең көбі жылқы малының түсіне қатысты дүниеге келген. Бабаларымыз жылқы жануарының түр-түсін ала, баран, қылаң және шұбар деп түстеп бөледі. «Алаға: — керала, көкала, күрең ала, кара ала, сары ала, сұр ала т. б.; Баранға: — кілең кара күңгірт түстер — жирен күрең, кара, кара көк, кара сұр, қоңыр, торы т. б. түстерін түстеді. Қылаңға: — ашық түстілер — ақ боз, боз, бурыл, көк,

⁸ Добросмыслов А. И. Көрсетілген еңбек. Ш. Нұрбергенованың айтуы бойынша.

⁹ Сонда.

¹⁰ К. Нұрсейітқызының айтуы бойынша.

¹¹ Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977. 25-б.; С. Шарғынұлының айтуы бойынша, Кеген ауданының тұрғыны; С. Монтайұлының айтуы бойынша, Алматы облысы, Ащысай селосының тұрғыны; Т. Әбілбековтың айтуы бойынша, Қарақалпақ АССР-інің тұрғыны.

көк бурыл, құбақан, құла, құла жирен, қызыл, кер қызыл, сары, сары қызыл, шабдар т. б.; ал шұбарға: — бай шұбар, боз шұбар, көк шұбар, кара шұбар сияқты түстерді енгізді»¹². Халқымыз табиғатта кездесетін негізі таза түстерден басқа да олардың бір-бірімен араласуының нәтижесінде пайда болған түстерді дәл байқап, ара-жігін аса қырағылықпен ашып бере алады.

Біздің бұл қарастырған жағымыз негізінен түк пен түске байланысты халықтық атаулардың этнографиясы. Ал лингвистикалық тұрғыдан қарастырсақ, олардың құрылымдық жүйесін, шығу төркінін, жасалу жолдарын, семантикалық тобын сөз қылу, өз алдына сырын бүгіп жатқан әлем. Мәселен, тіліміздегі төрт түліктің түгіне байланысты қалыптасқан атауларды алалық. Олар: а) жеке атаулар түрінде, ә) күрделі сөз формасында, б) теңеу сөз түрінде, в) фразеологиялық тіркес кейіпінде, г) мақал-мәтелдер түрінде кездеседі. Жеке атаулардың өзі бір буынды түбір сөздер (*жал, жүн, түк, түр, түс, қыл*) мен оларға әртүрлі қосымшалар жалғану арқылы жасалған (*боздақ, сабақ, түбіт, қалқан, шуда, жабағы, күзем* т. б.) негіздерден құралған. Күрделі сөздер төмендегідей формада кездеседі:

1. Қос сөздер: *жүн-жұрқа, жүн-жұбыр, қыл-қыбыр, құйрық-жал* т. б.

2. Сөз тіркестері: а) есім сөз тіркесі: *жабағы жүн, ит жүн, өлі жүн, қарын жүн* т. б.; ә) етістік сөз тіркесінен: *түйе жүндеу, жүн сабау, жүн түту* т. б. тұрады.

Теңеулер дара сөздерден: *биязы* (өнді), *тоқпақ* (жал), *кереге* (жал); жеке сөздерге *-дай, -дей, -тай, -тей* қосымшасы жалғану арқылы *жүндей, түбіттей* т. б. және тұрақты сөз тіркестерінен *көк ала қойдай, күземе қылдың түбіндей* т. б. қалыптасқан.

Қазақ тілінің фразеологиялық жүйесінде ең көп кездесетін де, ең тілге жиі оралатыны да және тұрмыста жиі қолданылатындары малға оның ішінде біз сөз етіп отырған жүнге қатысты тұрақтаған тұрақты сөз тіркестері. Мысалы: *Ат жалын тартып мінді; құйрығы жерге тимеді, құйрық тістесіп келді, жүн жеп кетті* т. б. асы сияқты тіркестер шаруашылыққа байланысты бір кезде болған оқиғаның тілімізде ешбір өзгеріссіз сол күйінде сақталып қалуы арқылы жасалған. «Мәселен, ертеде, ұмыт

¹² Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Алматы, 1969. 29-б.

болған заманда қыс қатты болып, мал ашығып, жұт болған жылдары қой малы бірінің жүнін бірі жеп қояды екен»¹³. Міне болған істің өзі — *жүн жеп кетті* — сол күйінде ешбір өзгермей тілімізде тұрақтап қалған. Бұл тіркестің тілімізде *жүн жеп кету, жүнжіп кету, жүнжу* деген формаларын кездестіруге болады.

Құйрық жалын келте алды, ат кекілін кесісті, ат құйрығын шорт кесті деген тұрақты тіркестер тілімізде халқымыздың салт-жоралғысына байланысты жасалған.

Боз қасқа сойды, ақ сарыбас шалды, боз бие құрбандыққа шалды, қыл көпір, тас-таразы сияқты тілдің тұрақты единицалары бабаларымыздың діни наным-сенімдеріне байланысты қалыптасқан. Бұлардың нақты мысалдарын төменде берілген этнографиялық этюдтерден қараңыз.

«Төрт түліктің жүніне байланысты қалыптасқан тұрақты тілдік единицалар бір замандағы күнделікті қарапайым тіршіліктің, құбылыстың өзара қарым-қатынастың нәтижесінде қалыптасқан, олар тілде бара-бара тұрақталып, мағыналық өзгерістерге ұшырауы салдарынан этнофразеологизм және мақал-мәтел дәрежесіне көтерілген. Олардың о баста дүниеге келуі төрт түлікке байланысты болғанымен бүгіндері бәрі айналып келіп адамға тіреледі, адамзаттың іс-әрекетіне, мінез-құлқына, жақсы-жаман қасиетіне, ішкі-сыртқы көрінісіне бағышталған»¹⁴.

Кейбір атаулар, мәселен, *бадана, дулыға, зұлпы, қалқан, тақы, боздақ, тарман* секілділер көнерген сөздер қатарына енеді. Бүгінгі күні *қалқан, дулыға, боздақ* деген атаулары сирек қолданылады, ал *зұлпы, тақы, бадана, тарман* тәрізді ескі сөздер тілдік қолданыстан шығып қалып архаизмге айналған.

Біздің тілдік қорымызда мал шаруашылығына байланысты бұдан да өзге халық арасында айтылып жүрген мыңдаған ұғымдар мен атаулар бар. Және ол атаулардың сыртында тұрған этнографиялық ұғым, наным-сенім, әдет-ғұрып тағы толып жатыр. Оларды этнографиялық, биологиялық, тілдік тұрғыдан толық меңгеріп, этнолингвистика проблемасы ретінде үңіле зерттеу ісі кеште болса қолға алына бастағаны көңіл жұбатады.

¹³ С. Шарғынұлының айтуы бойынша.

¹⁴ Қайдаров Ә. Т. Көрсетілген еңбек. 21—22-б.

Малдың жүніне және түр-түсіне қатысты қалыптасқан атаулардың сөздігі

Ешкі жүні:

ҚЫЛШЫҚ ЖҮН. Түбітсіз өскен ешкі жүні.

ТҮБІТ. Ешкінің терісінің ең түбінен ұйысып шыққан майда ұлпасы.

КӨТЕРІЛГЕН ТҮБІТ. Ешкінің қысқа жүнінің астынан шыққан жаңа жүн»¹⁵.

Қой жүні:

а) Дене мүшесіне байланысты:

БАС ЖҮН. Қойдың басына өсетін қысқа жүн.

БАУЫР ЖҮН. Қойдың екі қапталына өскен жүн.

ЖАБЫН ЖҮН. Қойдың сирақтарына, жағына, құйрығы мен құрсағына өскен қысқа тақыр жүн.

МОЙЫН ЖҮН. Қойдың мойнына шыққан жүн.

ПҰШПАҚ ЖҮН. Қойдың сандарына өскен тықыр жүн.

ТІРСЕК ЖҮН. Қойдың тірсегінде өсетін жүн.

ә) Жас мөлшеріне қарай:

«ҚАРЫН ЖҮН. Жаңа туған қозының жүні (қарын шаш атауымен салыстырыңыз).

ҚОЗЫ ЖҮН. Туғанына төрт ай болған қозы жүні.

ТОҚТЫ ЖҮН. Туғанына алты ай болған қозы жүні»¹⁶.

ҚОЙ ЖҮНІ. Бір жастан асқан қойлардың жүні.

«БОЗДАҚ//ТІРІ ЖҮНІ. Қойдың қысқы жүнінің астынан шыққан жаңа жүн.

ЖҰЛМА ЖҮН. Қотан арасына түсіп қалған, бұта басына ілініп қалған бау-шу ескенде қалып қойған үзік жүн.

ӨЛІ ЖҮН. Сойылған малдың терісінен жұлып, не жидітіп алған жүн»¹⁷.

САБАЛАҚ ЖҮН. Қой терісінен жұлынып қалғанымен, жүніне ілініп, салбырап тұратын жүн.

б) Қабатына қарай:

1. «ТҮБІТ. Қой жүнінің ең төменгі қабаты.

ЖҮН ЖАМЫЛҒЫ. Қой жүнінің түбітін жауып тұрған екінші қабаты.

¹⁵ Жанәбілов Ш. Қазақша мал атаулары. Алматы, 1982. 144-б.

¹⁶ Масанов Э. М. Казахское войлочное производство во второй половине XIX и начале XX веков // Труды института истории, археологии и этнографии. Т. 6. С. 105.

¹⁷ Жанәбілов Ш. Көрсетілген еңбек. 115-б.

ҚЫЛТАНАҚ. Қой жүнінің ең үстінгі үшінші қабаты»¹⁸.

в) Қой жүнінің құрамына қарай:

«**ҚЫЛШЫҚ.** Қой жүніндегі жуандау талшығы.

АРАЛЫҚ ҚЫЛШЫҚ. Түбіт пен жай қылшықтың ортасына орналасқан талшық. Ширатымдылығы түбіттен кем, жай қылшықтан жоғары болады.

ЖАЙ ҚЫЛШЫҚ. Түбітпен салыстырғанда жуан да әрі ұзын талшық. Ол бұйраланбай тік өседі.

ҚҰРҒАҚ ҚЫЛШЫҚ. Жуан қылшықтың бір түрі. Қойдың күтімі нашарлаған шақта жүн шайыры азайып, құрғақ қылшық көбейеді.

ӨЛІ ҚЫЛШЫҚ. Жүн құрамындағы ірі қылшық. Ол жай қылшыққа қарағанда жуан және қысқа. Морт сынғыш келеді.

ТІКЕНЕК ҚЫЛШЫҚ. Қойдың басы мен сирағында өсетін өте қысқа тік қылшық. Қырықтыққа ілінбейді.

2. **ТҮБІТ.** Қой терісінің түбіндегі ең жұмсақ жүн ұлпасы. Ол басқа жүн талшықтарына қарағанда бір-бірімен тығыз өсіп, жақсы кіріккен. Оның осы қасиетіне сай тілімізде «*түбіттей ұйысқан*» дейтін теңеу бар. Жүн құрамында түбіт неғұрлым көп болса, соғұрлым жүн сапасы жоғары болады. Түбіт әртүрлі қымбат бұйым, мата тоқылған өндірісте кеңінен пайдаланады»¹⁹.

г) Қыркылу мерзіміне қарай:

«**ЖАБАҒЫ.** 1. Көктемде қырқылатын қой жүні. Қойдың терісімен, шайырымен өзара кірігіп ұйысып, тұтасып тұрады. Өзінің сапа-қасиеті жағынан күзем жүнге қарағанда қылшығы аз, түбіті мол болған соң көбіне тоқыма кәсібіне молырақ пайдаланады. Сол себепті оны еліміз «*ұрғашы жүн*» деп те атайды. Зоотехникалық түсінікте *жабағы* деп әртүрлі жүн талшықтарының бір-бірімен тығыз топтасқан түрін айтсақ, товарлық ұғымда қойдан көктемде қырқылып, әлі төменгі сорттарға бөлінбеген жүні.

«Қырғыз тілінде *жабағы* — қойдың жазда қырқылатын жүні».

«**КҮЗЕМ.** Қойлардан күзге қарай қырқылатын жүн. Оның жабағыға қарағанда түбіті аз, жүн талшықтары қысқалау әрі қылшығы молырақ боп келеді. Сондықтан

¹⁸ Еламанов Ә. Қой шаруашылығы. Алматы, 1954. 168-б.

¹⁹ Медеубеков К. У., Сарбасов Т. И. Қой шаруашылығы өнімдерін өндіру. Алматы, 1980. 129—130-б.

оны халық «еркек жүн» деп те атайды. Ол көбінесе киіз басуға пайдаланылады.

КІШІ КҮЗЕМ. Қозылардың төрт айлығында қырқылатын жүні. Оны «қозы күзем» деп атайды.

ҮЛКЕН КҮЗЕМ. Қозылардан 6 айлығында қырқылатын жүн. Ол «тоқты күзем» деп айтылады»²⁰.

ғ) Сапасына қарай:

«БИЯЗЫ ЖҮН. Жүн құрамында түбіттен басқа қылшық кездеспейтін мапа жүн.

ҚЫЛШЫҚТЫ ЖҮН. Жүн құрамында түбітке қарағанда қылшығы басымырақ болатын жүн.

ҰЯҢ ЖҮН. Қылшықты жүнге қарағанда түбіті мол, биязыға қарағанда түбіті аз жүн»²¹.

д) Қой жүнінің түбір бөліктеріне байланысты:

«ТҮБІР. Жүннің қойдың терісіне енген тамырының атауы.

ТҮК ЕМІЗІГІ. Жүннің түп-тура теріге сұғына бекіп тұрған жерінің есімі.

ТҮК ҰЯСЫ. Түктің түбірімен түк емізігін біріктіріп қоршап тұрған жері.

БАДАНА. Тері қабатына бекіген жүннің ең аппақ жуан бөлегі.

САБАҚ. Жүннің қой терісіне тиіп тұрған бөлегі»²².

е) Түсіне қарай:

АҚ ЖҮН. Бірыңғай аппақ қой жүні. Ақ жүнге бояу жақсы сіңеді. Өндірісте өте жоғары бағаланады.

АЛА ЖҮН. Әртүрлі түстің араласып келген түгі.

КӨК АЛА ЖҮН. Көк түс пен ала түстің араласып келгені.

КЕР ҚЫЗЫЛ ЖҮН. Қоңыр қызыл жүн.

ҚАРА ЖҮН. Бірыңғай қара.

ҚОҢЫР ЖҮН. Бірыңғай қоңыр.

Сиыр жүні:

«ӨЛІ ЖҮН. Сиырдың жазға қарай түспеген қысқы жүні.

ТҮЛЕУ. Қысқы жүндерінің түсе бастауы.

ТҮЛЕГЕН. Сиырдың өлі жүнінің түгел түсіп болғаны.

²⁰ Масанов Ә. М. Көрсетілген еңбек. 106-б.; Арғынбаев Х. Көрсетілген еңбек. 89-б.

²¹ Ермеков М. Қазақстандағы биязы және ұяң жүнді қой шаруашылығы. Алматы, 1951. 147-б.

²² Еламанов Ә. Көрсетілген еңбек. 168-б.

ТІРІ ЖҮН. Сиырдың ескі жүнінің артынан шыққан жаңа жүн»²³.

Түйе жүні:

Дене мүшесіне қарай:

БАС ЖҮН. Түйенің ең сапасыз жүні.

БАЛАҚ ЖҮН. Түйенің түрсегіне өскен жүн.

БАУЫР ЖҮН. Түйенің сапасыз жүні.

«ДУЛЫҒА. 1. Түйенің өркешінің артындағы өсік жүн. Желмая мен аруанада дулыға болмайды. 2. Түйенің желкесіне өскен қалың өсік жүн. 3. Батырлардың басына киетін күмбезді темір телпегі. 4. Үйдің төбесі, биік заттардың биік төбесі.

ҚАЛҚАН. Үлек пен аруананың екі жауырында өсетін қалың биік жүн.

ҚАПТАЛ ЖҮН. Түйенің екі сауырын ала өскен жүн.

МОЙЫН ЖҮН. Түйенің мойнына өскен биік тік жүн.

ТАЙЫ ЖҮН. Түйенің бет жүні.

ШУДА. Түйенің мойны мен екі өркешінің үстіндегі салалы жүн.

ЖЕЛКЕ ШУДА. Түйенің желкесіндегі өсік жүн.

ТАМАҚ ШУДА. Түйенің тамағындағы өсік жүн.

ТІЗЕ ШУДА. Түйенің тізесіндегі өсік жүн»²⁴.

Жас мөлшеріне қарай:

«БОТА ЖҮНІ. Жаңа туылған ботаның үстіндегі үлпілдек майда жүн. Ол өзінің биязылығына қарай «ит жүн» деп аталады.

ТАЙЛАҚ ЖҮНІ. Бір жастағы түйенің жүні. Түйе жүнінің ішіндегі ең бағалысы. Сапасына қарай оны ел ішінде «үкідей жүн», «үкідей үлпек жүн» деп жоғары бағалайды.

ҮЛКЕН ТҮЙЕ ЖҮНІ. Құнаншадан асқан түйелердің жүні.

БОЗДАҚ. Түйенің күзелгеннен кейінгі жас майда жүні.

ЖАБАҒЫ//ТАҚЫ. Түйенің қысқа жүнінің тығыздалып жабыса ұйысқан түгі.

ЖЕБЕЛЕК. Түйенің қара қоңыр шудасы. Оны қызкеліншектер сәндікке шашына қосып бірге өреді.

ЗҰЛПЫ. Үлектің жотасынан тізесіне дейін ұзын боп салбырап өскен жүні.

²³ Жанәбілов Ш. Көрсетілген еңбек. 91-б.

²⁴ Жакыпов А. Термины «верблюдоводство» в казахском языке: Автореф. Дис... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1983. С. 114; Ш. Нұрбергенұлының айтуы бойынша.

ӨЛІ ЖҮН. Түйенің жабағысының жазғытұрым салбырап жүргені»²⁵.

Түйе жүндеуге байланысты атаулар:

«ТҮЙЕ ЖҮНДЕУ. Түйенің жүнін қолмен жұлып немесе пышақпен қырып алу. Түйе жүндеу мамырдың аяқ шенінен бастап, маусымның ортасына дейін жүргізіледі. Түйелердің түріне қарай айыр түйелер ерте нар түйелер кештеу жүнделеді. Ел арасында түйе жүндеудің бірнеше әдісі бар.

ЖИДІТІП ЖҮНДЕУ. Жаңа сойылған түйе терісін түгін ішіне қаратып орап, бірнеше күн жылы жерге сақтап қойса, жүні оңай түседі. Жидітіп алған жүн — «*өлі жүн*» деп аталады.

ИМЕН ЖҮНДЕУ. Түйе терісін малмаға салып балбыратып қойып жүнін суыру. Иге балқыған теріден жүн оңай алынады.

ТІЗДЕП ЖҮНДЕУ. Түйені бауыздай сала оны тіздеп қойып жүнін жұлу. Түйе денесі жылы уақытында жеңіл жұлынады»²⁶.

Жүнге байланысты қалыптасқан етістік сөз тіркесі:

ЖҮН ИІРУ. Жүннен жіп жасау үшін ұршықпен иіру. Жүнді оңға және солға иіріп *оңқай* не *солақай* жіп дайындайды. Оңқай жіпті — «*еркек жіп*», ал солақайын — «*ұрғашы жіп*» деп атайды. Осы екі жіпті жұптап бастырма бастыруда, сырмаққа жиек тігуде және үйдің таңғыш бауларын тіккенде колданады.

ЖҮН ИЛЕКТЕУ. Жүнді илектеп көпшік, жүн жастық жасайды.

ЖҮН ҚАРУ. Киіз басуға арнаған жүнді ірі қылшықтарынан арылту үшін ыстық қазанға салып қарып алу. Қарылған жүннің ірі қылшықтары сынып, күл болып ұшып кетеді де жіңішке қылшықтары бұйралады.

ЖҮН ҚЫРҚУ. Жылына қойдың жүнін екі рет, ешкі түбітін бір рет қырқады. Ешкінің семіздеуінің жүнін түбіне дейін қырықса, ал әлсіз, арықтарының жүнінен терісіне бір, бір жарым елі қалдырып күзейді. Оны «*түбітін қалдырып қырқу*» деп атайды.

ЖҮН САБАУ. Киіз басатын жүнді оның сапасына қарап 2—4—6 адамның дөңгелене отырып сабауы мен

²⁵ Жақыпов Ә. Көрсетілген еңбек. 84-б.; Жәнәбілов Ш. Көрсетілген еңбек. 64-б.

²⁶ Ш. Пірімбетұлының айтуы бойынша. Қызылорда облысы, Бәйгекүм совхозының тұрғыны.

соққыға алуы. Мақсаты жүнді шөп-шөгірден тазарту, жүннің білтеленіп ұйысқанын жазу. Ел ішінде жүн сабаудың қолды сермеуге қарай «көпсітіп сабау», «қаржып сабау», «қос қолдап сабау», «кезек қолдап сабау» деп аталатын түрлері бар.

ЖҮН СОРТТАУ. Жүнді сапасына қарай іріктеу.

ЖҮН ТАЙЛАУ. Көп қойдан қырқылған жүнді түсіне қарай үйіп жинау.

ЖҮН ТҮТУ. Жүннің ұйысқанын қолмен жазу.

Тенеулері:

БИАЗЫ (ӨНДІ) Иман жүзді, өңі жылы.

ЖҮНДЕЙ (ЖҰМСАҚ). Жанға жайлы.

ЖҮНДЕЙ (ЖЫЛЫ). Жанға жайлы киімге тиесілі тылады.

ТҮБІТТЕЙ (МАЙДА). Өте нәзік, үлбіреген затқа тиесілі.

ТҮБІТТЕЙ (ҰЙЫСҚАН). Тату тәтті тұру, ұйымшыл болу.

ТҮБІТШЕ (ТҮТІЛГЕН). Быт-шытын шығару, берекесін алу.

ҰЯҢ (ЖҮЗДІ). Өңі сынық, мінезі жайдарлы.

Этнофразеологизмдер:

ЖҮН ЖЕП КЕТУ. Азу, тозу.

ЖҮН ЖЕП, ЖАБАҒЫ ТЫШТЫ//ЖАБАҒЫ ҚҰСЫП, ЖҮН ЖЕДІ/. Жүдеп-жәдәп кетті, азып тозды.

ЖҮН ЖЕП, ЖҰРҚА ТЫШУ. Нас, пасық деген мағынада.

ЖҮН-ЖҮН БОЛУ. Быт-шыты шығу.

ЖҮНІ ЖЫҒЫЛУ. Сағы сынып, тауы шағылу.

ЖҮНІ ҮРПИЮ. Мұздау, тоңу.

ЖҮЙКЕСІ ЖҮН, ЖІГЕРІ ҚҰМ БОЛУ. Шаршап-шалдығу, азып-тозып кету.

ЖҰМЫРТҚАДАН ЖҮН ҚЫРҚУ. Амал-айлаға көшіп, қулыққа, зымияндыққа жол беру.

ҚЫЛШЫҒЫ ЖЫҒЫЛМАДЫ. Ештеңесі кетпеді. Мұрты да қисаймады.

ҚЫЛШЫҒЫ ҚУРАМАУ. Түгі кетпеу.

ҚЫЛШЫҒЫНА ҚЫЛАУ ДА ТҮСІРМЕУ. Шығын шығармау.

ҚЫЛШЫҒЫ СЫНБАДЫ. Шеті де бұзылмады, мұрты да кертілмеді.

ҚЫЛШЫҚ ЖҰҚТЫРМАДЫ. Шаң жуытпады, кірлетпеді.

ҚЫЛШЫҚТАУ. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізу.

ҚЫЛЫҒЫН ҚЫЛШЫҒЫНАН ТАНИДЫ. Біреудің мінез-кұлқындағы кем-кетігін білдіреді»²⁷.

Мақал-мәтелдер:

«**АЛА ҚОЙДЫ БӨЛЕ ҚЫРЫҚҚАН ЖҮНГЕ ЖАРЫМАС**». Әр істің басын бір шалып жүрген берекесіз адамға айтылады.

«**АЛА ҚОЙДА КІНӘ ЖОҚ ЖҮНІ БОЛМАСА**». Кез келген адамның бір кемшілігі бар.

«**ЖАБАҒЫНЫҢ БИТІ АЩЫ, ЖАМАН АДАМНЫҢ СӨЗІ АЩЫ**»....?

«**ҚЫРСЫҚТЫ ҚОЙ ҚЫСТА ҚЫРҚЫЛАДЫ**». Ерінген екі істейді.

«**ҚЫРЫҚТЫҚ ТИМЕС ҚОЗЫ ЖОҚ**». Сиырға туған күн бұзауға да туады.

«**ЖУАС ТҮЙЕ ЖҮНДЕУГЕ ЖАҚСЫ**». Мінезі жібектей жұмсақ жуас адамға айтылады.

КҮНДІЗ ҚОЙЫН КҮТЕРСІҢ, ТҮНДЕ ЖҮНІН ТҮТЕСІҢ. Мал баққан адамға күндіз-түні тыныштық жоқ деген мағынада.

ЖҮН КЕРЕК БОЛСА МИЗАМДА ҚЫРЫҚ, ҚОЙ КЕРЕК БОЛСА ҚАЗАНДА ҚЫРЫҚ. (ақыл сөз) т. б.

Этнографиялық этюдтер:

● «**ҚОЙ ҚЫРҚАР**». Қырқылатын қойлардың жүні мол болсын, берекелі болсын деген сенім бойынша алдын ала қырықтықшыларға берілетін сый-сияпат тағам.

«**ҚЫРҚАР КӨБЕЙСІН!**». Жүн қырқып жатқан үйге айтылатын тілек сөз»²⁸.

● «**СӘТТІ КҮН ТАҢДАУ.** Қой қырқу үшін алдымен сәтті күн тандап алынады. Сәтті күнді есеп-қисап жүргізіп, сол ауылдың шаруашылығына басшылық етіп отырған есепші ақсақалы белгілейді. Әдетте, сәтті күнге «сәрсенбінің сәтіне» де сәрсенбі не бейсенбі күнді қалап алады. Есепшілер Шолпан жұлдызының семіп туған жылында қойларды қысқа қырықпай да жібереді екен. Себебі, сол жылы жерге көк аз шығып, қыс қатты аязды болады немесе жұт болады. Қазақ халқының басынан өткен әйгілі жұттар шолпан жылының шұнтып туған жылдарында болыпты. Ал шолпан әрбір сегізінші жылы солай күнтіып туады»²⁹.

● «**Жабағы жүнмен жана туған нәрестені орап қояды.**

²⁷ Кеңесбаев І. Көрсетілген еңбек. 214, 373-б.

²⁸ К. Керімбаеваның айтуы бойынша. Алматы облысы, Шелек ауданының тұрғыны.

²⁹ Әбішев Х. Аспан сыры. Алматы, 1966. 50-б.

себебі жабағы өте жұмсақ, әрі жылы және сәбиге жайлы болады»³⁰.

● «Жабағы жүнді халық емшілері суық тиген адамды емдеуге пайдаланады. Суықтаған кісіні қыздырған қойдың іш майымен денесін сылап болған соң, оның денесін жабағы жүнмен орап тастайды. Аяздаған кісі қатты терлеп, ертеңіне жазылып кетеді екен. Бұған қарағанда жабағыға су тигенде ол өзінен жылу бөліп шығаратын қасиетін ертеден-ақ білгенге ұқсайды»³¹.

● «Малшылар өрісте жүрген қойлардың жүні арқылы алдын ала ауа райын болжай білген. Олар қойдың жүнін уыстап көреді. Егер қой жүні құрғақ болса онда күн ашық болады. Егер жүн дым болып, суланып тұрса, онда көп кешікпей жаңбыр жауады»³².

«ҚАРА ҚАЙЫС ТҮЙЕ. Жүнделген түйе. Осыған орай тілімізде *қара қайыста соққан түйенің дағы кетпес, ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес* деген мақал бар»³³.

● «Аяқ-қолы сынған адамның сынған жеріне түйенің шуда жүнін тұзға салып байлайды. Ол жүн сыныққа жиңалған сарысуды тартып алады.

● «Толғағы ауыр болған әйелге үлектің мойын жүнін отқа күйдіріп иіскетеді. Әйел жылдам босана қояды»³⁴. Жылқының қылына байланысты қалыптасқан атаулар:

АҚ ЖАЛ. Жал-құйрығы бозғылт не боз боп келген ат.

КЕРЕГЕ ЖАЛ. Биенің біркелкі күдірейіп біткен жалы. Киіз үйдің керегесін ұқсату, теңеу арқылы берілген есім.

КӨК ЖАЛ. Жылқының жалы сұрқой көк, көк бурыл болып біткені.

ҚАБА ЖАЛ. Жалдың қалың әрі ұйысып дөңгелене біткен әдемісі «Жал-құйрығы қаба деп, Жабыдан айғыр салмаңыз» (Махамбет).

МАЙДА ЖАЛ. Қылы нәзік, мап-майда, қап-қалың боп өскен жал. Майда жалды жылқының мінезі де жайлы болады.

ТОҚПАҚ ЖАЛ. Жылқының бөлек-бөлек бөлініп, топ-

³⁰ К. Нұрпейісованың айтуы бойынша.

³¹ Х. Алламбергенованың айтуы бойынша. Қарақалпақ АССР-інің тұрғыны.

³² Оспанбеков Ж. Шопан сыры. Алматы, 1980. 53-б.

³³ Шорманов С. Аушы. Уфа, 1907. 10-б.

³⁴ Ш. Нұрбергенұлынан жазылып алынды.

талып тұратын жалы. Тоқпақ жалды айғырдың мінезі тік, өзі қайратты болады. Жалға атау тоқпаққа ұқсату, салыстыру арқылы таңылған.

Құйрық:

«КЕЛТЕ ҚҰЙРЫҚ. Төменгі ұшы шашақталып келген қысқа құйрық.

ҚАБА ҚҰЙРЫҚ. Құйрық қылының өте қалың әрі дөңгелене біткен түрі.

СОЯУ ҚҰЙРЫҚ. Құйрық қылының түсе-түсе селдіреп қалғаны. Сояуға ұқсату, салыстыру негізінде атау берілген.

СЫМПЫС ҚҰЙРЫҚ//ҚЫЛЫШ ҚҰЙРЫҚ. Құйрық қылының селдір, сирек біткені. Атау ұқсату, салыстыру нәтижесінде қойылған.

ТАРАҚ ҚҰЙРЫҚ. Құйрық қылы үнемі таракпен тарағандай өзінен-өзі таралып тұратыны. Есім ұқсату арқылы алынған.

ШАЛ ҚҰЙРЫҚ. Құйрық қылының ақшулан боп біткен түрі.

ШҰБАЛАҢ ҚҰЙРЫҚ. Құйрық қылының бір жері қалың, бір жері сирек іркіс-тіркіс боп біткен түрі»³⁵.

Жылқы күзсуге байланысты туындаған сөз тіркестері:

ЖЫЛҚЫ КҮЗЕУ. Жылқы малының жас мөлшеріне қарай дәстүрлі тәртіппен олардың құйрық жалын қырқу, қысқарту. Жылқы күзем апрель айының ортасынан бастап, аяқты мал көк қуалай бастағанда жүзеге асырылады.

ҚҰНАЖЫН БАЙТАЛ КҮЗЕУ. Жалынан кішкене шоқтық қалдырып, кекіліне тимей құйрығының жоғары тұсынан екі бунақ — «жол көрсетер» салып күзеу. Құйрығының төменгі ұшынан «шыбын қағар» — бір уыс қыл ғана қалдырылады.

ҚҰНАН КҮЗЕУ. Жалынан шоқтық қана қалдырып, кекілін қырқып, құйрығына тимей қырқу.

ҚЫСЫР КҮЗЕУ. Биенің «бойын түзеу» үшін, жалын сыпырып, кекіл қойып, құйрығының жоғары тарапынан үш бунап күзеу. Ал құйрығының ұшын тегістеп шырпып қана қояды.

ТАЙ КҮЗЕУ. Тай атаулының еркек ұрғашысына қарамай жалынан «уыс толар» шоқтық қойып, құйрығы-

³⁵ Жанәбілов Ш. Көрсетілген еңбек. 21-б.

ның ұшынан «шыбын қағар» калдырып қырку. Олардың ұрғашыларына ғана кекіл қойылады.

СОҒЫМ МАЛЫН КҮЗЕУ. Еркек, ұрғашысына қармай олардың жалын сыпыра қыркып, ал құйрықтарын тірсегінің тұсынан шорт кесу. Қалыптасқан салт бойынша құлынды биелер, бедеулер мен айғырлар жаз жайлайтын ту биелер мініс аттарын күземейді.

Тенеулер:

КҮЗЕГЕН БАЙТАЛДАЙ. Киімді тым тар, әрі қысқа киетін адамға туралап айтылады.

КҮЗЕМЕ ҚЫЛДЫҢ ТҮБІНДЕЙ. Мінезі тік кісіге тиесілі айтылады.

Этнофразеологизмдер:

АТ ЖАЛЫН ҚҰШУ. Тағдырдың талқысына түсу.

АТ ЖАЛЫН ТАРТЫП МІНДІ. Ер жетіп, азамат болды.

АТТЫҢ ЖАЛЫНДА, ТҮЙЕНІҢ ҚОМЫНДА. Абырсабыр қарбаласта, қызыл қуғын, сар сүргінде т. б.

ЖАЛ ҚҰЙРЫҒЫН КЕЛТЕ АЛДЫ. Жастай қазаға ұшырады.

ЖАЛ-ҚҰЙРЫҒЫН КҮЗЕДІ. Тып-типыл етіп, бар дүние-мүлкін тартып алды.

ЖАЛ-ҚҰЙРЫҒЫ ТӨГІЛГЕН (СҮЗІЛГЕН). Сұлу мүсінді жылқы.

ҚҰЙРЫҒЫ ЖЕРГЕ ТИМЕДІ. Зыр жүгірді, дамыл таппады.

ҚҰЙРЫҒЫНА ҚЫЛ БАТПАДЫ. Жайсызданды, тыпырши берді.

ҚҰЙРЫҒЫНА ҚЫСТЫРМАДЫ. Менсінбей, елемей өтіп кетті.

ҚҰЙРЫҒЫН ҚЫСТЫ. Жым болды.

ҚҰЙРЫҒЫН ДА ҰСТАТПАДЫ. Қулықпен қолға түспеді, тұлкі бұлаңға салды.

ҚҰЙРЫҚ ТІСТЕСІП КЕЛДІ. Бәсекеге түсу, жарысып келді.

ҚЫЛ ЖҰТТЫ. Арамдыққа жол беру, біреудің затына қол сұқты.

ҚЫЛ ҚИМЫЛДАТПАДЫ. Түк бітірмеу, жалқаулыққа салынды.

ҚЫЛ ҚҰЙРЫҚ ҚЫЛДЫ. Өзіне шабарман қылу, қаруландыру, сойыл соғар етті.

ҚЫЛ МОЙЫНҒА ТАҚАЛУ. Өлер жеріне жету.

ҚЫЛ ДА ТАСТАМАУ. Артына түк те қалдырмау.

ҚЫЛ ҮСТІНДЕ. Мүшкіл халде, қиын жағдайда.

ҚЫЛ ШАЙНАП, ДӘН ЖҰТПАУ. Біреуге жамандық ойламау.

ҚЫЛДАЙ БӨЛУ, Бірдей, тепе-тең бөлу.

ҚЫЛДАН ТАЮ. Жаңылу, қателесу.

ҚЫЛДЫ АЙРАН ҚЫП КҮНЕЛТУ. Өзімен-өзі ешкіммен араласпай күн кешу.

ҚЫЛДЫ ҚЫРЫҚ БӨЛУ. Ұсақ-түйекке салыну.

АРАСЫНАН ҚЫЛ ӨТПЕУ. Тату-тәтті, ынтымақты өмір сүру.

ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРҒАН. Тең таразы төрелік туралы.

Мақал-мәтелдер:

Жылқы көркі — жал.

Жылқы үстінен жығылған кісіге жалын төсейді.

Этнографиялық этюдтер:

● «АТТҰЛДАУ. Жылқының құйрық-жалын түк қалдырмай күзеп, құйрығын тізесінен жоғарырақ жерінен шорт кесу. Оның кекілін жоғары көтеріп төбесіне бір түйіп, ұшын тегістеп шырпу. Күзеудің бұл түрі тек иесі өлген мініс атқа ғана қолданылады»³⁶. Көнеден жеткен рәсім бойынша тұлданған атты мінуге лұқсат етілмейді. Бір жыл өткен соң иесінің асына сойылады. Осынау тозған заманның өмір салты біздерге *ат құйрығын шорт кесті (кесу, кесісу)* деген тілдік факті арқылы жетіп отыр. Бұл күрделі сөз ертеде мініс ат пен оның иесі арасындағы байланыстың үзіліп, аттың иесінен айрылып тұл қалғанын білдірген болса, бүгіндер оның бастапқы берген ұғымы ұмыт боп, оның орнына адамдар арасындағы қатынастардың пышақ кескендей тиылғанын көрсетеді.

● «Ертеректе кек қуып, жаудан жылқы айырып аларда басқа да қауіпті іске барарда не алыс сапарға жалғыз-жарым жол шеккенде ат құйрығын шарт түйіп алады екен»³⁷. (Қазір де малшылар жайлауға көшкенде, батпақты күні алыс жол жүргенде аттарының құйрығын түйіп алады). Қазір *АТ ҚҰЙРЫҒЫН ШАРТ ТҮЙДІ* фразеологиялық сөз тіркесі тілімізде бір іске белін бекем буды, тәуекелге белін байлады т. б. ұғымдарда қолданылады.

● «Соғыста қолға түскен тұтқындардың құлағын ке-

³⁶ С. Шарғынұлының мәліметі бойынша.

³⁷ Т. Мизамұлының айтуы бойынша. Қызылорда облысы, Абай селосының тұрғыны.

сіп құнттып құл қылған соң, олардың жалаң табанын тіліп, тілікке аттың қылын салып таңып тастайды. Қыл салған жара үнемі іріндеп, өмірде жазылмайды. Ақырында адам сол жарадан азап көріп, қиналып өледі екен»³⁸.

Этнофразеологизмдер:

ТҮГІМЕН ЖАЛМАЙДЫ. Түйені түгімен, биені бүгімен жұтатын паракор, жұртты ойсырата қанаған адамдар туралы айтылады.

ТҮГІН ДЕ ҚАЛДЫРМАДЫ. Жер-жебіріне жеткізіл ұрсу.

ТҮГІН ТӨКТИ. Жүнін тастау, малдың түлеуі.

ЖҮРЕГІНІҢ ТҮГІ БАР//жүрегіне түк шыққан көзсіз батыр, еш нәрседен қорықпайтын бетке айтар турашыл кісі туралы айтылады.

Мақал-мәтелдер:

ТҮГІН ТАРТСАҢ ТҮБІНЕН МАЙ ШЫҒАДЫ. Өте семіз мал, құнарлы жер туралы айтылады.

ТҮЛЕГЕНДЕ ТҮК ҚАЛАДЫ. Жақсыдан бір белгі, із қалады.

АТ АУНАҒАН ЖЕРДЕ ТҮК ҚАЛАДЫ. Әркімнің артында бір белгі, көз қалады.

ТҮЛКІ ТҮГІНЕН ЖАЗАДЫ. Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле, басқа пәле тілден.

ДҰШПАННАН ТҮК ТАРТСАҢ ДА ОЛЖА. Жауыңды ешқашан аяма деген мағынада.

Малдың түр-түсіне байланысты қалыптасқан атаулар:

Ешкінің түр-түсі:

АҚ ЕШКІ. Бірегей ақ жүнді ешкі.

АҚ СҰР ЕШКІ. Түгі ақ сары, қара қоңыр, қоңыр боп келген ешкі.

АЛА ЕШКІ. Ақ, қара жүн араласып келген ешкі.

БОЗ ЕШКІ. Түбіті ашық көк түсті.

БӨРТЕ ЕШКІ. Түбіті көкшулан, сұрқай көк.

БУРЫЛ ЕШКІ. Түктері біргелкі болмай, көк қылшығы басым боп, оған қызыл, қоңыр, қара талшықтар араласа шыққан ешкі.

КӨК ЕШКІ. Сыртқы жүні көк боз не ашық көк.

ҚАРА ЕШКІ. Жүні бірегей қара.

ҚАРА КӨК ЕШКІ. Түбітінің бояуы көк, ал қылшықтарының ұшы қара.

³⁸ Т. Мизамұлының айтуы бойынша.

ҚАРА СҰР ЕШКІ. Жүні қара қоңырлау боп шыққан ешкі.

Қойдың түсі:

АҚ ҚОЙ. Біртегіс ақ жүнді қой.

АҚ САРЫ БАС ҚОЙ. Сыртқы жүні ақ, ал басына шыққан жүн ақ сары.

«АЛА ҚОЙ. Жүнінде әртүрлі түстің араласып кеткені.

БОЗ ҚОЙ. Сыртқы жүнінің түсі ашық көк.

КӨК ҚОЙ. Сыртқы жүні қара көк, сұрқой көк, көк-шін.

КӨК САРЫ БАС ҚОЙ. Жүні ақ, басының түсі көк сары.

ҚЫЗЫЛ ҚОЙ. Жүні бірегей қызыл қоңыр қой.

КЕР ҚЫЗЫЛ ҚОЙ. Жүні күрең қызыл, сары қызыл.

ҚАРА ҚОЙ. Жүні бірегей қара.

ҚАРА АЛА ҚОЙ. Жүнінде ақ, қара, сары аралас.

ҚАРА БАС ҚОЙ. Денесі ақшылтым, боз, ал бас жүні қара.

ҚАРА МОЙЫН ҚОЙ. Мойын жүні қара, ал дене жүні ақ.

САРЫ ҚОЙ. Жүні бірегей ақ сары»³⁹.

Жылқының түсі:

АЛА. Жылқының түгінде әртүрлі түстің араласып келгені. «Бұл сөз азербайжан, қырғыз, түркімен, түрік, ұйғыр, таулы алтайлықтар мен хақас тілдерінде — *ала*; өзбекше — *ола*; х. моңғолдар мен бурят моңғолдарында — *алаг*, ойрат моңғолдарында — *алг* деп аталады»⁴⁰.

БАРАН. Қара сұр, күңгірт түс. Ол моңғолдың жазба тілінде — *бараған* — «күңгірт қара»; х. моңғол тілінде — *барахан* — «күңгірт»; бурят моңғолы тілінде — *бараан* — «қара күңгірт», «алыстан қарауытып көрінген заттың қарасы»; ойрат моңғолы тілінде — *бараан* — «алыстан көрінген заттың қарасы»⁴¹.

БАРШЫН. «Қарасұр, қаракөк, қара күңгірт түс. Бүркіттің түлей-түлей барлық қауырсыны қарайып болған кезі «*баршын*» деп аталады»⁴².

АҚ БАРШЫН. Ақ бояуы, басымдау қара көк түс.

³⁹ Жанәбілов Ш. Көрсетілген еңбек. 121-б.

⁴⁰ Номинханов Ц. Д. Названия домашних животных // Труды сектора Востоковедения. Алма-Ата, 1959. Т. 1. С. 98.

⁴¹ Сонда.

⁴² Шорманов С. Көрсетілген еңбек. 10-б.

ҚАРА БАРШЫН. Қара бояуы басымдау қара көк түс.

БОЗ. Ақшылтым, болымсыз көк араласқан бозғылт түс. Орхон жазуында — боз — «ақшыл көк түс»; ұйғырда — боз — «көк», «сұрқай көк», «ақшыл көк түс»; түрікменше — боз — «ашық көк»; өзбекте — буз — «ақ, ашық көк»; түрікте — боз — «ашық көк»; хакас тілінде — *пора*, таулы алтайлықтарда — *боро* — «ашық көк»; моңғолдардың жазба тілінде — *боро*; х. моңғол, ойрат моңғолдарынша — *бор*; бурят моңғолының тіліндегі — *боро* — «ашық көк түс, аспан түсі». Қарастырып отырған тілдік деректерге назар салып көрсек, тіліміздегі қасқыр дегеннің орнына синоним ретінде жұмсалатын *бөрі* сөзінің шығу тегі түркі-моңғол тіліне ортақ — *бор*, *боро*, *пора* сөздерімен тікелей сабақтас сияқты⁴³.

АҚ БОЗ. Ақ бояуы басым ашық көк түс.

КӨК БОЗ. Көк бояуы сәл басым ақ түс.

ТАРЛАН БОЗ. Тарғыл, шұбар араласқан ашық көк түс. «Толқынтп тоқсан буын әнге салды, *Тарлан боз* тартқан сайын түседі ырғып. (І. Жансүгіров).

ШАҢҚАН БОЗ. Түсі шымқай ақ.

БӨРТЕ. Көкшіл, қара-сұр, бурыл аралас.

АҚ БӨРТЕ. Ақ бояуы басым көкшіл түс.

БУРЫЛ. Жылқының түгінің түбі ақ шеті қара не қара қоңыр бояулы боп келген түс. «Қарақалпақ тілінде — *буврыл* — «қоңыр бояуға тарғыл араласқан бурыл түс»; қырғыз бен таулы алтайлықтардың тілінде — *буурыл* — «ақшулан, көкшулан түс»; өзбекше — *бурул* — «көкшулан, жиренге жуық түс»; чуваш тілінде — *пурла*, *паварла* — «бурыл»; х. моңғол мен бурят моңғолдары тілінде — *буурал*; ойрат моңғолында — *буура* — «ақшулан, бурыл түс»⁴⁴.

АҚ БУРЫЛ. Ағы басым қара қоңыр.

КӨК БУРЫЛ. Көк түсі басымдау бурыл.

ҚАРА БУРЫЛ. Қара бояуы сұрқай көк.

ЖИРЕН. Қызғылт сары түс. «Өзбек тілінде — *жийрен*; ұйғырша — *джиран*; таулы алтайлықтар тілінде — *двеерен*; хакаша — *чигрен*; қырғызша — *жейрен*, *жейереде*, чуваш тілінде — *сүрен* (*чурен*); тува тілінде — *шилги*; моңғолдың жазба тілінде — *цзэгэрдэ*; х. моңғол

⁴³ Номинханов Ц. Д. Названия домашних животных // Труды сектора Востоковедения. Алма-Ата, 1959. Т. 1. С. 98—99.

⁴⁴ Сонда. 98—99-б.

мен ойрат моңғолынша — *зээрд*; бурят моңғолдары тілінде — *зээрдэгшен* деп аталады да — «бәрінде қызыл сары түс деген ұғымды білдіреді»⁴⁵.

АЛА ЖИРЕН. Ақ ала түспен араласқан сары қызыл түс.

ҚАРА ЖИРЕН. Қара түсі басым қызғылт сары.

ҚОЛА ЖИРЕН. Ақ сары ашық түске әл қызыл бояу араласқан түр.

КЕР. Қоңыр сары, сарыға қарағанда қоңыр бояудың түсі басымырақ түс, құла мен торының арасындағы түс. «Кер сөзі таулы алтай елінде — *кер*; қырғыз бен ойрат моңғолы тілдерінде — *кеһер*; моңғолдың жазба тілінде — *хэгэрэ*; х. моңғол мен бурят моңғолы тілінде — *хээр* деп аталады»⁴⁶.

КЕР ТОРЫ. Қоңыр сары түсі сәл басым қоңырқай күрен.

КЕР ҚҰЛА. Қоңыр сары түсі сәл басым ақшыл сары.

АҚТАҢКЕР. Екі сауырының түсі ақ өзі қоңыр сары боп келген өте әдемі түс. «Сайраған орта жүздің бұлбұлымын Арғынның, Алтай-Қорпық — ақтанкері» (Біржан сал).

КӨК. Жылқының көк не жасыл түсі. «Орхон жазуында — *көк* — «көгілдір», қырғыз, ұйғыр, хақас тіліндегі — *көк* пен түрік тіліндегі — *гөк* — «көк, жасыл түс»; қарақалпақша — *көк* — «көгілдір, жасыл түс»; азербайжан тіліндегі — *көк* — «көкшіл, жасыл», ал *көй* — «көк, көгілдір, аспан түсі». Моңғол тілінде *хухэ*: — «бозғылтым, боз, көк, көгілдір, жасыл түс»⁴⁷.

КӨК АЛА. Көк бояуы басым ала.

ҚАРА КӨК. Қарасы басым көк.

ҚЫЗЫЛ КӨК. Қызыл бояуы қанық көк.

КҮРЕҢ. Қызыл қоңыр, қошқылтым түс. «Бұл сөз қарақалпақта — *кюрең*; азербайжанша — *курэң*; т. алтайлықтар мен хакаста — *күрең*; қырғызша — *күрөң*; өзбекше — *күранг*; татарша — *корэн*; тувалықтарша — *хурен*; моңғолдың жазба тілінде, х. моңғол тілінде — *хүрэн*; бурят пен ойрат моңғолынша — *хүри/н/* деп аталады»⁴⁸.

КҮРЕҢ АЛА. Ала аралас қызыл қоңыр.

⁴⁵ Сонда. 98—99-б.

⁴⁶ Номинханов Ц. Д. Көрсетілген еңбек. 99-б.

⁴⁷ Сонда.

⁴⁸ Сонда.

КҮРЕҢ ТӨБЕЛ. Маңдайында төбелі бар күрең.

АЛ КҮРЕҢ. Ашық түсті қызғылт қоңыр.

АРДА КҮРЕҢ. Жылтыр қоңыр бояуы басым қызыл.
«Арда күрең, бақа айғыр жүрмек болды Қозыке мен
Баянға барамын деп» (Қозы ... 1957).

ҚОЗЫ КҮРЕҢ. Ашық қызыл қоңыр, сары қоңыр
түс. «Ер қаруы бес қару, Таңдап алып Алшыораз, Мініп
алған сықылды, Қозы күрең атына». (Қамбар батыр).

ҚАРА КҮРЕҢ. Қарасы басым күрең.

ҚЫЗЫЛ КҮРЕҢ. Қызылы басым күрең.

САРЫ КҮРЕҢ. Сары бояуы басым қызыл.

ТОБЫЛҒЫ КҮРЕҢ. Қызыл қоңыр түс.

ҚАРА. Қара түсті жылқы, күңгірт сұрқай түс. «Ор-
хон ескерткішінде — *қара*; хакасша — *хара*; өзбекше —
қора; әзірбайжанша — *гара*; чуваш тілінде — *хура*; моң-
ғолдың жазба ескерткішінде — *хара*; х. моңғол тілін-
де — *хар* бәрі де қара түсті білдіреді»⁴⁹.

ҚАРА АЛА. Қара бояуы басым ала.

ҚАРА КӨК. Қара түсі басымдау көк.

ҚАРА ТОРЫ. Қара бояуы басым торы.

ҚАРА ШҰБАР. Домалақ қара дағы бар ақ түс.

ҚОҢЫР ҚАРА. Қоңыр түсі басым қара.

МАҚПАЛ ҚАРА. Жылтыр қара.

ҚАСҚА. Малдың маңдайында болатын дақ, жолақ.

ҚАРА ҚАСҚА. Маңдайында қара дағы бар ақ түс.

ҚОҢЫР. Қара қоңыр, сұрқай қоңыр түс, сары қызыл
түс, «қырғызша — *қоңур* — «қара бурыл, қара торы»;
қарақалпақша — *қоңыр* — «қара түс»; татарша — *қоң-
ғырт* — «қоңыр күрең»; т. алтай елінде — *қоңыр* — «қа-
ра көк», «қоңыр күрең», моңғолдың жазба тілінде —
хоңгор — «қызыл жирен», «сары», «жирен»; ойрат моң-
ғолында — *хонгор* — «жирен», қызыл сары түс»⁵⁰.

ҚОҢЫР ҚАРА. Қоңыр бояуы басым қара көк.

ҚҰБА. Ашық сары, ақшыл сары түс. «Хакас, т. ал-
тайлықтар тілінде — *құба* — «ақшылтым, ашық сары
түс»; татарша — *кова* — «бурыл, ақ құба түс»; ойрат
моңғолындағы — *хоо*-«ашық сары», «аққұба»; бурят
моңғолынша — *хуаа* — «ақ құба, сары түс»; моңғолдың
жазба тілінде — *хувкай*, *хубкай* — «аққұба түс»⁵¹.

ҚҰЛА. Сары мен жиреннің арасындағы түс. Басы
мен денесі жылтыр сары не құрым сары, аяғымен жал

⁴⁹ Сонда.

⁵⁰ Сонда.

⁵¹ Сонда.

құйрығы қара, арқасынан құйрығына дейін жіңішке қара жолағы бар жылқы. «Таулы алтайлықтар тілінде — *қула*; хакасша — *хула*, ұйғырша — *қула*, чувашта — *хала*; моңғолдың жазба тілінде — *хула*; ойрат моңғолы тілінде — *хулуң*; х. моңғолында — *хул* — «ақ пен сары аралас түс»⁵².

ҚҰЛА ЖИРЕН. Ашық сары мен қызыл сары түстің араласып келуі.

ҚҰЛА КЕР. Ақ пен сары және қоңыр сарының араласа біткен түр-түсі.

ҚҰЛА ҚАСҚА. Қасқасы бар сарғыш түс.

ҚҰЛА ТӨБЕЛ. Маңдайында дөңгелегі бар құла ат.

ҚЫЗЫЛ АТ. Ақ түс, ақ бояуы басым бозғылт түс.

САРЫ. Сары жылқы. Қарақалпақ, әзірбайжан тілінде — *сары* — «сары түс»; қырғыз тілінде — *сары* — «жирен, сары, бурыл түс»; түрік тілінде — *сары*; өзбекше — *сариқ* — «жирен, аққұба, сары»; хакас тілінде — *сарығ* — «бурыл сары, сары»; моңғолдың жазба ескерткішінде — *шира*; х. моңғол мен ойрат моңғолының тілінде — *шар*; бурят моңғолынша — *шара* — «бурыл, сары, сарғыш түс»⁵³.

СҰР. Жылқының дене түк бітісі қара сұр, бас сирағы қара, шоқтығынан құйрығына дейін арқасында қара жолағы бар түс.

АҚ СҰР. Ағы басым қара қошқылтым түс.

ҚАРА СҰР. Қара бояуы сәл басым сұр түс.

ТАРЛАН. Қызыл, сары не қара тарғылы бар боз түс. «Моңғолша — *тарлан*; бур. моңғолы тілінде — *тарлан* — «шұбар, тарғыл түс»⁵⁴.

ТАРЛАН БОЗ. Шұбар араласқан боз түс.

«**ТАРМАН.** Дөңгелек сары теңбілі бар ақ жылқы»⁵⁵.

ТЕҢБІЛ. Сепкілі бар боз ат.

ТЕҢБІЛ КӨК. Боз сепкілі бар көк ат.

ТОРЫ. Қоңыр күрең түс.

ҚАРА ТОРЫ. Қара бояуы сәл басым қоңыр түс.

МАҚПАЛ ТОРЫ. Жылтыр қара түс.

ТОБЫЛҒЫ ТОРЫ. Қызғылт күрең ренді тобылғы түстес жылқы.

⁵² Сонда.

⁵³ *Номинханов Ц. Д.* Көрсетілген еңбек. 99-б.

⁵⁴ Сонда.

⁵⁵ *Радлов В. В.* Опыт словаря тюркских наречий. Петербург, 1905. Т. 3. Ч. 1. С. 873.

ТӨБЕЛ ТОРЫ. Маңдайында ақ қасқасы бар торы ат.

ТӨБЕЛ. Жылқы малының маңдайында болатын дөңгелек ақ дақ. Қырғыз тілінде — *төбел*, моңғолдың жазба ескерткішінде — *тогэли*; х. моңғолша — *тооли*; ойрат моңғолы тілінде — *тооп*; бурят моңғолында — *төөн* — бәрі де ақ дақ, қасқа дегенді білдіреді⁵⁶.

ШАБДАР. Сыртқы түгі ақшыл сары, жалы бурыл, ақ қыл мен қара қылдың араласып келгені. Ол аттың жал құйрығы бурыл болады. Бұл сөз: «татарша — *чабтар*; хакаста — *сабдар*, *чамдар*, қырғыз тілінде — *чабдар*; т. алтайлықтар тілінде — *чалдыр*; чуваш тілінде — *чуптар*; моңғолдың жазба тілінде — *цабидар*; х. моңғол тілінде — *цавдар*, бурят моңғ. тілінде — *сабидар*; ойрат моңғ. тілінде — *цавдр* деп аталады»⁵⁷.

ШҰБАР ЖЫЛҚЫ. Қара торы не жиреннен денесінде майда теңбілі бар ат. «Шұбар сөзі татарша — *чуар*, *чағыр*; өзбекше — *чинор*, *чавқор*; чуваш тілінде — *чапар*; хакасша — *чохыр*; сағайша — *сахыр*; т. алғайлықтар тілінде — *чокур*; ұйғырша — *чоқу(р)*; түрік тілінде — *чопур*; моңғолдың жазба тілі мен х. моңғол тілінде — *цоохор*; ойрат моңғолы мен бурят моңғ. тілінде — *соохр* деп айтылады»⁵⁸.

Сиырдың түсі:

«**АҚ СИЫР.** Сырт түгі біркелкі ақ боз сиыр.

АҚ БАС СИЫР. Сиырдың жамылғы жүні біріңғай қоңыр не қара немесе қызыл боп, бас түктері тұтас ақ болып келген сиыр.

АЛА СИЫР. Сыртқы түр-түсі әртүрлі сиыр.

АЛА БЕЛ СИЫР. Бел тұсының жүні ақ боп біткен сиыр.

КӨК СИЫР. Сыртқы түсі шымқай көк не бурыл.

ҚАРА СИЫР. Түгі біріңғай қара.

ҚАРА АЛА СИЫР. Арқа жүні ақ басқа жері қара.

ҚАРА ҚАСҚА СИЫР. Маңдай жүні тұмсығына дейін ақ, қалған түктері қара.

ҚАРА ҚОҢЫР СИЫР. Жүнінде қара түсі басымдау қоңыр сиыр.

ҚОҢЫР СИЫР. Сыртқы түгі қоңыр сарғыш болып біткен сиыр.

⁵⁶ Номинханов Ц. Д. Названия домашних животных // Труды сектора Востоковедения. Алма-Ата, 1959. Т. 1. С. 99.

⁵⁷ Сонда.

⁵⁸ Сонда.

ҚЫЗЫЛ СИЫР. Сыртқы түгі біріңғай қызыл.

ҚЫЗЫЛ ҚАСҚА СИЫР. Басқа жүні қызыл, маңдай жүні тұмсығына дейін ақ сиыр»⁵⁹.

Түйенің түсі:

«АҚ ТҮЙЕ. Жүні бірыңғай ақ түйе.

АҚ БАС ТҮЙЕ. Басының жүні ақ болып келген нар.

АҚ ИЫҚ ТҮЙЕ. Жазыдан жауыр болған түйенің арқасына ақ жүн өскен түйе.

АҚ ҚАПТАЛ ТҮЙЕ. Ауыр жұмыстан қажалған түйенің қапталына ақ жүн өскені.

БОЗ ТҮЙЕ. Ақшыл көк түсті түйе.

БОЗ ҚЫЗЫЛ. Көк түске қызыл араласып кеткен түс.

КӨК ТҮЙЕ. Ақшыл көк жүнді түйе.

КӨК АЛА БАС ТҮЙЕ. Бас жүні аралас түсті түйе.

ҚАРА ТҮЙЕ. Жүні кара қошқыл боп біткен түйе.

ҚАРАША. Қара қоңыр түсті түйе.

ҚҰБА ТҮЙЕ. Сыртқы түсі ақ сары түйе.

ҚҰБА ҚЫЗЫЛ ТҮЙЕ. Сары қызыл түйе.

ҚЫЗЫЛ ТҮЙЕ. Сыртқы жүні қызыл қоңыр болып келген түйе»⁶⁰.

Тенеулер:

АЛА ҚОЗЫДАЙ (БӨЛІНДІ). Жік-жік болып ыдырады.

КӨК АЛА ҚОЙДАЙ (ҚЫП САБАДЫ). Беті-басын көкпенбек қылып соққыға жықты.

АТ ТӨБЕЛІНДЕЙ (ЕЛ). Азғантай, азғана ел.

АЛА ТАЙДАЙ (БҮЛДІРДІ, БҮЛІНДІ). Атыстырды, шабыстырды, бүлік салды.

БОЗ ІНГЕНДЕЙ (БОЗДАДЫ, ЗАРЛАДЫ). Зар иледі, ағыл-тегіл жылады.

БОТАДАЙ (БОЗДАДЫ, ЖЫЛАДЫ). Ағыл-тегіл көзінің жасын бұлады.

Этнофразеологизмдер:

АҚТЫЛЫ ҚОЙ, АЛАЛЫ ЖЫЛҚЫ. Маңғыраған сансыз мал.

АҚ ТҮЙЕНІҢ ҚАРНЫ ЖАРЫЛДЫ. Молшылыққа кенелу, ит басына іркіт төгілді.

КӨЛДЕНЕҢ ЖҮРГЕН КӨК АТТЫ. Кез келген, кім көрінген.

ТАРЛАН ТАРТТЫ. Жасы ұлғайып, егде тартты.

⁵⁹ Жанәбілов Ш. Көрсетілген еңбек. 93-б.

⁶⁰ Ш. Нұрбергенұлының айтуы бойынша.

ТҮСІ ИГІДЕН ТҮҢІЛМЕ. Жүзі жылы адамнан қаймықпа.

Этнографиялық этюдтер:

●Елімізде қалыптасқан дәстүр бойынша үйге келген құдайы қонаққа *қара шұнақ лақ не қоңыр тоқты* сойып қонақ асы береді.

●Аруақтарға арнап құрбандық шалып, құдайы бергенде 3—4 жастағы *ақ сары бас қойды не боз қасқа қойды* сояды. Осы жөн-жосыққа байланысты тілімізде «боз қасқа сойды», «ақ сарбас шалды» деген күрделі сөз тіркестері сақталған.

●Елін, жерін жаудан қорғау үшін жиналған азаматтардан жаңа сойылған боз биенің қанына оң қолының сұқ саусағын матырып, оны жалатып ант алатын. Бұл салттың мәні «қасық қаным қалғанша дұшпанмен жан аямай күресем» деген ұғымға саяды. Сарбаздар шайқасқа түсер алдында олардың туына боз биенің қанын жағады. Осыған орай тілімізде: *ту қандады* дейтін күрделі сөз қалыптасып қалған.

●«Төтенше жағдайда, қанды жорықтан ең жақын туысы аман оралса, не көптен күткен әйелі ұл туса, өрісте жүрген ақ түйенің қарнына пышақ тығып алып қоя беретін дәстүр болыпты. Бүкіл даланы басына көтеріп боздаған түйенің дауысын ел естігенде қуанышты жаңалықтың болғанын біліп, бір жерге жиналады екен. Бұл құбылыс тілімізде *«ақ түйенің қарны жарылды»* деген фразеологиялық тіркесте сақталған»⁶¹.

●Жоғарыда келтірілген сияқты ерекше жағдайларды халқымыз егіз туған екі көк қошқарды немесе екі көк бураны құрбандыққа шалады екен.

●Қыз-қырқынға құда түсуге барғанда жаушы астына кызыл ат (ақ түсті ат) мініп барады.

●Көк жөтелмен ауырғандарды көк түсті малдың етін беріп, сорпасын ішкізіп емдеген екен.

Қарастырылған деректерге қарағанда бабаларымыз төрт түлікті түр-түсіне қарай бөліп, қоралап қана қоймай, оларды түсіне қарай әр түрлі мақсаттарға пайдаланып отырыпты. «Халқымыздың құрбандық шалу дәстүрінен олардың, әсіресе, ақ пен боз, көк түсті ұнататынын байқауға болады. Халықтың ескі діни түсінігін «ак мал киелі болады, егер оларды құрбандыққа шалсам, ордамды құт ұялайды» деген сенім бойынша қалыптас-

⁶¹ Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы, 1985. 178-б.

қан ырым болса керек. Ал боз, көк түстер — олар аспан түсі. Ертедегі көкке, тәңірге табынудан қалған жоралғы екен»⁶².

Ғ. ТҰРАБАЕВА

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ОРТАҚТЫҚ

Әрбір халықтың тілінде жүздеген, мыңдаған мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер (афоризмдер) кездесіп отырады. Бұлар, әдетте, сол халықтың басып өткен ұзақ тарихының, рухани өмірінің, дүниетанымының, наным-сенімінің, тұрмыс-салтының, әдет-ғұрпының көрінісі ретінде сөз өрнегінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға ауысып отыратын қымбатты мұра болып саналады. Халық өмірімен біте қайнасып, бірге дамуына байланысты мақал-мәтелдер де қоғамдық формацияның, әлеуметтік тұрмыстың, материалды және рухани мәдениетіміздің барлық өзгерістерін өз бойына сіңіріп, неше алуан көркем сөз тәсілі, образдар арқылы бейнелеп отырады. Сондықтан да мақал-мәтелдерді «халық өмірінің айнасы», «энциклопедиясы» деп бағалау әбден орынды сияқты.

Осылайша пайда болған мақал-мәтелдер (бұдан кейін ММ түрінде қысқартылып алынады) барлық түркі тілдерінің көркемсөз қорынан көптеп табылады. Олардың біразы бүгінгі өмір талабына сай жаңадан жасалып жатса, көпшілігі ертеден келе жатқан дәстүрлі қолданыс тауып, тілде әбден қалыптасқан байырғы мақал-мәтелдер.

Осындай түркі тілдерінде көненің көзінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан байырғы ММ-ге байыптап қарасақ, олардың арасында өзара ортақ, тұлға, мағына жағынан бір-біріне ұқсас, тіпті бірін-бірі сөзбе-сөз қайталайтын идентизмдер де көптеп кездеседі. Бұл ұқсастық пен ортақтықтан түркі

⁶² *Аргынбаев Х. Народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяйственно-культурные традиции Средней Азии и Казахстана. М., 1975. С. 195—197.*

тілдес халықтардың өткен тарихы мен рухани-мәдени дүниесінен дерек беретін, олардың бір кездегі тығыз қарым-қатынасы мен кейінгі дәуірлердегі дербес дамуынан мағлұмат беретін белгілі заңдылықтарды да аңғаруға болады. Бұл мәселені ММ-ді фольклордың кіші-гірім жанры ретінде зерттеуші паремнологтар да, көркемсөз арсеналындағы тұрақты да образды сөз тіркесі ретінде зерттеуші лингвистер де бұрын-соңды арнайы қарастырып емес. Тілшілер көбіне-көп жеке тілдердегі мақал-мәтелдердің құрамын, мағынасын, тематикалық топтарын анықтауға көңіл бөліп¹, олардың өзара ұқсастығы мен өзгешеліктерін, оның өзіндік себеп-салдарын әлі күнге дейін зерттей қойған жоқ.

Осыған байланысты біз мақаламызда көне және бүгінгі түркі тілдерінде (соның ішінде қазақ, қырғыз, татар, ұйғыр, түркмен тілдерінде) кездесетін тақырыбы жағынан да, тұлға жағынан да көне, байырғы ММ-дің тілара ортақтығын, ұқсастығын салыстыра, салғастыра отырып талдауға, сөйтіп мүмкін болғанынша олардың этнолингвистикалық сырын аша түсуге тырыстық.

Түркі тілдеріне ортақ мақал-мәтелдерді бөліп алып, мәселенің мән-жайын дәл осылай этнолингвистикалық тұрғыдан, яғни тіл фактілерін халықтың тарихымен, дүниетаным, логикалық ой жүйесімен бірлікте қарастыру, біздің пікірімізше, көп жағдайдың бетін ашатын сияқты. Мәселен, бір ұғым, бір түсініктің туыстас тілдерде бір образ, бірыңғай тілдік тәсілдер (сөз, сөйлем құрылымы т. б.) арқылы да, әр түрлі образ және әр алуан тілдік тәсілдер арқылы да бейнелене беретіндігін көреміз. Бұл жоғарыда айтылғандай, түркі халықтарының тарихи даму жолындағы этностық және тілдік жақындығы мен дербестігіне байланысты, оның қат-қабат сыры бар күрделі құбылыс екендігін көрсететін сияқты.

Түркі тілдеріне ортақ ММ-дің сырына үңіліп, табиғатын аша түсу үшін біз ең алдымен көне түркі жазба ескерткіштерінің тілінде кездесетін ММ-ді қарастырдық, оларды қазіргі түркі тілдері фактілерімен салыстырып көрмекшіміз. Осыған орай айта кету керек, орхон-енисей жазба ескерткіштерінде мақал-мәтелдер өте аз кездеседі. Бұл жағдай олардың сол кезде аз қолданғандығынан емес, ол орхон-енисей, талас ескерткіштерінің жанрлық-стильдік ерекшеліктеріне де байланысты бол-

¹ Бұл жөнінде барлық тілдер бойынша еңбектер бар.

са керек. Түркі ММ-дері толығырақ қағазға түсіп, біздің заманымызға негізінен Махмуд Кашғаридың «Диван-и лугат-ит түрк» атты әйгілі еңбегі² арқылы жеткендігі мәлім. Бұл лексикографиялық еңбектің Ташкент басылымында³ негізінен Орта Азия, Қазақстан, Шығыс Түркістан өлкелерін мекендеген түркі тайпалардың тілінде кездесетін мазмұны мен тематикасы жағынан әр алуан 267 ММ-дің тізімі келтірілген.

Енді осы ММ-ден мысал келтірейік. Олар Ташкент басылымында өзбек тіліне аударылып берілген болатын. Біз оларды енді қосымша қазақ тіліне аударып көрдік. Бұл аудармалар көркемдік жағынан өз дәрежесінде болмаса да, олардың мағына-мәнін түсінуге септігін тигізуі сөзсіз. Олар мыналар: **Кок тэмур кәру турмас** (1,342-20) //узб. *Кўк темир бекор турмайди*//қаз. *Көк темір тек тұрмас, Құл жағі, іт бөрі* [1,324—4]//узб. *кўл-душман, ит-бўри*//қаз. *құл-жау, ит-бөрі, Эр сөзі бір эзәр көкі үч* [II,327-20]//узб. *киши бир сўзли бўлади, эгар чивири учта булғандай*//қаз. *ердің сөзі біреу, ердің шылбыры үшеу, Тілін тугмішні тішін жазмас* [II,28-6] //өзб. *тил билан боғлаған тиш билан ечилмас*//қаз. *тілмен түйілгенді тіс жаза алмас, Эрдәм баші тіл* [I,131-20]//өзб. *одобнинг боши-тил*//қаз. *әдептің басы — тіл, ітқа у утғ атса улдан жәмәс* [I,138-26]//өзб. *итға ұят келсе, орият қилса, поча ташласанг хәм, етайди*//қаз. *итке ұят бітсе, ұлтан жемес, Оғлақ жіліксіз, оғлан біліксіз* [I, 144-26] //өзб. *Эчки боласида илик йўқ, ёш балада ақл йўқ*//қаз. *ешкіде жілік (майы) жоқ, жас балада ақыл жоқ; Куз кәлігі жазін бәлгурәр* [I, 199-7]//өзб. *кузнинг келиши ёзда маълум булади*//қаз. *күздің келуі жаздан белгілі. Куруғ жіғач эгімас, курміш кіріш тугулмәс* [I, 206, 13] //өзб. *қуруқ ёғач эгилмайди, қуриған кириш (новда) боғланмайди, тугулмайди*//қаз. *құрғақ ағаш иілмейді, қысқа жіп (кіріс) күрмелмейді, Улуғні улуғласа, құт болур* [I, 297 7] //өзб. *одам карияларнинг ёшини хурматласа, бахтли бўлади*//қаз. *үлкенді құрметтесең, құт болар.*

² Бұл еңбектің лексикасы, фразеологиясы және мақал-мәтелдері көптен бері зерттеліп келеді. «Диуандағы» мақал-мәтелдерді қазақ ғалымдары да ана тілі фактілерімен салыстыра зерттей бастады. Қараңыз: Өмірәлиев К. (Келесұлы) Махмуд Кашғаридың «Дивани лугат-ит түрк» деген кітабындағы мақал-мәтелдер // Қазақстан мектебі, 1966. № 3, 7.

³ Дивону луготит түрк. Индекс-лугат. Тошкент, 1967, 529—541-б.

«Диуандағы» мақал-мәтелдерді осылай келтіре беруге болар еді, бірақ оның қажеті жоқ сияқты. Өйткені біздің мақсатымыз: осы ММ-ді қазіргі түркі тілдеріндегі ММ-мен салыстыра отырып, олардың арасындағы ортақтықты, ұқсастықты қарастыру ғана.

Махмуд Қашғари дәуірінен бүгінге дейінгі аралықта тоғыз ғасыр уақыт жатыр. Осы дәуірдің ішінде бүгінгі түркі тілдері негізінде дамып, барлық жағынан үлкен өзгерістерді басынан кешірді. Лексикалық қордың ең құнарлы саласы фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер де замана талабына сай, әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес толығып, тұлғалық, мағыналық өзгерістерге ұшырағаны байқалады.

Солай бола тұрса да, Махмуд Қашғаридың «Диуанында» келтірілген ММ-мен қазіргі түркі тілдерінде дәстүрлі қолданыс тауып, әбден қалыптасқан байырғы ММ-дің арасында көне заманның үрдісі ретінде, тарихи көш жолының сілемдеріндей бүгінмен жалғасып жатқан ортақтықтың, тұлғалық, мағыналық, логикалық ой, образ арқылы бейнелеу тәсіліндегі ұқсастықты жоққа шығаруға болмайды.

Мәселе осы ұқсастықтар мен ортақтықтың тілдік табиғаты мен оның әр түрлі көріністері жайында болмақшы. Біздің байқауымызша олар сан алуан: Қашқари заманындағы тілдер мен бүгінгі түркі тілдері арасындағы лексика-семантикалық, грамматикалық, дыбыстық т. б. заңды түрдегі тіларалық өзгерістерді ескермегенде, екі дәуір беделіндегі мақал-мәтелдерден біз структуралық, сөзбе-сөздік сәйкестіктен (идентизмнен) бастап, логикалық ой, дүниетаным, образдар арқылы бейнелеу тәсілдеріндегі ұқсастықтарға дейін анық байқаймыз.

Енді осы пікірімізді мысалдар арқылы дәлелдеп көрейік.

І. Қашқари «Диуанында» келтірілген ММ-мен қазіргі түркі тілдерде қолданылатын ММ-дер ішінде, «абсолют сәйкестік» болмаса да, мағынасы мен құрылымы жағынан өте ұқсас ММ-дер. «Диуанда»: *Кузәку узун болса әлік кујмәс* [I,418 — 27]⁴// қазақ тілінде: *Көсеу ұзын болса, қол күймес* // өзбек тілінде: *Косов узун булса, қол куймас* // ұйғыр тілінде: *Көсәй узун болса, қол көймәс* // татар тілінде: *Кисэве озын булса, қол*

⁴ Махмуд Қашғари «Диуанынан» алынған ММ-ден кейін жақша ішінде рим цифрымен томы, кейін араб цифрларымен оның беті және абзацы көрсетілді.

күймәс // түркмен тілінде: *Кесев узын болса, гол янмаз.*

Осындағы негізгі компоненттер: *күзәкү* // *косов* // *көсәй* // *көсеу* // *кисәу* // *кесев* және *әлік* // *қол* // *кол* // *гол* // *кул*. Осылардың уақыт жағынан ең көнесі — *күзәкү* мен *әлік* болса керек. Жоғарыда келтірілген мақалда *көсеу* сөзінің сәл ғана өзгеріске ұшыраған гомогенді варианттары мен *әлік* сөзінің түркі тілдеріндегі синонимі /*қол* // *кол* // *кул* // *гол* / қолданылып отыр. Ал синонимдердің бірін-бірі алмастыруы барлық тілдерге тән жаңалану, жаңғыру заңдылығына байланысты. Олай болса, тоғыз ғасыр өтсе де өңін өзгертпей, өз нақышын, бейнелеуіш күшін солғындатпай бізге жеткен осы мақал дәстүр жалғастығының бір нышаны болса керек. Бұл тәрізді ММ-дер қазіргі түркі тілдерінде көптеп табылуы сөзсіз.

2. Махмуд Қашғари заманындағы ММ-мен қазіргі түркі тілдері арасындағы ортақ та ұқсас ММ-дердің енді бір тобы — шығу тегі бір, жалпы мағына-мәні сәйкес, бірақ толық және қысқартылған (эллипсис) түрінде кездеседі. Олардың өздері де әр алуан: компоненттерінің қысқаруына, не кеңейтілуіне байланысты пайда болған ММ-дің бір варианты көне тілде болса, екінші варианты қазіргі тілдердің біреуінде, не бірнешеуінде болуы мүмкін. Дамудың салдарынан ММ құрамындағы жеке компоненттердің тек синонимдермен ғана емес, басқа сөздермен де ауыстырылуы, құрамының бірде қысқарып ықшамдалуы, бірде басқа сөздер қосылып кеңеюі мүмкін екен. Мұндай жағдайда ММ-дің мағына-мәнінің реңкі өзгерсе де, логикалық ой, бейнелі образ түгел сақталады.

Бірнеше мысал келтірейік. Мәселен, Махмуд Қашғарида: **Қорқмәш кәшәга қой башә кош көрунур** [III, 139 — 14] деген мақал бар. Дәл осы мақал қазақ тілінде: *Қорыққанға қос көрінер* // ұйғыр тілінде: *Қорукқанға кош көринәр* // түркмен тілінде: *Горкана гоша гөрнер* болып айтылады. Оның «Диуандағы» вариантын көне түркі деп есептесек, жоғарыдағы тілдерде қолданылып жүрген варианттары оның жинақталған варианты болып саналады. Ұзақ дәуірлер бойы дамудың, айтуға қолайлы, құлаққа жағымды, әрі қысқа, әрі нұсқа болып тұрған бүгінгі вариантының құрамынан «түсіп қалған» синтагма (тіркес), сонда, «*қой басы*» болып тұр. Оның қысқаруына байланысты мақалдың образдылығы, көр-

кемдік әсері, нақтылығы сәл солғындағанымен, жалпы мазмұны мен мағынасына айтарлықтай нұқсан келіп тұрған жоқ.

Тағы бірер мысал келтірейік. М. Қашғаридағы: **Тewэ сілкінсә эшәккә жүк чіқар** [II, 286 — 11] деген мақал қазіргі ұйғыр тілінде *Төгә силкинсә, икки ешәклик жүк чикар* түрінде қолданылады екен. Бұлардың мағынасы да, жалпы тұлғасы да сәйкес. Тек «есекке» сөзінің орынына «екі есектік» деген анықтама беріліп, кейінгісі нақтылана түскен сияқты. Бірақ соның өзінде де мақалдың («есектің жанында түйе үлкен мал, мол дүние» деген) жалпы мағынасы өзгере қойған жоқ. Бұл мысалдан біз мақал-мәтелдердің көне тілде қысқа, жинақы вариантының ал қазіргі тілдерде, керісінше, кеңейтілген вариантының қолданыла беретінін көреміз. Демек, кейінгі вариантты (ол ұйғыр тілінен басқа тілдерде де кездесуі ықтимал) және оның құрамындағы өзгерістерді тіл дамуының кейінгі кезеңдегі жемісі деп қараған дұрыс.

Махмуд Қашғарида: **Бөрінің ортақ, қузғунің жіғач башінде** [I, 412 — 10] // ұйғыр тілінде: *Бөриниң — тәң-отақ, қарғиниң — дәрәх учида*. Бұл арада «қасқырдың табысы жыртқыш айуандардың бәріне ортақ (өйткені ол бірден жеп кете алмайды да, одан қалған өлексені көрінген аң-құс жеп кетеді), ал қарға болса, тапқанын тұмсығымен тістеп алып, ешбір жыртқыш жете алмайтын ағаштың басына қонып алып жейді» деген мағына бар. Бұл мақалдардың да шығу тегі бір екендігіне ешкім дау айтпаса керек. Ал айтылу тәсіліндегі тілдік өзгешеліктер болса компоненттерінің кеңейтілуі (*ортақ — тәң-отақ*), мәндес сөздермен ауыстырылуы (*қузғунің — қарғиниң, жіғач — дәрәх, башінде — учида*), олар ұйғыр тілінің кейінгі дәуірлердегі дамуының жемісі болып саналады.

Түркі тілдеріне ортақ мақал-мәтелдер қорында кездесетін толық және қысқарған варианттылардың басқа түрлері де бар. Оларға, мәселен, көне тілде екі компоненттен (немесе екі өлең жолынан) тұратын, ал қазіргі тілдерде, не олардың біреуінде бір компоненттен (бір жолдан) тұратын ММ-ді жатқызуға болады. Мысалы, М. Қашғарида: **Қуруқ қашуқ ағізқа жарамас Қуруқ сөз қулаққа жарамас** [I, 364-7] түрінде айтылатын мақал қазіргі ұйғыр тілінде *Қуруқ қошуқ ағизға оқмас, Қуриқ сөз — құлаққа (яқмас)* түрінде толық қайталанып тұр-

са, қазақ тілінде *Құрғақ қасық ауыз жыртар* тұлғасында ғана айтылып, көне түрінің тек жартысын ғана («ярамас» пен «жыртар» сәйкестігін ескергенде) қайталап тұрғандығын көреміз. Соның өзінде де жалпы мағынаның желісі сақталған: ол «сөздің іспен сәйкес болуын, әрбір әрекеттің артында тиянақты іс тұруын» аңғартады.

Қысқару не кеңейтілу арқылы өзгерген мақал-мәтелдердің тағы бір көрінісі құрамындағы компоненттердің тіркесу тәртібіне, басқа мағынадағы немесе қатысты сөздермен алмасуына байланысты пайда болады екен. Салыстырып көрейік. М. Қашғарида: *Ікі қошқар баші бір ашічта пішмаз* [III,392-6] қазақшада: *Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды*//ұйғыршада: *Икки қошқарниң беши бир қазанға патмапту*. Бұл салыстырудан біз мақалдың даму нәтижесінде үш түрлі мағыналас тіркестің ыңғайына қарай өзгергенін көреміз: *ашічта пішмаз* — бұл көне түрі (ол кезде «қазан» деген сөздің болмауы да мүмкін), *қазанға симайды* — бұл қазақ вариантын жасап тұр, ал *қазанға патмапту* — ұйғыр варианты. Бірақ мұнда да мақалдың жалпы мағынасы өзгермеген: ол «бәсеке, бақталастыққа байланысты мықты адамдардың басы бір жерге қосыла бермейді» дегенді аңғартады.

ММ-дің бұл түріне көптеген мысал келтіруге болар еді, бірақ оның дәл осы арада қажеті жоқ сияқты. Дегенмен, сәйкес, ұқсас деген ММ-дің қазақ және ұйғыр тілдерінен тағы бірнешеуін салыстырып көрейік:

М. Қашғари «Диуанында»:

Қазіргі тілдерде:

*Тағ тағқа қавушмас,
Кіші кішігә қавушур* [II,
113—11],

қаз. *Тау тауға қосылмас,
Адам адаммен қосылар*
уйғ. *Тағ тағ билән қошулмас,
Адам адәм билән қошулар,*

Іңән іңрәсә, боту бозлар
[I,142—15],
Кіші сөзләшу, јілкї јізлашу [III,114—14],

қаз. *Іңген ыңыранса, бота боздар*
қаз. *Кісі — сөйлескенше,
Жылқы — кісінескенше,*

Отлуг јінју јәрда қалмас
[III, 37—11]

Көздан јіраса көнүлдән
јәмә ірар [III, 377—16]

Атасі ачіғ алміла јәсә оғлі-
нің тіші қамар [II, 360 —
.12]

Бар бақір, жоқ алтун [II, 93
—14]

каз. *Тесік моншақ жерде
қалмас,*

ұйғ. *Көздин жирақ-көңүл-
ден жирақ.*

ұйғ. *Атиси алма йесә, оғ-
линиң чиши қаманту*

каз. *Бар-бақыр, жоқ-ал-
тын;*

3. Түркі қауымына ортақ немесе ұқсас ММ-дер жайында сөз болғанда сонау М. Қашғари заманынан үзілмей келе жатқан үрдісті тек ММ-дің құрамындағы толық, не жартылай сәйкестікпен ғана өлшеуге болмайтын сияқты. Біздің ойымызша, көне және бүгінгі ММ-дер арасындағы негізгі ұқсастықты олардың белгілі синтаксистік модельдер арқылы және табиғат, өмір құбылыстарынан алынған образдар арқылы бейнелеу тәсілдерінен де іздегеніміз жөн. Осы тұрғыдан алып қарағанда бұдан тоғыз ғасыр бұрынғы ММ-мен бүгінгі түркі тілдерінде қолданылып жүрген ММ-дер арасында ешбір принципті айырмашылық жоқ, олар өткен дәуірлерде жасаған, өмір-тіршілігі, салт-санасы, дүниетанымы, тілі ұқсас бабаларымыздан ғасырлар аттап, бізге рухани мұра болып жеткен — ортақ дүниеміз. Тілдердің дербес дамуына байланысты лексика-семантикалық және грамматикалық ауытқуларды заңды құбылыс деп қарап, ММ-дер жүйесін салыстырып көрсек, бұл пікіріміздің дұрыстығына көзіміз жететін сияқты. Мысалы: М. Қашғари заманында **Таз кәлігі бөркчігә** [II, 47—28] (қазақша мағынасы: «таздың баратыны — тазкепеш дүкені») десе, дәл осы модельмен қазақ тілінде *Бидайдың барар жері диірмен* деген мақал жасалып тұр. М. Қашғарида: **Окуз азақі болғінчә, бузағу баші болса жік** [I, 91—23] десе, бүгінгі қазақтар: *Көп жастың арасында дана болғанша, Көп қарттың арасында бала бол, ұйғырлар: Яманниң яхшиси болғичә, яшиниң ямини бол, Қаримүқниң дени болғичә, бұғдайниң самини бол* деп сол модельді қайталап отыр. Сондай-ақ, М. Қашғарида: **јазіда бөрі уліса эвдә іт бағрі тартішур** [III, 272—8] десе, бүгінгі қазақтар: *Даладағы сиырдың мүйізіне ұрсаң, таудағы бұғының мүйізі сырқырайды* деп, М. Қашғарида: **Отағқа өпкәләб сугә сөзләмәдүк** [III, 226—1] десе, қазақтар: *Битке өкпелеп, тоныңды отқа салма* деп,

М. Қашғарида: *јағіні ашакласа, башка чіқар* [I, 297—29] десе, қазақтар: *Итті күшігім» десе, басына шығар* деп, М. Қашғарида: *жазағ аті чарук, кучі азуқ* [I, 362—3] десе, қазақтар: *Есектің күші адал, өзі арам деп*, М. Қашғарида: *Еwäk сінäk суткә тушар* [II, 21—6] десе, қазақтар: *Сасқан үйрек артымен сүңгір* деп, М. Қашғарида: *Олдәчі сичған муш ташакі қашір* [I, 411—7] десе, қазақтар: *Ажалды қарға бүркітпен ойнар, немесе Өлеу бала молаға қарап жылайды* деп, М. Қашғарида: *әі калді төрү қалмас* [II, 32—23] десе, қазақтар: *Ауру қалса да, әдет қалмас* деп, көнеден келе жатқан ММ модельдерін қайталап, типтес, мағыналас, көркемдігі де парпар ММ-ді жаңалап, жаңғыртып жасап ала берген. Мұндай ұқсастықтар өте көп.

Сонымен, М. Қашғари заманында жасалған ММ-дермен бүгінгі түркі (соның ішінде қазақ, қырғыз, түркмен, татар, ұйғыр) тілдерінде қолданылып жүрген көне де байырғы ММ-дің ортақтығы мен ұқсастығы дегенде, ең алдымен, міне, осыларды атауға болатын сияқты.

Ал бұл ортақтық пен ұқсастықтың жалғасын қазіргі түркі тілдерінің қорында сақталған мыңдаған ММ-ді өзара салыстыру арқылы көруге болады. Бұл мәселе де тіл білімінде күні бүгінге дейін арнайы зерттелмей келе жатқан, бірақ өзіндік сыры мол құбылыстардың қатарына жатады.

Неғұрлым көне заманнан бүгінгі кезеңге жақындаған сайын түркі мақал-мәтелдерінің арасындағы ұқсастықтар да, өзіндік ерекшеліктер де көбейе түсетінін көреміз. Бұл құбылыс, біріншіден, сол тілдердің ұзақ ғасырлар бойы жеке тіл ретінде дербес дамуына байланысты болса, екіншіден, бұл этникалық топтардың туыстығы мен мәдени-экономикалық қарым-қатынасына, белгілі бір территорияда көршілес аралас-кұралас тұруына, рухани дүниесі мен дүниетанымының жақындығына қатысты болса керек.

Басқаша айтқанда, қазіргі түркі тілдеріндегі ММ-дер арасында ұқсастықтар да, алшақтықтар да көп екен. М. Қашғари заманымен салыстырғанда ММ-дің қазіргі кезде көп болуы, әрине, олардың сан жағынан молайып, тіл қажеттілігіне сай күннен-күнге көбейіп отыруына байланысты болса керек. Түркі тілдерінің жалпы қорындағы ММ-дің ұқсас болып келетіндері көбіне-көп көне, байырғы мақал-мәтелдер, мұндай ұқсастықтар жаңадан жасалып жатқан ММ-де кездеседі.

Бүгінгі түркі тілдеріндегі ММ-дердің ұқсастығы мен сәйкестігі жағынан мағына, тұлға, образ жағынан жоғарыда біз қарастырған ерекшеліктерді түгел қайталайды және олардан әлдеқайда күрделі. Мәселен, «көпшілікке, не жеке біреудің басына келген қиыншылық пен мүшкілдіктің екінші біреуге сезілмеуін, әсер етпеуін» білдіретін қазіргі түркі тілдерінің біразында колданылып жүрген мына мақалдың тіларалық варианттарын салыстырып көрейік⁵.

Қазақша: *Жер жүзін топан суы басса да, үйректің қапталынан келменті: Дүниені сел алса да, үйректің қапталынан келменті,*

Татарша: *Бар дөнъяны су баскан, үрдәкнең гамендә дә юк [618],*

Бөтен дөнъяны су алса, үрдәк белән газгани. [618],

Бөтен дөнъяны су алса, үрдәккә ни қайгы [618],

Ұйғырша: *Дуньяны су басса, өрдәкниң немә геми, Аләмни су бесип кәтсә, өрдәкниң иши йоқ [670],*

Аләмни су бесип кәтсә, өрдәкниң қаптилиға кәлмәпту,

Қырғызша: *Дүйнөнү сел алса, өрдөк менен қаздың тыйынча да қайғысы жоқ.*

Бұл келтірілген мақалдардың, әрине, шығу тегі бір, осы тілдерге ортақ дүние. Бұлардың арасындағы мағына, образ және структуралық сәйкестіктер де айқын көрініп тұр. Солай бола тұрса да, осы бір мақалдың өзінен-ақ бұл тілдердің дербестігіне байланысты қаншама тіларалық өзгерістерге душар болғанын байқау қиын емес. Ол өзгерістерді төмендегіше топтастырып қарауға болатын сияқты:

1) жеке компоненттердің синоним сөз, не мағыналас тіркестермен алмастырылуы: қазақша: жер жүзі//дүние //татарша: бар дөнъя//бөтен дөнъя//ұйғырша: дүния //аләм//қырғызша: дүйнө;

⁵ Түркі (негізінен казак, қырғыз, татар, ұйғыр, өзбек, түркмен) тілдері бойынша мысалдарды мына еңбектерден келтірдік: Қазақтың мақал-мәтелдері / Жин., құраст. Тұрманжанов Ө. Алматы, 1980; Уйгурские пословицы и поговорки / Пер. и сост. Садвакасов Г., Жибиров Ш. Алма-Ата, 1978; Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. М., 1985; Түркмен накыллары ве аталар сөзи. Ашгабат, 1983; Нөкый Исәнбәт. Татар халык мәкальләре. Казан. 1967. 3-т.

2) жеке компоненттердің өзара жақын, сәйкес сөздермен алмастырылуы: көпшілігінде *су* болып келетін компонент, қазақ тілінде бірде *топан суы*, бірде *сел*, қырғызша *сел* болып тұр, осыған сәйкес: *су басса, су басып кетсе, су алса, топан су басса, сел алса* деген бір-біріне жақын тіркестер қолданылған;

3) екінші құрамдағы (жолдағы) негізгі компонент «үйрек» барлық мақал варианттарында кездеседі де, татар мен қырғыз тілдерінде оған қосымша *қаз//ғаз* сөзі (*урдәк белән газ//өрдәк менен каз* түрінде) айтылып тұр;

4) Екінші құрамдағы (жолдағы) баяндауыш қызметін атқарып тұрған сөздер мен сөз тіркестері үлкен өзгеріске түскен: «*қапталынан келмеу*» мен қатар: татарша *гамендә дә юк* («ойында да жоқ») //ни («немене») //ни *кайғы* («не қайғы») //ұйғырша: *немә ғеми* («қандай қамы болсын») //иши *йоқ* («онда шаруасы да жоқ») //қырғызша: *тыйынча да кайғысы жоқ* («бір тиын ғұрлы көрмейді»).

Бір мақалдың өзінен, міне, осыншама тіларалық өзгерістер байқалып отыр. Бірақ соның өзінде де, оның жалпы мағынасына ешбір нұқсан келіп тұрған жоқ, олар варианттылығына қарамай бір нысанаға бағытталған.

Осындай ерекшеліктерін ескере отырып, бүгінгі түркі (соның ішінде қазақ, қырғыз, татар, ұйғыр, өзбек, түркмен) тілдеріне ортақ және ұқсас ММ-ді бірнеше топқа бөліп талдап көрейік.

1. Әрбір тілдің өзіне тән фоно-, морфо-, синтаксистік ерекшеліктерін ескергенде гомогендік тегі айқын, көркем образ бен мағынасы, синтаксистік құрылымы бірдей абсолют вариантты мақал-мәтелдер:

қазақша: *Бас екеу болмай, мал екеу болмайды;*

түркменше: *Баш ики болман, мал ики болмас* [56]

қазақша: *Көсеу ұзын болса, қол күймес;*

татарша: *Кисәу озын болса, қол көймәс* [474];

ұйғырша: *Көсей узун болса; қол көймәс* [12, 16],

түркменше: *Аглашмага өз ягшы,*

Сылашмага ят аягшы [27];

қазақша: *Силасуға жат жақсы,*

жыласуға өз жақсы;

қазақша: *Ауру — астан,*

Дау — қарындастан;
 түркменше: *Агыры ашдан,*
 Дава гарындашдан [28];
 Қазақша: *Базар көркі — бақал,*
 Жігіт көркі — сақал;
 түркменше: *Базар гөрки — бакгал,*
 Йигит гөрки — сакгал [51];
 қырғызша: *Базар гөрки — бақал,*
 Жигит гөрки — сақал;
 қазақша: *Балалы үй — базар,*
 Баласыз үй — мазар
 ұйғырша: *Балилик өй — базар,*
 Балисиз өй — мазар [462];
 қазақша: *Аз болса да саз болсын;*
 Түркменше: *Аз болсун, саз болсун [32];*
 ұйғырша: *Аз болсиму саз болсун;*
 қазақша: *Атаға тартып ұл тумас,*
 Анаға тартып қыз тумас;
 татарша: *Атаға тартып ул тумас,*
 Анаға тартып кыз тумас [183];
 Қазақша: *Жалғыз шапқан ат жүйрік;*
 Татарша: *Ялғыз чапқан ат йөгерек [755];*
 қазақша: *Алтынның қадірін зергер білер;*
 Ұйғырша: *Алтунниң кәдирина зәргар биләр [1501 -*
122];
 қазақша: *Алаған қолым — береген;*
 қырғызша: *Алаан колум — береген [44];*
 түркменше: *Аланда «биссимылда», беренде «эстагпы*
рылла» [38];
 ұйғырша: *Алғанда — «Бисмилла.», бәргәндә — «Әстапи*
ралла.» [749—63].

Ескеретін бір жағдай: осы топқа енетін абсолют ва-
 риантты ММ-дер бір-біріне жақын екі, не үш тілде ғана
 кездесіп, ал басқаларында өзгеріске душар болуы мүм-
 кін. Мәселен, жоғарыда келтірілген қаз: *Алаған қо-*
лым — береген қырғызшамен дәлме-дәл келсе де, түрк-
 менше: *Алаган элим — береген [37]* болып, қол сөзі әл
 синонимімен алмасып тұр. Мұндай ММ-де бірін-бірі
 алмастыратын синоним сөздердің әр алуан экспрессивті,
 эмоционалды күшіне байланысты ММ-дің образдылығы
 күшеюі де, бәсеңдей түсуі де мүмкін. Мәселен, қаз.
Алданғанға бала жақсы. Құдай ұрсын қақбасты мен
 түркмен тіліндегі варианты *Алдамага оглан ягшы, ху-*

дай урсун гаррыны (38) салыстырып қарасак, мағыналас *гарры* (*кәрі, қарт*) сөзіне карағанда *қақлас* сөзі ММ-дің эмоционалдык реңкін әлдеқайда күшейтіп тұрғандығы айқын сезіледі.

2. Мақал-мәтелдердің бұл тәрізді екі-үш тіл арасында абсолютті вариант болып тұрғандарын бірнеше тіл материалы негізінде карастыратын болсак, төмендегідей синонимдік немесе мағыналас варианттардың пайда болатынын көреміз. ММ-дің бұл түрі түркі тілдері бойынша өте көп кездеседі екен. Олардың бәрін қамтып, салыстыруға біздің мүмкіншілігіміз болмады. Бұл топқа енетін ММ-дің бір ерекшелігі бірін-бірі алмастыратын сөздер өзара синоним немесе контекстік мағынасы жақын сөздер болып келеді де, олардың саны ММ құрамында бірден үшке дейін жетуі мүмкін:

Қазақша: *Өтірікшінің құйрығы бір-ақ тұтам;*

Татарша: *Ялганчының койрыгы бер тотам* [185];

Қазақша: *Балық басынан шіриді;*

Түркменше: *Балық башындан порсар* [53];

Бірінші варианттың қазақшасындағы *өтірікші* сөзі татаршасын да *ялганчы* синонимімен алмасып тұрса, екінші варианттың қазақшасындағы *шіриді* сөзі түркменшесінде оған мағынасы жақын *порсыр* — (борсиды) сөзімен алмасқан. Тағы бірнеше мысал келтірейік:

Қазақша: *Күлме досқа, келер басқа;*

Түркменше: *Гүлме гоншыңа, гелер башыңа* [90];

Қазақша: *Қойшы көп болса, қой арам өлер;*

Ұйғырша: *Молла тола болса, қой һарам өләр* [1493—121];

Қазақша: *Ақыл—дос, ашу—дұшпан;*

Ұйғырша: *Әқил—дост, жәһил—дүшман* [1433—117];

Қазақша: *Ат баспаймын деген жерін мың басады;*

Түркменше: *Ат «басман» диен ерине мұң басар* [44];

Татарша: *Ат басмамын диген жиргә өч басар* [729];

Қазақша: *Ат шаппайды, бап шабады;*

Түркменше: *Ат чапмаз, багт чапар* [46];

Қазақша: *Ақыл жаста емес, баста;*

Ұйғырша: *Әқил яшта эмәс, башта* [113, 1382];

Түркменше: *Ақыл яшда болмас, башда болар* [37];

Қазақша: *Астындағы атын алты ай іздепті;*

Татарша: *Астындағы атың алты ай әзләгән* [763];

Түрікменше: *Алдындакыны алты ай гөзләр* [39];

Қазақша: *Арзанның жілігі татымас;*

Түркменше: *Арзанын арзысы ёк (болмаз)* [41];

Қазақша: *Бүлінген елден бүлдірге алма;*

Түркменше: *Бозуландан богулык алма [66];*

Көріп отырмыз, мұнда да тіларалық варианттар ауыстырылған әртүрлі сөздердің контекстік жақын мағыналары арқылы жасалып отыр: қазақшасында «*күлме досқа*» десе, түркменшесінде «*гүлме гоншыңа*» («*күлме көршіңе*»), екінші мысалдың қазақшасында «*қойшы көп болса*» ұйғыршасында «*молла тола болса*» делінген, үшінші мысалда қазақша «*ашу—дұшпан*»-ды ұйғырлар «*жәһил—дүшмән*» төртінші мысалда қазақша *мың басады*», түркменше «*мұң басар*» болып келсе, татарлар оны «*өң басар*» («үш басар») деп, бесінші мысалда қазақша «*бап шабады*» болса, оны түркмендер «*багт чапар*» деп өз варианттарында қолданып отыр. Алайда мұндай «өзгерістер» тіларалық варианттар жасағанымен, ММ-дің жалпы мазмұнына, образдылығына нұқсан келтіріп тұрған жоқ.

3. Түркі тілдердің бірінде толық, екіншісінде қысқарған, ықшамдалған эллипсис вариантты — ММ-дер. Мәселен, бір тілде екі жолдан тұратын мақал екінші бір тілде бір-ақ жол болуы, сондай-ақ бір тілде төрт жолдан тұратын мақал-мәтел екінші бір тілде екі-ақ жолдан құрылуы мүмкін. Мысалы:

Қазақша: *Ақыл—бастан, асыл—тастан,*

Түркменше: *Ақыл башдан чыкар,*

Алтын даштан чыкар [35];

Қазақша: *Білекті—бірді,*

Білікті—мыңды;

Ұйғырша: *Билиги чоң бирни йеңәр,*

Билими чоң миңни йеңәр [1368];

Қазақша: *Жаман атқа жал бітсе,*

Жанына торсық байлатпас;

Жаман байға мал бітсе,

Жанына қоныс қондырмас;

Татарша: *Яман атка ял бетсә,*

Янына турсык бәйләтмәс [746].

Бұл мысалдардан байқап отырғанымыз: алдыңғысының қазақшасында етістік баяндауыш түсіріліп айтылса, түркменшесінде ол «*башдан чыкар*, «*даштан чыкар*» түрінде сақталып тұр; екінші мысалдың қазақшасында етістік баяндауыш түсіріліп айтылса, ұйғыршасында «*бирни йеңәр*», «*миңни йеңәр*» түрінде толық айтылып, оның үстіне «*чоң*» («үлкен») деген анықтауыш қайталанып, мақалдың толық варианты жасалып тұр; ал үшінші-

ші мысалда бір мақалдың қазақ тілінде (төрт жолдан тұратын) толық варианты айтылса, татар тілі ММ-нің үлкен жинағында тек оның бір жолдан тұратын қысқа варианты ғана келтірілген.

ММ-дер құрамының мұндай толық және қысқа (эллипсистік) вариантты болып келуінің әртүрлі себептері бар. Біріншіден, ол бір кезде толық түрінде жасалып, бір тілде сол қалпында сақталған болса, екінші тілде ықшамдап айту тенденциясына байланысты қысқаруы мүмкін (мыс., каз. *Жүзден—жүйрік, Мыңнан—тұлпар* дегенде «шығар», «шығады» деген етістік баяндауыш түсіп қалып тұр). Екіншіден, о бастағы бір, не екі компонентті (бір жолды не екі жолды) ММ өзінің даму процесінде тұлғалық (құрамы, структурасы) жағынан жаңадан жасалған қосымша компоненттермен кеңейіп, толығып отыруы мүмкін немесе бір тілде сақталып қалған компоненттердің екінші бір тілде сақталмауы, сақталса да факультативті түрде не өзгеше болып қолданылуы мүмкін. Мәселен, қазақ т. б. түркі тілдерінде *Аңдызы бар жерде ат өлмес* деген (сәл өзгешелеу болуы да мүмкін) мақал бар. Осы мақал қазіргі татар тілінде: *Аңдыз бар жирдә ат үлмәс, Ақсырғак бар жирдә ир үлмәс* (яғни: «*Аңдыз бар жерде ат өлмес, Ақсырғақ бар жерде ер өлмес*») болып айтылады екен. Қарастырып көрсек, қазақ тілінің өзінде бұл мақалдың екі компоненттен тұратын түрі де бар екен: *Ербасы бар жерде ер өлмейді, Аңдызы бар жерде ат өлмейді*. Бұл мақалдарды шығу тегі бір, екі тілге ортақ деп қарасақ, айырмашылығы: татаршасында «*ақсырғак бар жирдә*» қазақшасында «*ербасы бар жерде*» болып, екі түрлі (мағынасы біз үшін анық емес) сөздердің қағысуында. Ал бұлардың ортақтығы мағынасының конкреттігінде: аңдыз деген шөптің аурудан сақтандыратын антисептикалық, сондай-ақ *ербасы* мен *ақсырғақ* деген (бұл жеміс болуы мүмкін) заттардың пайдалы қасиетінде болса керек.

Түркі тілдеріне ортақ ММ-дің бұл түріне де көптеген мысалдар келтіруге болады. Жалпы мағына, логикалық ой және образ ұқсастығын сақтай отырып, олар өзара құрамы және тұлға жағынан әртүрлі варианттар жасауы мүмкін. Оларды біз мынандай мысалдардан көруімізге болады:

Қазақша: *Қазаншының өз еркі қайдан құлақ шығарса;*

- Қырғызша: *Жаратқандың өз эрки кайдан булак чыгарса,
Казанчының өз эрки кайдан кулак чыгарса* [316];
- Қазақша: *Жақсылыққа жақсылық — әр кісінің ісі,
Жамандыққа жақсылық — ер кісінің ісі;*
- Қырғызша: *Жакшылыкка жакшылык эшектин иши* [218].

4. Жартылай өзгеріске түскен (бірінші, не екінші компоненті өзгерген, кеңейтілген, жинақталған т. б.) түркі тілдеріне ортақ ММ-дерге мыналарды жатқызуға болады:

- Қазақша: *Ақылды ойланғанша, ақымақ суға кетер;*
Татарша: *Уйлы уйлап торганчы, тэвәккәлнең еши беткән* [277];
- Түрікменше: *Ақыллы ойланянча, тентек ишни битирер* [36];
- Ұйғырша: *Әкиллик ойлап тургичә, ахмақ судин үзүп өтиду* [1446—118].
- Қазақша: *Күріш арқасында күрмек су ішіпті;*
Ұйғырша: *Бұғдайниң банисида қаримук су ичипту;*
Қазақша: *Арық атқа қамшы жау,
Жыртық үйге тамшы жау;*
Татарша: *Арык атка камчы да авыр,
Яхши атка таш та жиңел* [748];
- Түркменше: *Аррык ата агыр гамчы йүк* [42];
Қазақша: *Ат аунаған жерде түк қалар,
Жігіт аунаған жерде жүк қалар;*
Татарша: *Ат аунаған жирдә төк калмый булмас,
Адәм аунаган жирдә бет қалмый булмас* [728];
- Түркменше: *Ат агынан ерде той болар* [42];
Қазақша: *Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін;*
Түркменше: *Байның агзы гышык болса-да, сөзи догра* [53];
Агзы гышык-да болса, бай гызы эр даннар [27];
- Қазақша: *Ата көрген оқ жонар,
Ана көрген тон пішер;*
Түркменше: *Ата гөрөн ел кесер,
Эне гөрөн-дон* [43];
Татарша: *Ата күргән ук юнар,
Ана күргән тун пичәр* [203];

5. Түркі тілдерінде ММ-дің бір емес, бірнеше варианттары қатар қолдануы мүмкін. Ал оларды салыстыра қарағанда, екінші бір тілдегі ММ оның біреуімен ғана сәйкес келіп, екіншісімен сәйкес келмеуі мүмкін. Мәселен, татар тілінде бір мақалдың мынандай варианттары бар екен:

*Серен белмәгән атның атрынан үтмә;
Серен белмәгән атның авыздыгын салдырма;
Сынамаган атның артынан барма;
Сынамаган атның сыртына менмә [барлығы да 740];*

Ал қазақ тіліндегі *Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме* деген мақал осы төрт варианттың тек біреуімен ғана (біріншімен) сәйкес.

Мақал-мәтелдердің мұндай тіларалық варианттарына да мысалды көптеп келтіруге болады:

Қазақша: *Бәлен жерде бақыр бар,*

Барсаң, бақыраш та (шелек те) жоқ;

Татарша: *Фәлән жирдә казан (алтын) бар,*

Барып қарасан, бакырач та юк [195];

Бармаған жирдә бакыр бар,

Барсаң тимир де табылмас [470],

Қазақша: *Жалғыз аттың шаңы шықпас,*

Жаяудың үні шықпас;

Жаяудың шаңы шықпас,

Жалғыздың үні шықпас;

Татарша: *Ялғыз атның туғи чыкмас [741];*

Ялғыз атның тузаңы чыкмас [742];

Қазақша: *Шөлмек мың күнде сынбайды, бір күнде сынады;*

Ұйғырша: *Коза күндә сунмайду, күнидә сүниду [II, 78 — 98] т. 6.*

6. Құрылымы, құрамы және бейнелеу тәсілі жағынан басқа-басқа, бірақ логикалық ой жүйесі, мағына-мазмұны, бағышталған нысанасы ортақ ММ-дер; мәселен, қазақ тіліндегі *Ат баспаймын деген жерін үш басар* деген мақалдың мағынасымен ұйғыр тіліндегі *Бармайән дегән түгмәнгә йәттә қетим берипту* деген мақалдың мағынасы дәлме-дәл келіп тұр. Сондай-ақ, қазақша: *Тырнамен дос болсаң, құлағыңнан қиқу кетпес* деген мақалдың мағынасын түркмендер өздерінше *Елдашың эшек болса, иймитин саман болар [115]* деп те, немесе қаз. *Итпен дос болсаң, екі көзің боқта болар* дегенді

түркмендер *Елдашың гарга болса, иймитиң — тезек* деп те келтіреді.

Мұндай мысалдарды әрбір тілден кездестіруге болады екен. Сайып келгенде, бұл да туыстас халықтардың дүниетанымындағы, болмыстағы әр түрлі заттар мен құбылыстарды бағалай білуіндегі, бейнелеу тәсіліндегі сәйкестіктің нәтижесі. Бұл тәрізді өзара мағыналас, синоним ММ-ді тіпті бір тілдің өзінен де кездестіруге болады. Мысалы, қазақ тіліндегі *Жыртық тесікке күліпті мен Жығылып жатып, сүрінгенге күліпті* т. б.

Осы фактілерден шығатын қорытынды:

1. Түркі тілдерінің өзара туыстығын, түркі халықтарының о бастағы мәдени, рухани ортақтығы мен кейінгі дәуірлердегі дербес дамуының өзіндік ерекшеліктерін көркемсөз тәсілдерімен бейнелеуші саланың бірі ММ-дің ортақ қоры болып саналады.

2. Түркі тілдер топырағында жасалған шығу тегі бір немесе тұлғалық, құрамдық, мағыналық, образдылығы жағынан бір-біріне сәйкес те жақын ММ-ді қазіргі тілдер мен көне (мәселен, М. Қашғари заманындағы) тілдер арасынан да, бүгінгі тілдердің өз ішінен де көптеп кездестіруге болады екен.

3. ММ-дің ортақтығы мен тілара сәйкестігі белгілі бір заңдылыққа, тарихи факторға барып саятын құбылыс; олар: 1) тілдердің төркіндестігі, тектестігі; 2) түркі тілдес этностардың көне замандардан бері бірге жасап, біте қайнасуы, көрші тұруы; 3) олардың өмір-тіршілігіндегі, рухани мәдениетіндегі, дүниетанымы мен ойлау, бейнелеу қабілетіндегі ұқсастық, сәйкестік т. б. 4) бір тілде пайда болған ММ-ді көршілес тілдің өзіне ыңғайластыра қабылдауы немесе дайын үлгі бойынша жасап алуы т. б.

4. Түркі ММ-деріндегі көнеден келе жатқан ортақтық пен сәйкестік болашақта да дамып, жалғаса беретін құбылыс. Өмір талабына сай жасалып жатқан жана ММ-дің бәрі де көне дәстүрдің үрдісіне лайықты дүниелер. Олар тіл тұрғысынан алып қарағанда «әрі қысқа, әрі нұсқа» қасиетін сақтай отырып, ертеден қалыптасқан тәсілмен көрікті ойды көркем етіп бейнелейтін образдар мен неше алуан синтаксистік модельдер арқылы жасала бермекші.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
ҚАЙДАРОВ Ә. Т. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ЛЕК- СИКОЛОГИЯСЫ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН МІН- ДЕТТЕРІ	7
Қазақ тілі мен монғол тілдерінің қарым-қатынасы	15
<i>I тарау.</i> ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ТАРИХИ ДАМУ ПРОЦЕСТЕРІ	
Қазақ және орыс тілдерінің қарым-қатынасы жайында	19
Хусаинов К. Ш. Дыбысбейнелеуіш негіздердің морфологиялық құрылымы	40
Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі екі буынды импера- тив тұлғалы етістіктерге морфемалық талдау жасау	65
Әжібекова Г. Плеоназмдарды мағынасына қарай топтастыру	87
Әнесов Г. Қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеулердің негізгі бағыттары	101
<i>II тарау.</i> ЭТНОЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ПАРЕМИОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
Шойбеков Р. Зергерлік өнерге байланысты атау- ларды таптастыру	121
Қосбасаров Е. Бүркітшілік терминдері жайында	141
Өмірзақов Т. Мал түгіне байланысты қалыптас- қан этнографизмдер	154
Тұрабаева Г. Түркі халықтарының мақал-мәтел- деріндегі ортақтық	181

